

ХАМЗА  
ЕСЕНЖАНОВ

АГАЙЫНДЫ  
ЖҮНІСОВТЕР..



**ХАМЗА  
ЕСЕНЖАНОВ**

***АҒАЙЫНДЫ  
ЖҮНІСОВТЕР...***

*Роман*

„Жазушы“ бағындық  
Алматы – 1977

Қаз 2

Е 79

Есенжанов Хамза.

Е79 Ағайынды Жұнісовтер... Роман, Алматы,  
«Жазушы», 1977,  
184 бет.

Көрнекті жазушымыз Хамза Есенжановтың «Ағайынды Жұнісовтер» романы Қазақстандагы коллективтегендіру кезеңін қамтиды. Ел ішіндегі жаңалық, сол жаңалыққа қарсы тап жауларның курсі, жаңа адамның қалыптасуы, жас интеллигенцияның өмірге көзқарасы романда жан-жақты суреттеледі. Романиның тілі көркем, оқиғалары тартымды.

Қаз 2

Е  $\frac{70303-142}{402(07)77}$  14-76

(C) «Жазушы», 1977

Есенжанов Хамза  
**«БРАТЬЯ ЖУНУСОВЫ»**  
роман  
(на казахском языке)

Редактор Т. Иманбеков. Художник А. Ващенко. Худ. редактор М. Шалбаев.  
Тех. редактор С. Лепесова. Корректоры: С. Умшиева, К. Утегенова.

Сдано в набор 5/IX—76 г. Подписано к печати 19/IX—77 г. УГ08141. Бумага тип. 1,  $84 \times 108 \frac{1}{32} = 5,75$  п л.—9,66 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 9,8). Тираж 60 000 экз. Цена 70 коп. Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105. Заказ № 1208. Отпечатано с матриц Полиграфкомбината на Фабрике книги производственного объединения полиграфических предприятий «Китап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

# **БІРІНШІ БӨЛІМ**

## БАСПАДАН

Көрнекті қазақ жазушыларының бірі — Хамза Есенжанов әдебиеттіңіздің жазира жайлайуна сонау жиширмасынышы жылдардың екінші жартысында «Өлеңті жағасында», «Тұрба», «Қызылқұм» сынды әңгімелерімен келіп, өз үні, ою-өрнегімен, салиқалы ойлылығымен отауын тіккен қаламгер.

Жазушы — халықтың үні, айнасы десек, Хамза Есенжанов, сол бір ұланғайыр сенімді ақтаган адам. Совет әкіметі орнаганнан бергі өмірдің үзақ сапар жолын өтіп, ыстық-сүигын басынан кешікен жан. 1957 жылы жазушы қазір оқырман қауымға кеңінен машиұр «Ақ Жайық» роман-эпопеясының бірінші кітабын аяқтаган еді. Кешікпей эпопеяның екінші, ушінші кітаптары да жарық көрді.

Трилогия аз уақыт ішінде оқырмандардың сүйкіті шығармасына айналып қана қоймай, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Әрбір шығармасынан қалқының белгелі бір кезеңдегі тынысын сөздіріп, үнін, мақсит-мұддесін, арманын танытуға құштар суреткер «Ақ Жайық-пен» шектелмей, 1963 жылы «Көп жыл өткен соң» романын жазып бітірді. Кітап оқушы жүртшылық пен әдеби сывнан жоғары баға алды. Мынау қолыңыздагы роман, сол «Көп жыл өткен соңның» заңды жалғасы — «Ағайынды Жұнісовтер» атты шығарма. Үлкен суреткердің қайта айналып соғып, шін қандыра өңдел-жөндеп дегендегей еңбек сіңіре алмай кеткен жаңа кітабы еді. Қаламдас достары, Қазақстан Жазушылар одагы, «Жазушы» баспа-сының редакциялық кеңесі бірлесе отырып, талқылап, пікір алысқаннан кейін бірінші бөлімін сол күйі қалдырып, ал екінші бөлімін кейбір қысқар-тулармен назарларыңызға ұсынып отырмысы.

## Бірінші тарау

1

Тосын хат...

Бір үйде тұрып, бір жерде оқитын үш студенттің екеуі почтадан шығып базарға бет алды. Базар жолда еді. Почтаға барған сайын оны бір сүзіп өту бес парызың біріндей. Өйткені қол бос, қамсыз шақ.

Астанадан аулак, темір жолдан қашық, абыр-жұбыры кем самарқау қала. Қүні ұзак, түні жалпақ. Жаңалықтың бастысы ауылдан келетін хат қана.

Бұл екеуі почтадан үйде қалған жолдастына келип жатқан хатқа қоса ақша қагазын да алған. Бұлардың қазіргі әңгімесі осьның төңірегінде,

— Мен білсем, бұл тосын хат!

— Болса болар, қыздан гой!..

— Ақшасы да тосын.

— Иә, кеше ғана елден қайтқан баланың соына ақша ере жүруі ой салатын жәйт.

— Солай, солай,— десті.

Қарағай құндақты тау бөктеріне пегін сүйеген маңғаз Алматының сол жазда доuletі де шалқын жатыр еді.

Әлсін-әлсін себелеген жаңбыр сұнна бөгін, күн көзінен балқыған асыл алқап жер інубетін аямай сыйлаған. Қаланың іші де, тысы да толы бау-бақша. Онда басын піп тағзым еткен алма мен алмұрт. Еңсесін көтере алмай майысқан қара өрік. Ұйысқан жүзім. Тамыз айында-ақ желпіп өткен желге шыдамай алма ағаштары жерге көл-көсір ала бүйрек шашу шашып жатты. Қаланың ағыл-тегіл жемісі аздай-ақ алыстағы Түрген мен Шелектен, Талғар мен Шымбұлақтаи, Шамалған мен

Қаскелесін Алматы базарына ағылған керуениен көз түспейді. Қіші станицадаң бергі өрге қол созған үлкен базар жұманың жеті күні бірдей иш тірекен көлік, о шеті мен бұ шетіне тай шантырлых алма тиеген арба. Жалғыз жеміс емес, көк базардан аргы кең алаң жекеңінде күндөрі маңға сыймай кетеді. Мал жаз бойы апталап жайылып, айлан жылжып, сонау арқа беттегі сезіз қарыс қар жауса — он қарыс қамысы пана, жері құт Топар мен Құйғаниш, Отар мен Қордайдан шұбырды. Үйір-үйір жылқы, қора-қора қой мойынға таққан ауыр алқадай қала сыртын қоршай ораң жатады. Бұл — базар өз үлесін күнде-күнде есселей беру үшін үзбей алыш жатса да, көзі бар бұлактай таусылмас түлік сиякты.

Даулетті маңғаз қалашың тұрпаты да өзіне сай: бойшаш қошелері бойлауық геректермен әдіптең койғандай, сымдыр үнді бұлак сырғалы.

Сол ойдаң жатқан үлкен базардың шетінде кірген екі студент ат саудалайтын адамдай-ақ жылқы қатарын жарып отті.

— Най-най, қарны жер сыйған мама биселер де бар екен!

— Биені қайтесің, ана бір қара атты айтсайшы шіркін, шекесін қарайды, қандай аяңшыл екен! Екіндейді ай қарагандай көз тіктіріп, ауыл сыртынан өтіп бара жатсан...

— Бала, сен атка сын беруді қой. Қара аттан өзге де көз тоқтатар жаңуарлар аз емес. Аяғыңды тезірек бае, мен Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр. Күтпейтін бір салын хабар болмагай...

Қара атса көз тіккен орта бойлы, палуан денелі жас жігіттің аты Оразалы еді. Ал, қасындағысы — Жакия дейтін ересек студент. Екеуі де қодімгі Әлібек Жүнісовтың бірге жүріп, бірге тұратын жап жолдастары болатын. Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр, «аяғыңды тезірек ба» деген Жакия ақылын Оразалы екі екен жок.

— Хүп, философ! — деген адымдай түсті.

Енді жолдаты қош-кошес болып тізіліп алма толы арбаларды сүзіп, өздеріне жүзі таные шоқша сақал қара кісіден:

— Жәке, алманы қашнадан сатып тұрсыз? — деді Оразалы.

— Ә, келіңдер, келіңдер. Сендерге тегін, қадақтан,

шелектеп алатындарға ақшалы,— деп қара кісі екеуін баурай кетті.

— Жоқ, ага,— деді Жақия мұқамдап сөйлеп,— біз де ақшага аламыз. Өйткені бұл сіздің бағып-қағып, сибек сіңіріп өсірген жемісіңіз.

— Карагым-ау, сендерге қадақтап алудың керегі жоқ, оқушы балаларсыңдар гой. Мықтаса екеуің екі-екіден төрт алма жерсіңдер. Онаи мына арба ортаймайды, ала беріңдер,— деп үлкендігін байқатайын деген адамша өзі фургонына қарай иек қақты.

— Дегенмен бізге бұл қымбат жемістің багасын біліп қойған да теріс емес.

— Біреуі, таңдаулысы, ең үлкені — бір тиши, қаралым. Был алма бітік. Бір ағаштың байлығы бір үйге корек. Ала бер, тиңисызың-ақ.

— Онда, енді... біз үшеу едік. Біреуміз үйде жазу жазып қалды.

— Таңдан алатын алма ала гой.

Оразалы қара кісінің мырзалығына риза болып кетті.

— Жәке, көп-көп раҳмет. Сіз де бізге қонаққа келіп кеттіңіз,— деп еді, қара кісі оның сөзін бөліп жіберді.

— Сендер Әбдуолидің үйіндегі балаларсыңдар гой. Қол тиген күні барын шыгармын, қожаларың жақсы адам. Әңгімеліл. Жаңалықты көп біледі...

— Әбдуоли де еіз сиякты шаруа адамы гой...

— Жоқ, жоқ, ол кісі көп көрген, бүтін Дулатты, мына төмепдегі Ыстыны, Албан мен Суанды бүге-шігесін қалдырмай аралап шыққан адам. Ол дуниедегіңің борін біледі, қарағым, «ірі байларды көшіреді екен» деп жүр,— деді қара кісі.

Үйдегі жолдастының хатын тез табыс етуге асығын, скі студент қара кісінің әңгімесін үзуге тырысты.

— Жәке, көп-көп раҳмет. Бізге келіңіз. Қутеміз. Қазір оқу жоқ, қол бос, көбінесе үйде кітап оқып отырымыз,— деді екеуі қосарлана сойлен, тегін алманың төртеуін бір-бірден қалтага салып, екеуін қолдарына ұстап тұрып.

Оразалы арық қара кісінің әр нәрседен хабардар, тінті саясат мәселесіне де құлағын түріп жүретін қазақ екенін байқап:

— Әлгі шоқша сақалдыны көрдің бе, саясаттаи хабары бар. Қызық емес пе, ә?— деді жолдастына, базардан шығын көле жатын.

Жақия тамсана түсті. Бұл бір сөзге ұста және «оғаш» сөйлестің студентті. Жолдастары осыған орай «философ» деген ат қойған. «Анау Пушкин, анау Белинский» деп басы байлы айдар тағуға үйір оқушылар мұны кімге теңестігін ашпай «философ» деп қана кеткен. Сол философ тамсанын алғанин кейін:

— Қазақ — дана халық,— деді байсалды түрде, одетіше философтығына басып.— Даны халықтың бәрінің де аргы төркіні малда. Малды қолға үйретуден бастап даналығы көзге түседі. Арғы тағы заманда даналық қайдан келсін. Бәрі мал арқылы. Әсіресе ат пен түйе шыққалы ел мен ел араласқан, сонсоң, қой болмаса тіршілік сәні де болмас еді. Киім деген жүп мен теріден, сол жүп мен теріні қолдана білуден пайда болған гой. Ал, бау, басқұр, текемет, кілем деген әсем жиһаздарды даналықтың жемісі емес деп көрші! Жаңағы базардың, ана қаланың, іші-тысы толы малдың иесі кім? Қазақ! Даны қазақ!

— Әй, осы адам ойламайтын нәрсені ойлайтын сен де данасың! Мұны енді қоя түр. Ана үйде отырған жігіттің катын тезірек табыс етейік...

## 2

Әлібек үйде бір өзі, терезе алдында тауга қарап қоюп, жазу жазып отыр еді.

Бұл үй — Алматы озеніне таяу Құлжак көшесінде, шатын екі болмелі қаралай үй. Қызылордадагы бұрынғы КИНО да бірге оқып, Алматыда ашылған тыринақ алды жоғарғы дорежелі мектепке келіп бірге түскен үшінде осы затерде түриди. Таң-таза, жарқыраган бір сөнді үй: ашық терезеден келген арық сұнының сымбылдыр үшін құлакты тербегеді, іргедегі сай самалы бетті үрмелеп отеді; қараған жанның тау тұтас көз алдында көлбеп жатқан зәулім асқар, әсіресе ак қалпақ киген Талғар шоқысы терезеден телміріп тұрғандай жап-жақын: оның нығындағы аиталған соукеле қарағайлар қымтай жауып, құндақташ-ак алған. Эрідегі бұлт құшақтаған зеңгірлер аспан төрінде тіркесін жылжыған әлем керуеніндей...

Қараған сайын ұшқыр ойды қиял айдынына жетекстей жөпелетін сиқырлы асқар бүгін жас ақындық шабытын қоздырып жіберген сияқты. Әлібек қозғалмастан

жүрекке күйылған әсерді қағазға сорғалатып жатыр. Тау, өзен, ағаш, самал, жарқыраған күн, дарқан өмір, айнала көркемдік нәзік ойлы жас жанды әлдилеп, тербетіп, баулып алдағы бір асар-аспас қияда дайындал жатқаңдай. Ол аспандаған сезім мен бұлақтай атқылаған сұлу сөздін тас құшағында...

Есік ашық жатса да сырттан кірген адамның сыйдыры естілмеді, қағазға төнген Әлібек оның жақындал келіп мойнын созғанын да байқамады. «Тағы да өлең жазып отыр екен!»— деді ішінен Оразалы, ақырындал кері шегіне түсіп.—«Келген хат ешқайда қашпас, оқыр, шабыты келген шакта сілтей түссін».

Бірақ жолдасы ұзак күтпеді. Әлібек басын көтеріп алып қарындашын стол үстіне тастай берді, өзі орындыққа шалқая түсті.

— Шабыт та шаттық, қағазға төгілғен шабыт жемісі онан да ләззәтті.

Әлібек жалт қарады.

— Сен қашан келдің? Оқып та үлгірдің бе?

— Оқығаным жок, көз сұғанақтығы менде жоғын өзің білесің.

Әлібектен түрі де, мінезі де өзгеше Оразалы асықнады.

«Сезімтал жігіт жазғаның қазір өзі де оқыр. Шыдамас» деп ойлады.

— Оқымасаң тында!— деді Әлібек жазғанын жариялағаңша асығып.

— Құлағым сенде.

— Түрегеліп оқитын бас-аяғы дөңгеленген нәрсе емес, жай шатпак, тау әсері.

— Оқи бер, оқи бер!— деді үйге кейінрек кірген Жакия.

Көк тіреген асқарым — Алатауым шандозым!  
Заманнаң бері тас қалқап, басымда биік айдарым!  
Фасырларды бастаң асырған, қартаймас мәңгі  
кәрием!

Мызғымас мықты берігім, күн бетінде көлеңкем,  
Арқа бетте бас панам.

Биіктік, барлық сұлулық бір өзіңе тел біткен.

Тіл жетпес асқақ айбарым!

Шыңында жусап бұлт қонып, шоқында бүркіт  
шаңқ еткен,

Киқулы сиқыр тылсымым!

Иыгыца өрмелеген бойлауық арша мен сыпсың  
карагай,  
Самсап тұрган бейне бір қорамсақтағы оғыңдың!  
Тынымсыз жүгірген күміс сылдырылы асau бұлак,  
он сан

Ойыңды шимайлап жатыр!

Алқабыңда жеті өзен, жеті өзениң жеті өнірі Жеті

салаң бойында, бақ қонған байтак еліңің —  
мыңғыран малы есепсіз!

Сәнді салаң толған ән, думанды елде би мен күй!  
Жеміске толған бауырай алаңың беті — албырт,  
таң, жайқалған бағың — жасыл гүл...

— Иә, аргы жағы? — деп қалды арқасы қоза баста-  
ған Оразалы шыдамай.

— Бәрі осы. Тауга қарап отырғанда ауызға түскені.

— Мұны не дейміз? Қескінде мінде дейміз бе?

Әлде келбеттеме бола ма?

— Не десең, о де.

— Жақсы. Аяғын күтемін. Ал, мышau лирика болуы  
мүмкін...

Оразалы қалтасына хат суырды.

Әлібек ұшып түрегелді.

— Маган ба?

— Саган, саған. Әріп сұлбасы қызы саусағы тәрізді,  
пәнік көрінеді. Сіро, әлгі Гүл... Сұлудың қолы шығар-ақ.  
Караши — Жу-ну-сову дегені орамалға төккен кестедей  
тізіліп жатыр.

— Маган хат жаза қоятын кім бар! Эйел қолы! Онда  
женігемнен шыгар.

Оразалының үсінгаш хатын Әлібек ашпастан оның  
тәмендегі адресіне бақты: Орал қаласына!..

... Мендікіздың қолы емес, Әлібекке ол өз қолындей  
тапыс. Бұл да эйел қолы. Бұл кім? Оразалы айтқандай:  
үсақтап шалған кесте сияқты әріптері тізіліп тұр және  
бала қыздың қаламды қағазға қадап жазуы!..

Әлібек толкын кетті. Бетіне қаймақшыған елжіреу  
пайды бола қылды. Қолы да дір еткендей әлеіз қимылда-  
ды, конвертті жырта алмай олекенді. Жаңа гана Алатау-  
дың айбарлы сипатын ауыз толтырарлық ірі сөздермен  
бейнелеген еркіндік лебі үшты-күйді жоғалып кеткендей.  
Аз сottің ішінде талай болжалға жарамаса да, оларды  
түйіп біршама де жинай алмады. Кенет, жүрегі дұрсілден  
кетті...

«Мен Орал қаласындамын. Бір ай тұрамын ба, бір жыл тұрамын ба, мұны бір құдайдың өзі біледі. Көргің келсе, хат-хабар салғың келсе адресім: Чаган көшесі, 91-үй Гүлжиһан».

Кайтадаң оқыды. Бірақ хаттың сырыйп бірден ұза алмады. Ол тек «Гүлжиһан... Гүлжиһан»... деп ерні жыбырлай берді.

— Не жазыпты? Қыздан екенін мен де шамалаш едім,— деді Жакия терезеге қараң тұрып, әдетінше баптаң, асықпай сөйлеп.

Ол Әлібектің толқығанын да, хаттың магынасын миына толық жетпегенін де, қайта-қайта оқығанын да көрді, бірақ елемеген болды.

— Гүлжиһаннан...— деді Әлібек, сыбырлағандай елжіреп.

— Иә, Гүлжиһан не жазды?— деді тағы да Оразалы араласып.

— Түсінгейім жоқ... Түсініксіз...

— Маган берші.

Әлібек хатты Оразалыға ұстата берді.

— Мен бір жаман хабар жазған екен деп ойлап ем... Мынау магыналы хат қой. Және өзі шындалып шыққан, қол-аяғы балғадай, өзіне де, өзгеге де жігер құйып тұрған сөздер,— деді Оразалы, оқып шығып жолдастына айнала көз тастап.— Сен түсінбедім дейсің. Өте түсінікті хат...

— Түсініксіз,— деді Әлібек тағы да.

Оразалы басын шайқады. Ал, Жакия бұрылып келіп Әлібектің иығына қолын салды.

— Әлібек, сен бала мінезді жансың, көргеннің, естігениң сыртқы түрін ғана, әшекейлі жағын ғана ұстан қаласың. Неден байқадың деші? Әлгіден бергі ісің мен мінезіңе сын айтайын ба? Мына хаттың да сыртын көріп тұрсың. Ішіне...

— Айт! Айт!

— Айтсам. Алдымен жаңаты көркем сипаттамада Алатаудың кескінін дәл бергенсің. Бірақ тек қана сыртқы түрі, жансыз түрі. Айбарлы түрі, асқар түрі ғана. Неге оның бір ауыз болса да ішкі сырьы айтылмайды. Әлде ішкі сырьы жоқ па?..

— Жансыз таудың ішкі сырьы қандай болмақ?

— Міне, міне, құр сырты көрінеді саған. Айталық тау адамымен тауғой. Сол үшін оның аты да Талғар шокысы. Алматы шоқысы, Матай тауы, болмаса кейбірі Сүйк

төбе, Маралды болып келеді. Осы аттарына қарай шандоз болып тұрган жоқ па? Бәлкім асуларын талай ел үркіп асып, болмаса талай асулардың даңқын жүргөткен заманда ерлігімен шыгарған болар. Бұл сыр емес пе? Осы сияқты тау басып кешірген не азанты, не ардакты уақыға аталса сурет жаңданып жүре береді...

— Саган үшамай қалғанын өзім де байқап едім. Бұл шатиақты қазір жыртып тастаймын. Ал, хат жөнінде?

Жақия Әлібектің бетіне қарап аз тұрды да, сонсоң бұл да басын шайқады.

— Жыртпа. Жырта салу сөз асылын сомдай түсү болып шықпайды. Мен сынымды өзің айт деген соң айтып тұрмын. Ал, хат жөнінде менің болжауым, болжауғана емес, анығы. Қызы Орал қаласында. Дұрыс қой? Мұны өзі жазып отыр. Сондықтан, бұл ақиқат жай. Бұл бір. Екінші ақиқат: «Көргің келсе, хат-хабар салғың келсе...» дейді. Бұл саган Орал қаласына кел дегені емес пе? «Көргің келсе» дегениң магынасы осы. Мұның екінші түсінігі жоқ. Ал, сені месі менің тірслегін жеріміз: неге шақырады? Бұған жауапты Алматыда отырып құмалақ салумен табуга болмас. Жауапты барып жолығын, сөйлесіп, көріспі, жай-мәністі біліп алғапшан кейін табасың.

Әлібек үндемеді. Ол сөзге үста жолдастының тайға таңба басқандай айқын және дәлелді түсінігіне қол қойғандай болды. Ал Жақияның сөзіне бірден үйитын Оразалы:

— Қазір бар да почгадан ақшаңды ал. Тездету керек, — деді.

Олібек тіл катнастан кініне бастағы.

— Мен де бірге барайын, — деді Оразалы.

— Бар. Сен де бар, — деді Жақия Оразалыны қостап.

Бұл үшеуі үш түрлі жігіт. Сырт пішіндері де, мінез-құлыштары да біріне бірі үқсамаган.

Жақия ұзын бойлы, арық, ат жакты, түрік мұрынды, жүзі сұр. Көп күлмейді. Көруге сұық адам тәрізді. Ал, сонымен бірге оның белгісіз бір ішкі жылыштығы адамды біше үйіріп әкете береді. Оның үстіне: әр сөзі жеңіл-желі мателге тұраарлық тіл жүйріктігі еріксіз бойсұндырығандай. Бұл қасиет оны тез көзге түсірген-ді. Және басқаларға қараганда анагүрлым сақа студент. Сондықтан да ол қасындағы өзінен кіші екі жолдастының көпті көрғен ақылгойі есепті.

Ал Оразалы — айтқанынан қайтиштын, бір беткей,

табанды және өжет жаң. Оның өжеттігі тіпті, кемерлеп түрган тоостагандай, жолдастар арасында шып-шып төгілін те кетеді. Бірақ, жібек мінезді жұп-жұмсақ Әлібек-пен аса үйрімді Жақияның қасында Оразалының беті көріс тартып көрген емес. Бұл екеуінің оғаш істері мен басы артық сөздеріне ең әрі кеткенде үлкен көзін алартын бір қарап алады да, су сепкендей тына қояды. Оразалының нық денесіне күші де сай. Өзі айтуынша, бала кезден бастан онымен белдесуге де, шекелесуге де ешкім пар келе қоймаған сияқты. Үшеуінің басын біркітіріп түрган да осы бірінде бар, бірінде жоқ қасиеттер болуы мүмкін.

Екі жолдасын почтаға жөнелтіп, Жақия үйреншікті өзінің аяқ сылауына көшті. Жас кезінде өкпе ауруына шалдығып, екі жылдан аяғы баса алмай азап шеккен бұл қатпа жігіттің оң аяғы семіп кеткен, екіншісінен анагүрлым жінішке еді. Бәрінен де касіреттісі: көп жүрген шақта ет қызыумен ауырғаны білінбей кететін кемтар аяқ, отырган кезде сырқырай басгайды. Ол қазір де қабагын шытып, жан қинаған сырқатты сылап жеңілдетіп отыр. Доктор берген майды жағып алақаымен сипайды. Бір ғажабы: бір қалада бір гана поляк дәрігері — Мацкеевичке қаралу жолы қынша түссе де оның айтқаны ем, бергені — шиша сияқты, маймен сылаган сайын Жақияның қабағы жазыла түседі. «Доктордың айтқанын бекер орындамаймыз. Ендігәрі болсын!» деп ол басын шайқайды, өзіне өзі серт береді. Біраз отырып ол басын көтерді, терезеге қарады. Почтаға кеткен ексуі де жеткен екен.

— Жақия, ақша Әлібектің інісінен, кәдімгі әлгі өзің сыртынан риза болып аузынан тастамайтын Әділбектен көрінеді. Алпыс сом жіберіпті. Орал түгіл Мәскеуге барып келуге де жетерлік,— деді Оразалы есікten кірмей жатып.

— Ол маған үнайды. Ісі де, мінезі де тамаша. Көрмесем де көз алдында. Жанып түрган бала. Мына хат та соның сілтеуімен жазылып жүрмесін,— деді Жақия.

— Бұл мүмкін емес! Қыздың елі шалғай, әкесі де бізге араласпайды. Оқымысты, көпті көрген, алыстаң болжайтын, ақыл иесі және іштей қатал адам. Біздің Әділбек олармен таныс та емес.

— Жақсы, солай-ақ болсын. Саған ақшаны не үшін жіберді Әділбек?

— Алыс жерде мұқтажданың жүрмесін демесе?

— Кеше гана келдің гой еліңен. Стипендия алатыныңдың інің жақсы біледі. Қалайша мұқтажданасың! Жоқ, мен білсем: сені қалай да Орал қаласына келтіру, қызбен жүздестіру. Бұл тек қана Әділбектің, болмаса жеңгечің қолынан келетін жұмыс. Осы күнге дейін бір хат жазбаган қызы өздігінен келіп кет деуі қыны.

— Мен де хат жазғаным жоқ...

— Әлбетте, мына хат — шақыру.

— Сонда не істеймін?

— Қызық жігітсің. Ісіңдің бәрі шала. Баста пісріп келетін іс кой. Мүмкін қызды сүймейтіп шыгарсын?

Әлібек мұдіріп қалды. Қызырып кетті. Қысылғанда сөйлей алмай қалатын қалпына келіп, булыға бастады.

— Жарайды. Сен былай ет: тез Оралға жүріп кет. Оку бастанғаша әлі жиырма күн бар. Көр. Жұздес. Арғы жағын ақылдастып шешішдер. Осында алып келсөң мына патер екеуіңе жетеді,— деді Жакия.

«Сен не дейсің? дегендегі Әлібек Оразалыға қарап езу тартты. Бұлығы тарқай берді.

### 3

Институттың партия үйімі шақырған мәжілісінен Жакия елеуреп қайтты. Философтың аяқ басысы да, сөзі де бір қалынтаң өзгеріп көрмеген салмақты, бапты келсетін. Ал, жүз әншеті өмірде слегізуді білмейтін, баяғы сурғылт қалып, қабагын сол кере түсіп «балдар қалай?» деп тамсана қарайтын. Ол бүгін есікті тез ашқаны былай түрсін, оны шығыздан қатты жанты да, адымын кере басып тереңе алдына отті, ілесе кері бұрылыш тагы да есікке қарай жүрді. Бұл өзгерісті алдымен Әлібек байқады. Ол жолға шыгу қымымен кішкене сандықша көрзен-кесіне қімдерін бүктеп, плаццина орап шаң тиместей етіп мүқияттап салып жатыр еді. Бұл жұмысыни тастай берді де Жакияның қимылынан, өзгеріп кеткен жүрісінен не болғанын байқауға тырысты. Оразалы ағаш кереуеттің үстінде жамбастап жатып, кешкі қарбаласта сығырайған көрсөн шамды озіне жақындаста салып, кітап қызығына блакш еді. Екі күннен бері ол америка жазушысының «Хват пеш Малышин», «Аркадан келген қызы» дегін шыгармаларына алаңсыз сүнгітген. Оның құлатына Жакияның үйге сінген, есіктен терезеге алма-кезек аяңдағаны, Әлібектің қимыл-қыбыры кірмеді де, елеңдетпеді.

— Жігіттер!— деп Жакия үшінші рет есікке төніп барни кері бұрылды.— Уақиға зор.

— «Балдар» деңіз.

— Балдар!.. Үлкен уақығалар... Зор өзгерістер... Естімеген жақалықтар бар.

— Но, жүрісіңдің өзгеріп кеткенінен-ақ сезіп едім, Жака. Не жақалық?

— Үлкен өнгіме... Саяси мәселе...— деп Жақия үшін блескелетті. Ол Оразалыға қарағ, «негіп жатырысың?» дегендегі коз тастап еді, бірақ өз қызығына біржола аның берілген жолдасты сезіне құлақ қоймады, кітапка калыла түскендей болды.

Жақия енді тамсанды.

— Балдар, тыңдандар.

Мен сендерге үлкен өнгіме айтпақнын. Біз өте ірі әлеуметтік ойнердестің, басталғалы жатқан өзгерістің алдында турын... Губком қызметкері партия активінде сөз сөйлемдің білдін институтта. Қазақстанда «кішкене Октябрь» бастылды... Обекең үйде ме?

Жақия екінші бөлменің есігіне қарады.

— Үйде шыгар. Кешке жақын бағанағы ақсақалмен сойлесін отырган есік алдында.

— Кай икенікі?

— Алма сіткап, деп Оразалы басын көтеріп алды — Номене, күния хабар бар ми, соңша сыйырдан,

— Күния да, күния смес те. Дегенмен: «Әзірge жая берудің де керегі жоқ», дестік. Әлгіден бері елең етпей жатыр едін, немене «күния» деген сөзге сенің де ойың селт етті ме?

— Мына кітап қызық. Бір өзі тоқсан құпияға тұрарлық.

— Но, Жака, ніта беріңіз «кішкене Октябріңізді». Қызық сол екен, сорығ бола ма?

— Олібек, жон істің онкей мүкіс жағына бұрасың. Дегенмен, бұл сол күрт ойнерескі байланысты...

Жіңіттер, үйде екенеңдер той. Болмелеріңізден дабыс білінбоганмен кейін мен сіздерді жоқ кой деп ойлан едім. Жүрінің, шай-су ішеник,— деді есіктен басын сұтын үй нес.

Жана тана кіргенім осы, Әбеке,— деп Жақия солин аяғын жұтып қалды.— Қазір, Әбеке, қазір...

Обдуоды есікті қапсыра салып, көрі шегініп кетті де, отеліне.

Жіңіттер келген екен, шайынды бантай бер,— деп арыз болынде бұрынқ берін жатты.

Жақия басын шайқады. Орынан тұрып, шашын оң жақ үшкесіне жабыстыра синай бастаган Оразалыға қараш:

— Осы біздің Әбекең, мен адам таңысам, тұңғызық жаң, терең, әте терең... — деді ақырын гана.

— Онда бұл, Жақа, әллі өзіңің айтын жүретін: «найза бойламайтын арам», «құрдай жорғалаған қу», тагы немене еді, «түк жүқпас сүм» деуші ме едің? Солардың бірі болды ғой біздің бұл қожайынымыз да.

— Ақырын, ақырын сөйле, Оразалы. Естіп қалса ұят болар. Соңғы айтқаның төңірегінде. Су жүқпайтын сүм кісі той деймін.

— Су жүқпас па? Түк жүқпас па?

— Айналайын, ақырын сөйлеші.

— «Сыбырлағаныңды құдай естімей ме» деп... Натыз сүм болса, біздің не ойлап, не сөйлеп отырганымыздан да хабардар шығар. Кешке жақын алма сатқан қара сақалмен шүйіркелесіп Пішпекке жүрмекші бол уағдаласты. Мен «Әлібекті арбаларыңызға мінгізе кетіңіз» дедім. Ол «ойланайық» деді.

— Онда жақсы болды ғой...

Студенттер «сүм кісіге» үйғарған Әбдуәли шай үстінде бұлармен шүйіркелесіп сөзге кіріспеді. Әлденені ойлаи-шішиң отырган адамның кейпімен көзін жұма туғын, шайды сорантан үрттаң отырды да:

— Мен Пішпекке барып қайтамын, жігіттер. Мына баланды да арбата мінгізе кет дедім Жиренбайга. Ол адам жоне жүк таситын арбакен қой. Пұл төлемей-ақ мінгілер окушы баланды, — деді.

Жакия мен Оразалы жамыран:

— Рақмет, Әбдеке. Үйі жағынан келіп кет деген хаталып еді, сізбен бірге тез кетсе жолы болды. Мың рақмет, Әбеке, — десті.

— Ертең, алла бұйырса, таң сәрідең жүріп кетеміз.

Шайдан кейін үшеуі өз болмесінде тагы да өз қамдарына кіресті. Әлібек сандықша-корзікесін мұқияттаң байластырыды, Оразалы кітабына үйліді.

— Үлкен өзгеріс, балдар. Тұнып тұрган феодализмің үйткышының бұзыны: Арқаның Шормаюттарын, Жетісудың Ордабаевтарын орынан ығыстырып, жер аудару «қішкене тәңкеріс», қазақ даласындағы кішкене Октябрь, — деп губком қызметкери дұрыс айтты..,

— Айналайын, қойшы! Мен де естігенмін байларды жер аударады деп, жер аудармақ түгіл кедейлер соларды пісіріп жесе де көңілім баяғыдай...

— Оразалы, сен түсінбейсің. Өте ірі уақыға. Бұл — елді де, жерді де жаңартады деген сөз. Ескі дүниенің мұзы жарылды, енді сені жүреді, балдар, сендер мұны түсінулерін керек.

— Жарайды, соцынаң, соцынаң түсінерміз,— деді Оразалы.

Әлібек сөзге кіріспеді. Ол тек қалайда Оралға жетудің, тез жетудің қамын ойлады. Алда не барып, не боларын ойлауға шамасы келмеді. Оның көз алдында Гүлжіһап тұрды...

#### 4

Жазықта жортып отырып жолды едәуір қысқартып алған аттар тау бөктеріне іліккен соң аяңға біржола көншін алды. Ал, өрден-өрге тырмысып алға ұмтыла түсекен қос торы жүкті фургонды екінші бір төбешікке зорға шыгарды. Бір уақыт өреіз жерде өндіре аяндал, жүріс енді-енді түзелер дегенде тагы өр, тагы да төбешік келіп қалады.

«Қашан жетеміз Пішпекке? Қашан мішем пойызга? Қашан Арыс, қашан Қызылорда? Қашан?.. Қашан?..— деген жыбырлайты Әлібектің еріндері, елі түссе қалып өзге арбамен қатарласа аяндайды. Арбакеш арық қара Жириебай да арбата асылмагалы көп болды. Ат болдырар, бірақ Жириебай болдырар емес, жүрісі де жеп-жеңіл, өзі де қаңбақша дөңгелейді, делебесі қолда, атқа жанамалап согып келеді.

— Тоқмак жолы жақын, екі қонып Пішпекке де дік етеміз,— деген шығар да арбақеш. Сол «дік ететін» жолы Ұзынағаштың асуы, екі күн тауға шыгады. Түсері жарты-ақ сағат. Алды қырғыз слі. Екі таудың гажайын алқабы. Әлібек бұрын бір рет жүрген. Жақын екені рас — Кордай жолы үш күндік, күн райы бұзылса Пішпекке дейін төрт тәулік те болып кетеді.

...«Қашан жетеміз? Қашан?.. Қашан?..

...Осы ана Әбдуәлиді Жақия «су жүқпас сүм адам» дейді. Рас шығар. Жақаң біледі. Үйінде бізден бұрын тұрып келеді. Мына тиеп келе жатқан сандықтар сопікі шығар. Не нәрсе бар екен ішінде? Ауыр. Орнына қозғап болмайды. Аттардың мықшыңдауыша қарғанда екі сандық пен екі кісі өрге қарай ауыр жүк болып келе-

ді», — деп ойлап қояды Әлібек, арбага мінер кезде де, аттың жүгін жеңілдету үшін түсер кезінде де.

Кашама асықса да, қашама «қашан жетемінді» жиілесте де жол алыс, тау сілемі таусылар емес, жүк те жеңілейер емес.

Жол ұзак, әңгімеден өзге ермек жоқ.

— ЖиРЕКЕ, әңгіме айтыңыз,— деді Әлібек арбакешке, келесі бір дәңін үстіне шығып, өрсіз жазық жолмен жүріп, аяқ сұтуға арбага асылран кезде.— Осы біздің Әбдекең қосағасы, ел ағасы болған адам-ау, жөн-жосықты көп біледі.

ЖиРЕНБАЙДЫҢ да іші пысып келе жатса керек, жас жігіттің сұрағына ілесе жауап қайырды.

— Ел ағасы? Ел ағасы деуге де, қала ағасы деуге де болады. Әйткені елден көрі бұл жігіт қалада көбірек тұрып келеді. Көптен бері-ақ қаланың белді жігіттерінші бірі болып саналады. Өрине, Әбдуәлиден де ірі адамдар көп.

Әлібек сөл ойланды да, ЖАҚИЯНЫҢ «осы Әбдуәли коп сүмінің бірі» дегені ерікелә аузына түсін кетіп:

— Сүм адам гой өзі,— дед қалды.

— Карагым, жүртттың көбі сүм гой, осы күні. Бұл кісі сүм да шығар, алайда үлкен табыскер адам. Сіздерден пәтер ақыға қанша сомнан алады?

— Он сомнан.

— Ім-м, үшеуінен отыз сом де...

Арбакеш өлдепені күбірлеп есептей бастады да, аздай кейін:

— Тамагы ішінде гой, он сомның?— деп анықтай түсті.

— Нә, тамақ қожайынан.

— Ім-м, жиырма сом таза қалтада қалады екен. Астықтаң пүты слу тиын, қойдың қекесі бес сом базарда. Қалаша тамақтанғанда айына бір қойдың етін жемейсіңдер, бір пүттән артық нан да кетпейді сендерге. Шәй-су бәрін есептегендеге үшеуінен он-ақ сом жұмсайды...

Мына есеп Әлібектің ойына келген есеп еді, ол таң қалған ішін корсетті.

— Бұл ештепе емес,— деді арық қара кісі.— Әбдекеңдердің табысы біздің тиындан-тебендеп жинағанымыздан он ессе, он ессе емес-ау жүз ессе көп.

— Сіз қанша табасыз?

— Біздің бар кәсібіміз осы Пішпек пен Алматы арасында ештеп адам тасу мен жүк тасу.

— Айна үш-төрт рет қатынайтын шығарсыз?

— Онан көп емес. Сондағы бар табысымыз: ең әрі кетсе қырық, елу сом.

Олібек байқамай ішін тартып қалды.

— Оның таңданатын несі бар, қарағым, ана он есе, жүз сесе артық табатын Әбдекеңдерді айт!

— Жиреке, таңданғаным: қой базарда бес сом дейсіз. Сіз айна он қой тапқанда, ана кісі он есе артық тапса, сонда жүз қой, яки бес жүз сом тапқаны ма? Сондай тогілген ақшалы қандай кесіп ол?

— Е, бала екенсің ғой, қарағым. Өз әке-шешең пе көсіп жасайды?

— Экем қайтыс болған. Шешем кәрі. Ішім бар. Орташа даулет — бір үйір жылқы, сонсоң қой, қозы деген сиякты. Сауын сиыр әркімде де бар ғой.

Жиренбай тағы да күбірлеп өзінің ішкі есеп-шотына қатын:

— Бар дәулетің, ініңмен екеуінің, егерде бір үйір жылқы. Бір қора қойларың болса, бес-алты бұзаулы сиыр болса, сонда да Әбдекеңдердің бір жылдық табысның үзенгісін де келмейді.

Олібек басын шайқап алды:

— Жиреке, сіз оте асырып жіберген жоқеңз ба? Облекен таң сондай қалтады қашталаист сиякты емес қой. Оштойн, қалайни еті тірі азаматы торізді.

«Кемедегінің жаңы бір» дейді қазак. Сондай-ақ, сапарлае адам, сырлас деседі. Ешкімге сыр шашар жітіт сиякты көрінбейсің, оқып жүрген қазактың көргенді баласы той дег танимын, қарагым, өзінді. Сен тыңда, мен айтайын Әбдекеңнің кім екенін, оның кімдермен қол үстасып келе жатканын. Әбдекең жақсы кісі. Сөзінде тұрады. Жақсылық етемін десе етеді. Қөпті көрген, көп билетін адам. Бұл кісі өзінен де көп білімді, үлкен оқымысты, дәулеті төгіліп жатыр дерлік, атагы бүтін Жетісуға. Пішпек пеп Әуліе атага, Шымкент пеп Тәшкентке мәлім Фали дейтін адамның көп жүретін, ісін істесетін оң қолы. Фали Ордабаевтың атқосшысы. Фали Ордабаевты естігенің бар шығар?

— Аз-мұз. Сыртынан ғана естиміз. Қалада үйі бар емес пе?

— Бір емес, бірнеше үйі бар. Мекен-жайы, малы, бәйбішесі мына төменде Іле бойында. Өзі көбінесе осында, Пішпекте, сонсоң Тәшкенде болыцқырайды.

Қалада үлкен жайы, сұлу тоқалы бар. Қазір әңгімеге ілініп жүр дейді...

Әлібектің бұрын-соңды құлағына шала-шарпы тиғен әңгімелер, кешегі Жақияның елге үгіт-насихат ісіне аттағаны — мына қара сақал арықша кісінің әңгімесін толықтыра түскендей болды. «Үлкен өзгеріс дегендері осы екен» деді ол ішінен.

— Ал, Әбдекең жайында сіз әңгіменізді аяқтаған жоқсыз. «Оң қолы» дегенініздің мәнісі қалай?

— Әбдекең де сол Ғали Ордабаев сияқты өз шамасына білгір, іскер, өзіне лайық дәулет жинай бастаған еті тірі азамат. Оның да Пішпекте үйі бар... — арбакеш арқасын тіреп отырған екі үлкен сандыққа қарап қойды.—«Сонда түсір» деді. Бұл шамалауымша сол Ғали Ордабаевтың жиһазы...

— Қандай жиһазы? Екі сандық аса көп жиһаз емес кой.

— Жиһаздың жиһазы бар. Кеше кеште тиегепде құлагым шалып қалды; тай жібектер болуы керек. Екі сандықта қытай жіберінің он-он бес тайы жатса — қаша пұл боларын білесің бе? Сонсоң: Әбдуәли өзі Шамалған беттегі малды Пішпек базарына айдаттыру қамында. Ертең бізбен қатар о да Тоқмаққа жетеді.

— Көп мал ма екен?

— Жылқы мен қой, қанша екенін алла білсін. Бұл бірақ Ғали Ордабаевтың өз малы. Ал, Әбдуәли бұрыш сонау Құлжадан, Ақсу мен Қөксудан жылжыған малды Алматы мен Пішпек, әрі кетсе Әулиеата, Шымкентке жеткілдіретін. Әсіресе соңғы он жыл ішінде ең кемі миллион кой өткізген шыгар. Қаржы Ғалидікі, алу, айдату, саттыру Әбдекеңдердің жұмысы. Айдаушы басқа. Бәрі ақшаның құдіреті гой. Әбдекеңдер қой басына он тишина пайды қылса да жылына бір сандық пұл ташай ма? Міне, Әбдекең енді сол әңгімеге іліккен Ғали Ордабаевтың дүние-мұлкін реттетіп жатыр. Мен солай гой деп шамалаймын. Қате болса құдай кешірсін. Бірақ, қаралым, тісіңшің шыгарма, бәрі де өзіміздің қаңқтың баласы гой. Он сөзізінің жылғы анат төңкерісте осы Әбдуәли Мамытбековтың әкесін ақтар атын кеткен. Окес! де еті тірі кісі еді.

...Кешегі біздің философ Жақияның «Жетісудың Ордабаевтары» дегені осы екен гой. Оралдың кімі деп еді?.. Мұхаметшиндері деген жоқ қой... Ақметшешің де ірі дәулетті екенін, ауызға іліккен беделді әкім болға-

ның және оның үстіне бүтін қосшы кедейлердің, әсіресе Қоғабайлардың, «Ақ сүйек», «қырдың шынжыр балақ, шубар төсі» деген ағтарды Ақметшеге тізіп тағып айта-тының өз құлағымен естісе де Әлібек оны қосқысы келмеді. Бұл мүмкін емес сияқтанды. Оның ой түбіндегі көп сенімінің бірі: «бұл мыңғырған бай емес, ғылым тіліне бет бүрган пайдалы адам ғой», — дегізе берді. Жоңе Ғұлжиһан!

Гұлжиһанның тағдыры... Оның басындағы ауыр қайты Әлібекке әлі жетпеді...,

## Екінші тарау

### 1

Көрпесін тас бүркеніп алып қыз әлі солқылдан жа-тыр. Ол шам сөнер-сөнбестен-ақ жылай бастап еді. Мінде түннің де әлдебір уагы болды.

Кемір бәрін естіп жатты — оның орнынан неше рет лунаң түскенін де, тіпті көрпесінің қалай ысырылып кеткенін, оны қилай бүркенгеппен де естіді. Үй іні тас қарашы болса ли кемір көн бәрін коріп жатқандай. Қыл оң жакта озі силен берген құс төсектің үстінде, тосек те үлкен, кодімгі озінің ескі құс төсегі. Бірақ тысы да жана, мамығы да жұмсақ, жамбасқа батар бір ірмегі жоқ. Бірге жасасып келе жатқан көне төсек дерлік емес. Жастиғы да сондай ғой. Бәрі қолайлы. Үстіне жамылғаны қыздың өз шәйі көрпесі. Үкідей салмағы жоқ, не түншігарлық, не ауырларлық жамылғы емес. Үй де кең. Өте кең. Қазан жактағы кемір мен екі аралық ел көшкендей, ежелгі төр мен босағасы ендең жататын қажының сегіз қанат киіз үйі ғой. Жұніс қажыны.

Бір кезде төрт балага толы төр қазір бос қалған. Бас көтерген жалғыз Әділбек те сыртта, мал шетінде. Жаздықуні ол үйге жатып көрген емес. Бүгін де солай. Алпыстан асқан кәрі кемпір жас келінмен өзі ғана. Үлкен келин, үлкен бала — аулақта, олардың өз қамы, өз ошағы бар. Бар үміт Әлібек пен Әділбекте. Әсіресе Әділбекте. Өйткені Әлібекжаны да алыста. Кім біледі, ертең ол да өз жөнімен жыраққа тартып жүре ме!

...Бұл байғұс баланың да өз қайғысы өзіне жетеді. Жалғыз әкесі болса анау қаранғы үйге қамалып қал-

ғаны. Келгенин бері жылау, келгенин бері жерге үңілу. Бұл мына үйге сүйеу. Мына дүниеге тірек болып кеткеніне қашаң! Әлі солқылдаш жатыр. Қалай жұбатарсың.

— Гүлжиһан қарагым, жылама? Жылама, қарагым...

Солқылы сәл бәсекедеги қыз бұл мейірімді сөзге онан әрі егіле түседі.

— ...Тәңірінің ісі. Қөну керек...

Неше рет айтты мұны. Есебі жоқ. Қоңе адамның ойы да қоңе. Қоңе болса да көпті көрген жаниның үйреншікті жұбанышы, үйреншікті тілек. Тәңірінің ісі емес пе көктіжерді бар қылған! Жасаганың ісі емес пе бейнет пен дәулетті қоса берген! Құдіреттің ісі емес пе жасты жеткізіп, көріп еңкейткен. Бұған Балым кемпір түгіл жас Гүлжиһан, оқыған Гүлжиһан да сенеді. Бірақ жас ой әлдеқайда жүйрік, әлдеқайда өткір.

...Тәңірінің ісі! Қобі тәңірінің ісі. Бірақ адамның ісін көрі кемпір біле ме. Ол менің бұл үйге ойламаган жерден ерікесіз келіп қалғанымды қайдаң білсін! Менің әкемінің досынан қасы көп болып кеткенін сезе ме үйде отырған кемпір. Менің жүрегімде не сарып барын ұғар ма бұл күні өткен сорлы жан. Жастай аиадан айрылдым. Эллештеген жалғыз әкеден айрылдым...

Қыз қатты өксіп жіберді.

— Қарагым-ай, шаршадың ғой. Сабыр етсейші, шыдарайшы Алланың жазғаны. Тагдырдан озмын жоқ...— деді де кемпір басын көтеріп алды.

Ол айнала Карманың шапанын іздеді, орынан тұрды. Кебісін тауып киді, сыртқа шығуга бет алды.

— Берік болу керек. Ұзақ түнді егілумен өткізу жарамайды.

Кемпір есікті сипалап ашып, күбір-күбір сөйлеп жүр; өзі де көз ілмей, ұзак көлбеп, ақыры сыртқа шықты. Соңда да өксітін баса алмай жатқан қызды жұбатумен болады, оған қыбырлап жүріп сүйеніш айтады.

Қыз да бәрін біліп жатыр. Кемпірдің елжіреген үнін естіп-ақ жатыр. Бірақ...

...Шынымен-ақ тоғірінің жазғаны осылай ма?..

...Елі жүртүм қайда?

...Туган үйім қайда?..

...Панаң қайда?.

Бөлшек-бөлшек ойлардың бірінен бірі аңы. Қыз бүріншідан да қатты өксиді. Кемпір қыбырлап үйге

кірген кезде ғана саябыр тартқандай. Кешегі күннің кейін үздіксіз тізіледі. Қөз алдынан өтіш жатыр. Солар ғана еріксіз жұбатқандай болады.

...Алдынан шыққан жан жоқ еді, арбадан түсे бергенде халық қаптап кетті. «Келін келді!», «Келіншек түсті!» — десті. Адам деген үйді-үйден қаптап шығып жатыр. Қәрі-жасы аралас. Әйелдер, қыздар да бар. «Қодімгі Ақметшенің қызы ма?», «Жиен қызы!» «Әлібекке қінкентайынан айттырып қойған!», «Әдемі екен!», «Тек оң солғын екен!»

О, тәңірі, сөзден жаңбыр жауып жатыр.

— Құтты болсын, шеше! Келінді болыпсыз!

— Келіннің аяғынан деген!

— Қызығын көріңіз... Немере сүюге жазсын!

— Колыңыз ұзарды, шеше!

...Бәрінен де ауыр, тікендей қадалғаны Хадиша деген әйелдің мысқылы.

«Шырагым-ау, женеше-ау, келін сияқты емес! Шошайған бірдеме. Қөзі бақырайып қақ төрге отырып алышты. Ең болмаса басында желегі де жоқ», — деп бетін шымшиды қасындағы әйелге сыйырлап. Ал, жігіттер сықылықтаң «Әлібек емес, Әділбектің өзі шығар келіншек әкелген, әйтпесе күйсусіз келін түсे мә?» — деп коздерін қысысады.

...Кону керек деп осының айта ма мына газиз жаң...

Біриеше күннен бері, өң мен түстің екі арасында, мен-зең халде келген, көзін ілмей шаршаған Гүлжиһан таң алдында үйыктап кетті. Қөп уақыт өтіп кеткендей болды. Бір кез көзін ашқанда екінші бір дүниеде жатқандай көрінді.

Жат үй, басқа үй — жарқырап тұр. Жан жоқ. Тұндік шалқасынан қайырылған. Аспан көкпенбек түрүлі. Әдемі самал сөғын кетеді. Жеп-жәңіл!

Рахат дүниес. Ертеңгі шаттық құшатында...

Ертеңгі шаттық бар жерде бірдей. Далада да, ауылда да ертеңгі күннің шүгіласы нұр құйын тұрады. Жанга да, тонға де рахат желі желпиді. «Шеген күдіктағы» ертеңгі шак осындаі. Оңаша самалды үй. Ашылған түндік, көгілдір аспан. Үнсіз төнірек.

Жұп-жұмсақ төсек, болыскей кереует. Қозғалсаң тербетеді. Шәйі көрпе. Сырғығаны сезілмейді. Айнала жымжырт. Жүрген жанның қыбыры білішбейді. Аулактағы ошак. Сүт пісірғен әйелдердің сөзі де естілмейді.

Гүлжиһаның құлағына еміс-еміс дыбыс шалынды.  
Үздік-үздік сөз де жетті. Қайдағы сөз? Үй сыртында ма?  
Жоқ. Ошак басында...

- Элі үйиқтап жатыр ма?
- Жас қой... келін!
- Ештеме көрмей өскен бала...

Гүлжиһан ұшып келді де, киіне бастады. Шашын түзеуге айнала қарманып қалды. Бірақ... өз тұсында тұратын шар айна қайда? Айна түгіл болыскей кереует те жоқ! Қемпір салған құс төсек...

Дыбыс енді үй сыртына шықты. Таныс дыбыс, қоныр үн.

— Мама, әлгі қой терісіне тұз жаға сал. Құн ыстық, жүпі жидіп кетер. Қелінің тұрған жоқ па? Шай-су әзірлесең жақсы болар еді. Менің қырда жұмысым бар.

...Әділбектің өктем қоңыр үні. Батыл үні. Қатал жігіттің қадалған жерден қан алар үні!..

Кыз қалай толқын кеткенін білмеді, өн бойын ыза керінеді. Бар зұлымдық сыртта сөйлеген Әділбектің үнінде, қайсар қараның істеген ісінде сияқтанып кетті.

...«Мені алып келген осы. Бәрі осының ісі! Жаңсақ жолға салған осы Әділбек! Мен келемін бе, бұл жерге осы болмаса?! Менің жалған жолға түсуіме де себепші. Мен опасыз қыз болдым. Қебіктің Қарлығасы болдым. «Кыз он беске жеткенде, өспесін деп өркені жұлып та жатыр сақалды» дегі Қебіктің қарғысы маған айтқан қарғыс. Неге мен жалғыз әкені ұмыттым. Келеке. Мысқыл. Қашын кеткен Әділбектің орынна келдім бе?»

— Әділбек, мені Текеге алып баrasың. Папамның хабирын білмей мен бұл жерде бір сағатқа да қала алмаймын. Мен... мен,— деді қыз булығын.

Үйиқтап жатыр деген қыздың қалай ояиганына таң қалып тұра қалған Әділбек, енді оның өзінен де өктем сөйлеген сөзінен сасып қалды. Ол қыздан көзін алмады, қапелімде өзіне-өзі сенбеді. Қарауға нәзік, жүзі жұмсак, өзгеше әденті сзылған қыздан мұндей сөз шығады деп ойламап еді. Жөн қалайша тез өзгеріп кеткеніне аң-тан. Созін жұтып, булығын қалғанмен көзге жас алар емес. Қайратқа мініп, шатына кеткен. Қешегі солғын тартып, мұнға батқан көлбетте, қазір жасын қалғандықтың ізі де жоқ. Жылауга бейім үлкен көздер жана түскен. Бүтін бет әлібі, барлық дене бітімі жиырылып, түйіліп, ширай қалған. Түшімен шындалып, ширатылып шыққандай.

Қыздың көрер көзге өзгергенін көріп жөн оның үні-

иң қарсы жауапка жол қалдырмағанын байқап Әділбек бойына сіңген батыл лебізден бас тартты. Ол сылап-сипиуга қошті.

— Гүлжиһан, тарылма, еш нәрсеге тарықпа. Мен калыпдан шығарда-ақ айттым ғой өзіңе. Қажет десен Текеге де, Текеден әрі бару керек болса оған да апаралып деп. Бұл мениң қолымнан келеді. Ал, қазір жуын, тараш, шоғыр шейік, әнгімелесейік. Шәйдан кейін өзен басын барын қайт, сейілде, көңілінді көтер.

— Тамақтан ас өтпейді папамды көрмей тұрып. Ең болмаса бір хабарын естуім керек...

— Гүлжиһан, мен айттым ғой Текеге алыш бара-малып деп.

Әділбек бөгеліп қалып, қабағын шытып еді, Гүлжиһан мұны өзінше түсінді: қатал мінезіне көшкелі тұр деп ойлады.

— Атты қазір жекпесең, мен жаяу кетемін,— деді.

«Бұл қайсарлық қайдан шықты деп болмас: болат текті немені қайыстыра берсең шарт сыйып та кетер»,— деп түйді Әділбек қыздың бет қайтпас ниетін көріп.

— Жарайды жегейін. Ат аздал тынықсын, отын қандырысын. Кеше алпыс шақырым жер жүріп келдік, болдырып қалса жолда босқа отырамыз.— Ол қыз қарсы жауап қатиасын деп есіктең дауыстады: — Мама, ша-йынды әзірле. Біз түстен кейін Текеге жүретін болдық.

— Әділбекжан-ау,— деді бұлардың сөзіне құлағын тоса бастаған кемпір.— Мен қағыс есіттім бе, әлде дұрысы сол ма?

— Иә, мама. Жүреміз. Гүлжиһан екеуміз жүреміз. Жиенниң хал-жайын білуғе барамыз. Текеге барамыз,— деді ол буындан баяндан.

— О, жасаған, келмей жатып ұзак сапарга атташады де. Бірің анда, бірің мұнда тағы алыстағы қалага жүрмексіндер.

— Мама, жөні солай. Жиенниң әңгімеге іліккенін естідің ғой. Міне, сол кісінің қандай жағдайда екенин білу, жәрдемдесу тек қана Гүлжиһанның борышы емес, біздің де... Мениң де борышым.

— Иә, қарағым, солай ғой. Тұысқанға тұысқан, жа-қынға жақын қол ұшын бермесе, не болады,— деп кемпір көне кетті. «Тағы да алыска кетесіндер ме»,— деп уайымдаған адам, енді мейірбандық шистке қошті.— Тарыққан адамға, зарыққан пендеге көрсеткен жақсылық таңда тәңір алдында қайтады.

— Иә, иә, мама!

Бүгін ерте тұрып, қыстаудағы шөп машинасына ба-  
рамын деген Әділбек не істерін білмеді. Мына Гүл-  
жиһаниң көлденең сапары, оның үстіне ойламаған  
жерден тағы да Текеге жұру — жұмысқа кесіріп тигізді.  
Жүрмеуге лаж жок. Жақын, туыс, жалғыз қызынан  
басқа бұта қалмаған Ақметшеге қол ұшын бермеу — ең  
болмаса қызын көзіне көрсетпеу адамшылық па? «Қалай  
да мұны енді тез істеу керек. Тездетіп барып-қайту ке-  
рек. Эйтпесе, мен де жалғызын, жұмыс бастан аса-  
ды», — деп корытты Әділбек ішінен.

— Түстен кейін жүреміз. Бүгін қалаға жетіп қона-  
мыз. Атқа қын болса да...

Кыз енді қайтып тіл қатпады. «Атты қазір жекпесен,  
жаяу кетемін», — деген сөздің қатты тиғенін жақсы сезді.  
Осыны жұмсарайып деген жанша, ол қайнаған самауы-  
рынды өзі көтеріп әкеліп, қазаң жақта күйбендеген кем-  
пірдің жабдығын тездете бастады. Шәйді өзі құйды.

— Айналайың, қарагым, өзіміздің Гүлжиһан... — деп  
кемпір мейірлене түсті де, қызга айттар сөзін іркіп  
калды. Ірінеске пе шара! Түнімен солқылдаған қыз  
тағы еңремей ме! Ол ақырын ғана күрсініп қойды. Ой  
ауыр. Ауыр ойды ірку де ауыр.

Әлібек тез жүріп кеткеннен бері және Ақметше сөзге  
ілікті дегенин кейін кемпірдің көnlі елсіз қалған жай-  
лаудай еді, қодімгі ақырап бос жатқан құлазыған да-  
ладай еді. Ал, алдына өңгерген тоқтыдай етіп, Гүл-  
жиһаниң бір өзін Әділбек арбага салып алып келгенде  
кемпір белінен шошырылыш отыра кеткен. Не айтуға,  
калай тіл катуға дармені келмей қалды. Дүниe өзгеріп,  
жер тоңкеріліп бара жатқандай. Атақты Ақметше, бір  
елдің аузымен құс тістеген өміршісі. Абактыға түсті  
деген не сүмдик! Баласы Қаршыға бетімен жоқ болды  
деген не ғаламат! Ал, жалғыз қызы жасаусыз, жеңгесіз,  
құрметсіз, болашақ тәңірі косактаған жеріне жетім  
қыздай жалғыз келуі де сүмдиктың басы?! Оның үстіне  
кудай косын атасы ак батасын беріп атастырыған халел  
жұмысын Әлібектің өзі барып алмай, ішінен әкелдірді  
деген не бұрым! Боріней де бұрын жүрт алдында не де-  
мекніз? Ата-бабаның жоралғысы бұзылғаны қалай  
қабылдаймыз?! Заман шынымен өзгергені ме? Шынымен  
әлем теріс айналғаны ма? Келін түсердегі шадыман-  
шаттық қайдада?! Дүйлдаган жастар мен үлкендердің  
дүбілісі қайдада жоғалды! Ата салты, баба жолы қайдада?!

Салтанатты той, куанышты жын енді бұдан былай біржола қоштасып кеткені ме? Атақты Тана Каржаудың қызы Айбаршадаң туған, өз елінде ақылды қыз, келген жерінде Балым бәйбіше атанған, бір елдің тұткасындаң әйгілі Жүніс қажының Балым кемпірі атанған, бала осірген, ер азамат әкім ұлына дүбірлетіп бүтін Байбактыға билік айтқызған, бак, бата дарыған Балым кемпір бүгін бар сый-құрметтен жұрдай, жетім қыздай етіп келін кіргізгені ме?!

Ой ауыр. Ауыр ойды ішке ірку онан да ауыр.

Кемпір тек күрсіне түседі.

Улken кісі күрсінуге ғана бейім. Бөгеттеп белін тасбуып, ағысын басқа жаққа бұрып жіберген өзендей, өмірдің күрт өзгерісі ата салттың қара шаңырагы Жүніс хажының үйіне келіп тірелгендін кемпір қайдан білсін? Ол тек күрсінеді, күрсінеді де, өткенді жоқтайды. Оның кіші баласы ғана қарт ананың тірегі сияқты. Жұлқынып есіп келе жатыр...

Ал, Әлібегі ше? Кім біледі! Мына қасірет торына шырмалған Гүлжиһанға да қол ұшын бере алмай жүре ме!

Улken үйде үш адам: үшеуінде үш тілек. Үш үміт. Мұның не боларын, қайда барып тірелерін болжауга олардың шамасы келе ме?

## 2

Сонан кейін Хакім жетіп келді...

«Әділбек келіп кетті... Гүлжиһанды елге алып кетті»,— деген қам көңіл Мендіқызы.

Бұл күтпеген, ойламаған жерден кездескен жайга Хакімнің іші мұздай болып журе беріп еді. Түсі де сұрланып кеткен. Бірақ, Мендіқызы жазғыруға оның батылы бармады, жарын аяды. Соңғы кезде бұл да мұнды, бұл да үрейлі. Әлібекті «Шеген құды~~кка~~» жіберген «айыбы» батып жүрген. Оның үстіне бас кесер Коныс-керейдің үркіткені қандай ауыр болды. Дертке ұшыратты. Эйел адам, қызы да жаны ашиды...

«Бұл жоқ жерден шиленіскең жіптің түйінін қалай жазып жіберу керек?» — Ойланып біраз отырды да Хакім: — «Қалайда елге барып, сол жерден бір жөнін табармын»,— деп атшысына келді де, арба жекпей, салт мінің қырга шығып кетті. Тезірек және жалтыз жүрудің қамын көзdedі.

— Айналайын, Хакімжаным! Алыстап кетіп, үйді көрмей қойдыңдар гой. Келдің бе әйтеуір, айналайын...

Балым кемпір көзіне жас алды.

— Мама-ау, неге жылайсың? Менің келгеніме таңырқап, неге келіп қалды деп жылайсың ба? — деп Хакім күліп, бос көңіл кемпірдің арқасынан қағып, бетін тосты.

— Айналайын. Айналайын! — деп кемпір мырсылдан күйі оның бетінен сүйе берді.

— Жақсы, мама, жақсы. Қатты сағынған екенсің. Бірақ, жұма сайын келсем де осы жылау, саған бәрібір.

— Қайдан жұма сайын... Қектемнен бері төбенде көрсеткен жоқсын.

— Өзім келе алмасам да, амандық білдіріп адам жібердім гой, мама. Анау күні мына кіші балаң да барып қайтты. Кеше тағы да барып...

Хакім «Гүлжиһанды алып кетті» деген сөзді жұтып қалды. Бұл өзі қолдамаган істі інісін бірбеткейлікпен «мен білемге» салуын сөгіп өтпекші болып еді, бірақ бұл кекстуден ештеңе шықпайтының ақылга салып жағымен түсіндірермін деп ойлады, ескі ұғымға сүйенген кемпірдің жүргегінек катал үкіммен жара салармын, деп қорықты. Ойткені бұл сияқты батыл қадам, көміл-ақ, кемпірмен ақылдасқан қадам екенін Хакім қаладан шықпай тұрып болжаған еді. Ол кемпірдің құшағынан босанғаннан кейін, сұп-сұр болып он жақта отырган Гүлжиһанға қалай амандасадарын білмей бөгелді. Кыз төмен карат отыр. Егер көзіне көзі түссе дыбыссыз бас изен амандасадар еді. Ал, атын атап аман-саулық сұрау, болған істі бекітіп осы үйге келіп болып келгенін қолдаумен тен. Және өз қолымен мал-мұлқаш кәнискеletіп, әкесін тұтқындауға рұқсат берген кызға еш нәрсе болмагандай-ақ, жылы жұздесе қалу адамға лайық емес.

— Саламат па, шырак,— деді Хакім көбінесе таныс емес жастарға айтылатын көпке ортақ «шырак» деген сөзді аты орнына қолданып.

Кыз басын да изеген жоқ, жүзін де бұрған жоқ, бұл амандаудың өзіне арналғанын білсе де сезбегендей, ол бейне бір күйршақ тәрізденді. Хакім қабағын тыржитты да, алдекім байқап қалды ма деп қысыла бастады, жүзін тез анасына бұрды.

— Меніңдікіз келінің «шешем қартайды, үй ішінің бітінейтін ұсақ тауқыметінен құтқарсам», — деп арман етеді, — деп бір койды.

Кемпір оған да босаң:

— Айналайын, Мендікыз келінім... ол қадам ғой. Өмірі мені аяумен келеді,— деп жалма-жан құлағын түре бастады.— Үй ішінің ұзак тауқыметінен құтқарсам дей ме? Ол қалай дегені, Хакімжан-ау?

Хакім асықпады. Ол ойындағы үлкен істің бастамасын құлақ қағыс қылып, бірақ аргы жағын ептең, жіңішкелеп, кемпірді бірте-бірте қөндіру ниетінде өді. Үстіндегі плащын шешіп, төрдегі жүк үстіне қойды. Қайтып есік алдына келіп, етігінің шаңын сұртті, басындағы фуражкесін алды, қалың шашын салалап кейіп қайырды. Сонсон жуынуни ниетімен қазап жақтагы күманышылапшынға кез тікті де, кемпірді аяғандай басып шайқап қойды.

— Қын ғой, мама. Қартайып келесің. Бір үйдің шаруасын бір өзің істейтін шақ алдақашан өтіп кетті. Ана балаң оқуда, мына балаң әлі жас, бұл да өз алдына адам болып кеткендей дәрежеге жеткен жок, білімі аз...

— Мен үшін уайым жеме, Хакімжан. Өздерін адам болындар. Маған мұнда қолғанат ете тұрарлық Гүлжиһан қарағым да келіп қалды. Бір жөні болар. Қартаю бәрінің басыңда да келетін жай, құдай тек қарттыққа жеткізсін де!

Кемінр әлгі айтқан сөзін ұмытып қалды білем. Хакімнің жауабын күтпей өз ойын алға сап болашақтың қамын жей бастады.

«Мына Ақметшешінің қызын шын келіп етемін деп ойлайды ғой шамасы. Бұл жайды біртіндеп өзгерту керек»,— деді ол ішінен. Оның келген себебі де осы ғой.

Сырттан кірген Әділбек ағасына қысыла сәлем берді де, көзіне тұра қарамай жайлап қана амандық сұрасты.

— Аманбыз,— деді Хакім салқын жүзбен,— амандығымызды кеше өзің көріп кетпедің бе?

— Иә, Хакім ага, көрдім. Мендікызды көрдім. Өзінізге жолығуга мұршам келмеді.

«Жау куды ма мұршаң келмей» деген сөзді ағасы ауызда әрең ұстап қалғандай «жа»... деп тамағын кепеді. Бірақ аргы жағындағы дыбысты шығармай үзіп жіберді. Әділбек ағасының не айтайын дегенін әбден ұқты «Бір шайқас болар-ақ» деп түйді ол, өзі іштей дірілден кетті. Хакімнің түрі де, сөз саптауы да оған үскіріктей әсер етті. «Не дәлел бар? Сол өзінің жаңағы мамасына айта бастаған «үй ішінің тауқыметінен құтқаруды мени де қалқан етермін»,— деді жас жігіт, тал қармагандай

тістене түсіп. «Калыңдығын алып келуге жарамай сыйын тұрган ішінің болашақ қатынын алып келгенім бе менің жазығым?!

— Бала, ана аттың айылын босатып, тізгінін дұрыстап қаңтар. Ақ көбікке түсті.

«Сені соншама не жау қуды»,— деп қала жаздады бұл да жаңағы ағасының іріккен сөзін қайталағысы келіп. Сөйтті де жалмажан.

— Жарайды,— деді келте жауаптап.

Ақметшениң қызын Хакім үлкен інісіне алып беруді мақұлдамайтыны күні көше Мендіқызының сөзінен де көрініп еді. Ал, қазір қабағынан қар жауып келген ағасының ұрсатынын да білгел. Осыны ойлап Эділбек бірден-бірге іштей тайсалға бастады. Ағаның ағалық құдіреті ініге ежелден бес парыздың біріндегі бас тартпай орындайтын құдірет, оның үстінде бір оязды билеген, он жылдан бері ат үстінде жортып, халық қамын көздейген атақты Хакімнің, сөзге жүйрік, ақылға ұста ел ағасының өктемдігіне қаршадай бала қалайша қарсы тұрап!

Аттың айылын босатып, жел бетке байлап жатып Эділбек «бұл қалай болады?» деген түйткіл сөзге жауап іздел көріп еді, көнілге нық жауап орала қоймады. Оның орнына: «Екі ортада осы менікі не босқа арам тер болып жүрген? Қатын алатын кісі бар жақсылығы мен бар жамандығын өзі көрмей ме? Егер ағасы разы болмаса, бұған билік айттар мен бе екем? Ел іші қым-қигаш бай мен кедей болып қасқырша жұлқысып жатқанда, олардың прокурор басшысы қалай араласпайды? «Ақметшінә жақыным»,— деп — араша түсөн заң басындағы адамға лайық ти болмас. Бұл жерде менің сүзеген тайнышадай көз алартың, желке күжірейтуім жөп бола қояр ма екен?..» — деген құдікті ойлар шырмай берді.

Ол ат жайлап болып, кәрі шешесіне болысты. Самауырынға су құйып, оны тұтатып, ұсақтап ағаш жарып тезірек шай қайнатудың қамына кірісті. «Осындайда бір шаруага қолайлы келінің керегі... Мына көзі жаудырап үйде отырган сорлы қыз не шаруа шаруалап та жарытпа, не Мендіқызы сияқты срінің, үлкендердің бабын тауып та ұксатпас-ак. Бейне құралайдың тас бүршағынан бұғын шөкे түбінде жатқан киіктің жетім лағы тәрізді. О, құдірет, кешегі аузымен құс тістеген құдіретті правитель, оқымысты Ақметшениң шаң тимей өскеп жалғыз қызы! Сен тұр, мен атайын мырзаларың маңынан жүру-

ге тайсалатын, сөз салуға бата алмайтын құдіретті оқенің ерке тотысы! Басқа жұрт интернатқа қолы жетпей оқуга зар болып жүргенде, қызын қалада тәрбиелеп, музыка мұғалімін алдырып, ән мен күйге бөлеп ақсүйекше мәнелеген сұлу, енді мына қысылшаң заманда елден айрылып, мал-жаннан айрылып, жалғыз әкеден көз жазып қалғаны! Он нара жасау жүгін артып, арғымақта алтын ер салып мініп, басына күміспен қактап, алтынмен булаған сары-ала оқа сәүкеле киіп қыз нөкерімен түсетін келіншек...»

Әділбек үйге кіріп келді де, Гүлжиһанға берген уагдасын баян етті, ол әлденеге ойы аласұрып булық-қандай демін ішінен алды.

— Хакім аға, мына Ақаңың жалғыз қызын далаға тастай алмай, басына үлкен қасірет кездескен кезде «өз сүйегім» деген намысым қозып кетіп, ешкімнен биліксіз үйге алып келдім. Және Гүлжиһанға берген уағдам бар, ол — әкесіне қалайда кездестіру. Бүгін Текеге алып журмекшімін,— деді.

Хакім таңырқағандай інісіне қадала қалды. Оның бар күнәсін, бір-ақ жайып салғандай істеген ісін қалтқысыз актарып тастағаны еріксіз ойланған. Оның үстінен о бастан жобалап келген «өзгерісіне» мына сөз бар түйінді жазып жіберерлік нөрсе сияқтаанды. Ол қызды Текеге алып журу деген сөзге жармаса кетті.

— Мұның адамгершілік. Әкесіне жолықтыру үлкен адамгершілік. Мен оған жәрдемдесейін. Қағаз жазып берейін. Қайда жатқанын, қалай жолығатынын айтып жөн сілтейтін юрист бар губсотта,— деді.

Ағасының тез көне қалғанына жігіт те таң. «Е, бәсе, туыстың аты туыс. Ақметше мен біз біріміз қыздан, біріміз үлдан тумадық па! Қаншама қара бауыр болса да, мықты жігіт жібіді»,— деп ойлады Әділбек. Ішісі жауап қайырғанша, ағасы тағы бір ақыл салатын құния сыр айтарлық сөздің басын көрсетіп тастанды.

— Соңсоң, Әділбек, кемпір үшеуміз ақылдастып істейтіп бір әңгіме бар, оны кейін айтартмын,— деді.

Үндемей қатып қалған қыз енді тебіренді. Хакімнің шын ойын, неге келгенін, оның не істер пигылын қыз үққан жок, тек оның құлағына «мен оған жәрдемдесейін» деген жылы сөз ғана келді. Қыз шыдамды, әкесін жылап жіберді. Кеше ғана жау көрінген, оған дейін түсі сұық ызгарлы Хакімнің мына сөзі бәрін жуып жібергендей, қыз ұшып түре келіп Хакімге жармаса кетті,

мойнынан құшактауга ұмтылып қолын соза түсті, бірақ Хакім елжіреген қызды аса егілтпейін, мойныма асылдырмайын деген ниетпен:

— Шырағым сабыр ет. Сабыр ет. Өмірде ашы да, түшің да күндер кездеседі. Сабыр ет. Мен қағазға жазып берейін. Текеге барысымен жолығу жағын көздейтін жәрдем беретін адамга хат берейін,— деді. Сөйтті де қызды отырғызуға тырысты. Қыз онан әрі еңірей түсті. Оның әкеден айрылған, сүйген жардан қол үзіп қалған барлық ашы қасіреті тасқында жас болып егілді...

Бір кез қызға қосылып кемпір мырсылдады.

— Қарағым-ай, жас басыңан мұндай күйге ұшыраған... Eh... eh-eh...

— Ау, қойыныз, мама. Сіздің мұныңыз лайықсыз гой. Тірі адам тіршілігін етеді, бәрі де орны-орнына келер. Сіздің жылауыңыз болмайтын шаруа, мама.

— Айналайып, бірің анда, бірің мында, бастарың бір қосылмай-ақ қойды. Енді міне жаңа көрдім дегенде, басқа кайтысы араласып... қой жасында жасым қалғанда жамандық көрмей өлсем деп едім... Eh-eh-e-h...

— Шаршаган екенсің, мама. Өзім алын кетіп, біраз уақыт еш інарсан үайымдатпайын, үй ішінің ұсак машақтынан аулақ өз қолымда дем аласың...

Кемпір қарсы жауап қата ма деп сескеніп, Хакім ойын аяқтамады. Әзірге осы да жетер дегендей сөзін кілт үзіп, беті-қолын жууга сыртқа қарай бетtedі.

«...Қызық,— деді ішімен Хакім есік алдында күманмен қолын жуып жатып.— Дегенмен көнер. Көнсе бәрі де орны-орнына келер. Кемпір өз қолымда, калада Әділбек оқуга кірер, өз бетімен өз жолын табады гой, ақылды бар, табанды жас жігіт... Әйтиссе мына жаңа кезенде, белсін бар баяны көк донендей тулан пәле қылар...»

Хакім баста інісімен томага түйық, көріспі, келе-кеle үй ішімен тілге келген соң бәрі де кешеден бергі түйткіл қабақтан арыла бастады. Қаймақ салған шайдың да өні кіре қалды, ауыл амандығын сұрасқан әңгіме де жайдары қалыпқа көшті. Әлденеге күнәлі жандай басында бойын тежей түскен Әділбек те ағасының қабына қараш мандайы жазыла берді. Ол көбінесе өнді әлгі бір Хакім сөзі не сөз, ол қандай сыр деген жұмбаққа аландаі түсті. «Қызды әкесіне апаруға қарсы емес, бұған тілті өзі жәрдемдеспекші болды. Онаша не әңгімелеспекші? Әлде Әлібектің үйленуі жайында ма?

Олде оның өзінен бір хабар алды ма екен?» Бірақ ол Хакім ойын таба алмады. Мұны кейінрек ұқты. Кемпірдің асқан асын жер алдында, су басына барып қайтамын деген Гүлжиһан үйден шығып кетті. Оңаша қалған анасы мен інісіне әлгі сырды Хакім өзі айтып берді.

— Мама,— деді ол кемпірге еркелегендей бір жұмсақ үймен.— Жаңа айттым ғой, өз қолыма алып бағамын деп. Бұл Мендерік қелініңіздің көптен айтып жүрген тілегі еді. «Шешем қартайды. Ана баласы алышта, үйленсе де ол келіншегін ауылдан өз қасына алып кетеді. Кенже баласы жас. Жас басынан оның аяғын шырмау обал. Әлі оқуы керек»,— дейді. Мен келініңіздің бұл ойын әбден макұлдадым. Әділбек оқуы керек. Ал, сізді өз қолыма қалага алып кетуім керек.

Кемпір шошын кетті.

— Қарағым Хакімжан, айналайын, ондай сөзінді маган есіттіре көрме. Қой жасындағы жасым қалғанда мен алышқа үзай алмаймын. Құдай қажының қасынан бұйыртысын топырақты. Өзі екі-үш күннен бері түсіме кіріп жүр. Қөп ұзамай қасына баратын шығармын...

Кемпір сөзін тауысар-тауыспаста Әділбек өз болжамын анықтауга асықты.

— Калай? Кемпірді өз қолыңызға алеандыз, мені оқуға аттандыреңіз, бұл үйде кім қалмақшы? Әлде...

Ол айнала көз жіберіп үй жиһазын әлде біреу алыш кетердей-ақ түгендереп сүзіп шықты. Шаңыраққа қарады «мына шаныракты жинап біржола шоланға тықпақшысың ба»,— дегендей кабағын түйді.

— Үй деген біз қай жерде жүрсек, сол жерде,— деді Хакім бұрынғы ағалық батыл үймен.

— Қызық пікір. Біз барған жерге мына үй де бара ма? Қоныс. Қедімгі мына ата қоныстан жылжын...

— Ата қоныс... Ата қоныс өзгереді ғой, шыратым.

— Қалайша?

— Қалайша лейсің бе? Бұл, әрине, ұзак әңгіме. Соңда да оны қысқарта айтуға болады. Ел болып, жүрт болып күш біріктірмекші, бас қоспақшы. Яки жерді бірігіп жыртатын, көлік күшін бірігіп пайдаланатын артель құрылады. Артель болу деген мына сияқты әр жерде бытырап отыру емес, бір жерге жиылыш қала тәртібімен қыстак салу деген сөз. Ата қоныс солай өзгермекші. Қазақ айтпаушы ма еді: «елу жылда ел жаңа» дегі.

— Ім-м,— деді Әділбек созып,— түсінікті. Әлгі Ұзак пен Олжаорыс комсомолдың айтып жүрген коммунасы құрылады деңіз!

— Онаң үркетін ештеңе жок, Әділбек. Бәрің өзімен ауылдас, өзіңмен болыстас елдің азаматтары. Қөппен көрген ұлы той. Жаңа жүрт. Жаңа қоныс. Жаңа тұрмыстың бастамасы.

Әділбек үндемей қалды. Оның орнына кемпір кайтадан күрсініп, қайтадан топырақтың қажы қасынан бұйыруын тілеуге көшті.

— Қарағым Хакімжан, қайда журсендер да аман болыңдар. Сырттарынан бір құдайдан тілейтінім: сендердің алдарында алсын, сендердің жамандығынды көрсетпесін. Осы жерде жазсын құдай топырақты. Ата-бабаның қабырының жанында, қажының қабырының жанында, мені қайтесін қозғап.

— Түү, мама, сен сары уайымға салынып, әлденені айтасын. Жүрттың кемірі токсанға, жүзге келгенде де өлімді ойламайды. Бес мүшелде кісі торыға ма екен,— деп бір жұбатты да, ана бағуга өз правосы барын да алға тартты: «Карт дүниес салғашаң кейін мына екі баланы оқытып, жұрт қатарына косу, өзінді бағу ен алдымен мына менің борышым. Осы күнге шейін әзірше слде тұра тұрсын деп қозғамай келіп едім, енді мұнан былай карай өз қасымда, өз көз алдымда болуын дұрыс.

Әділбек ағасының ойын енді болжады. «Мұның Гүлжинаңды Текеге жіберуі де, мені окуға жылжытуы да тегін болмады. Сірә, өлгі жаңа қоныс дегені күмәнді бірдене болмагай...»

— Хакім ага, сіздің созініз қызық. Кемірді қолыңызға алмақшысыз, оған, әрине, қакыңыз таудай. Ал, мені окуға жібергендері мақсатыңыз мені оқысын дегендік пе, әлде басқа бір себебі бар ма? Мен окуға кетемін бе, кетпеймін бе, бұл менің билігімде шыгар. Кете қалған күнде бұл үйде кім қалмақшы? Қысқасы: қарттың қара шаңырағын ортасына түсіріп, біріміз әкім, біріміз студент, енді біріміз тагы бірдеңенің құйрығын ұстайтын болын шыгады деңіз.

— Бөтен ешбір ой жок. Бәрі сен оқысын, сен адам болсын дегендік.

Әділбек ойланып отырды да, ағасының сөзіне жармасты.

— Әлгі елу жылда ел жаңа деген қонысыңыз не қоныс? Оған мені қоныстандырмай ма елде болсам?

— Пожалыста, сен көнсөн алдымен өзің бастайсың.

— Түсіндім. Эбден түсіндім. Жұнісовтің бір баласы екінші баласының ойын бір көш жерден-ақ сезеді. Ана інісіз бай қызын алады деген атақтан қашып Алматысына тайып отырды. Мына мен коммунаға көнбей әлек шығарады, сол үшін оқуға жіберемін деңіз. Құйрығының үшін көрініп түрған саясат екен. «Шешесін өз қолына алды, інісін коммунадан қашырып жіберді!», — деп біреулер өзіңізге бас салмаса кайтсін!

Хакім қатты састы. Ол күтпеген жерден болжал жасап көп ойдың үстінен шыққан інісіне не деріп білмеді. Оның үстінен сырт жақтан жақындаған Гүлжиһаның аяқ басысы естілді де, ол айттар сөзін тежеп қалды. Ағасының айттар сөзі қандай екенін кім білсін, бірақ Әділбектің ойламаған жерден «шешесін қолына алды, інісін коммунадан қашырды» деген сөзі ағасына өзгеше ой салды... Шынында, қын жай екен. Не көп, сөз теруші, жала жабушы көп. Әсіресе бірге жүріп, көз тіккен дос та, дұшпан да аз емес. «Дос» оның бағын, іскерлігі мен беделін күнде се, ал дұшпан сынды сағатта қапыда бассалуы күмкін гой. Мына інісінің айтып отырған сөзі ең ауыр айын болып тағылары хак. Ал, ана інісінің алысталғы астанага тез жөнеуі де Ақметшемен байлаңысты, тіпті қосыны мен партия комитеті адамдарының көзіне түсін қалғаны Әлібектің окуына тез жүріп кетуін жеделдettі. Хакім мұны Мендіқыздың сөзінен де анық түсінген.

— Мен үшін кам жеменіз, Хакім аға. Сіз мұнан он жыл бұрын атқа мініп Әбдірахман отрядына кеткенде он сегізде едіңіз. Онда өз жөнін, өз жолын айыратын ержеткен шағынызды. Мен де қазір сол күндеңі сіздің жасыныздамын. Әзірге мына қара шаңыракты тастан еш жаққа кете алмаймын. Мұны ана алыстан асқан анаңыз да қолдайды. Не болса да уақытында көрермін. Мен үшін қам жеменіз,— делі Әділбек. Үйге Гүлжиһан кірді.

Кіші інісінің өр мінезіне қол қоя бермегенмен, Хакім оның алғырлығына іштей қатты риза еді. «Казактың мұндай балалары әлі күнге асық атып, доп ойнаумен жүр. Біздің Әділбек шаруасына да ие, ар-намысын да ешкімге аяқ асты етер емес», — деп ойлап отырды да:

— Бала, сонымен Гүлжиһанды Текеге апарасың гой. Экесіне кездестір, ақылдассын, елде өздеріне тиісті малдары бар, өз қамдарын ойласын, — деді.

Бұл ағасының айтар сөзі емес еді. «Шырағым, сен әлі жассың, көргеніңнен көрмегенің көп, алған білімің-нен алдыңда әлі аларың асқардай. Осыны ойла, айтқан ақылга бой үр», — демекші еді. Бірақ, осы безбүйректі шамдандырып алармын, түбі көнеді ғой, қайда барад дейсің, — деп ойлан, әңгімені тағы да Гүлжиһанға бұрып кетті.

Әділбек тез жауап қайтармады. Ол да өз болжамын түптей түсті. «Ойының үстінен шыққан соң қарсы жауап қайтара алмады. Сөзін басқаға бұрғысы келеді. Айла-кер! Алыстан ойлайды. «Елде малдары бар» дейді. Ол мал керек. Кызға керек. Әйтпесе, қаладағы оның шығының кім көтереді. Және алыстағы біздің жігітке де ақша қажет болады»...

Әділбек ас жеп болғаннан кейін оралды үзілген әңгімеге.

— Хакім ага, елде малдары бар дедіңіз, ол малдары кімнің қолында қалды?

— Кедейлер үйымының қаулысы бойынша жан ба-сына он жеті қарадан мал тиеді. Мал-мұлік ауыл со-веттіңің қарамагында.

Әділбек тез есептей бастады: «Он жеті қарадан. Қызымен екеуіне отыз төрт кара! Бұл әлгі аргымак жылқымен бір туған қызыл нарларға шаққанда қанша болмақшы? Жұз тенгеден қойғанда... үш мың төрт жұз теңге! Онаи да қымбат, аргымағын екі жұз тенгеден де аяғын жерге тигізбес. Ым, аз ақша емес екен. Сиыр слу-алиңыс тенге болғанда, жылқы әрине қымбат. Әсіресе прымак жылқы».

— Маган бір слу-алиңыс сом ақша берे тұрыңыз, Хакім ага. Қалата барғанда да қаржы керек. Және әлгі Әлібекті жөнелтем дең қарызданың қалдым. Күз мал сатқан соң есептесерміз...

— Соншама көп ақшаны қайтесің? — деп Хакім шошып кетті. — Әлібектің жолына он бес-жынырма сом да жетпейтін бе еді?

— Окушы адам, алыста жүргенде қаражаттан кем-тарлық көрмесін деп қарыз алып жөнелттім.

Әділбек әрине ақшаны асырып сұрады. Ондай қаржыны Әлібекке берген жоқ еді. Ал, оның есеп-қисапқа жүйрік ойы «он жеті қара» дегенде-ак аласұра баста-ған. Қызды тезірек әкесімен кездестірейін де Әлібекке хабар берейін. Бір жағы жарын өз қасына алсын, екінши жағы — мына бар мал мен қаржының басын жиып, шаш-

пай қолға түсіру қажет қой. Тұрмеде отырған әкесі емес, қызы ие ғой бұл дәүлетке. Ал, қыз өз бетімен не бітірмек. Элібек келсе барлық жауапкершілік соған көшеді. Келіншегіне де ие, мұлікке де ие. Арғы жағын өзі біледі, құй оқысын, құй қызмет істесін...» — деген бір ойға келді.

3

Қаладағы Ақметшенің түсетін үйін қызы анық білмейтін. Бірақ ногай мешітінің төңірегінде скені есте еді. Мұнан көп жыл бұрын келгені бар. Ол кездегіден жағында қалғаны тек қана орта жастағы ногай әйелі, оның көп бөлмелі әдемі үйі. Ногай әйелі Гүлжиһанды базарға ертіп барып бір байлам тіл үйірердей дәмді тоқаш әперіп еді, оны қыздың өзі тізген қүйінде мойнына асып қайтқан-ды. Кейін ногай әйелі Гүлжиһанды су жағасына да апарған. Үлкен су еді. Аты Шаған.

«Мешіт маңындағы ногайлардың бірінен сұрасам тауып берер. Папам жылда бірнеше рет келіп жүруші еді ғой, тануға тиіс...» — деп ойлады қыз көпірден өткенен кейін. Бұл ой оған елден шыққанин-ақ сан рет орала берген-ді. Осы ойын күні бұрын сезіп қойған кісіше, Әділбек қалаға кіре бергенде:

— Базаршылар тоқтайтын каршауинкке<sup>1</sup> түсеміз бе, әлде таныс үйлерін бар ма еді келгенде жататын? — деп сұрады қыздан.

— Мешіт төңірегінде папам түсіп жүрген үй бар...

— Кімдікі?

— Аты-жөнін білмеймін. Ногай әйелінің үйі. Ақсары кісі. Үлкен үй.

— Ақсары әйел көп қой,— деп қалды да Әділбек сөзім кекесінге айналып кетті ме деп жалт қарады, Гүлжиһанның көңілінің әлдекайда алыста және жүзінің өте байсалды қалыпта екенін көріп жүргегі орынна түсті.— Жақсы, сұрастырып табармыз.

Ол тез тапты. Татар орамына кірісімен:

— Сіз Ақаңың түсетін пәтерін көрсетіп жіберіңізші, атын ұмытып қалдым, ақсары татар әйел,— деп сұрады пәс малақайлы қарттан.

— Қайсы Ақа? — деді қарт.

— Ақметше Мұқаметшин. Жымпітының қазагы, көдімгі атақты Ақметше.

<sup>1</sup> Харчевия — харчевник деген сөзден шыққан.

— А-а, әне! Анау көк қакпа. Алдыңда сәкісі бар. Көрдің бе? — деп қарт қолын шошайты.

— Ракмет, ата! — деді Әділбек қартқа.

— Яри, яри, малай,— деді қарт та ырза болып,— әдепті малай екенсің.

Ақсары әйел қызды айтпай таныды. Ал, Ақметшешің жайын естігеннен кейін Гүлжиһанды анасындай жұбатты.

— Жақсы адамдардың жауы көп. Уайымдама, қарашым. Папаң ақылды кісі, ақылды кісілер бір жөнін табар. Мен өзім көрсетермін губсотын да, губпрокурорын да, губчекасын да. Бәрін тауып берермін,— деді.

Әділбек ойға алғанын орындалмай қоймайтын қайсаrlығына басты. Ол Хакім сілтеген губсот мүшесіне де, облыстық прокуратурадағы арнаулы заң бақылаушыға да сол күні жолықты. Губсотта мүше болып істейтін Халит Мұқамбетов дейтін жігіт Хакіммен көп жыл бірге істеген жолдасы болып шықты, ол жақында ғана облыска қызметке ауысқан адам екен.

— Карагым, мен сенің агаңды да, мына баланың әкесін де жақсы білемін. Заң жолымен қыздың өтініші орындалуға тиіс. «Маған жолығыл, көрісуғе рұхсат етініз»,— деп арыз жазып бере қойыңыз,— деді Халит Гүлжиһанға.

Халиттің сілтеуімен Әділбек арнаулы прокурорды да тауып алды. Оның рұхсатымен түрмедегі Ақметшеге қызын апарып жолықтырды. Бірақ қызы әкесімен беттескенде Әділбек қасында болмады, оған түрме әкімдері:

— Тек қызын ғана кіргіземіз,— деді.

«Менің ақылымды ол да айттар қызына. Ақаң болашақ істі күн бүрән болжайтын адам гой. Шаруашылығының бүге-шігесінің бәрі өз қолында. Тек мына ағылтегіл ақша болатын малды тезірек реттесе...»— деп ойлады жас жігіт, есі-дерті иесіз қалған қызыл нарлар мен қаз мойын арғымақтардан тиетін үлесті қолға түсіру болып. Бірақ қаз мойын жылқы мен құлу нарлардан басқа да қымбат байлық барып Әділбек білмейтін. Мұны Ақметшің жолыға қалған күнде қызына аса құпия түрде тапсырмак еді.

#### 4

Адамга ең ауыры еркінен айрылу.

Көп нәрсені күн бүрән ойлан, кейде дәл болжап, алда не боларын анық байқап отыратын Ақметшеше, «тұтқынға алындыңыз» дегендеге деспісінен жаңылғандай болды.

Бірінші күндері ол ешқандай ой түйініне келе алмады. Қаншама салаласа да, күтпеген жерден кездескен күйін уақыға жіктеуге де келмеді, «тап солай екен!» дейтін қорытындыға да қолын жеткізбеді. Әсіресе, Коныскерей Волкомол Шынғалиевті неге алып кетті? Ал, Қаршығаның Таңқыбайды өлтіргеніне мені тіркестірсін-ак, сонда бұл «қылмысты істі» уезд тергемей, неге губернияға берді?»..

Ең ауыры... «тұтқынға алышың» деген сөз жашып, езіп, енді қайтып бас көтерпестей, актық демдей әсер етіп еді. Бірінші күні мен-зең болып, ол көп нәрсені ойға жүгірте алмай үзак отырып еді. Ал, екінші күні жаңа жайға үйренгендей болды, тар да болса түрме камерасының ішінде аздап бойын жазып жүре бастаған. Журу — ой желісін де өрлете түскен сияқты. «Не болса да көресіні көрдік. Ендігі жерде аяқты жазым баспай, сабырлылықпен ақылға сүйену ғана қалды»,— деп, ең алдымен қалай жауап беруді ойлады. Бұл жөнінде ол әлденеше рет берер жауабын саптап, айттар сөздің жатық және үгымға сыйымды болу жағын көздеді.

...«Өмірде өкініш көл. Әттеген-ай, әлі де істейтін істер, жинақталатын жайлар мол еді. Ендігі жерде босану сагаты соқса, бәрін де басқаша қураң едім. Қалған өмірді де, оған керекті тіршілік тірегін де. Бәрін де. Бәрін де... Тек қана азын-шығын жинақ қолға түссе? Қаршыға қайда? Сол біледі... Экбар біледі. Бардың қай жерде екенін сол екеуі ғана біледі. Ол екеуі не күйде? Не ойда...»

Ақметшениң барлық ойы тек қана бір-ақ нәрсенің айналасына тірелді. Ол — босану. Босанбаса да «тіршілік тірегін» жоғалтып алмау. Мұның жолы біреу-ақ — кейінде қалған кызымен көрісу. Ендігі жерде өз қолы жетпейтін нәрсені қалай да кызына тапсыру.

...Аласапыран кез өтісімен, соңғы жеті жылда Ақметше мал нәсілін асылдаудыру ісін мықтан үдетті де, бірақ, оның басын арттыра беруді мақсат тұтпаган еді. Өз қолында тұқымдық малды ғана ұстап, артығын Гурьев уезіне жөнелтумен келген. Ондағы сан малды «қысы жұмсақ жерде ұстап бағу» деген сылтаумен үзбей саттырып, қаржыға айналдырумен болып еді. Өйткені, қазак даласында мал басының молдығы, керекті байлықтың белгісі бола алмайтынын алдақашан түсінген жандардың бірі — Ақметше. Ол көзге түсер мал-мұліктен басқа, тіпті одан әлденеше есе ірі қаржылы, қалта-

лы адам болуды армандайтын. Бірақ, қазақ елі банкеге ақша салып, жинақ кассасына сақтауға әдеттенбегендіктен, асыл бүйымды да, ақша қаражатты да сандық түбіне сақтау, әрі кетсе көмбе түбіне тасалаумен келген гой. Ақметшешің алтын, күміс асыл бүйымдарымен бірге ақша қоры да бар-ды. Ана бар малды сыпрып алып, үй-жайды конфискеге іліктірсе де, көп уақытқа жетерлік өмір нәрі жұрттында бүркеулі еді. Оның жанталасқан бір ойы — осыны қалай құтқарып қалу болды.

## 5

Есікті іштегі жанға тосын, білдірмей, кенет ашып қалатынын Ақметше кеше байқап еді. «Мұнысы: сынау. Не істен отырғанын байқап қалу. Ойлауға мұрша бермей, естен тандыру, жаңылдыру шығар»,— деп ойлаған. Ал, қазір тагы да кенеттегі ашылыш кеткен камера есігінен татар әліптес күзетті:

— Собираитесь на свидание! — дегенде Ақметше селк ете түсті.

Ол сол гана уақыт үнсіз қалды да.

— Қазір,— деді қазакша.

Татар күзетші де, Ақметше де енді қайтып тіл қатыспады. Қамерадан шығып, ұзын коридормен бастаган күзетшінің соына ере берді.

«Бұл кім? Жолығуға Гүлжиһаниан басқа кім келеді? Балам, бауыр етім... Қалайша бірден алыс жолға аттанды? Кіммен ақылдасты, кім арқылы жол тапты? Әлде, ағайындардың бірі ме? Мұндай қыын-қыстау кезде батыл қимылдан, көріуге келер кім бар? Ағайын кеңшілкте ағайын. Дос-жараң терезең теч кезде гана сыйлас...»

Ақметше кездесу бөлмесіне кіргеншіе ой табанын тіреп алмады.

Көргениен-ақ жылап қоя берген қызын, жас балаша көтеріп сүйіп, әлділекендей жұбата бастады да:

— Шырагым, өзіңің де балаң бар шығар. Мына жалғыз қызымынды көрген қуашының сүйішісі болсын, мынаган сол балаңа базарлық аларсың, қабылда-масаң мен өкпелеймін, мына қызыым да өкпелейді,— деп жолыктырған күзетшіге он сом үстата берді.

Күзетші әлде сырайыгершілік көрсеткісі келді ме, олде қызмет бабы рұқсат етпейтінін ойлады ма, әйтеуір:

Мұныңыз болмайды ғой... Мұндай қаражат өзініңге де керек болады,— деп міңгірледі.

— Ал, шырагым, ал, қуанышым үшін. Қызымын қуанышын үшін,— деп Ақметше ақшаны алақанына салып қолын зорлап жұмдырыды.

Тәжірибелі Ақметшениң бұл кішкене айласы нысанға дәл тиді: енбек ақысы аз және талай-талай қаражат қамына шырмалып жымқырып үйренген жандарды корген, бұл күзетші де өзінен өзі келіп қалтага түскен тынышан қаша қоймады. Ол қайта-қайта басып изеп, әлдебіреулер көріп қалатында және бұл сөзді серіктеп естіп қалар деғендегі дыбыссыз, аяғының ұшынаң басып:

— Балаңызben қысылмай сөйлесе беріңіз,— деп ақырын ғана есікті қапсырып өзі жок болды.

Көріп, көрісетіп бөлме түрмे бастығының kontорынаи бөлек, терезесі жок бір бітеу құжырада еken, оның қақ ортасынан кереге кезді темір шымылдықпен бөліп «төріне» екі орындық қойған. Ал, «төрде» отырғандардын күзетшімен қолдасып әрекет істеуіне жол жок, тек тор арқылы тілдесуге болатынын Ақметше күні бұрын байқаған-ды. Ол аз күткеннен кейін, қызын алып келгенде-ақ «торлы төрден» бері шығып кетіп еді. Тиши алыш көңілі жіби түскен күзетші қара сақалды, оқымысты, байсалды үлкен адамды арам ишті жан деп сезбеді. Ол тіпті түпкі торды да жапиады, сыртқы есікті де кілг салмай қапсырды. Мұндай жерде діннен безген, жырынды тұтқындар болса қашып шығу әрекетін жасар-ақ еді. Бірақ күзетші де, Ақметше де бірінің піғылыш бірі күні бұрын ұққандай, мұндай оқыс ойдан аулак болатын...

— Жылама. Жылайтын уақыт емес. Енді қайтып ол мекенге сен де,- мен де оралмаймыз, Гүлжиған. Сол үшін берік болу керек. Сені алыш келген Ақнар ма?..

— Жок, папа,— деді жылауын тыя қойып, бар ынтасы, бар зейіні тек әкесінің сөзін тыңдауга ауган, ақырғы өситетіндей дегени мұлт еткізбей орындауга бел байлаған қыз.— Мен елге соққаным жок... Мені алыш келген кіші нағашым Әділбек...

Әділбектің еліне алыш келгенін, Хакімнің келіп жолыгуға рұхсат алатын жерді сілтегенін тағы да басқа әнгімелерді қысқаша айтып берді. Әділбектің қайратты жігіт екенін және жақындық борышын өтей алатын ожет жан екенін де айтты.

Ақметше аз ойланды да:

— Тыңда! — деді. «Шеген құдыққа» жүріп кет. Әділбек алып барсын. Сататын малды сатқыз. Ақшала. Бізге алыс жол кездеседі. Оның қандай болатынын уақытында көрерсің. Эзірге сұрама. Кейін айтам. Біздің қыстауда... бейітте... атасың құлпытасынан жеті қадам жерде көтеруге бір адамың әлі келмейтін палуан тас жатыр гой. Сол палуан тастын астында, көмгөн бір зат бар, женіл, ықшам зат. Соны ал. Ешкімге көрсетпе. Осындағы жатқан пәтеріңе алып кел. Не істейтінінді өзім кейін айтартмын. Мұны Акпар біледі. Соган қаздырып ал. Тез алған жөн. Өйткені... түсінікті ғой? Сенер адам аз. Сен бала емессің. Акпарға сенуге болады «зат» жөнінде.

— Ақсақал, уақыт жақындарды,— деді күзетші келіп.

— Айналайын, жылама. Уайымдама. Амандық болса босапамын. Не көп — жала көп. Совет заны әділ ғой, жактауға тиіс... Кош, айналайын. Қоріскенше. Сізге де ракмет, ағайын. Баламмен әңгімелестіріп мауқымды бастырдың.

Бір сөзін екі айтқызбай орындалатын өктем акылшы, сырты жұмсақ, іші берік әке сөзі қызға құрандай әсер етті. Әсіресе кіріптар жағдайда отырған білгір жанның құпия сырь мен жасырын тапсырмасы әкенін де, өзінің де болашағымен байланысты әкенін ұқты. Бұл жерде қыз «ол не зат» деп сұрамады, бұл сұрақтың керегі де жоқ еді. «Бір қымбат зат шыгар... Ақылды әке ғой, алдагыны ойлайтын», — деген еміс-еміс ой үзіктері гана оралды.

Жаксы, наша, берік болармын... Қөргеше, кош,— деген кейін қалған әкесіне жиутаң-жаутаң қарап қыз шығып кетті.

Бірақ ол енді жыламады. Оны іштей бір болат серіп-не серпіп жібергендей болды. Потерге жеткенше, ат жектіріп Әділбекпен тез қаладан шығып кеткеніше отыруды білмеді.

— Жүреік, Әділбек нағашы, тезірек кетейік елге,— дей берді.

## 6

Ақметшінегінде тағы да өз қалпына түсे бастады.

«Ең жаманы қаржы тапшылығы. Қаржы бар жерде қайғы аз», — деді Ақметші камераға қайта кіргеннен кейін. Ол жадырай түсті.

«Маған бір тәңірінің өзі қолдағандай, ойламаған

жердең қызымы да қауыштырды. Енді іс онға басар. Тек кана бар қаржыны Гүлжиһан аман-есен қолына ала алса... Адамға сену қын. Дүние, өсіреле, қаржы көз күрті. Егерде Қаршыға ақымақтық жасап жүрмese? Ол бакытсыз не істеп жүр екен? Колға түсіп қалмай ана қарақшының сонына ерсе, өзірге бір басын сақтар еди...

Елде не болып жатқаны, елді төңіректеп жүрген Коныскерейдің қай жерде жүргені, тығылып қалған Қаршығаның ендігі жерде не әрекет жасамағын Ақметше шамалай алмады. Ал, баска жерде, баска елде қандай жаңалық барын да ол білмеді. Соның ишінде сонау Жетісудан Гүлжиһанның запискасын ала сала Оралға жетуге асыққан Әлібек оның ойына да кірмеген-ді. Сондықтан, қызының болашақ тағдыры, оған тек қана білім алу, ал қазір өзіне жәрдемдесу болып көрінді. Әділбекті ол жалғыз қалған Гүлжиһанға бұрынғы ескі жақындықтың — жиенге нағашылық борышын өтеу жолымен жәрдемдескен азамат деп бағалады. «Егерде қызым бар қаражатты қолға түсіріп, аман-сау қайта коріссе, өзім... жөні болып кең дүниені алшаңдай басатын күнім туса, — онда... Тәнірінің қай жерден, қай елден дам татыратының көрер едім» — деп ойлады.

Бір кез оның көз плдына Хакім келді. Ол ең қатал, ең ракымсыз, ең қауіпті адам болып көрінді. Өмірде ашуыларын білдірмейтін Ақметше бірінші рет тістеніп калды. Бірақ, көмейі күбірлеп кетті. Ерік бермеді. «Қызыл фанатик!» Егерде Хакімді мұнан бір-екі ай бұрын ана қарғыс атқан қарақшы атып тастаса, бұл жайдың бірі де болмас еді. «Бар сырды біледі. Отken-кеткенді тізеді. Дүниенің иесі: батырак, жалши, кара сирақ кедей гана деп түсінеді. Ата-баба, ескі салт, дәулеттілік, бірі ага, бірі іні, бірі жаға, бірі пана болып келген қазак елі мен қазақ жері, оның өзіне гана лайық алтын дәстүрі іріп кетсе не боларын көзі көрмейді. Оған ойы жетпейді. Үгітке ерген есуас. Қадырлы әкенің садағасы кеткір азғын!.. Eh...»

Ол кенет таубаға келгендей тұра қалып басын шайқап өзіне-өзі «сабыр-сабыр!» — деп қалды.

Ақметше тағы да өзінің сабырлы, салуалы қалпына түсіп, камераның аула жақ беттегі кішкене терезесінен кора ішіндегі «қыдыртуға» алып шыққан тұтқындарды түгендегендей тесіле көз тікті. Аз күнде көзі үйренген, әлденеше көрген, тілті өзгеріссіз, атам заманин бері

күнде осы жерде, күнде бір қалыппен қан-көбелек ойнаган балаларша тізліш, бірінің соңынан бірі шұбырып жүрген, асықиай, үй орнындағай-ақ жерді шырқ айналып қыдырыстаған жаңдарға көзін тікті. Халатты, қуқыл өнді жаңдар. Шұбырып, айналып жүр. «О, тоба! Еріксіздік, кіріптарлық деген осы. Бәріне де көнеді адам баласы. Еті өліп кетеді. Шыдайды...»

Бір сәт Ақметшениң көз алдына Коныскерей тұра қалғандай болды.

«Ол кайда екен, қазір? Мынадай тұйық қоршауға ол көнер ме еді? Көнбес еді. Жә өліп, жә өлтіріп бұзып шығар еді!»

Ол Коныскерейдің өз тізгіні өз қолында, өз еркі өзінде, жалпақ даланы жатар төсек, жан тербер жайлай атты алшақтадай басып жүргеніне іші күйгендей болды.

«Әй, эттегел-ай, прокурорды жоқ етсе, мен мұндай кіріптар болар ма едім?» — деп қынжылды.

Коныскерейдің ойы да, амалы да, тіпті, тап сол сағатта оның өкініші де басқа еді. Ақметшеден тағдыры да алшақтаган еді.

## Үшінші тарау

### 1

Кол діріл...

Гүре еткен дауыстап кейіл-ак буалдыр түтін серпіле қылды құлаи бара жатқан ұзын бойлы сұлу жігіттің денесін Коныскерей көзі бірден шалдды. Оқ жаңылмағанын жақсы сезсе де, ол бұл жолы таты да қолы дір ете түсkenін анық біліп еді. Тап солай екен: бірден құлаудың орнына сынған теректей қисайып барып оқ тиген жан ақырын жығылды, бейне бір саждеге бас қойған жанша, бұк түсіп жерге маңдай тіреді.

— Бәссе! — деді Коныскерей.

Бірақ ол болған істі де, сезген өзгерісті де талдау үақыттың өздірмады, кірпік қаққанша тар жерде көзден гайын болып үйренген адам сайға қарай ұмтылды. Тез ұмтылды. Ірі денелі жөне үстіне түйе жүн шекпен киғен бұл ебедейсіз кісі, жали ете көтерілген жапалақша сайқабағынан бір көрінді де, келесі минутте төменде тұрган боз аттың үстіне де қонып үлгірді. Сонсоң өзін қуалай

атқылаған винтовканың шұбырма оқтары әлдекайда асып, жоғарырақта зыңылдағандай болды да, бұл дыбыс та саябырлаған соң ол ұзын сайдың келесі бір ишінен шыға келді, қасқырша күрт бұрылып, арт жақка көз тастады. Сонында куғыншы жок; адырайған құдық басы, шатырлар, шатыр түбіндегі сида бұт биeler, ербиген адамдар — бәрі қосыла шогырланып кейінде қалған. Сонда да ол сай қойнына қайта сұнгіп, қасқыр текірекке салып әрілей берді. Енді опы қашықтап жансақтау сезімі еріксіз жетектеді.

«Өте бойшаң жігіт екен ғой өзі, ұзақ жығылды», — деп қалды да ол күбірлеп, сәл ат тізгінің тежеді, ойын түптеді. Иесінің күбірлегеніне құлақ тосқаңдай, шұбарлау көзінің қызығын тастап, боз ат желке бұрыс жасады.

«Бұл қол дірілінен» деді Коныскерей, енді атымен тілдескендегі дауыстап сөйлеп, — «қол дірілі. Сөз жок, қол дірілі. Бұл неліктен? Әлде... өзгерді ме бәрі де?! Кол да! Көңіл де! Кайрат та! Бұл неліктен?!»

«Сұр мерген» деген атаққа Коныскерей бір кездерде насаттанатын еді.

Палуан!

Мерген!

Батыр!

Бұл атақтар ер жігіттің еншісіне тиғен даңқтар емес не?! Ежелгі дауылназдай жер жарғаң даңқ, алты алашқа тез жайылатын атақ!

«Сұр мергендігім даусыз. Білек пен балтыр күшін сынаң белдесу шайқасына түсіп көргенім жок. Сондықтан палуан атақ маған дарыған емес. Ал, жанды-жансыз жамбыны көзге ілгенде қол жаңылып көрген емес. Сол үшін сұр мерген деп кетті жұрт. Бірақ... бұл өнер не берді? Атақтан көре...» Әлде тізгінді ертерек тежегені тыныс берді ме, әлде иесінің тақым қимылданаң ишетін үғына беретін ат та бір өзгерісті сезді ме — әйтеүір ақ боз күрсініп қалды да, күдік ойды күшайте түскендей болды.

«Ат та күрсінді... Мен де күрсінемін бе?! Әлде...»

Ол тақымды қайта қытты, мықтап қытты.

Ақбоз ұмтыла желіп барып қайтадан қасқыр текірекке түсті.

Жұріс жазылғанмен ой жазылмады, түйіртиектенген аңы-тұщы ойлар үйисып қоюлана берді. Ой арасынаң «ұзақ жығылды... Сұлап жығылды... Өзі де бойшаң

жігіт екен ғой», — деген көмейдегі сөзбен қосыла жыбылып бара жатқан жаңыңың суреті көз алдына тартыла береді. Сурет емес, оның сөздері құлакқа шалына мақалай!»

...«Қашама қысқа көрінгенімен өмір төрі едәуір жер. Оған адам адамша жетеді»... Осылай деді ғой пыркарол. Қөпір басында, Қербез үйінде айтты мұны. Сөзге шешен жаң. Түйіні: адам емессің бе? Адамша өмір сүрмейсің бе? Бұл не жортуыл? — дегені. Мұны жалпақ бас Жолмұқан да айтты. Бетіме басты. Достық сөз. Мен неге достыққа қастық жасадым?! Осыдан ба қол дірілі? Мұнан бұрын да дір етті...»

Коныскерей енді мұнан бірнеше күн бұрын жалғыздан жалғыз лақкан ақ бөкенді атқанын көз алдына келтірді. Ол алдын кесіп өтіп, оралып барып тұра қалған бөкенді жауырының көбесінен атты. Бірақ оның оғы көзге алған жерден төмен сокты, бөкеннің қос қолын жұлыш кетті. Тыраң етудің орнына аң омақаса құлаған барып әлденеше рет домалап, он-он бес саржан жерге тірсекпен серіп жанталасты. Бұл қол дірілінен. Ал, киіктің шашыған қаны мен қосарлана ытқыған сүті көз токтаттырмады. **Бір** курайдың түбіндегі жетім лақ актық рет аймаласын дегендей, ол жанталасқан бөкенді жалғыз тастауға асырып еді.

...«Бұл не? Кие ме? Киік киелі. Ана киік киелі. Қол калтырауы содан. Қазір де сондай. Пыркаролдың үйінде жүкті жары бар... Бұл қандай қастық? Оның сөзі мен ісі достық емес не еді?!

Оқыс олғен жаң Коныскерейге оқыс ой салып еді. Ол Хакімнің адамшылық ісіне жауыздықпен жауап бердім деген түсініп еді.

## 2

Әр нәрсеге бір себеп, әр себептен бір үлгі.

Сол күнгі кездескен арлан бөрінің әдісі өмірінде бірінші рет Коныскерейдің қолын бөгеді, мағынасыз қан шашудан баға тарттырыды. «Хакім өлімі» эттеген-ай деңгізерлік ой салып, таубага бет бұргызарлық ек-ұшты сезімнің құшагында сай бөктерлеп бес-он шақырым жөржортты да, ол Қаршығаны тосты. Бірте-бірте үлкен алақан жазыққа айналып кететін жалпақ сайдың жыңғылды саласын жарып өтіп, айыл қоғасы мол, әр жерде үркіп шыққан қамыс шоқтары да бар бір жынысты

сагалады. Осы жерден батысқаң қарай бие сауымы жер жортса, өрістегі қалың малды қалқалап, ол Жайық жағасына құлап кетерлік еді. Из тастап үйренген тәжірибесі мол жортуылшының ниеті де осы Жайық жағасында бұға тұру, өйткені қыр беттегі сонау Соналы көлден аргы етек құмға асар жолда сүр шинельділердің тоқсауылы барына ол шæk келтірген жок. Ал, арты түйік, алды су, мұндай құрулы торға оны бас сұғады деген құғыншы атаулының үш үйіктаса түсіне кірер нәрсе емес, мұны Коныскерей қатесіз топшылаған-ды. Сөйтіп, қалың жыңғылға ене бергенде шеттегі қотан аумағындаш шоқ қапырықтан қос бөрі қатар көтерілді де, бұл күтпеген жақтан шыға келген аттылы жаудың алдын орай косарлана текіректеді. Бірақ бөрілер үдерे қашып көсіле серіппеді, бой тежеп, алдау шоқыраққа басты. Сірә, күнде-күнде еріккен жылқышыға бой көрсетіп, ермек қиқуына еті үйреніп кеткен бөрілер сияқты. Соңда да арлан көкжал көлденендей, артына орагыта бұрылып, тосырқау көз тастады: алдымен үлкен боз атка көз тікті, соңсоң үстіндегі ірі жанның күнде көріл жүрген жалбыр тұмак, шүйкі дene, құрық сүйреткен жан емесін байқап, қасындағы бала бөріге айбатты күш көрсетті. Сирағы сида, тұрқы кішкене домалақ бөрі қаһарлы арланиң сұсина шыдамай ыршиң кетті де, домалай сілтеп, түп-тура қырга, алыстагы құба жонга қарай қашты. Ал көкжал бөлтіріктің соңынан шаштай, бой көрсетіп, «қусаң кү» дегендей тосаң текіректен боз аттың маңдай алдына қарай ойыса берді.

«Сен әккі залым бөлтірігінді қырға қашырып, өзін мені ойға жетектемекші болдың ба? Тоқтай тұр...»— деп, қашқан аң, қуған құғыншыға қару тұмсығын бір көтермей қалмайтын Коныскерей, ер қасындағы тұқырта ілген шолақ мылтығына жармасты. Үйреништі қол сол сәтте құндақтың білезігіне де тиді, бірақ екі көзін бөлтіріктен алмай желе-жортын келе жатқан қайсар мерген бұрын көрмеген сурет көрді: бөлтірік балагын шала түрінген балаша домалап әудем жерге жүгірді де әлденеше қарғып, қарғып түсті, сөйтті де тұра қалыш шұқшаға жерге үнілді: құлағын жымитып, алдыңы аяғымен қақпақылдай қалды. Сәлден кейін арт жақтагы боз аттыға көз тастай беріп тағы да жүгірді, әудем өтпей тағы да қарғып түсіп, тағы да жерге үңілді... Коныскерейдің көзіне қаннен-қаперсіз ойнан бара жатқан баладай көрініп кетті; соңына түскен аттылға жау,

курс етер мылтық, катесіз оқ, онан арғы ажал — бәрі де ғөлтірікке ойнышық есебінде. Жау жүрек жанның қолы күндақ білезігінен кілт ажырап кетті. Ол ғөлтіріктен жүзін бөріге бұрды. Боз тарланның үстіндегі түйедей жашың текірекін ажуалағандай, дала сырттаны да асықтай тосаң текірекке түскен екен, кәдімгі «жетерсің де, жетпессің де» дейтін алдау мен арбауы араласа егерек текірек. Мұндай текірек сен үдесен үдейтін, сен шабысты бәсендесең — бәсендейтін таусылmas шоқырак. Коныскерей бәрін де ұқты. Бірінші көрген бөрі емес, бірінші алдар жан емес. «Бөлтірігім ұзаққырасын, әлі де ұзаққырасын дейсің ғой, заңтар. Соңсоң көрерсің мениң текірекімді демексің. Бірақ, сен де, мен де ұқпаймыз бөлтірік күлкyn. Оған ойын керек. Ол өлімиен қанерсіз. Ол бала...»

Өмірі ойына келмеген ащы ой оның жолын бөгегендей болды. Ол ат гізгін тежеп қалды да, тақымын босатты. Боз ат текіректен шалыс желіске, онаң кейін акырын аяға түсті.

«Қате!» — деді Коныскерей өзінен-өзі.

Ат оңға бір, солға бір көз тастады, иесінің иистін барлады: тоқтау керек пе, әлде аз бой тежеп, қайтадан өктем жүріске түсе ме?!

«Неге, не үшін ертіп әкетемін Қаршығаны? Қайда апарамын оны? Өз жортуым жетпеді ме? Оны да жортуылға баулымын ба? Жортуылға... Жүгенсіз, поқтасын басына түрін коя берін: атадан бала тугай-ды, атаниң жолын қутай-ды демекін бе? Жол тосып, құмга түнеп, адыр басынаи ойды барлан, түп сагалап ауылға шауып, койшысын қотанды дүрліктіретін мына көк бөриңің бөлтірігі етемін бе? Көк бөрі... Көк бері скеш көк бөрі де ана бөлтірікті қорғап айлалап алдыма түсін келеді. Бөлтірігін құтқару камы... Соның қолға түсепеудің көздеңдік. Бұл... соның өмір сүруін тілегендік. Ал мен ше? Менің осыным Қаршығана өмір тілегендік пе? Әлде өлім тілегендік пе? Ол қазір жетеді сонынан. Ол да қауіпсіз, қатерсіз, ана бөлтірікше, ат үстінде сауық жасап өтінен-өзі аударыспак ойнап келе ме?..

Осы сияқты үздік ойлар, ащы ойлар, аса қatal ойлар оның өзегін өртеп жібергендей болды білем, ол қабагынаи қар жауган ішінмен ер үстінен бөріше бектеріліп арт жағына көз тастады.

Алыста Шеген құдықтың ақ адыры қалып бара жатты. Бұлдыраған адыр үстіндегі аргымақ жылқылардың

боз шатырларымен Ақметше үйінің күмбезденген биік тобесі сағыммен көтеріліп, әлпеншек теуіп тұрғандай, жерге тиместен жоғары тұр.

«...Ақметше қайда? Оның мойнына да бүгін бұғалық түспей ме? Ауылында кедей қаза тапты, үйінің сыртында пыркарол, окқа үшты... Оны тегін қалдыра ма? Ал, осындай кезеңде шыр етіп жерге түскенен бері бауырына басқан баласын, Қаршығаны ертіп кету...»

Ойнап бара жатқан бала қасқырдың өріс бетіндегі Жалған сайдан аттылы адам шыға келді. Бұл қара көк арғымақтың үстінде әліптей шашылған және бір аргымақты ер-тоқымсыз жетегіне алған Қаршыға еді. Желге омырауын тосып, жас жігіт аршындаған бойшан жылқымен далапы есіп келе жатты. Жер жемірген жүріс. Үзенгіге шірене түскен шалқақ отырыс жан-жанына шола көз тастап, өлшеп-піше қарауы «үлкен іс бітірген» жаның пішінін көз алдына елестеткендей. Коныскерей осы қалыпты бірден сезді, бірақ сирақты жылқының үстіндегі қомақсыз бала жігіттің шашылған пішіні көзіне толмады, бір түрлі оғаш, ербіп көрінді. Ол аяңға көшіп, қыбырын аңдып келе жатқан боз аттың тізгінің қыта түсіп, басын тақыммен бұрды, көтеріле қозғалып жорта жөнелді. Мұның беталысы сол Жайықтың орманды, жыра-жықпышты бергі жағасы еді. Бала жігітті көргениен кейін солай жортты. «Өзі де ілессер» дегендей оны тосып алмады. Астындағы атақты атын да, елден бөлек ол аттың үстіндегі адамның Коныскерей екенін таныған соң Қаршыға да жүрісін ұдettі. «Міне келдім! Қосылдым!» демек боп боз аттың алдын орай көлденең шапты. Жер жымырган шабыспен жанамалап келіп, ісі мен жүрісіне де, түрі мен түсіне де насаттанған жанша:

— Мен де таң осы шамадан кездессер дең, таң атқаннан бері Жалғансайды паналяп қарауылдан жүр едім. Алыстан-ақ көрдім!.. — деп Қаршыға сүтіп сөзін жүтты.

Оның жүзін өзгеше бір шаттық лебі үрмелегендей, бұрынғы жабынқы қабағы жадырап кеткен екен. Сөз үні де жайма-шуақ шықты. Бірақ «жақсы болды келгенің» деген құптау болмады. Жылышырау орынна Коныскерей жалт бұрылып ызғарлы қату қабақпен ілгері аса бер деген сұық иек қақты. Бала жігіт қатал жаның қатал бүйріғын бірден ұқты: үзенгі қагысын салтапат-пен сән түзер жүріс емес, бас қоргар сұыт жорық, көл-

дениң бой тасалар сапар... Арттан құғын ілеспесіне кім кепіл...

Қаршыға Коныскерейдің бст алған өріс төріне тезірек өз бетімен жетуғе тырысты. Ол алда не барын барлау ишиетіне көшті. Қату кабақпен иек қакқанға ол шамданған жок, мұны бүйрүқ есебінде кабыл етті.

### 3

— Мыналардан өзге жорыққа шығарлық белді жылқы болмады ма? — деді Коныскерей, естіре желіп, қайта қайта боз аттын алдын орай берген Қаршығаға тас түйіліп.

Қаршыға не дерін білмей қалды.

Мінезі түйік, жүзі сұық, ешкімге езіліп тіл катып көрмеген бұл жас жігіт бүгін жарқын, аса жайдары ішінде еді. Ол өзінен-өзі елегізіп бір далада бір өзі, бар дүниеге жалғыз қожа есебінде келе жатқан. Құндік жерге тоқтамай жортуға да, карсы келген жанды жаңырып өтуге де, айқасып қаларлық күн туса, аттан төнкөріп ала түсуге де дүз жаңбас, қышантан сұырған қылыш сипатты еді. Бұл оның көптен күткен күніндей: «сонына еруге асықкан, жұрттан түр-сипаты бөлек, ісі жұмбак, жүрісі жойқын әкенің үзенгілес сапары емес пе?! Неге тастай түйілген? Неге қатал үн қатады? Неге жаратпайды? Жұрттың қолы жетпейтін сұлу арғымактар неге жорыққа шыдамсыз?..»

— Желсе — ілеестірмейді, шапса — қарасын көрсетпейді, аға,— деді жігіт қатал үнде аптығып жауаптап.

— Енкесе басы жерге жетпейтін бұл зәнталақты қалай оттатын, қалай суарасын? Сонау көрінген бесалты саяқтың ішінде пайдага асқандай ат болса, куып көп жылқының ішіне енгіз! — деп бүйірды Коныскерей, алыстан көрінген ауыр айғыр үйірді иек қағып көрсетіп.

Бала таты да қарсы жауаптамай, иек қакқан жылқыга аргымагын естіре жөнелді.

Ак боз атпен жортактай келіп, саяктар жатқан жерге Коныскерей жана жуыктырган кезде, Қаршыға бөрі тигендей ысқырып, үйірдеги көп аулак жатқан, өз бетімен жайылып, өз бетімен жусаган бұл бір топ жылқыны қалыңың ішіне тықсырып та үлгерді. Күннен көзін қолмен көлкештеп ац-таң болып карап тұрған жылқы иесі басында қорқып кетіп еді, жылқы куып ала-

тын бұрынғы шапқыншы қазір аяқ астында: «Ақыры сорлатты ғой мына экімқара! Жау алды, жау алғырды! Бірін қалдырмай алып кететін болды, көгермегір ауылшын...»— деп тұрғанда, көк арғымақпен көлденендей берген Каршығаны танып:

— О, тоба, мынау Каршыға ғой. Бұл қай жақтан шығып қалды?..

Ат иесінің жүргегі орнына түсे бастады. Ауылнай ма деп үрейленгені Қаршыға болып шықты.

Бұл жылқы шетінде тұрған адам Мақыш дейтіп Ақметшениң жақын ағайыны еді. Ағайын болса да соңғы жылдар көрер көзге алшактап, Мақыш бөлек жайлап өз ауылын Ақметшеден көш жер алыс көшіріп, алыс кондырып жүрді. Жұрт мұны: «Заманың ағымына қарай істелген саясат. Бірігіп байлық көрсетіп, ірілік жасаудан көрі қабаттасып көзге түспеуді жақсы көреді Мақыш» деп жорыды. Калай болғанда да Мақыш атақты ағайыннан ауылы бөлек, жайылымдагы жылқысы да бір бетте еді. Әсіресе, өткен жұмадағы үлкен жиналыста: «Ақметшениң мал-мұлкін кәнпескелеп, жер аудару керек»,— деп шешкеннен кейін Мақыш үйде тұрмайтын болған. Ол ептең мал басын кемітуге, үлкен үйірден кысырағын бөлек бақтырып, өзі көбіне-көп жылқы арасынан шықпауға айналған.

— Ау, жаным Каршыға... Сен... сен аттарды жаутигендей қуып не қылмақсың,— деп әлдебіреу естіп қала ма дегендей, ақырын-акырын, бері келші, бері келші,— деді қолын бұлғап.

Каршыға оған қайрылып жауап қатпады, тек қана «ана көрмейсің бе келе жатқанды?!» деген адамша, алысырақтағы Қоныскерейді көрсетті. Мақыш бірден туғынды: түсі суық, ісі оғаш Қоныскерейдің белгілі боз атпен төпеп қашып келе жатқаның, баланың оған ерін шыққанын, енді бұларға социна түскендерден сыйтылып кетуге екеуіне екі-екіден әрі белді, әрі жүйрік ат керектігін айтпай-ак ұқты. «Қөрсөң де пәле, білсең де пәле. Ат берсең онан да жаман пәле, ал бермесең — басыңа қатер. Бұл қара қырсық қайдан кездесіп еді... Менің сорыма кездескен»,— деп күбірледі Мақыш. Ол толын жатқан күдікті ойларын, қорқынышты кезеңнің енді туғанын тізбектеп үлгергенше боз аттылы да жетті.

— Жол болсын, батыр! — деп қалды Мақыш ат тізгінін тежемей жетіп келген Қоныскерейге.— Мұндай сүйт жүріс... белгілі адамға ғана хас жүріс қой.

Ардақтау лебізін батыл айтса да, Қоныскерейдің ер қасына тұқырта ілген шолақ мылтығына көзі түсіп кеткен Макыштың үрейі үшін кетті. Тура қараған адамға оның өцишің қуқыл тартқаңы, ерніңің жыбырлай түскені ап-анық көрініп тұр еді. Қоныскерей ілгеріде бұл адамды бірнеше рет көрсе де, қазір оны танымады және онда тапу, танысу инеті де болмады. Ол тек көздеген мақсатына тура кірісті.

— Жақсы инетіңе — жақсы лебіз, әлей болсын! Жортқан жанға — ат серік. Мына баланың астындағы биені жетегімен қоса ал да, ана аттардың бір-екі тәуірін ұстап бер. Тай орнына жабағы жатады. Ал, ат құны биеден артық десен ақшалай бағасын сұра.

Сұраусыз-сауалсыз білгенін істеп жүрген адамның жөп-жөндем тілге келгеніне ол қуанып кетті. Бірден-бірге үрейі ығысып, істі ақылмен шешетін салмақты лебізге орын бере бастады. «Бардың санын кеміте алмай сорлан жүргенде, жылқыға жылқы айырбастап мені жын үрды ма?.. «Ат құны биеден артық десен ақшалай бағасын сұра», — дейді. Бұл сабаздың қалтасы да қалың шыгар! Және Ақметшениң биелерін көзге шықкан сүйелдей етіп не қара басыма ат теуіпті?! Мұны басқа әдіспен...»

— Атакты азамат! — деді Макыш, сөзіне салмақ, ақыл-ойга жүлде бере сөйлеп. — Сіз сиякты ілуде бір кездесетін ер адамға тай орнына жабағы жатады деп қайтейіп. Қалагашың бір түяқ болса, оны айырбассыз-ақ мін. Ал, бір емес, екі десен, онда ақшалай бағасын мен сұраймын, өзінің кази қолың шешсін. Осы күні өкіметтің ат күйрігінин да құны шамалы болып қалды...

— Жарайды. Ана қаракер мен жирен атты тез жүгендегі!

Сөйтті де Қоныскерей атынан түсіп, ер-тоқымын сыйрып таstadtы да, қонышынан шақшасын суырды.

— Макұл, батыр, макұл, — деді ат иесі енді ежіктең тіл қатпастан.

Ол тек жалма-жан басындағы беркін «жем дорба қалып тосып» аттарға қарай «Пұш! Пұш! Пұш!» — дей бастады.

Қаракер қайрылыш келіп иесіне мойнын созды. Ал, жирен қос құлагын қайшылаң, «осы тосып тұрғаның жем бе, жем емес құр бөрік пе?» дегендей тосырқап тұрып қалды.

Қоныскерейдің істегенін Қаршыға да істеді. Ол тіпті,

мініп келген қара-көк арғымақтың ертоқымымен бірге басындағы жүгенін де сыпрып алып Мақыштың қолындағы қаракерге кигізді.

— Аға, мынау Мақыш ағамның жер баспас Қара-кері. Қыдыра жалды, кыл құйрықтыда мұның алдына шығып көргені жоқ. Мінесің ғой? — деді Қаршыға аса шатты пішінмен.

— Жоқ,— деді Коныскерей,— мен онымен бәйгеге шаппаймын. Ана тірсектірек жирен атқа сал менің ерімді.

Ол шақшаны қағып жіберіп, қос тыриаққа бір шөкімін түсірді де, қос танауға кезек-кезек сүйкеді.

Мақыш енді жирен атқа жақындалы. Бұл да жемге үйренген, жем беріп сипаған иесінің алақанын сағынған жануар екен, ірі денелі иесіне қарсы жүрді.

— Құнеке,— деді Мақыш жирен атқа боздың ерін езі салып жатып,— бардың бүйірмай, шашылғаның жиылмай тұрған кезі. Тақымына басар бала жоқ, өзім көлбендетер шама жоқ. Қызығын көр жиреннің! Қара-кер жер баспас атанса, жирен жеті қырды қатар ассаң да танауын қағып көрмеген жануар...

Мақыштың сөзінен іштегі аңы қасіреттің үні естілгендей болды. Бірақ оның баласының жогын, бұл жүйріктерді көлбендетер Мақыштың дәуірінің де бұлдыр тартқанын ойы алыста жатқан Коныскерей елеген жоқ, елесе де езілген жоқ. Оның көңілшектікпен көзін сипар шағы болмаған да шығар, болса — аса сирек кездесетін жай болуы мүмкін...

— Мә, отағасы! — деді ол, шақша қыстырған қоныштан бір десте «ақ құйрық» суырып.

«Ақ құйрықтың» тек жүздіктен тұратынын, мына тарамыс ірі қолдың уысындағы бір дестеде оның бір емес, ең кемі алты-жетісі барын сезген Мақыштың екі көзі ақшаны жеп жібергендей болды. Оның әлгідегі қасіретті үні ұшты-күйді жогалып кеткенін өзі де байқамай қалды.

— Рақмет, Құнеке, рақмет! — дей берді ол, өзге сөзге кезек бермей.

Демеске не! Аттары өте қымбат және адам қимас жүйрік болса да оған тиімді сауда болды. «Бәрібір бұл аттарды ана толып жүрген милиция мен оның бастықтары, тіпті аудан әкімдері бұдан былай қарай тақымыма тигізбес те еді. Кеше ғана ауылнай «ат бер» деп дігірлеп, оған: «Бүгін саяқ атаулыны жогалттым, міне

жұма болды. Сірә қолды болған шығар деймін», — деп зорга құтылып едім. Енді сұраса тұра: «Әлгі діннен безген қашқының қолына түсті білем, пайдаға асар үш аттың үшесуі де жоқ дейн...»

Атқа ерлерін салып мінуге айналғанда Мақыш Қоныскерейге:

— Батыр, дәм татып кетуге уакытыңыз болса... ана күтірде тагам бар еді,— деді, алысырақтағы бір кораштау, жапырайған жеркепеге қарай иек қағып.

Қоныскерей Мақышқа буркітше түйіле қарап койып, оның иек қаққан қара қыстауына көз тастады. Бұл қарастан Мақыш оның сенбей тұрғанын, анау қара қыстау «қақпан емес пе» деген күдігін бірден сезді.

— Мына Қаршыға жақсы біледі. Қаршыға, сен болдың гой жаздықуні бір келіп кеткенде. Қазір біздің ол жаман күтірде, өзім гана қона-түстеніп жүрмін. Бұл манда жылқынылар жок.

Қоныскерей тамактанын алуды жек көрмеді білем, үндемей бірав тұрды. Соңсоң айналаны көзімен өлшеппішиң, әлденені аныктагандай, асықпай қарап қалды да:

— Жарайды, отагасы, ақ ауыз тиелік, баста күтіріце, — деді.

Ол тоңіректін жап-жазық екенін, бұл жаққа тұра келетін пінде болса, ең кемі егеріз, он шақырым жерден ерікіз тобе көрсеттінін, егерде ол төбе көрсетушілер сонына түскен қарулы жандар бола қалса, қарсы амал жасап үлгерерлік жер екенін жақсы білді. Басында оріске қарай бет бұрганда, ол сақтық инетімен бұл жазықтың бас коргауга аса ынгайлы екенін байқап еді. Бұлпантайлауга сай-салалы жер де жақсы, бірақ пайdasынан кейде оның зияны да мол. Мұны Қоныскерей жылдар бойы бас тасалаң ұзақ жортқан қатерлі күндерде талай-талай кездестірген. Ол кезде бір жақсысы қуғыншылар да тәжірибесіз және әлсіз атпен кой қайырган қойшылар тәрізді сай ішінде қарсы келіп қалғанда асып-сасып қару жұмсай алмайтын, болмаса жалт беріп сай қырқасынан асып түскенше қарасын да көрмей қалатын. Ал, қазір өзінің қоршауда екенін, бір емес, екі емес, сонында ондаған адам жүргенін және бір жерде емес әлденеше жерде тоекауыл барын ол айдан анық сезген...

— Жүріңіз, жүріңіз, ақ та бар, жейтін тамақ та бар. Бәрінен де жайлышы — осы күтірім. Жаз бойы көбінесе осындамын. Бірақ тап осы маң далада мені қонып,

түстеніп жүреді деп ешкім ойлаған емес,— деді Мақыш, оның ойын сезгендей.

— Сен тез сусында. Атпен төніректі шолып кайт! — деді Қаршығаға Коныскерей, бір жақ жары құлап, жылқы көлеңкелейтін жері де шамалы қалған, бірақ бір бөлмесымғында төсек-орын, аяқ-табак, ертоқым құрал түрған құжыраға кіріп.

Жас жігіт оның айтқанын екі етпеді. Мақыш құйып берген қымыздан бір сімірді де шығып кетті.

Ол өзіне жүктелген бұл жаңа міндетін жақсы түсінгендей, жылқы қайырған жаңаша, алсырақтағы үйірдің тобын бір жиып тастады да, екінші жақтағы саяқтарды жиыстырды. Ол айналып келгенше Коныскерей көз іліндіріп алды.

#### 4

Бір жылы елден аулак, Тайсойған күмына қарай шығандап кетіп, үйге тез оралуға асықтық сезім бой бермей, Коныскерей қалта түбіндегі кос малтаны түгендеумен болды. Бұл көзге қораш жан талшығы әлде-қалай түсіп қала ма деген тіміскеқ қауіп еріксіз түрткілетті, ол қаласын үздіксіз барлай берді.

Өйткені үйге оралмай, маңындағы елге де сога алмай жортар болса, түн соңына күп жалғасуы даусыз еді, атка азық жерде, ерге азық — тек елде гана гой. Сол қының-қыстау кез Коныскерейдің жаңылмайтын жадына тағы да кайта оралды. Ол Мақыштың күтірінен ең кемі екі күндік азық алды. Жетектегі ак боздың жалаң жоталы беліне бір торсық айран, қозы қарын піскен ет артты. Күн үясына кіре аттанар кезде:

— Отагасы, Қаршыға мүмкін жуық арада бір согып кетер бұл күтірге. Ақ пен ет молырак дайып болсып. Және құрт пен жент жағын қарастырасың. Бұл бала елге оралғанша көп күн өтер. Кейін есептесерміз,— деді.

Бірақ, Коныскерей қай жаққа жүрерін, қашан келерін айтпады.

— Жақсы, айналайын, жақсы. Күн ара келіп түрса да Қаршығажанның сыбағасын қанжығасынан түсірмеспіз. Әзірge қош бол, батыр,— деді Мақыш әлде баланы, әлде елден безген жортылшыны мүсіркеп.

Ол кешкі шапаққа сұнгіп, алыстаған сайын қарасыны кішірейе берген екі аттылыға ұзак қарады; колға түскен арыстандай үйез орталығына айдалып кеткен ағайыны

Ақметшені көз алдына келтірді; ескі қабыр мен құлаған қара қыстауға үялаған ит — ала қаздай ен далада елден беziп сырттап жүрген өз басының тірі мұсәпірлігі өзегін өртеп кеткендей болды.

Елден, жерден, орын тепкен мекенинен аулақтай бастаганы да ол жаңа гана сезгендей еді... .

Жайық өзені үлкен бір садақ пішінді. Ал, Орынбор мен Княздің екі арасы сол зор садақтың орта белі — кіндік ііні сияқты. «Садақтың» көлбегей келген бір басы сонау жоғарғы Орал тауына асылып жатыр да, төмендегі екінші басы — Қаспий теңізіне сұнгіген.

Орал қаласы орта бел иінде тұр. Бұл алқапты ертеде Тубек деп, қойнауында көше-қонып мекен еткен тайпаларды Тубек елі деп кеткен.

Сол Тубек елінің төмениң төңіз жақ қең ойпаты — Тайпақ. Арқа жаңе шығыс беттегі жонды, қыратты, таушықты сахараптардан Тайпақ жері төмен тұр, жазып жіберген алып алақаның шұңғыл ортасында. Өлеңті, Бұлдырты, Шідерті сияқты қыр өзендері төмен құлдилап, тармактанып ағып, келе-келе тарамданып Тайпақ алақанына жоғалып жатыр. Жер қыртысы тамырлы-балқашты, бидайықты, кей жерінде еңседен келерлік ерек шөп өскен құнарлы сала.

Сол саладагы Шеген құдық басын бөрі тигендей шулатқан Коныскерей, тергеу орындарының жұма қойса алақанында тұрган сияқты еді. Өйткені бір жағы қоңиреіз, паромы да сирек Жайық, Жайық бойы жағалай жатқан селендер, бой тасалауга пана болар жер аз. Егерде әлдекалай оның маңдайы сол өзенге тірелсе бұл үлкен сұзбе аудың коржыны есебінде. Коржынга кірген сарқасқа сазанның оны жарып шығар күші скіталай-ақ. Осы жайды ескерді ме, кім білісін, тәжірибелі, ақылды Щитов чекист қолына іліккен қарулы милиция жаңе өз адамдарын бестен-оннан, кей жерде скіден, үштен тоңтап әлдеңеше тоскауылды қыр бетке жонелтті. Өсірессе жиырмасының жылдың бас кезінде Коныскерейдің тастай батын, судай сіңіп кеткен атақты Тайсойған мен Бүйректі құмдарына асар жолын бөгеді. Төрт-бес топты Каратөбе мен Саналы маңын күзетуге, Каракамыс пен Жақсыбай бетті торуга аттандырыды. Ал, Оралдың әскери гарнизонының командирі

Смышляков Жымпityдағы әскер тобынан бір бөлімшеге Тайсойған құмына дейін құпия жорық жасауға бүйрек берді. Гурьев даласына, әсіресе кірер жолын ілуде біреу гана білетін, біле қалып ішіне енген жан болса оны өмірі тауып болмайтын оппа Қарасорға жібермеу үшін Гурьевтен де аттылы милиционерлер шығып еді. Сойтін, Қоныскерейді екі уезд қарауындағы тергеу орындары бұл жолы күш біріктіріп қалайда қолға түсіруге шындал кіріскең-ді.

Тайсойған құмына асар жолды бөгеу — Қоныскерейдің түп қазығын тору еді. Өйткені оның мекенжайы сол алыстағы құм бетте болатын. Онда орын төркем кәрі әкесімен бірге әйелі және жас баласы бар. Елден ығысқан күнде де үйге бір соқпай кетуі мүмкін емес; із жанылдырып, арада апталар өткізіп келсе де үйіне айналары кәміл. Бәлкім бізден бұрын жетіп әйел, баласын ертіп кетер деп те жорып еді. Щитов. Бұл болжал ақылға сиятын болжал-ды. Ілкі құғынның шаңы басылғаннан кейін, сол ел шетіндегі, көбіне-көп жалғыз отыратын мекенді сағалап, ол бұрын бес-алты жыл сол өз мекенінде бейбіт өмір сүрген де болатын. Өткенде ұмыттырып, биыл ғана ішкі жақты шарлай бастаған. Бұл шарлаудың да мәнісі бар. «Қазына малын айдаған болып Оралға дейін барып, жолда прокурор Хакім Жұнісовпен кездесуі уезд орталығындағы оның үйіне келу, өткенге салауат айтып тәубаға бет бұрган сапар-ды. Бірақ, көктем кезінде қызыл су кернеп, мұз жарылып, жардай сендерді арнамен жөңкілткен Жайықтың дүлөй тасқынындаï, ауылдың асты-үстіне шыға бастаған дүрілді күресі оны тағы да жел аударған қаңбактай ырықсыз дөңгелетіп әкетті...

Жортар жолын, аялдар қарасынын, сусындар жерін ол өзінше белгіледі. Алдымен көлденең көк аттыны көзге түсіре бермейтін өрістегі қалың жылқыға араласып кетті, Мақыштың куса жетіп, қашса құтылатын аттарына тез қолы жеткенен кейін Қоныскерей іргеде жатып аңдысуға бел байлады. Ол түнделетіп келіп «Шеген құдықтан» отыз-отыз бес шақырым жердегі—арғы беттегі Антоновка тұсындағы тоғайдың жан жүрмейтін қою орманына кірді, сөйтіп ілгеріректе Аязбайдың Ерғалиы талай токтаған Жайықтың жагасына арқа сүйеді. Бұл сұзбе аудың қоржыны сияқты еді,

Күндіз көп жерді екеуден-екеу қатарласа жортса да кеш онан да ұзақ жол жүріп, түнер жерді түннің әлде не уағында тапса да Коныскерей Қаршығамен жылы лебіздесінеді, не істеп, не қоярын ақылдаспады. Жас жігіт бейне бір оның бүйдалы тайлағында сонына сре берді. «Қайда барамыз? Не істейміз? Бұл бой тасалау қашаңға дейін созылады?»— дейтін тағы сол сияқты ашы сұрактарға ақыл-оый толыспаған, қынқыстау сапарларда болмаған, тек албырттығы мен өжеттігіне сенген бала жігіт қандай жауап қатпақ! Ол түгіл Коныскерейдің өзі де бұған...

Ол өзек өртер өкініш пен қара түнек ойдың тас құшагында қалған жанның пішінінде еді. Түні бойы үлкен қара ағаштың үйдей түбіне сүйене отырып, құс үйқы шұлгумен орманның төбеден бозарған ак шұнақ тацын қарсылады, ер жастанып, тоқым төсентін Қаршығаның қимылсыз, үніз мез үйқыға бөленингөн рахат үйқысын құзетті; қозы алаңға қантарған аттардың орман дыбысын шұлғын тыңдаш, елегіз таң асқанын бақылады: сонымен бірге өң мен тустиң коспасындаш шұбатылған қатал суреттердің ірмектелген түйіндерін таңдай қағумен жазды, оқтын-оқтын ол басын көтеріп қалып отырды. Осының бірі...

...Ат жерді жеміріп шауып келе жатыр. Сай пана, ат аршынды. Арттағы үбір-дүбір де алыс қалды. Бірақ буалдыр түтін серпілгеннен кейін, сынған теректей қисайыш барып ақырын жығылған жаң, сәждеге бас койған адамдай, бүк түсіп жерге маңдай тірегені тағы айқын елесетін кетті. «Тфу! Қоруге көз керек жігіт еді, сабаз!»— деп қалды. Коныскерей еріксіз басын көтеріп алды...

Бәрі сол қалның бала да үйқы құшагында, аттар да орнында, орман да қалғып қалған. Бірақ, ашы өкініш айрылмастан оған жегідей жармасты. «Неге аттым сабаз пыркаролды? Жазығы жок еді. Ақметшениң сенбес сөзі ғана қан төктірді. Жазығын өз көзімен көрмедім. Әйелі жесір, баласы жетім қалды, сабаз жігіт еді Хакім...

Аз отырып, ойын бір жерге түйді. Мықтап түйді. Орыншаш тұрып, боз атты жүгенін басына түріп, босатып жіберді, қарагер мен жириңге тұсау салды. Бір-бір сілкініп алып, ағаш арасының мал аяғы сирек басқан қою шөбін орып оттаған аттарға сүйсіне қарады да, су жағасына келді.

Талайды көрген кәрі Жайық кербез ағып, ертенгі тәмдік жүзін самалға тосып бейғам жатқандай. Сирек тұлаган балықтың шолпылы әр жерде ғана ойдым-ой-лым дөңгелек шимай салып, ол да жазылып, тарқатылып ағыспен бірге жоғалып кетеді. Қанатымен сипап отін қарлығаштың қаймақшытқан ізі де су бетіне әжім саларлық емес. Ертенгі рахат әлемнің су жиектеген көркем көрінісі өмір шорластырып пісірген катал жаның түкті жүргіне қандай әсер еткөніп кім білсін, ол тек құшырлана үйкелеп қос қолымен бетін, білегін, сонаң кейін басын жуды. Сөйтті де, тез кейін адымдаш Қаршығаның жатқан жеріне келіп:

— Тұр. Өзенге шомылып ал. Истер іс көп,— деді.

Бала ұшып тұра келіп, бетін умаштай бір сипады да, үстіне төніп тұрған түйедей ірі адамға езу тартты.

Коныскерей бұл жолы да жылы шырай көрсетіп, еркелетер лебіз танытпады.

Бала шомылып қайтқанша ол мықтап түйген ойына қайта соқты. Ол ой өзінің жүрісіндегі жойқын, кесіміндегі бет қайтпас және шорласқан түйдек-түйдек еді.

...Сан рет жортқан Жайыққа енді қайтын оралуга жол жок. Мына Қаршығаны қалдырып кетуге қисын аз. Адам өлтіргені үшін мұны жас деп атпаса да бірнеше жыл тұтқындаиды. Әкесіндегі Ақметшенің бұдан былай мұны арашалауға әлі келмейді. Оның өз басы қайдан шығары бимағлұм. Мұны енді ертіп барып үйдегі қарт пен балаға қосып, әрі қарап асу ғана қалды. Бұл ең кемі екі жұмасыз орындалмайды. Алда құрулы тор, әкімдердің тосқауылы. Олармен андысу жолы — әрі алыстап кету. Тайсойғаннан әрмен шығып кетіп із жаңылдыру. Соңсоң қайта соғып қарт пен баланы, қатынды көшіру. Маңғыстаудагы Адайға, онан да әрі басқа елге сініру...

Қаршығаның жатқан жеріне тастап кеткен қашқарына Коныскерей ұзак қарап тұрды да, несі қайтын келген соң:

— Мынадан басқа қару жок па? — деп сұрады.

— Бар,— деді Қаршыға қуанып кеткендей,— мылтық бар.

— Ол қандай мылтық, қәне?

— Тығып қойған винтовка. Қыстауда. Керек болса кешке барып алып келемін.

Коныскерей басын шайқады.

— Қыстаудагы мылтық... Мылтық әкелемін деп жүргенде қыстауда жапысан үмітін үзсе.

Коныскерей тағы да басын шайқады. Қаршығаның жүзіне тесіле қарап ол сәл уақыт сынап тұрды да:

— Ана аргы беттегі станцияға барып қайт. Болса дүкенін бір-екі қадақ шай ал, қант ал. Соңсоң... аяғыңа жеңіл етік болса ал.

Коныскерей назары кешеден бері әлдеңеше рет жаратпай көзін шүйген Қаршығаның бәтенкесіне ауып еді, жігіт мұны жақсы түсінді.

— Мен өзі де етігімді бекер кимеген екенмін деп өкініп тұрмын. Мынадаи тарапалғы тобығымды қажап тастайтын. Жақсы, қазір барып келейін. Ол қалада папамың таныс Николайы бар жылқы саттыратын. Мені ол жақсы біледі, үйінде талай болғанмын,— деді.

Кешікпей Қаршыға аргы беттегі Антоновкаға жүріп кетті.

## 5

Көп уақыт қол-аяғы бұлауда келіп, еркінше құлаш сермен, аршындаіт аттауга зарығын, енді гана еркін қымылға қолы жеткен жаңаша, Қаршыға бір жерде отыра алмады. Ол аргы беттегі станциядан бар керегін алып келді. Ақметшесің жылқысын Калмыков базарына жыл сайын тоңтап сатып ақшалап беріп келген Николаймен сөйлесіп, жылқы жеткізіп беруге уәделесіп қайтты.

— Бүгін түнде қыстаудагы тыгуулы мылтықтар мен оқ жабдықтарды алып қайтамын. Ретін тапсам, бес-он жылқыны қосақтап айдаң, ертең ертемен Николайға өткізіп беремін. Онаи кейін Ақын агама да согамын...— деп шұбыртты ол Коныскерейге ендігі істер істерін.

Бөлтірік ойыны бөлек. Ол өмірі талар жемін талгауды білмейді, бой тежеп, күш іркіп, шаршауды білмейді, алдына келгенді алып ұруға дайын: әлі келмесе қырқып алуша да дүз жанбайды. Оны бұл қасқырлық өнерге кім баулып, кім көзеген? Бұрын істеп көрмеген ісіне Қаршыға неге құмартады? Алуга жапыруға, зорлыққа неге өніп? Бұрын қозы қөш жерге де сапарлас болмаган Коныскерейдің соңынан неге бүйдасыз жүгіреді? Түнгі жорыққа, қатерлі асуға, белгісіз алышқа шығандап кетуге неге үйір?..

Ол сескенбестен ымырт жабыла өз қыстауына тұра келіп тоқтады да, аттан түсіп, аула-кораны аралап

кетті. Қыстау жай иесіз еді. Ауыл совет адамдары да, үзден келген әкімдер де, және тергеу орнынан бөлінген қызыметкерлер де қылмысты жандарды бұл маңға із сұмынай жуиды деп есептеген жоқ-ты. Оның үстіне кеше күндіз «көріп қалған» малшылар:

«Әрістен әрі жүрісі сүйт екі атты адам Қоспаға қарай бст алыш жортып бара жатқан. Кешке дейін Бұлдырытыдан бір-ак шығар сиқы бар. Сөз жоқ қашқын адамдар болуы керек»,— деп лақап таратқан. Бұл қиыны бар болса да, құр болжамға сүйенген алыш-ұшты хабар ауыл совет қол астына жайылып та үлгіріп еді.

Көптен тығулы жатқан, бірақ анда-санда қызық үшін елсіз тоғайға жасырып апарып құс атып тұратын шинтовкасын Қаршыға көп ізdemей-ақ тапты. Ол үзын зат қораның ішінде еді. Жарын кірпіштен қалап, кең есік, терезелерін қарагаймен кәшектеткен бұл қоражай кіші-гірім казармадай, от та, зат та сақтауға ыңғайлы болатын. Әсіреле, қакпа тәрізді қос есіктердің маңдайша, жақтаулары бөренеден тілдіріп жасатқан: солардың бірінде маңдайша мен жапсардың аралығына сұнгіткен киіз қапты мылтықты, киіз дорбалы патрондарды Қаршыға алыш шығын қарагердің қасына келді: дорбаны қос қанжыға мен ердің артқы қасына таңды, мылтықтың кабын сыпырып тастаң, көмейіне бес оқ тықты да, ердің алдыңғы қасына, Қоныскерейше, тұқырта ілді. Соңсоң алты шақырым жердегі ауылына сары желіспен жұрт үйқыға кірер шамада жетіп келді де, үлкен үй мен отаудан бөлек отыратын он шақты кедей ағайындарының ішіндегі бас көтергені Сәрсениң үйінің есігінің нақ алдына аттан дік етіп, шылбырының үшынаң ұстап тұрып есіктен:

— Сәрсен аға, үйдемісің?— деп сұрады.

Сәрсен мұның келерін күні бұрын сезіп, күні бұрын барлық сауал-сұрағына жауап әзірлеп қойған жаңдай, іле есіктен басын шығарып:

— Жәй ма, Қаршығажан? Қайдан жүрсің, не керек сді?— деді.

— Ауылда кім бар?

— Бөтен ешкім жоқ, жалғыз Жолмұхан палуаң гана.

— Папамды қайда әкетті?

— Жымпityға.

— Өлғен прокурорды не қылды?

— Өлген — прокурор емес, комсомол Шынғалиев. Болыс кеңесіне әкетті.

— Маған бес биені қосақтап бер!

Сәрсен ұн демей қалды да, аздаң кейін үстіне шекпен жамылыптысқа шықты.

— Құй онын алсаң да ерік өзінде, мал өзіндікі Қаршығажан. Бірақ Жолмұхан сөзбесін... Және мені сен көрме, сені мен көрмедім дейін.

Байлаулы тұрган бес жылқыны шеткерірек жетелеп сайға түсіріп, иоқтасымен біріне бірін қосақтап, Қаршығаның алдына салып берді де, Сәрсен, ізінші үйіне беттеді. Колына қаруын, алдына жылқысын түсірген Қаршыға да келген ізімен орманға бет бұрды.

— Құрмаш, қараши, сайға қарап иттер үре түседі де қоя қояды,— деді Жолмұхан, қасында әңгімелесіп жатқан баланы жұмсан. — Алысырақта бір дүрсіл бар ма, қалай құлагыңды тосып байқа. Төңірекке ит-құс келіп жүрген жок на екен.

— Үйрепбеген антүрган, менің өзімде абалайды ана төбет,— деп Құрмаш қолына таяқ алды да далаға шықты.

Ол үй іргесінен көп ұзамай отыра қалып жан-жак-ка көз жіберіп еді, көзге еш нәрсе ілінбеді: бірақ алысырақта — сайдың аяқ жағынан дүбір естілді, бала анық айырды: шапқан аттың дүрсілі және бір емес, бірнеше аттың қосыла шапқан дабырлы дыбысы. Неде болса анықтап есітейін деген оймен Құрмаш жүгіріп сай жағасына келді. Жайылудан көрі шәшкелеп салғац шөп пен астауга төккен жемге көбірек тұратын жылқының құлышынды биелері орында көрінді. Қалған бойдақтары мен ұсақ тай, құнандар сайдан әрі тенсенді бойлап жайылып жатыр. Бірақ жүгіріп келіп тағы да отыра қалып құлақ тосып еді, әлгідегі дүбір саябырлап қалған, құлакқа шалынар-шалынбас, өте әріде еміс-еміс бірдеме ызындағандай болды. Құрмаш сәл отырып, жарытып еш нәрсе есіте алмаган соң ауыл беткө көз жіберіп еді, әлгіде көзге түснеген жаяу адамның қараң-қараң елесін байқады. Бұл кім? Мал басын бақылайтын, құлышынды биелдердің түнгі жайын күйттейтін жалғыз Сәрсен гана. Мезгілсіз шақта Сәрсен неге сай басында жүр? Әлде басқа біреу ме? Құрмаш енді қарандаған адамға қарай жүрді. Жалаң аяқ,

блекан дыбысы білінбейтін және өмірі аяндап жүріп көрмеген Құрмаш желе-жортып бейсеуіт жанға жақындан келіп тағы да отыра қалып еді, кешеден бері әлдененше рет көрген шоқша сақал, дембелше сары кісінің алдымен көкжиектің бұлыңғыр бедеріне сзып салған суреттей сақалы шошай қалды.

— Сәрсен аға, сіз бе? — деді ол түре келіп тағы да жортактай жақындал.

Сәрсен шошып кетті.

— Иә, мен, мен. Мен мына биелерді қарауга келіп ем... Өзің қай баласың? Аяқ астынан шыға келгениң...

— Құрмашпын.

— Э... Әлгі палуанның қасындағы. Жай ма?

— Ит үріп, дүбірлеп шапқан аттың дүрсілі шыққан соң нағашым қарап кел деп еді.

— Ие, мен де дыбыс шыққандай болған соң... құлағым да естіңкіремейді... Алайда биeler орнында көрінеді... Ит дейсін бе? Иттер осы жерде жүр білем...

Сәрсенниң сөзі үздік-үздік және қисынсыздау шыққанмен бала оған зер салмады. «Жеті түнде мені көрмей, зәресі үшып кетті білем шалдың», — деп қорытты. Сөйтті де, ол күндіз арсыладап қауып ала жаздаган төбеттен сескеніп, үйге тезірек оралу жатын көзdedі. Сай жақта жүрсө мені байқамай қалар деп ойлады.

— Еш нәрсе білінбейді, нағашы. Әлті жылқыны жайлап жүрген шал да далаға шыққан екен. «Ит үргенін естіген жоқпын» дейді. «Дүбірі не?» деп сұрасам, «дүбір жәй шығар, биeler орнында көрінеді», — деп аузынан сөзі түсіп бара жатқандай «мен, мен» дегені.

Жолмұхан Сәрсен жөнінде де, мал жөнінде де әңгімені жақартуға зауықты емес еді. Өмірі малдың басын қайырып, болмаса оған шөп салып, суарын күйттеп әдет алмаған кісі, мына біреуден қалған жылқыға үқыпты қожа бола қалу оған аса қол шаруа көрінбеген сияқты. Ол жайбаракат жауап қатты.

— Жарайды, Құрмашжан, үйықта. Мен де өзі бүгін шаршал қалыппын, анда-мұнда көбірек жүріп, — деді.

Өзі кешікпей салыққан денеге әл-қуат құяр қатты үйқыға еніп кетті.

Мал бағып, кеш жатып, ерте тұрып, шаруа жайын үлкендерше балтап, үлкендерше қамдап үйренген Құр-

маш, ертеңіне Жолмұханнан бұрын оянып, түндегі болған өзгерісті алдымен байқады. Ол Қек төбет пен Бөріба-сардың үшты-күйлі жоқ болып кеткенін бірден көрді. Соңсоң мініп жүрген, бірақ кеше кешке жылқыға қосып жіберген жіңішке қаракөк биені жоқтады. Мұнан кейін қыр беттегі жайылған, үй маңындағы күтуде тұрған жылқыларды түгелдей келіп алты-жеті малдың саны жетпей қалғанын тапты. Мұны Жолмұханға баяндан еді, ол:

— Сәрсенді шақыр,— деді.

Сәрсен түндегі айтқанын бүгін тағы қайталады.

— Дүбірді естігенім жоқ. Ал, корадагы, сайдың арғы жағындағы жылқылар қозғалмай жайылып жүрген. Қазір түгендейік, қандай жылқылар жоқ екен. Ауа жайылын жүрген шығар, жылқы алатын ұры-қары жоқ еді.

— Осында бір-екі ит бар еді, олар да жоқ. Иттерді ертіп әкетсін кім бар?

Бұл сұраққа Сәрсен мұдіріп қалды.

— Ит... ит дейсің бе? Ит деген... Оны кім әкетсін? Қаңғын тышқан аулап жүрмесе...

Ит Сәрсенге де үлкен ой салды.

Көп заманнан қоңызыңынан малын өз малындаі, мүлкін өз мүлкіндегі көріп кеткен, айтқанын екі етпейтіні, сыртқа мақтандырып етіп, үй арасында қошемет көрсетуді ғана білген момақан, бірақ ақылды, өз пайдасын да білдіріп Сәрсен Ақметшениң тұтқындағы қалага әкеткенде өз шаңырағы ортасына түскендей қайғырып еді. Бірақ заман басқа, заң басқа, ашық айттын, ашық қайғыруға оның шамасы келмеді, бар қайғысын ішіне түйіп, біришіне күнинен бері мен-зең жүрді. Ол жана ағайын Таңқыбайды өлтіріп қашып кеткен Қаршығаны басында сөгіп, жесір Қибатты аяп көзіне жас та алған. Алайда, соңғы күндері онан да үлкен уақыға: ата-бабасына бак-дәулет арнап қонған, өз басына ақыл-білім өлшеусіз дарыған, бүтін уезге, қала берді губернияға аты мәлім Ақметшениң мойнына құрық түскенде Таңқыбайдың өлімі, Коныскерей атып кеткен комсомол Шынғалиевтің қазасы оған құдай өзі беріп, өзі алған, көп пепделердің бұл дүниен мен о дүниеге үздіксіз көпін жататын, «ел бейшара, иманды болсын!» деп бет спиаумен бітетін тағдыр тәртібіндегі көрініп еді. Ал, Ақметшесінде оған орны толмас, ұсталады деген үғымға сыймас, орын-жай мекені несіз

жалар деген ойдан жоғары бір жеке тұрған асқардай көрінетін.

Түнде есігінің алдына келіп аттан түсे қалған Қаршығаға қолынан не келсе соның бәрін аямай көмектесуге дайын еді. Сондыктан да ол жеті түнде жортып жүрген жанның ісі — адыра қалып бара жатқан мекен несінің қорғанған ісі мал-мұлкін әлі келген жолмен сақтау қалу ісі деп түсінген. Ол тіпті Қаршығамен ілесін жүре беруге де бар еді, оның багына қарай Қаршығаға оған: «бес-алты жылқыны байлап-матап алдына салып беруді ғана бүйірді. Ол дегенин сөзсіз орындағы». Үйіне риза болып қайтты. Бірақ, үйден маңқылдай үре жүгіріп, сайдагы несін көргенде қүйрығын бұландастып қалған төбеттің Қаршығаға еріп кеткенін білген жоқ-ты. Ал, Сәрсен үйдей Бөрібасарды қараңғыда байқаған да жоқ, ол үрмей-ақ арс етіп сай басына бір-ақ шығып, Қаршығаның қуалай жөнелген матаулы жылқыларын бірге айдастып кеткен-ді.

Сәрсен қазір: «Бәлениң бәрі иттен келетін болды. Егерде іздеуші шығып итті тапса, Қаршығаны да табады», — деп уайымдай бастап еді.

## 6

«Бір секірдің — құтылдың, екі секірдің — құтылдың, ал, үшіншіде... «Батыл, алғыр, шаршамайды да, бірақ осы жолы іс бітіріп қайтса да, бітіре алмай қайтса да бұл балаға ендігі әрі ауыл арасындағы жортуылды қойдырған мақұл» деп ойлады Қоныскерей, алдағы үлкен жортуылдың бүге-шігесін ойлап жатып. Бір кез үйік-тап кетті.

Ол түннің әлде не уағында тұрып, Жайық жағасына барып отырды, аттарды барлады. Бос жүрген Ақбозды ақырын ғана «ғыш-ғыш» деп шақырып алды. Оның құлагының түбін қасыды, күндізгі Қаршыға алып келген шекердеи бір-екі шақынан жегізді де, атты отқа қоя беріп, ұзақ уақыт көз іле алмай тың тыңдал ояу отырды.

Түнде көш жерден қарауытқан нәрсені талдап айырып, мал мен жанды шатастырып көрмеген, онан да да алыстағы дыбысты құлағы шалып үйренген бұл саққұлақ адам, Қаршығаның дүбірін тогай шетіне түсней жатып есітті. Ал Тогайдың шеті су жағасынан бес-он шақырымға дейін қашық, тап бұлардың қонақтаған

түкпірдегі орманнан ең кем дегенде тоғыз шақырымдай жерде еди.

Қоныскерей елегізіп бір тұрып, бір отырды, Ақбозды тагы «ғыш-ғыш!» деп шақырып, бірақ жетіп келген атты, ер салмай желкесінен сипап өтті де, сауырын сипап» бара бер!» деп қоя берді.

Алайда, иесінен кем елегізбеген бұл ақылды ат та алыстагы дүбірге карап құлагын қайшылай бастады. «Бір... екі... уш...» дүркіреген осы дыбыс бірден екі анықтала түскенмен, топтанып, дүбірлеп, қайта-қайта санай бастаған Қоныскерейге, қанша түяқ екенін аштырмады. Дүбір жақындаған сайын, ат та құлагын қайшылауды үдете түсті. Ол бір кез ілгері жүре түсіп, аяғымен жерді тарпып, тарпып жіберді де, осқырып қалды. Қоныскерей атының құлқы өзгере бастағанын көріп, оны жалма-жан үстай алғып, ағаш түбіндегі ертоқымын салып, жүгендеп ауыздықтады да, шылбырын сүйретіп бос қойды. Ол екінші атты да жақындаатты. Бірақ оның тұсауын алмастан тізгінін ағаштың бұтағына оцайлан күрмей салды.

Жоқ, қуғышы да емес, көлдепеңнен кездескен жылқы айдал алушы да емес, тұра белгілі жерден маңдайын қисайтпастаң, бірнеше жылқыны матап айдал жеткен Қаршыға екені беп-белгілі. Екпінді жігіттің жапыра басып жатқан жерге жетуге асықкан жойқын жүрісі.

Тагы да Ақбоз осқырып қалды да, алдыңғы аяғымен жер тарпи бастады. Сөйткеніне болмай «арс» еткен штің даусы екі аттың екеуін де, тіпті еш нәрседен сескеңнің көрмеген Қоныскерейді де сelt еттірді. Арс еткен даусықа қосыла:

— Ақтабан, Ақтабан, ә-ә! Ақтабан, Ақтабан, ә-ә,— деген Қаршыға дауысы орманды жаңғыртып өтті.

— Мына төбеттерді қайдан таптың?— деген Қоныскерейдің күнгірт, әрі ызыбарлы дауысы Қаршығаны да, оның итін де жерге жымырып жіберерліктей қаһарлы шықты.

Жеті түнде тапжылдырмай бар істі бітіріп қайтқаны мақтау орнына жекіріп сөйлеген Қоныскерей жігітке қатты әсер етті. Ол қорқып кетті. Неге ол шті жек көреді? Ит деген адамга серік. Егерде Ақтабан болмаса ол олай бір, бұлай бір бұлтактаған қосақтаулы жылқыны бұл жерге таң атқанша да жеткізе алмас еді. Ақ-

табап қасқырша қайрып жолдан шығармай, тура айда-  
сын келген жоқ па?!

— Ага, мен емес оларды іздеген. Иттердің өздері  
іздең тапты мені. Жылқыны қуалай жөнелгенімде Ақ-  
табап «арс» ете түсіп, қуыса жөнелді. Қай жақтан  
келіп қалғанын өзім де білмей қалдым. Ал, мынау Қой-  
багар Ақтабанның соңынан дарбақтап шауып о да жетті.

— Кері қу!..

— Жәрайды. Мына мылтықты, оқ-дәрімді шешіп  
алайын.

— Қаршыға аттан түсіп, ер қасына ілген мылтықты  
жерге қойды. Сонсоң қанжығаға бөктере байлаган киіз  
дорбаны шешіп алды.

— Бері әкел!— деді Қоныскерей мылтықты көрсе-  
тіп. Шеттікі емес пе, бұл мылтығың?

— Солай, аға. Жап-жаңа мылтық. Киіз қапқа са-  
лып тығып қойып едім, бір жерін де тат шалмаған.

— Оны қайдан көрдің?

— Қөрмесем де қолыммен ұстап сездім.

— Оғы канша?

— Оқ көп. Жартысы жапондікі, жартысы үлкен бен-  
товканікі.

Қоныскерей риза болған адамша тамагын кесій  
түсті.

— Жартысы үлкен винтовкінікі де...

Оның бұл жолы үні де жұмсақ естілді. Қаршығаның  
көңілі орынғайын деді. Аздан кейін Қоныскерей оған  
бүйрық ретінде:

— Алдымен ана иттерді қуып жібер! Сонсоң жатып  
дем ал. Иті бар адам «мені тап!» деп айқайлаған бала-  
мен бірдей, кәдімгі жасырынбақ ойнаған баламен  
бірдей.

Қаршыға қамшы сілтеп Қойбағарды қуа түсті. Ал,  
өзіне аң ауласып үйренген Ақтабаны ағаш арасына  
сұнгіп жоқ болды. Ол үйге қарай ерікеіз шокандаган  
Қойбагарга ермеді...

Шеген құдық Әділбекке естен кетпестей әсер етіл еді.

Үлкен ақ үй, онан да ақ және өзгеше әдемі отау. Биік шегенді құдық. Құдыққа таяу жағалай құрылған шатыр лапас. Лапастаң асты да, айналасы да толған қаз мойын арғымақ жылқылар. Ол жылқыларды өзірге бабымен жемде, бағып, суарып, биесін байлаттырып, құлыштарын ағыттырып басқарған, төртпақ келген палуан денелі, тайқы маңдай, қызыл күрең жүзді Жолмұхан. Ал, бұл Жолмұханның қасында өзінің кәдімгі ағайыны, жаздығұні Жымпітыға өгіз арбасына мінгізіп апарған Қабылбайдың Қара-Құрмашы. Құрмаш Әділбекті көре сала, иесіне жалбандаған күшіктей қисандап, алыстаң-ақ ыржия түсті. Ол арбадағы сұлу қызға бір қарап, Әділбекке бір қарап, әлденеге таңырқағандай, жақындаій берді.

— Құрмаш, бас аяғынды,— деді оған Әділбек, қала салтынша бір қолын беріп амандастып.— Аманбысың? Сен мұнда қалай келіп қалдың?

Құрмаш тағы да қызға бір қарап алғып, үлкендеу аузын кере бастады.

— Нагашыммен екеуміз, Ақметшениң асыл тұқымды малын кедейлерге үлестіріп, қалғанын багып отырмыз. Басқа мұліктерін де шашау шыгармай Хакім ағам берген бүйрүгүн орындамақпаз,— деді.

Құдіктенгендей бала тағы да қызға қарады.

— О, сен де әкім болым дессейш! Әлгі Жолмұхан деңгей нағашың ана тұрган кісі ме? Жарайды, онда мына атты доғарып, басын қаңтарын анау ағашқа байла.

Сөйтті де ол, делбесін Құрмашқа ұстата салып, Жолмұханға қарай жүрді.

— Аман ба, шырак,— деді де қойды Жолмұхан тезірек жүршіп келіп амандақсан Әділбекке.

Ол артық тіл қатиады. Қызға иек қаққандай бір нышан білдірді.

... Мынау бір дәу екен. Палуан деуші еді — рас-ақ шығар. Анау жауырып, анау нық осал кісіге бітептін мүшелер емес. Қара саны бураңың санынан бір де жіцишке болмас,— деп ішінен Жолмұхан палуанға риза болып аз тұрды да, сонан кейіп Ақметшениң салтанатты мекен

жайына көз тікті. «Апырмай, мына дүние, мына байлық, анау жатқан ен жайлай!»— Эділбек күдықтан аргы сай алақанына қарап еді: төрттен, бестен шоғырланып жаһылып жүрген бірінен-бірі аумаған қызыл нарларды көрді. Жас жігіт басын шайқап қойды. Атақты Ақметшениң жұрт аузынан түспейтін нарлары...

— Нагашы, Эділбек ағам келді ғой. Кәдімгі Хакім ағамның кіші інісі,— деп мақтанғандай Құрмаш, Эділбекке тары да бір қарап Жолмұханға жақындай тұсті.

«Хакім ағамның інісі» деген сөзге Жолмұхан қасқырша бұрылып Эділбекке таңырқаған пішіп көрсөтті.

— Мен сізді білемін, ана жолы қалаға келе жатқанда Құрмаш айтқан. Сіз почта айдаушы Жолмұхан аға боласыз ғой?

— Иә, сен Хакенің туған інісімің?

— Кіші інісімін. Менен ұлкен інісі Алматыда оқуда. Ал, мына Гүлжиһан біздің жиен...— деп бөгелді Эділбек.

— Иә, жиен деймісің? Сонда осы қыздың үлесін алып кетуге келгенің бе?

— Енді, енді қалай десең де жақын адам болған соң...

— Жарайды. Онда ана үйге кіріңіздер. Үй иесі өзірge осы бала. Дүниесін түгендесін. Қәмпескеге жататынын жатқызармыз.

Жолмұханның сөздері Эділбекке келіге тары түйгендей дүнкілдеп естілді.

Жолмұхан, Хакімнің інісі ол қызды алып келіп қәмпескеленген байдың үлесіне ие болады деп ойлаған жоқ еді. Ақметшениң бұл белгілі уезд басшысына жақын екенин де білген жоқ-ты. Сондықтан Эділбекті Құрмаш: «Хакім ағамның інісі» дегенде аң-таң қалған. Енді ол әңгіменің бәрін бірден түсінгендей болды. «Тегін адам не бола ма?» деп, текті адамдарға дін қойып өскен бұл қыр жігіті: «Бәсе!» деп жалпақ басын бір шайқап қойды. «Сұлтандар сиякты жүрттап өзге, әрі оқымысты, әрі дәүлетті Теке мен Орынборға, тіпті Саратав мен Петерборға аты мәлім Ақметшениң атақты ақын Нұрны ана аласапыран кезде Жаншаның жігіттерін әнімен, жырымен бір усына ұстап еді. Енді мына Хакімі бүкіл уездің қожасы — аузымен күс тістеген пыркарол. Тектіден текті шығады деп осыны айт! Шіркін-ай, Нұрның қандай еді! Сөз десең сөзге ұста, ән десең әнге ұста, жыр айтқызаң бір таңға жыры таусылмайтын сабаз еді. Сондай сабаздар да

да дүниеден көшті. Иманың жолдас болсын, пар келбетті досым!»— деп Жолмұхан бетін сипады. Сол сағаттан бастап бірбеткей, өз дегенімен өскен бұл ер адам Әділбекті өзіне баулын алды.

— Сен қарагым, Хакім мен Нұрымның інісі екенсің гой. Мен Нұрымды мұшан он жыл бұрын құшақтасып қосылып дос етсем, Хакім мені жазым басқан жолымнан бұрын азаматтық борышымды актауға қости. Бұл маған ардақты досымның аруағы үшін істелген жақсылық. Маған кімнің бай, кімнің кедей екені керек емес, кеудесінсө сыймай дұрс-дұрс қағып тұратын жұдырықтай жүргегі бар қазақ керек. Ал, сен сойыңда да, бойыңда да қарағанда сондай ер жүректінің бірі боламын деп тұрған жігітсің. Мұны келбетіңден де, кимылыннан да көріп тұрмын...— деп бір қойды.

Әділбек үйіп кетті. Ол Жолмұханың кім екенін ац-гара бастады, тагы не айтар деген оймен оның аузына бақты. Жолмұхан күтірген жоқ, не ойлайтынын, не істейтінін бір-ақ айтып салды. Оның сырт тұрпаты қандай болса, ойы да, ісі де сондай айқын, сондайлық елеулі болып шықты.

Мына қыз бала бөлінген он жеті қарамен қоса мына тұрған отауын алып кетемін десе де өз еркі, біреуге тапсырып қойып кетемін десе өз еркі. Ал, қысқы қарағай үйді ауыл совет конторға алды. Жолым үйді Ақбар дейтін малшиға бердік. Маған Хакенің тапсырғаны: ана асыл тұқымды қызыл нарлар мен аргымак жылқылардың қалғанын Бес Қалмаққа жеткізіп беру. Осы міндетті орында сам болды. Жұымайын-ақ деп едім, Хакен болмады. «Сен болмасаң мына малды кім көрінген талан-тараж стуі мүмкін», дейді. «Талан-таражы» басталып та қалды. Алдыңғы күні бес-алты жылқы үшінші-күйлі жоқ болды. Сірә, әлгі Ақметшенің қашып кеткен баласы сұық қолын сұқты ма деймін...

Бұл сөзге Әділбек түсінбей қалды. Ақметшенің қашып кеткен баласы Қаршыға болу керек. Ал, ол қалайша «қолын сұғады?

— Жолмұхан аға, көп-көп рақмет сізге. Нұрым ағамды сыйласаңыз, оның құшақтасып қосылған досы болсаңыз сіз маған да бөтен емессіз, Нұрым ағаммен бірдейсіз. Қолымыздан келгенін біз де хал-қадерімізше көрсөтерміз, өйткені аға сыйлаганин өзге ішіге үлкен дәрежениң қажеті жоқ деп білеміз. Сөйтіш, мына Гүлжиһан екеуміз сапар тұзеп келіп қалдық...

— Бәрін де өзім реттеп беремін. Бұл балаға да оңай емес, жас басынан мұндай хасіретке үшырағанына...

Жолмұханның сөзін аяқтапай қыз өксіп-өксіп жылап жіберді. Жолмұхан да, Әділбек те енді тек соны жұбатумен болды.

— Шырағым, бұған да шүкір де. Мына сияқты қолы тиген жерді омырып жіберетін қайратты жас жолдасын болғаны — бақтын.

Үйге кіргеннен-ак Гүлжиһан өзінің төсегіне отыра кеткен. Ол ұзақ уақыт бейне бір жаисыз адамдай сұл-сұр болып жағын таянып, төмен қарал үнсіз қалған еді. Ал, бұрын өзі көрмеген тіпті атын да естімеген адам барлық мал-мұліктің, мекен-жайдың қожасы есебінде бағып отырғанын және енді не боларын айтып, «бұл балаға оңай емес, жас басынан мұндай хасіретке үшырап» деп мұсіркегеніне шыдамады. Болған уақиғаның азы зәрі жүргегіне жанағана құйылдып кеткендей. Ол Әділбектің де:

— Гүлжиһан, сен берік бол. Сен ақылға сал бәрін де, босай бергеннен енді пайда жоқ,— дегеніне де жұбанбады.

Кисая түсіп солқылдап жылап отырды да, есіктен кіріп келген өздерінің жақын жеңгесін көргенде дауысы көтеріліп кетті. Бұл көптен бері анасындаі болып кеткен орта жастағы әйел еді. Өзінің келін-баласын күтпесе де, Гүлжиһан мен Ақметшеші бағып-қағуға бар күшін жұмсаған мейірімді жан болатын. Әйел де үн салды...

Жарайды, бала, біз үлкен үйге барайық, шерін таркатсын бишаралар,— деді Жолмұхан Әділбекке.

Үлкен үй кенсеге бейімделіп, жүк-жиһазын қазан жаққа жинастырып, оң жаққа стол қойылған екен. Әділбек пен Жолмұхан сол стол жанына отырды. Ежелден шаруашылықты баса ойладап, соның қамын қамдайтын Әділбек істер істі бірден жобалады. Ол:

— Жолмұхан аға, мына қыздың отауын да, малың да әзірге осында қалдырып кеткен макұл болар деймін. Өйткені малды сату да, айдал әкету де қазір күшке түсер,— деді.

— Үйін ертең жықтырып, қыстауға апарып Ақметшешінің көп шоланының біріне жинап сыртынан кілтте де, ана әлгі Әкбар дегеніне тапсырып кет. Ешкімге тимейді. Малды да солай ет. Әзірге оны алушы да шыға қоймас бұл жерден. Ал, кооператив басықтарының біреп-саран

жылқы мен түйеге зауқы шапса, мен ертең олармен сөйлесейін, қаржы табар төлеп жіберетін,— деді.

— Дұрыс-ак, Жолмұхан аға. Дұп-дұрыс,— деп макұл-дады оны жас жігіт.

Сонаң кейін екеуі шәй келгенше көп жайды әңгіме етті. Әділбекке Жолмұханның өз өмірі де, Қоныскерей жайлыштың да бейне ертегі сияқтанды.

— Қарныға сонда осы төңіркете жүргені ме? Оны неге үстап алғып жазаламайды?— деді Әділбек, әлгідегі «Ақметшешің қашып кеткен баласы сұық қолын сұғып жүрмегей» деген сөзді анықтауға асырып.

— Бала екенсің ғой, қарагым,— деді Жолмұхан оған бетіне қарап отырып.— Өзі Қоныскерейдің бөлтірігі болса, өзі кісі өлтірсе, қалай ғана оп-оңай қолға түседі деп ойлайсың?

— Кімді өлтіріпті?

— Осындагы өздерінің бір кедей-қосшы болып жүрген адамы.

— Мен мұны естіген жоқ едім, Жолмұхан аға.

— Естімесец сол. Әлі де талай қызықты естірсің. Он жылдаи бері Қоныскерейді үстай алмай бүтін уезд болып әуре-сарсаңға түсіп жүр. Мұмкін екеуі қазір бір жерде, тіпті осы маңда жүрген шығар. Ол әккі болған қуды ай даладан іздесец, үй іргесінен шыға келеді. Ал, үй іргесін тінтсөн — құм арасынан, сонау Адай беттегі үстінен құс үшпас, бүйра құмының қарталанған көп қыртысының арасында жатады,— деді.

Жолмұхан сөзі Әділбекке өз көзімен көріп келген жаиниң сөзіндегі көрінді. Қоныскерей сырын Жолмұхан жақсы біледі екен.

Ертемен Әділбек үйрепшікті әдетінше, атын баптады. Жегін келгені Бекейдің жуап торысы еді. Оны суарып алдына жем салды; үстін тараشتап, қатқан тердің іздерін кетірді. «Үйде де шаруа бастан асып жатыр еді, бұл жерден енді келген жұмысымызды тезірек бітіріш аттаңсақ етті»,— дес, кейін елге қайту және Гүлжиңанды тағы да Орал қаласына жеткізу қамын ойлады.

«Борекелді, шабыны белуардан қыры мен сайы бірдей жеріңе болайын, жеріне лайық даулетіңе де болайын»,— деді Әділбек өзіне-өзі, Ақметшешің қысқы мекен-жайына ат басын тіреп.—«Қарагай үй біздің елде жалғыз ғана Хамидолла хазіретте бар. Басқа қазекең әзірге ондай салтанатты жайға ие болған жоқ. Ал, Ақаңың мекен-жа-

йымен салыстырғанда хазіретініздің үйі аттылы адамның қасына ерген тайлы баладай-ақ екен. Малды қара! Асыл туқымды нарды қара! Қаракөк қаз мойындарды қара! Эттең, осыншама дәulet бір өзіне бүйірмасған кетеді-ау әркімнің қолында тоз-тоз болып... Апырмай, біздің Әлібекте түйір ақыл болсайшы! Осының бәрін өз көзімен көріп қайтты-ау. Қолына қонған бақытты босқа қоя беріп».—Ол Гүлжиһанға байқатпай басын шайқап-шайқап қойды.—«Мына қызға алдақашан үйленіп, айдың-күннің аманында отауымен, жиһазымен, жылқысымен мыңғыртып көшіріп алатын! Сонсоң, біразын ақшалаң алыш, қызды қолынан жетектеп Алматысына алыш кетіп, сол жаққа тастай батып, судай сінетін кісі. Тұну! Ақылсыз, бос белбеу, боз быламық Әлібек-ай! Ақылсыз жалғыз Әлібек емес, ана Әкім ағасы да...»—деп іркіліп қалды тамағын жұтынып.—«Бас пайдасын білмейтін бұл қандай мақұлықтар! Ақаңын, малдан бөтен, әлі өз басына жетерлік, жалғыз өз басы емес қызы мен ұлына да жетерлік жасырын қазынасы да бар шығар. Мұндай адам, көзге түсер дәүлеттен өзге, көзге түспейтін де жинаған шығар-ақ. Әлгі... қызына тапсырған жасырын әңгімесі, қомулі қазына жөнінде болмагай. Егерде бұл бір қымбат мүлік болса, оны қай түрде алыш кетеміз? Соны Текеге жеткізсек аргы жагынан аша біздің былжырақ жігіт келе қалса! Әй келмейді гой: өзінен-өзі айдың-күннің аманында үркіп, шығандап жүрген бишара бала.

Келмесе тірі құртты. Бәрі де құрыды! Ақаң түрмеде. Мына қыздың халі мынау, айдалада қалған киіктің жетім лағындей. Бұл қалай ие болмақ мал-мүлікке?!

Әкесімен екеуіне тиген отыз төрт қараны қазір алыш кетуге де қыын, сатып кетудің де жөні бола қояр ма екен; бұл да қолға дұрыс тимес. Тым болмаса бір-екі парын, бір-екі арғымағын елге жеткізе алсақ...»

Әкесінің құпия тапсырмасын Гүлжиһан Әділбекке шет-жағалап шығарда айтқан болатын. «Қызына тапсырғаны қомулі қазына болмагай» деп жігіт сопы бол жалдаған. Басында «бірбеткей және дәкір» деп Әділбекті қыз ішінен жек көрсе де, кейін оның қайраттылығына, қолынан қандай болса да іс келерлік батылдығына және өзгеден бөлек өзін шын аяп, жақындық сезімін аямаганына ол қатты риза болып еді. Сондықтан да ендігі жерде қыздың бар сенгені жалғыз Әділбек қана болды. Әділбекten ол сырын да жасырмады, оның берген ақылны бүлжытпай орындауға тырысты.

— Эділ нағашы, енді папамың тапсырған аманатын іздейік,— деді қыз отауын жықтырып, арбаға тиетіп, қыстауга алып келіп, өздерінің жылда жайлауға шығарда артық жүкті жинап кететін шоланына кіргіздіріп, есігін кілттегенен кейін.

Сөйтіп, Эділбек пен Гүлжіһан қыстаудан екі шақырымдай жердегі бейітке келді. Бейіт алақанда тұрғандай-ақ алыстан көрінетін тепсең жерде екен. Жақындаған сайдың қыздың түсі сұрлана берді. Екеуі қыз иегімен мемзеген үлкен құлпы тастың құбыла жақ бетіне жақындағы бергендеге, жаңындағы көне қабырдың аяқ жағын ала Гүлжіһан етпептеп құлай кетті. Анасының қабыры екенін Эділбек бірден сезді де, қыздың үн салуына жол бермей, құлпы тасқа қарап жүргініп отыра кетті де «ағузыны» боздата жөнелді. Ол құрапды көп оқитын, аятты да жақсы айтатын тақуа Бекейден үйренген бар өнеріне аймай басты. Үшін қоюлата шығарып, мәддіні көтере мұқамдады; тыңғыға келгендеге әндестіп тоқтап, жаңа жолды жоғары бастады. Ал, «Сұбхана раббиқаны» өте бабына көлтіріп қүйқылжытып жіберді. Қыз бұл гажан аяттың, ойламаган жерден оны оқыған молда мұқамды Эділбектің үшіне үйип қалды; үнсіз өксіп, солқылдан жылап тіпті үн сала бастаған ілкі қалпынан су сепкендей тынып, еріксіз саябырлады; жас жігіт осылай жұбату үшін де бар білгенін құран хадисіне салды білем, әйтеуір діндар тәрбие мен өскен қыз қол жаюға жеткенде ішінен дұрасын оқып, сенген сүйеніпті күшке мейлінше жалбарынды. Бантап қол жайып бұл бір көңілге медеу мұсылманың сұлтты тамамдаганин кейіп, Эділбек ақырын таға:

— Қабыр басында үн салуга жарамайды, аруаққа ауыр болады. Мұнан былай есінде болсын, бұларға тигізетіп біздің бар жақсылығымыз: «Иманы жолдас болып, бар сауап тие берсін!» деп тілеу,— деген үлкендерден үйренген мұсылманшылығын уағыздады.

Көңілі тез орнына түсіп, қыз тез күш жиып алғандай болды. Ол кешеден бері қара жұмыстың бәрін бір өзі істеп жүрген, мәңіреу жаңадай, сөзге өте сараң, еңгезердей қара кісіге сыйыр етті. Қара кісі бұлардан кешірек келіп, алысыракта отырып, сырттай дуга етіп, сиді жарлық күткендей қызға жақындағы түсін еді. Қыз сыйырынан кейін ол үлкен құлпытастан алты-жеті қадам жерде жатқан құшақ деңгіген қара тасты жалма-жан орнынан аударып тастап, сонсоң оны кос адым жерге домалатты

да, босап қалған орнындағы жаншылып, кіші-гірім қазаның аумағындаш шұңғылданған жерді кетпенімен қопара казды. Элде жұмсақтау келген бұл тепсек жер қазуға сәй ма, әлде үзын бойлы, тарамыс келген қуатты деңелі адамның қол күші жіберді ме, әйтеуір ә дегенше әудем жерді көмбедей етіп белуардан ойып-ақ тастады.

Әділбек қара кісіге қарап, оның қымылына сүйсінгендей болды да, мен жәрдемдесейінші деген оймен:

— Отағасы, күргінізді маған беріңіз, мен қазайын,— деді.

Қара кісі оған көзінің астымен бір қарап алды да, жауап берместен, қопарған үстіне жерді одан әрі қопара берді.

## 2

Әділбекке бүгін де көп нәрселер жұмбақ сияқтанып кетті. Өзгеден бөлек алыш деңелі мына кісі кім? Орнынан осы кісі ғана қозғай аларлық мына алыш тас не тас? Ол тасқа бір, тастың астын қопарған қуатты ірі адамға бір, кезек-кезек қарай берді.

— Бері, кел, Әділбек нағашы,— деді қыз оны ақырын женінен тартып.— Экбар ағайдың күшіне таң қалып түрған шығарсың. Таңданса таңданғандай. Мына тасты осы манда тек қана Экбар ағай орынан көтере алады. Басқалардың оны аунатуға да әлі келмейді. Бұл тасты ерте заманда біздің бабамыз алыш келіпті осы жерге. Үлкен жиын-тойда, ас бергенде, бәйгеге ат қосу, жамбы ату, белдесіп күресумен бірге осы тасты көтеріп білек күшінде сынасу дағдылы салтқа айналып кеткен. Бірақ мұны ілуде біреу, ең күшті палуандар ғана көтеріп тізесіне шығара алады. Сондыктan «палуан тас» атанып кеткен... Ал, мына Экбар ағай менін туған нағашым, мамамның бауыры. Жиyrма бірінші жұт жылы бізге көшіп келіп осында тұрып қалды. Женешем мамам қайтқаннан кейін шешемдей болып кетті. Қазір бізге ең жақын тума осы кісі мен әйелі...

— Түсінікті. Көріп тұрмын тасты допша домалатқанын. Мына дene, ана қолдар көтерер-ақ! Тілі бар кісі ме, неге сөйлемейді? Бәрін ыммен ғана түсінетін жан сияқты, үндемей ісін істей береді.

— Болғанда қандай. Бірақ қазір не сөйлесін. Эңгімеллесетін адамы тек папам еді...

— Эрине, солай шығар. Мінезі де өзгеше жан гой шамасы. Бұл кісіден басқа палуан тасты ана Жолмұхан

да көтере алатын адам болуы керек. Денелі, күшті, палуан.

— Ол кісіні білмеймін, Экбар ағайдан басқа тафы да...— Гүлжиһан сәл бөгеліп қалды да, аздан кейін Әділбекке жүгіріп келе жатқан Құрмашты көрсетіп,— ана бала келе жатыр... Иә, Экбар ағайдан өзге бұл гасты Коныскерей көтеріпті деседі.

«Күшті адамның бәрі осы төңірекке жиналған бақалай, шетінен палуан, шетінен ауызға іліккен атақты»,— деп ойлап басын шайқап қойды. Сонсоң ол:

— Қолденең көздің керегі-ак жоқ еді, қап мына баланың тағы біздің соңымызға ілескенін. Мен оны ептең басқа жаққа алып кетейін, ана кісі қазып алғанын көрсетпесін,— деді.

Сөйтті де Әділбек, кешеден бері өзін іш тартып, қасына шықтай қойған Құрмашқа:

— Но, бала, жай ма? Ана-мына жұмыспен қол тимей сенімен де дұрыстар сойлесе алмадым. Бермен жүр. Сенең сұрайтын әңгіме бар,— деп қайта-қайта Гүлжиһанға қарай берген Құрмашты бөлек алып шығып, қыстауга қарай жүрді.

— Жәй, Әділ аға. Сендерді не істеп жатыр екен деп келдім.

— Біз ана Гүлжиһанның ата-бабаларының және анасының басына құран оқыдық. Бейітке келген кісінің шаруасы белгілі гой.

— Экбар не істеп жатыр? Қабыр қазып жатқан жоқ па?

— Қабыр қазып жатыр,— деді ол Құрмаштың бұл сөзбі аяқ астынан аузына салғашына қуанып кетіп.— Ала ауылда бір жақын-жының баласы қайтыс болған екен, соган қабыр қазуга жәрдемдессін деп хабарласа керек.

— Ол кім екен?— деп Құрмаш ойланып қалды, Әділбектің бос сөз сөйлемейтін салуалы сұсты жүзін көріп, сұрагын тоқтата қойды.

— Сен бала қазір не істеп жүрсің? «Жаздығұні оқимын, Хакім ағам оқуға кіргізеді»,— деп едің. Ол талабың не болды? Айтқандай ана Қабыл байдан ақы даулап ала алмадындар ма?

Құрмаш үлкен адамдарша қабагын керді, тамағын кенеп, бейне бір баяндама жасайтын кісідей баптана тусти. Ол соңғы кездегі қала мен далада көрген қызық уақиғаларын өзін тең көріп сөйлесе бастаған ағайыны-

ша жақсылап, баптап, кәдімгі Хакімше асықпай, ретімен тізіп айтпақшы болды. Бәлкім оның ішіне сыймай жүр-ген көп әңгімесіне тап осы жер, іздегенге сұраған дөп келіп, нагыз тыңдаушысы осы Әділбек болып көрінген де шығар!

— Әділбек аға, Хакім ағамның айтқанын бүкіл уезд тыңдайды. Жұрттың бәрі соның аузына қарайды. Тап осы Ақметше Мұқаметшиннің көмпескеленген мал-мұлқін орны-орнына қою жөнінде де Хакім ағамның бүйріғын барлығы аяғынан тік тұрып орындан жүр. Мен болсам сол Хакім ағам не айтса — соны істемекші. Жолмұхан нағашым да Хакім ағамның бүйріғын бұлжытпай ат-карып жатыр. Ертең, не арғы күні мына жылжыларды шашау шыгармай, сонау аргы жактағы Бөкей беттегі, Қысық-қамыс, Бесқалмас деген жерге айдаймыз. Онда Қызыл әскерге жақсы ат өсіретін совхоз ашылады дейді. Соған тапсырамыз. Сонан келген соң мен қалаға барып Хакім ағам кіргізген курс-окуда боламын. Курс-окуды бітірген соң Хакім ағам артельдің машина-жабдығын сен басқарасың деді. Ол үшін машиненің окуына жетіліп шығасың деді. Жер жыртатын, тұқым себетін, егін оратын, шөп шабатын толып жатқан түрлі машинелердің тілін біліп шығасың дейді...

— Імм, өзің нагыз машиненің ишіндігі болып шығады екенсін...

— ...Бұл алдағы күнде болатын жұмыстар. Ал, «Қабыл байдан акы алдың ба?» дейсің гой. Ақыны сот алыш берді. Қалима апамды да Хакім ағам қаладағы кыз балалар оқитын оқуға кіргізді. Қазір сонда окуда. Ал, Қабыл байды Жетісуга айдан жібердік. Мал да көп еді, шіркін. Әсіресе мың жарымдай акбас атан бар еді. Жылқыны, қойды былай койғанда, қызына он жеті қара, өзіне және кемпіріне он жетіден отыз төрт қара мал берді Қарабай. Оны көмпескелеген Қарабай гой қадімгі, кеше осында келіп кеткен.

Әділбек ойланып қалды. Оның ойына: «Рақымғали-дын маған айттырып алып берем деген балдызы не болды екен? Әкесімен бірге кетті ме екен? Ойырмай, кеше аузымен құс тістеген құдіретті бай, бектер, бүгін ел-жұрттан, малдан, жерден, жүрдай болғаны. Ей, тоба-ай! Бұл заман не болып кетті өзі?» — деген қым-қигаш адам ойына сия бермейтін сұмдық нәрселер, бір жағынан адам аяғандай, кеше көрген адамдардың көзден гайыш болған ауыр жайлары тусты. Ол біраздан кейін:

— Рақымғали кайда? Елге көшкен жоқ қой? Әлгі аты кім еді? Балдызының, ол әкесімен бірге кетті ме? — деп сұрап еді, Құрмаш оның бүге-шігесін қалдырмай айтып берді.

— Үлкен қызы Рақымғали үйіндегі жеңеміз Зейнеп. Ал, бой жетіп отырған кіші қызының аты Нақия. Отауы бар, малы бар, жиһазы бар бай қызына кім көз тікпейді? Нақияны, кәдімгі Бүкі Жанғалидың оқыған баласы Төрәлі әйелдікке алды ғой. Төрәлі Хакім ағайлармен қатар оқыған, елде әкім болып жүрген адам ғой. Жасы әрине қыздан көп үлкен, қырыққа келген сақа кісі ғой...

— Төрәлінің әйелі, баласы жоқ па еді? — деп сұрады Әділбек, әлде бір өкінішті үнмен.

Бала оның үнін де, ойын да шамалағандай:

— Әділбек аға, сондай біреуді іліп қалса да болар еді... Дегенмен ана... — деп кейінде қалған Гүлжиһан жаққа қарады.

Оділбек те оның кешеден бері қызға қарай бергеннен ойын түсінген: «мына қызға үйленген екенсің ғой!» деген карас еді бұл.

— Сен, бала, жарайсың. Борін біліп шықтың. Ал, Гүлжиһанга сен қарай берме, ол біздің Әлібектің келіншегі сенің де, менің де жеңем есебінде,— деді.

Бала қып-қызыл болып кетті.

— Жоқ, жоқ,— деді ол сасып қалып,— ойлағаным жоқ, Әділ-аға, сені үйленді деп.

Бұлар әңгімелесіп едоуір жерге келіп те қалып еді. Палуан тастың астынан Экбар да бұл кезде іздегенін сұрып алып, орның қайтадан тонырақпен толтырып, жым-жылас етіп, тасты аударып домалатып әкеліп, бұрынғы орнына қойған. Шашылған жас тонырақтың үстінен шыққан адам болмаса, көлденең көзге жер де тегіс, тас орнында — бәрі баяғы қалпында сияқты еді. Қазып алған затын шекпеніне орап қолтықтап қыстауға қарай аяңдаған Экбарды, өздеріне қарай бұрылған Гүлжиһанды көріп Әділбек Құрмашка:

— Сен бала, енді барып біздің атты жегіс. Біз кері «Шеген құдыққа» жете қонып, ертең ертемен ауылға жүріп кетеміз,— деді.

— Әділ аға, мен анау күні Қаршығаның және әлгі оның қасындағы бас кесердің жатқан жерін тауып бердім. Қызық, бірақ, кетіп қалынты, ұстай алмадық,— деді Құрмаш екінші әңгімесін бастап.

— Жарайды, ол әңгіменді екінші келгенде айтар-

сың,— деді Әділбек, асығып, есі-дерті қазып алған затты көрсетпей, көлденен көзден тасалау қамында болып. Құрмаш оның айтқанын екі етпепді.

— Жарайды, Әділ ага, аттарды қазір дайын қылам,— деп аяғып жүгіре басып жөнеле берді.

Құрмаштың әңгімесін тыңдауға Әділбектің уақыты да болмады және «Қаршыға мен «Бас кесердің» жатқан жерін тауып бердім» дегеніне насып құлағын да тоса қоймады. Ол ертеңіне түйе арбага тиғен жүгіне Әкбарды мінгізіп, Гүлжиһанмен екеудің ат-арбасына отырып Оралға жүріп кетті.

Қоныскерей, Қаршыға және оларға байланысты көп әңгімелер бұл жолы оған үлкен сөсер етиеді. Ол Оралға жетуге асықты...

### 3

Осы жолы еді Әділбектің Алматыдагы ағасына Гүлжиһанның хатын жібергіп, өзі ақша салғаны.

Әділбектің ойынша: «Кәнпескеленген мүлік кәмпес-келенді, кетер Ақметше кетті, бұл мына омырып-сындырып келе жатқан жаңа заманың өз тортібін орнатады. Бұған қарсыласар кім бар! Қарсыласса ана Карабай айтқан бестен-оншан жылқы күни әкетін, жа-сырының әрекет стіп жүрген Ақметшешің баласы мен соның қасында жүрген слден безгендер. Онда менін шаруам жок. Менін шаруам: әкем батасын беріп баласының мандайына жазған калыңдығын алуға көмектесу. Бұған мен құдай алдында да, адам алдында да күнәлі емесспін. Сол үшін малын, мүлкін жинастырып қолына бердім. Енді дайын келіншегің міне, алып кетем десен Алматыңа алыш кет. Койып кетем десең осында койып кет. Оған қыздың қаржысы жетеді. Жетпессе өзім жәрдемдесем» дегендік.

Қыздың ойынша: «Сүйген жар. Құдай қосқан жар. Қөптен күткен, әсірсесе соңғы айлар, сарғая күткен Әлібек. Әлібек мендік. Бірақ, кіріптар әке... Ол: «саган жоғары дәрежелі білім алу керек»,— деді. Бұл — білімнен басқа ойды әзірге қоя түр дегені. Әлібек те, мен де осы төрелікке бас июіміз керек. Бұл әке ақылы, әке үкімі. Мұны орындау — бес парыздың біріндей. Және әкенін қасында болмай, қайда орналасқанын білмей, оған мына ауыр халдің жалғыздаш жалғыз жүрін қаси-ретін тартқызыбауға тырыспай, өз жөніме кетсем мені

жұрт кім дер? Эке не дер? Өмір бойы бұл мені жегідей жемей мә?» — дед түйген.

Осы ойлар оны түні бойы дөңбекшітіп еді.

4

Тосын хат жанды тулатып жібергендей болып еді. Жүрек еріксіз алып үшқандай болып еді!

Сол алып үшқан жүрек Әлібекті Оралға да жеткізді. Шаған көшесін де жағалатты. Айтулы 91-үйге де алып келді. Енді...

Енді не демек? Қалай көріспек? Бірінші лебіз неден басталмак. «Сәулем Гүлжиһан! Сүйгешім! Жеттім міне, көруге ынтығым», — демек пе?

Көруге ынтығым? Шын жүректен шыққаш сөз бе? Көруге ынтық жарды кім көрсетпеді? Уағдалы күні кездесін серттен тайған кім? Енді қайтып қалаға да соқ-настай Алматыға асқан кім? Өзі гой! Шөкеден үріккен асаудай, жалт берген өзі емей кім? Енді ше, «көруге ынтығым» деу жалған емес ие? Үнтық жанды не токтатар! Кім кедергі болар!»

Сол сагатта Әлібектің басы ың-жың, бейне бір алайдүләй бораннан жөн таба алмай қалған жандай, сансыз сұрақтың астында қалды. Оның көбі: «Өзіңмен! Бәрі өзіңмен! Қызда жазық жоқ! Табансыздық еттің! Жігіт емессің! Уәдеден тайдың!..

...Енді не тұрыс? Ұмтыл! Кешірім сұра! Құшақта! Аймала!» — дед жатқандай.

Әлібек ашық қақпадан бөгелмей кіріп, баспалдақты есікке бір-ақ тірелді. Аз кідіріп, ентігін толастатқаннан кейін, ақырын ғана саусағының қыр сыртымен тықылдата бастап еді, қансырулы тұрган есіктің өзі ашылып кетті. Бірақ, ешкім ішкі жақтан дыбыс бермеді. Есідерті енді үйде, үйдегі қызда, қалай көріп, қалай аман-дасуда ғана болып тұрган Әлібек арт жағынан келіп қалған Гүлжиһанды байқамады, тағы да ашық есікті тықылдата бастады.

Гүлжиһан тұрмадегі әкесіне тамақ анарып, екінші көшемен келе жатыр еді. Ол Әлібекті алыстан-ақ көріп, аяғын тезірек басып жақындаій берді де:

— Кіріңіз, нағашы. Үйде бөтсен кісі жоқ,— деді.

Әлібек селт етті. Сөз де, үн де Гүлжиһандікі екенін ол қарамай-ақ білсе де «нағашы» деген сөз селт еттірді. Жақындық, туысқандық сөз. Ардақты да сөз. Бірақ

ол «Әлібек» дегениң басқа... Оның үні де құлаққа өзгеше естілді, жаздықунғі Шеген құдықтағы жұп-жұмсақ торғын үн қазір темірдей қатты шықты. Әлібекті енді бір сәт селсоқтық билеп бара жатқандай болды. Ол ақырын бұрылып Гүлжиһанға танымаған жанша асық-пастан тура қарады, жүзінде не шырай барын іздеді, бірақ қиналып, әлденеге ауырсынып түрған жанша ізденді. Қыз жүзінде қуаныштың да, қайғының да белгісі жок, жап сезімін білдірерлік айқын белгі таппады. Бар өзгеріс: жүдеулік, қатты шаршап салыққандық. Бұрынғы келісті, ат жакты, шағын жұз ұзара түскен: мөлдір көз кіртие бастаған, жазық қабақ әлде не бір кіршалғандай, өңі սұп-сұр... Дене қимылышыда да әлсіздік, баяулық бар сияқтаанды...

Қыз қолын созды, қол беріп амандасу керек...

Бір сәт не істерін білмей, селсоқ жайда тұрып қалған Әлібек кенет Гүлжиһанға құшағын жая үмтыйлды. Жүгірмесе де, оте тез жүріп келіп, қызды құшактай алды, аймалап бетінен, көзінен сүйді.

«О жасаган! Әлібек! Бір көрініп, таудай үміттің ұстар ұшына еріксіз қол создырган жар!.. Жар? Иә, жар! Құдай қосқан, ата мен ана қолдаған, ақ батамен қосқан жар!.. Оnda... неге уағдалы сағатта келіп жетпеді? Неге...

О, тәңірі! Міне, енді тас құшактан сүйіп жатыр!»

Қыздың басы айналып кеткендей болып еді.

Көп күннен бері, көп сағаттан бері абын ой құшағында, күдік дариясына шомған өрен ойлы албырт жігіт, ғашығының кіршіксіз көз қарашығынан алдағы аса буалдыр, бірақ өлшеусіз тәтті, өмірлік үмітіне сенім тірегін іздегендей еді...

Гүлжиһан да бірінші минутте өзін өзі билей алмады, жігіт құшағына еріксіз ене берді. Саны жоқ саргайтқан сағаттар үміт шоғын талай сөндіріп, талай маздатқан. Сол қолда жоқ, көцілде ғана қалған әлсіз арманға қол жеткені ме? Әлде бұл тұс пе?

Гүлжиһан еріксіз төмен түсіп кеткен басын Әлібектің кеудесінен жоғары көтеріп алды. Әлібектің алас ұрыш, әлденеге дәлел іздегендей, қыз қимылышын терген-тексерген көзіне көзі ұшырасып қалып Гүлжиһан шошып кетті. Ол бұрын шаттық нұрынан өзге үшкүн атын көрмеген бақытты жанардан жан түршігерлік үрэй көрді, кәдімгі тал қармар үмітсіз үрэй...

— Үйге жүріңіз,— деді қыз, жігіт құшағынан тез босаңып, жол бергендей шеткөрі шығып.— Қіріңіз, үйге кіріңіз,— деді тағы да Гүлжиһан.

Әлібек ілгері жүрді. Қыз ілесе кірді де, озып барып келесі есікті ашты.

— Мына жаққа өтіңіз.

Сөйтті де Гүлжиһан, Әлібек бөлмеге кірген соң кейін бұрылып есіктен шығып кетті.

«Не болған? Бұл қандай өзгеріс?..» деген сұрақтардан әрі Әлібек болған уақиғаны талдай алмады. Тек қыздың өте күрт қын жағдайға кездескенін білді, өзгергенін көрді. Түрі де, ісі де, мінезі де күрт өзгергенін сезді. Ол аз отырды, ойланқырауға уақыт жетпеді — қыз қайта кірді.

— Бұл менің папамның бұрыннан түсіп жүрген үйі, осындағы пәтері. Мені қалаға алып келген, саған ақша жіберген, маган ерікіз хат жаздырған Әділбек. Мені Жымпітыдан алып шыққан да Әділбек. Ол қазір Шеген құдықта, маган тиісті мал-мұлікті алып келуге кетті. Кол ұшып берген жақын тек қана сол жігіт болды...

— Мен еш нәрсеге түсінбеймін. Не болды, Гүлжиһан?..

— Болар істің бәрі де болды...

Әлібек оның ұзак сөзінің ішінен (оған қыз сөзі ұзак көрінді) «маган ерікіз хат жаздырған да сол Әділбек» дегенді ұстан қалды. Бұл оқшау сөз сияқты адырайып көрінді. «Ерікіз... Өздігінен хат жазуға қолы бармаған. Менің айналып согамын, Жымпітыдан жолығамыз деп сертте тұрмагашыма ренжігсін. Аллады деп ойлаған. Орынды. Өкпелеуі орынды...»

— Мен еш нәрсеге түсінгенім жок. Ол қандай іс болары болған?

Қыз төмен карады. Бір сәт кідіріп қалды да, басын көтермesten:

— Менің әкемді кәнпескеледі. Бөтен адам емес, Хакім нағашым қәнпескеледі. Ол да аз көрінді білем, папамды тұтқындаған Оралға айдаң жіберді. Осында тұрмеде жатыр. Жаңа гана тамақ апарып келдім...

Әлібек қозғалмастан тұрып қалды.

— Енді бәрін де түсіндім. Қаш-қара бұлттың төніп тұрғанын сезген де сияқты едім. Бірақ, мен қашып кеткенім жок, Гүлжиһан. Оқуыма асықтым және тезірек ориаласып, тезірек хабарласуға асықтым, сені Алматы-

та алып кетермін деген ой асықтырды мені...— деді Өлібек аптығып сөйлеп.

Бірақ жігіт сөзі қызға дәлелді көрінбеді.— «Алматыға алып кетермін деген ой асықтырса, неге алдын ала ақылдаспайды? Мұндай күрт өзгерістерді не Мендіқызың, не менімен сөйлеспей бір өзі қалай шешпекші? Ен болмаса ана інісі Әділбекпен кеңеспей ме? Әділбек кеңесуге әбден тұратын әрі ақылды, әрі батыл, істесе қолынан келмейтін іәрсесі жоқ жаңыш тұрган жас емес не?..»

— Бұл әңгіме, пағашы, біз қазір ат үсті шешістің нәрсе емес, біздің әліміз келмейтін қыны, аса қыны іске айналып кетті. Жуыныңыз, дем алышыз. Сонау кейін көрерміз. Және папамың соңғы сөзі бар...

— Ол не сөз, Гүлжиһан? Папаң не деп еді?

— Бәрі де соңынаи, пағашы.

...Әзгерген! Мықтап өзгерген! «Нағашы» деген сөзге ғана, жансыз сөзге ғана, екі араны алшақтатпаса, жақыннатпайтын сұық сөзге ғана тіреле береді...

— Папаң қалай, жудеген жоқ па? Жиі көрсете ме?— деп Әлібек сұрақ жаудыра бастады, салқын лепті шетке ысыруға жанталасты.

— Не қалайың сұрайсыз? Елден, жерден, туған үйден айрып, абақтыға отырғызған жанның қалай болатынын білмейсіз бе?— деп қыз босай түсті де, тез ойын жиып алды.— Папама ризамын. Қажыса да, қайғырса да, тас қамауда отырса да ақылың жоғалтқан жоқ. Әмірден үміт үзген жоқ. Жалғыз тірегі мен ғана, сол мениң тағдырымды ойлаудан бас тартқан күні болған жоқ. Мен мұны ақтаймын ба, ақтай алмаймын ба, міне барлық ойлайтыным қазір осы ғана.

Әлібек төмен қарады. Гүлжиһанның ауыр халі тап өз басына кездескен қайғылы жайдай көрінді, онан да ауыр сияқтанды.

→ Папаң ақылды гой, Гүлжиһан. Ақылды кісі гой. Мен де білемін. Ақтарсың әлі сөн де перзенттік борышынды.

Міне, сол бірінші кездесу осында қуанышы мен қасіреті тең Әмірдің оты мен мұзының арасында өтіп еді.

Сырттан қараған адамға Әмір өз қалпымен өтіп жатқандай. Әсіресе үй иесі татар әйеліне мына екі жастың арманы аздай-ақ, тіпті жоқ та шығар дерлік еді. Әйткені, Ақметшешің қызы қай заманда да қалаған адамын табады, оған қыздың ажары, әкесінің ақылдылығы мен

дәүлеттілігі кепіл. Ал, «мына жігіт көркем екен, көркемдігінен де артыры иманжүзді екен» деп баға беріп еді әйел, Гүлжиһан Әлібекпен таныстырғанда.

Гүлжиһан оған жасырмай барлық сирин айтып жүрді, әйелдің Ақметшені көптен білетіні, және хазірет ері қайтыс болғаннан бері оның аруағын сыйлаған жесір абыстайдың татар халқының дәстүрінен, мұсылман шылықтың шегінен қия баспайтын аса діндарлығы мен ұстамдылығы және оның үстіне жасы келіп қалған жанның анасындай баурағаны Гүлжиһанға өте ыстық көрініп еді. Бүгін де ол Әлібекті «атастырған болашақ жарым» деген.

— Ата тілін алған бала қор болмайды. Атиң не айтса — соны тыңда. Бірінші досың — атиң,— деді әйсл Гүлжиһанға жатарда.

— Соның батасынан кейін, ризалығынан кейін ғана неке қидырасың, балам.

Бұл Гүлжиһанға өз ойымен ойладап, пішкен ақылына дәл келді.

## 5

— Ертең.... жок, арғы күні сәрсенбі, папама жолығатын күнім. Сонда ақылдасамыз...— деді қыз Әлібекке.— Оған дейін мүмкін Әділбек те келіп қалар. Ол «Шеген құдыққа» кеткелі бір жұмадан асты. Қалған мал-мұлікті сатып, ақшалап келмек еді.

Бөрі де дұрыс. Абыстайдың аналық ақылы да орынды. Ақметшениң сидігі тірегі жалғыз қызы екені де шек келтірмейтін шындық. Ішіне кірген адам шыққысыз үлкен қарагай үйдің Әлібек жатқан болмесі де әдемі. Қызың абыстай жапында болғаны да ескі салттың кіршікіз белгісі.

Бірак...

Ұйқы жок. Ой жүйрік. Қиялмен алтын сарай орнататын жастық желі үйитқымады. Өмірден тауы шағылып көрмеген Әлібектің бакыт құсы да жоғары, бәрін де күтуге болады. Бөрі де орындауга жол бар...

...«Гүлжиһан қайғылы гой, ауыр гой жас шақта мұндаі тағдыр соққысы! Енді не болмақ? Папасы қандай ақыл бермек? Мүндай халде жіберер ме жалғыз қызын? Жок, жібермейді. Оқу, жоғары дәрежелі білім алу керек депті. Қайда оқымақ? Қай жерде оқымақ? Егерде әкесі ризашылық берсе мен алып кетер едім. Бірак,

Алматыда ол оқитын дәрігерлік институт жок. Бұл орындалмайтын арман».

Тағы да біраз аунақшып жатты да, Әлібек орнынан тұрып шам жақты. Үй іші жым-жырт екен. Енді сыртқа құлақ тосты. Қөше де у-шусыз. Терезенің көше бетіндегісі тас жабық және сыртқы қақпағын жауып белдік темірін өткізіп іштен тиектеп қойған. Ол сөл уақыт ойланып терезені ашпак болып ыңғайланды да, салдырынан Абыстайды оятармын деп сескенді, екінші ішкі жақ терезені ашып сыртқа басын шығарды, бұл ауланың іші еді. Ортадағы дәліз және ас бөлемеден әрі абыстай мен Гүлжиһан жатқан терезенің шамы әлі сөп-беген екен, бірақ жә сөйлеген жанның дыбысы, жә қозғалып қыбырлаған әйелдің қимылы білінбеді. Әлібек ұзақ тұрды.

Шыдамады. Ақырын ғана жылжып сыртқа шықты да, аула жақтағы терезенің түбіне келді. Құлақ тосты. Тым-тырыс... «Сәрсенбі күні папаммен ақылдасамыз.... Иә, ақылдасармыз. Ол не дер? Гүлжиһан! Сен перштесің. Білемін. Сен атаның ақ жолын үстайсың. Сен кіршіксіз жансың, мен күтем, перштем. Сәрсенбіні күтем! Алып кетем. Алматыға алып кетем...»

Тұн бойы көз ілмей шықсан жаң Әлібек еді.

Әлде не бір, кара түнек басқа төпін келе жатқандай ауыр сезім оған, жүрек төрінен жалғыз ауыз өлең шумалын төктірді: дөңбекшітіп төсек үстінде әлденеше аунатты да. Сыртқа да шығарды: тұнгі қаланың үздіксіз қыбыры мен құлақ тұндырган ың-жыңын тыңдатты, үнлетті, аһлатты, қыз бөлмесіне құлақ тостырды, талай-талай тәтті ойға шомдырды, тентек қиялға да бой үрғызды, құлақ тосып бөлме есігінің алдына да төндірді, жазды күнгі Шолпанды, Шолпанмен өткізген кештерді көз алдына әкелді. Бірақ, бәрі дәйексіз, бәрі тұрақсыз, балалық іс болып көрінді. Ол — еш нәрсесінің тыңғылықты түрде басын қоса алмады. Ешбір ойдың медеу етерлік түйінді шетіне де шыға алмады. Ол аласұрып көз ілмеді. Таң атқан соң су жағасына кетті...

Сол күнгі ертеңгі шақта Жайық жағасының рахат самалың үлкен Жұнісов те еркімен жұтып, сұнина шарықтап құлаш сермеп еді. Бұл шаттық әлеміне шатты жүзбен қараған, өмір нәріндей денеге қуат, жанға жайлыш дем берген ғажайып өзеніне құшақ жайып көріскен жанның шарықтау тыныс еді. Ертеңгі сұлу әлемге шұлғып басын иген, керіліп аққан кербез суға құмарлық-

пен сүнгіген қошеметті тыныс еді. Бұл өмір қырқасына батыл шыққан адамның ісіне лайық күшіне дем берген серуені болатын.

Өмір бойлап пішуге кейде көне де бермейді, оның орына күтпеген жерден кездейсөк ұшырата салуға да дайын.

Хакім таң сол күні Алматыдағы інісін күн шығарышында шақта Жайық жағасынан кездестіремін деп ойлаган жоқ еді: ал, алыстан келген, жел аударған қаңбақша, ертемен су басына еріксіз телмірген Әлібек, уездік қаладан келіп Жайықтың сұнына құлаш ұрып жатқан ағасын көремін деген ойдан көш жер аулақ еді.

Ол, өзендей бойлай, жағалық ойнаған балаша, есіп жүзген ақ денелі Хакімді танымай қалды. Қайта жағадағы інісін су ішіндегі ағасы бұрын таныды. Жалма-жан ол шетке шықты да:

— Бәрекелді, кездесу деп осыны айт! — деді.

Әлібек сасқанынан:

— Сары аға, ассалаумагалайкүм! — деп сәлем берді, бірақ қысылып қалғаны үшінен де, қымылышан да айқын сезілді.

— Ұағалайкүмүссәләм...

Ол үндемей киіне бастады. Денесінің сұның қолымен сызырып, қалтасынан қол орамалып алғып, бетін, мойнын суртті: асықпай шалбарын киді, шашын тараشتады...

Не айтарын, не дерін білмей Әлібек те үнсіз қалды. Ағасы да әлде не ойни салмактап, айтар сөзін жинақтауга уақыт үттү. Ұзақ киінді.

Хакім аздан кейін бәрін де түсінді: інісі баяндамасада, оның алыстагы Алматыдан жетін келуі, аға-женгесіне хабарламауы, ертемен су жағасында сергелденге туусі, өнінің қашып тұн үйқысын төрт бөлгөні, тек қана қыз мәселесімен... Гүлжиһанмен байланысты екені «мен мұндалап» тұрған жайлар ғой. Хакімнің бөгелгені өзгеде. «Ақметшешің және оның қызының Оралда екенін хабарлаган кім? Қыздың өзі ме? Әлде Мендіқыз ба? Болмаса әлгі біздің елдегі тентек пе?» — деген сұрақтар еді. Ол мұны да болжагандай, болжау гана емес, дәл үстінен басқандай еді. «Бұл тек қана Әділбектің қолынан келетін іс. Өйткені, қыздың бұл сняқты батыл қадамға шамасы келмейді. Экесінен биліксіз аяғын аттап басатын жан ондай нәзік болмайды. Ал, Мендіқыз хат жазса, сыр бермей қоймайды. Жә жүрісінен, жә сөзінен,

жо жұз құбылысынан болса да сездіріп алады. Және ол ойын аса бүкпейді, тура сөйлесуге үйренген пенде. Жок, бұл тек қана Әділбектің жұмысы. Бұл істі бір тыңғыға жеткізерлік көкбезерлік мінезі анау күннің өзінде-ақ көрініп қалған. Жымпityдан қызды жеңге есебінде үйіне алып келген кісі, Алматыдан ағасын шакырып алуға батылы жетпес пе! Айтқандай, Әділбек сонда менин алпыс сом ақша сұрап алды-ау. «Інің қаржысыз кетті, ақша жібермесе мұқтажданып қалар» деді. Оның мұқтажы жол қаражаты болды ғой! Енді не істеу керек?!

— Бала, жай ма бұл жүрісің? Оқуларың қашап басталатын еді? — деп сұрады етігін киіп жатын.

«Не дер екен?.. Мен не деймін?» деген түйіндегі жазылмай, бағанадан бері қырық оралып тұрған күйкі сұраулар сасқалақ Әлібектің мазасын да кетіре бастап еді. Оның аузына мағынасы да аз, дәлелі де күйкі жауап сөз іліге кетті.

— Жай. Оқу бірінші сентябрьден басталатын болған соң, елге келіп қайтайын дедім...

— Імм... жолдың өзі де екі жұмадай уақыт алады. Сентябріңе де сол шамалы мезгіл қалды...

— Иә, жол он шақты күн алып қояды. Алыс жер ғой. Пішпектен Алматыға дейін ат-арбамен төрт қонып жететін жер...

— Солай, солай...

Хакім енді қайтып тексеру-тергеу сұрағын қойғысы келмеді. Бәрі белгілі. Інісін жайы да, мінезі де белгілі. Қызға келгені үркіп тұр. Әлібек — Әділбек емес. Өте шиті жан. Байқамай ұстасаң шытынаң кетерлік шөлмек сияқты адам. Жұқа, өте нәзік. Оның үстіне жуас. Тек бұлттан жоғары шарықтаң жүретін киял дүниесіне ғана бейім.

— Мені Оралға қызметке ауыстырды, — деді Хакім әңгімені де, әдісті де басқа жаққа бұрып. — Уезд тара-тылды ғой, оны естіген шыгарсыңдар. Бұдан былай аудан, кей жерде округтер де болмақ.

— Қандай қызметке?

— ... Сол заң бакылау жұмысына. Облыстық проку-ратураға. Екі күн болды тағайындалғаныма. Пәтер алдым. Енді үйді, үй дегенде Жымпityдағы жеңгенді алып келемін. Айтқандай, сен ауылға барасың ба? Ұа-қытың да аз ғой...

— Бара алмаспын. Екі-үш күннен кейін Алматыға жүріп кетуім керек.

— Онда, сен, мүмкін, желлініп қайту үшін...— деп созып, баптап, бұған не дер еken дегендей сынап, әр сөзін бөліп, інісіне қарап тұрды да Хакім:— мүмкін жеңгесді сен барып көшіріп әкелерсің. Бүгін кетсең, кешке жетіп қонасың. Жолды өзің білесің фой. Мықты ат, арба тауып қойдым. Арғы күні қайтып келесін...

Бұл сөздерді баптап тұрганда Хакімнің ойы басқа түйінге тіреліп еді. Ол қысқаша: «Мен бұл мәселеге енді кіріспейін. Өмірдің өз еркіне, өз билігіне салайын. Қалай жүріп, қайдан шыгар — оны алдағы күндер шешсін. Өйткені бұл қалай айтқанда да маҳаббат... мен өзім де...»

Хакімнің көз алдына мұнан он жыл бұрынғы Мұкәррәмамен екеуінің тәтті күндері, арман-хиялдары, су жагасына талай келіп, талай жүгірген шақтары елестеп кетіп еді. Ол жалмажаң Әлібекке:

— Жүр, алған пәтерді көрсетейін,— деді.

Ағалық етіп аңғырт басқан қадамын сөкпегеніне, оның тіні мұқшашы әдетінен бас тартып сапары жөнінде сөз қозғамағанына, үнінің жұмсақтығына, аса шат нұрлы жұзбен, бұл ақылды ағасының өте-мөте бір шарықтау үстінде тұрганына қуаныш кетіп Әлібек:

— Жақсы, Сары аға, жақсы. Мен өзім барып көшіріп әкелейін Менідікізды. Кетерде асығып амандаса алмағаныма өкініп жүр едім. Мен түскен пәтеріме айтып кетеңін. Бір сагаттан кейін келем. Адрес қалай еді?— деді.

Хакім адресін айтты. Інісінен сен қайда түстің деп те сұрамады. Оған бәрі де анық сняқтанды. «Баяғы Ақметшениң хазіреттері, солардың абыстайларының үйі ғой қызының тоқтағаны. Бұл бала да сонда шыгар. Айтқандай, Ақметше қалай қарайды еken бұл «некеге?» Ақметше... Бұрынғы Ақметше болса ол алдақашан шешкен шыгар бұл мәселені. Эй, Жұністің баласына, «қатал» прокурордың, коммунист прокурордың інісіне бере қоймас. Менің көлецкеммен жүріп бас пайдасын ойлаңтын Ақметше емес...»

Бір сагаттан кейін, ағайынды Жұнісовтердің кішісі жеңгесін көшіріп әкелуге Жымшитыға жүріп кетті де, үлкені Оралда қалды.

Ал, ең кішісі... Әділбек Шеген құдыққа екінші рет барғанда, ондағы қым-қиғаш тартыс пен шым-шыты-

рық уақиғаның шет-жағасын көзімен көріп, көрмегенін өз құлағымен естіп қайтқан. Ол уақиғалардың бәрі баяғы Коныскерей мен кедей ағайынын өлтіріп, елден безіп кеткен Қаршыганың лаңына байланысты еді.

## Бесінші тарау

### 1

Құрмаш атпен сол маңдағы сай-саланы шолып шығып, жылқы алған адамның ізін кесті. Жазды күні із кесу қын. Соңда да ол шөпсіз тақырлау жерге түскен ат түғының таңбасын және шеттегі Сәрсен үйінің алдындағы аттың жас таңдағын көрді. Сәрсеннің өзі Жолмұханмен бірге жылқыларды және басқа малдарды қайтадан түгендеге кеткен. Соңдықтан ол Сәрсеннің үй-ішінен сұрауға бата алмай, бірақ бейсугіт аттылының бұл жерге тоқтағанын, шамамен оның келген жагы қыстау бет екенин сезіп, Ақметшешің мекен-жайын тініп өтуге кірісті...

Шеткі қораның бұрышында жаңағы Сәрсен үйінің алдындағы жас таңдақ тағы да пайдада болды. Кораның іргесіндегі шөп шықпай тақырланып қалған жерге түскен түқ таңбасы шым-шытырық екен. Ол ішінен: «ат жер тарпыған екен» деп ойлады. Енді атынан түсіп, өзі ат қораның ішіне кірмекші болып еді, оның қақпа сияқты үлкен қарағай есіктерінің шалқасына жатқанын және есік алдындағы ұзынша киіз дорбаны көрді. Киіз дорбаның бір жағы шан-топырақ та, екінші беті қара құрымдана бастаған екен. «Бұл не дорба?» деп ойланып үлгергенше оның ауыз жағына ап-айқын түскен мылтықтың майлы таңбасын көрді. Қөп заман ораулы жатқан зілдей винтовка киізді жаңышып, бейне бір қағазға басқан мөрдей-ақ тапталған айқын таңба басқан. Ол басын шайқады. «Мынау кәдімгі елдегі мылтық жасыруыштардың қылышы» — деді ол өзіне өзі. «Қабылбайдың інісі,— әйелі Қалампирдан басқаны бір шыбықпен айдайтын бұзық Бейсенғалидың да осындай тыққан мылтығы бар деуші еді. Бұл да сондай екен...»

Бала ұзақ ойланды. Мұның иесі кім екенин табуга тырысты. Бірақ өз ойын ортаға салуға, көргені мен

білгенін тез жеткізуге атына міне сала Жолмұханға шапты...

— Сен ауылиайға жылқының ұрланғанын айт. Үры бар сырды білетін осы жердің адамы де. Түнде келіп мылтығын алғып кеткен. Итін ертіп кеткен. Өз жылқысын өзі қуып кеткен де. Арғы жағын өздері түсінер. Эйтпесе, «аппақ сақалдарыңмен қолдағы малға ие бола алмайсыңдар» деп үялтар. Өздері іздел, өздері тапсын... Таба алмаса, үстай алмаса өздері үялсын. Үқтың ба? Біздің міндегі: қалған малды Хакеннің тапсыр деген жеріне жеткізіп тапсыру,— деді, балаға Жолмұхан.

Құрмаш әудем жер шықпай-ақ тоғай жақтан үсті су-су болып жетіп келген көк төбетті көрді, төбет шоңқайып отыра қалды да ұлыды. Тоғайға қарап жылаган жандай ұлыды.

— Кара басыңа көрінгір, кет, жоғал! — деп жекірді Құрманш оған жақындалап келіп. Ит орнынан жылжып үйге қарай жөнеле берді де, бұл ұзаңқырап шыққан соң таты да зарлай бастады.— Мынау тоғайдан келген екен. Жамаңдығың өз басыңа көрінгір арам қатқыр-ай, тұра тоғайға қарап үлінды...

## 2

Бұрын үстіне атша мініп алғып тыным бермейтін, жатса қайта тұргызып мініп, өзі зеріккенше әурелейтін Қойбагарың Қаршыға соңғы жылдары қасына жуытпай койған-ды. Қашама бұрынғы достық шыдатлай алыстан кисаңдан, омырып-жеміріп жүретін жас қожайынның қасы мен қабагын бақса да Қойбагарға бір жылы шырай болмай-ақ қойды. Кейде тіпті арба астынан шыға келіп, бұрынғы әдеттінше аяқ астына жығыла кеткен итті жас қожайын теуіп қалып та жүрді. Ал, ат ертеп, мылтық алғып аңға шығу қамын көздеген иесінің күні бұрын үйден аулақ, жолын тосып, жанамалай ере жөнелген ескі досын Қаршыға атпен қуып сабалап, қанқақсатып арба астына тығады...

Бұл өзгерген қатаалдықты Қойбағар бірте-бірте ұқты. Ол көзінің астымен сүзе қарап, кейде қатты қайғырып көзін жұмыш қалып қайта ашып, мұңды шыраймен басын жерге салып жатып алатын ауыр жағдайға да көнді.

Қойбағар Қаршығаға енді ермейтін де болды... Бәріне кінәлі ақ күшік... Ақтабан. Жас қожайынның барлық

ынта-іңкәрлігі соның үстінде. Кішкене күннен бастап ақ оны бөлек саптыаяқтан тамактандырыды. Ежелгі көне итаяққа оның тұмсығын сұқтырып көрген жоқ. Және үш мезгіл де емес, саптыаяғы жылы-жұмсаққа толы...

Ойнатқанда тізесіне секіртеді, екі аяғынан ұстап алғып тік жүргізеді, жауында іргеге жатқызады, сұқта сенекке кіргізеді. Ыстық кезде де ақ күшіктің бабы басқа. Қолеңкенің төрі сонікі...

Бәрінен де қорлығы: аң қуғанда алыстан қайырып, тұлкіні қөлденендең шапқан қожайының алдына қарай тықсырып, сонынан «Жарайсың, Қойбағарым?» деп талай-талай мадақтаған лебізінен біржола маҳрум қалу; «Қойбағарым» орнына енді Ақтабан! Ақтабан! Үйде де Ақтабан, түзде де Ақтабан! Бұғаш де, міне екі күннен бері көрмеген қожайынға жеті түнде тап болып, қанжығалап шауып, жылқысын қайырысып келгенде кері қуып, үлкен судың кен жағасын да қызғанды-ау!..

Қойбағар Қаршығаның қаһарлы жүзін көргеннен кейін үйге қарай жөнеп берген еді. Біраз жер жортқаннан кейін ол тұра қалып артына қарады. Орман ішінен шығып бірге ере ме деген Ақтабан жоқ. Біраз уақыт қарап тұрды да ешкім көрінбеген соң бұрылыш келіп қара жолға түсті. Жолмен бұлкілден ауылға тартты...

Құрмаштың із кесіп жүріп сөске-түсте орман жақтан келе жатқан осы төбет еді көргені.

Төбет бұл жат адамға жуыған жоқ. Өйткені алдын-ракта тұрып бір жекіріп алғып, өзіне қарай ұмтыла түскен бұл үшқыр жігіттің тайынбас ниетін ап-анық сезді. Сондықтан ол жалт беріп, өзінің үйреншікті қора төріне қарай бұлкілдеді.

Балағын түріп алған оңтайлы жігіт оны шақырғыштап көріп еді, бірақ Қойбағар оған бұрылмады. Бұрылатын қылышы да жоқ. О бастап көзің жұмып жатса да селт еттіретін сүйікті атымен «Қойбағар! Қойбағар!»— деп шақырмайды. Бұл бала оны келеке еткендей: бірде «Майлайақ! Қаһ! Қаһ!» деп, бірде Бөрібасар, мах! Mah! деп ажуалайды.

Қойбағар қора мен үлкен ақ үйдің орта шеніне барып жатып қалды. Ол ұзак жатты. Үйден шыққан жандарды, үйге кірген жандарды көзімен сүзді. Атын атамай-ақ көзімен шақыратып жұмсақ үнді кәдімгі қара сақал есқі қожайын екі күннен бері жоқ. Қөп уақыттан бері, арбамен жүріп кеткен, шаш-бауы сыңғырлап жүретін қара шашты қызың жоғалды.

Үйдес бүгін көбірек шығып жүрген жалғыз ғана бәйбіше. Ұзын көйлекті бәйбіше. Ол бүгін аяғын ақырын басады, ұзақ тұрып далаға көз тігеді...

Бәрі өзгеріп кеткен. Қойбағарға атын атар, ас құяр, көз жылылығын төгер жанның бәрі әлдекәйда, көз тасада жогалып бара жатқандай көрінді.

Ит орынан түрекелді де, Жайық жақ бетке қарап, ынқының тұрып, ұлып-ұлып жіберді...

### 3

Ауыл совет кеңсесі қашық емес еді. Құрмаш құйғытып отырып «а» дегенше жетіп келді. Алдынан шыққан екі адамның бірі қазақ сияқты емес: жұзі сары, мұрны істіктей кісі екен. Бірақ екеуінің де киімі шаруаның күнімі: басында елтірі бөрік, үстінде жеңіл түйе жүн шеккен. Қойлектерінің жагалары да қазақы, жалпақ жага, Құрмаш мұны бірден байқаи қалды. Екеуіне коса солем беріп:

— Ассалаумагалайкүм, ағайлар. Мен «Шеген құдыштан» келдім. Жолмұхан нағашым жіберді...— дей бергенде, жұзі сары, мұрны істіктей кісі:

— Уагалейкүмәссәләм, бала. Не хабар бар? Жай келдің бе?— деді.

Құрмаш аң-таң болып не дерін білмей қалды. «Мына кісі... қазақ екен ғой! Мен орыс па деп едім...»— деп күбірледі. Оның күбірін сары кісі естіп қалды.

Қазақ болғанда нағыз қазақпын. Молдаш деген кісінің мендей тағы да төрт баласы бар. Бәріміздің де көзіміз көк, жұзіміз сары, мұрнымыз істіктей, орыс сияқты қазактармыз. Айта бер, айта бер,— деді.

Қасындағы жуандай келген қызыл шырайлы қазақ теріс айналып кетті. Ол «мырс» еткендей болды. «Нанаңың ба, наибайың ба?» деген жанша Құрмаш, сарыға бір, қызыл шырайлыға бір қарап қойып:

— Сіздер ауылнайсыздар ма?— деп сұрады.

— Нә, ауылнаймыз, бала. Айта бер жұмысынды. Олде бір тығыз хабар әкелдің бе?— деді сары.

Құрмаш хал-жайды тұнгі уақиғаны, бүгінгі өзінің көрген білгеннің актара бастады. Ол әдемілеп сойледі, Қалекеш жырышының айтатын әңгімесіндей етіп, қасындағы тыңдаушылары тамсанып қаларлық етіп айтты.

— Жылдызының қуган ізі де тұндегі дүбір шыққан то-

ғай жаққа қарай жетектейді. Мен көп жерге дейін із кестім — тақыр жерлерге ат тұяғының таңбасы қағазға басқан мөрдей болып жатыр. Ал, ит... көк төбет тура Жайыққа қарап үлиды. Өзі және бүгін сол жақтан келді. Қасындағы Бөрібасар қайтқан жок. Мен білсем: жылқыны қашып кеткен иесі Қаршыға куып әкеткен болуы керек. Онаи басқа ешкім де емес. Нанбасаңыз оның атының жас таңдагы ат қораниң бұрышында жатыр, Сорсениң үйінің қасында да жатыр. Соңсоң мына киіз қапты лақтырып кеткен де сол, көміл сол. Жасырған мылтығын алыш тайши отырган шыгар...

— Бала, тоқта. Жақсы. Ендігісін мына біз Едекенмен ақылдастын алыш істейік. Сен түсін сусын іш. Кешке дейін осында бол. Кешке бізбен бірге жүресің. Үшеулеп, тәртеулен, көптен тауып алайық бәлемді,— деді істік мұрын сары кісі.

Бұл Щитов болатын. Құрмаштың көзі оның қазақ емесін айырса да тілінде бір мұлтік жок бұл «адамды» орыс деуге батылы бармап еді. Ал, «Құрмаштың сөзіне қарағанда болған уақығаның желісінен, мылтық салған ұзынша киіз дорбадан және басқа да бірқатар белгілерден өткен түні қашқын жігіттің орманға тунеп шыққаны айқын сияқтанды. Жылқыға да шеттен жау келмеген белгілі. Ал, сол Қаршыға жалғыз ба? Жалғыз болса бір өзі мұндай істерді істей ала ма? Бұл іс қорықпай-үрікпей еркін қымылдан жүрген батыл жаниң ісі емес пе? Сүйеніші жоқ жалғыз жігіт ол қуып кеткен жылқыларды қайды қоймақ? Қару алыш кеткен... ойының қаралығын дәлелдемей ме?» Міне, осы сұрақтар еді Щитовтың талдай бастағаны.

Ол кешке қарай ауылдық милиционер Ажығалиды жіберіл, сол манда жүрген өзінің «жасырын жігітін» шақырды. Сөйтіп қасындағы болком хатшысы Едігे�новті, Ажығали мен «өз жігітін» алыш, Құрмашты қосшы балалыққа ертіш, өзімен бесеу болып Жолмұханга келді.

Аяқ астында бұғып қалған Қоныскерейді аяқ астынан жинап алған төрт-бес кісімен аңдуға кірісті. Бірақ Щитов оны ұстап ала қоямын демеді, өйткені «Қоныскерейдің оңай қолға түсетін жау емесін» ол көптен билетті. Ізін аңдып, жолын торып, не ой-пиғылы барын әбден ашып, тағы да адам жинап отряд құрып, жолын тосып, алышқа шығандап кетпеуге әрекет жасамақ еді...

Жолмұхан ермеді...

Кіріп келген екі адамның бірін Жолмұхан бұрын-сонды көрген емес-ті, ал түсін танитын Карабаймен де сырласып сөйлесіп көрмеген. «Сәрсендікіне бір-екеуі кіріп кетті. Қосарланып бұлар неғып жүр, әлде мені жылқы үрлаттың деп тергемекші ме?»— деп, палуан келгендерді бірден-ақ жаратпай қалған. Оның үстінен зілсіз болса да Карабайдың әзілі аралас ашық сөзі Жолмұханға тікендей қадалды.

— Эй, жігіт, сен қолыңнан іс келетін мықты және сенімді адам деп мына мал-мұліктің бәрін қолыңа тапсыртып едік. Бес жылқы үрланып кетіпті, бұл қалай? Оны кімге алдырыдын? Бүйте берсең қойынды алдырып, коранды бекітіп сопайып бір өзің гана қаларсың,— деді.

Сүнті де ол әдеттінше «е-е» деп тамагын қолқылдастып күліп қойды. Жолмұхан желкесін күдірейтіп, қасқырша бір қарап алды да, «осы неме шынымен мені айыштағысы келе ме, әлде сынау үшін айтқаны ма», күлкісін тоқтатқаннан кейін, Карабай тағы сөз бастады. Ол енді өз күдігін туралап ашқандай болды.

— Жылқыны алған Коныскерейдің қанқұмар баласы дейді ғой. Оны сен неге айтпайсың, жігіт. Әлде бір бүйірің бұрып тұра ма сондай діннен безгендерге?!

Жолмұхан енді желкесімен ақырын бұрылмады, аса тез бұрылып, жүзін адам сескенерлік бір безерген қалыпқа салды. Гайпактау келген кең мәндайдағы жазық қабак жыныла түсгі, көзі қызыл тамырланып, күрецітіп кетті. Ол құлаштаи согын жіберуге дайындалғандай екі нығын қигашташ қозғаи, оң қолын көтеріп алды.

— Сен, Карабай, менен жасың үлкен, сондықтан ауызға келген сөзді бір жол тежеп тұрмын. Оның қандай сөз екенин қазақ атаулының бәрі шамалайды. «Бүйрекің бұрып тұр ма?»— деген сөз не сөз ол? Ал, бұрып тұр, сонда не істегің келеді?»— десем не айтар еш, ө?...

Қарабай сасын қалды. Палуашың түрі оған қатты әсер етті.

— Сен білесің. Сен білмейтіп бұл манда сыр жок дегенім. Е-е-е...

— Иә, білемін. Мен білмейтін де, сен білмейтін де

сыр жоқ бұл аймакта. Жылқыны Қоныскерейдің баласы алғанда не істейсің?

— Тауып, қолға түсіру керек.

— Қімді тауып қолға түсіріп жатырысың? Он жыл болды ғой сол Қоныскерейдің артына түскендеріңе. Неге тауып қолға түсірмейсіңдер?

— Сен жігіт ол сөзді қой. Оны қолға түсіру, түсірмеу екеуміздің қолымызда емес. Сен алдымен мына бес жылқыны алғанды ойла. Ол бұзық баланың қайда жүргенін айт. Ашуланба. Сабырмен сөйлессейік, е-е-е-е...

— Қоныскерейді қолға түсіре алмасаң, оның баласын да қолға түсіре алмайсың. Алады. Тағы да талай жылқыны алады. Оған ешкім қарсы тұра алмайды,— деп салды Жолмұхан күрілдеңкіреп шыққан жуан дауысын сәл бәсендетіп.

— Е-е-е,— деп күліп алды Карабай тағы да әйелін келеке еткендей. Бірақ оның бұл әдетін Жолмұхан жақсы білетін. Сондықтан оның күлкісіне назар салмады.— Қалайша түсірерсің оны қолға, мына сендер жақтап сейлеп тұрғанда!

— Жалғыз мен емес оны жақтайтын, жұрт жақтайды. Сондықтан қолға түспейді ол. Мұны өзің де білесің гой.

— Қызық екен. Шешен шыққан бұзықты жұрт жақтайды дегенді бірінші рет естің тұрмыш.

— Жақтамаса неге ұстап бермейді? Бір адам күшті ме, мың адам күшті ме? Мың адам күшті. Сондықтан ешкім оған ешнэрсе істей алмайды.

— Иә! Қызық! Қеше ғана кісі өлтіріп кеткен бас кесерді жақтайды деу өте қызық...

— Әлі де өлтіреді. Көп адамды өлтіруі мүмкін.

— Жолмұхан, сен жұртқа үрей салма. Дұрыс емес сөзің. Жазықсыз жанды өлтіртіп қоймайды, оны өкімет ұстайды,— деді Карабай салмақты, сабырлы үнмен.

Бұл жолы ол күлетін әдетін тыбып қалды. Аз ойлауды да Жолмұхан, бастапқы ашу қысқан қалпын өзгертип ақырын сөйледі.

— Қазір Қоныскерейдің қайда жүргенін білесіңдер ме? — деп сұрады Жолмұхан енді қадала қарап.

— Білсек ұстамаймыз ба? Білмейміз. Ал, сен өзің ше?

— Білмейтін жалғыз мына өздерің. Әкімдер. Басқа жүрттың бәрі біледі Қоныскерейдің қайда жүргенін. Мен де білемін... Білмесем де шамалаймын,

— Онда сен неге айтпайсың? — деді Қарабай жұлып алғандай.

— Айтпаймы.

— Онда бүйрекің бұратыны шын ғой...

— Эңгіме бүйректе емес, сирақта да емес. Мен білесім. Білсем де айтпаймын. Өйткені мен ер жігітті сыртынаң көзеп: «Әне? Әне жур. Барындар! Ұстандар!» деп көрсететін пасық емеспін. Басқалар да осыны ойлайды. Неге дейсің ғой, өйткені Коныскерей өздігінен ешкімге тиіскең де жок, ешкімді нақақ өлтірген де жоқ»— дейсің!

Жолмұхан енді жай қалыптен сөзінің дәлелділігіне көзін жеткізейін деген жанша нықтап, тұжырымдап сөйледі.

— Менсіз де білесің қазақтың жайын. Соның ішінде Коныскерей сияқты нағыз ер, айтқанынан қайтпайтын табанды, жаш жолдасқа адал адамдардың не істеп, не қоятынын, не ойлайтыны! Коныскерейдегі жұрт жақтайды, ол жазықсыз, оны нахақ жазғырады деген түсінік менің миыма зорлап тыққылаған түсінік емес. Мұның асыратын, жасыратын, дәлелдейтін, сұлулайтын ештеңесі жоқ. Бұл ақықат жай. Ақықат уақыға. Сондықтан жұрттың бәрінің миына тегіс қонған нәрсе. Коныскерей кім өзі? Коныскерей руын алсаң — Ысық. Бергі атасын алсаң Тоғызбай. Өз әкесі Кожахмет. Жайлайтын жері Тайсойған, Бүйректі. Әкесі қазір жетпісте. Сол жетпіс жасының ішінде осы өңірде оны осал адам деп ешкім айтқан жоқ. Оның мықтылығы жүректілігінде, білегінің күшінде, ақылшының молдығында. Өзі иман-шарт пен әптиектен асып білім салмақтастырган жан емесс. Немен күн көреді? «Ер азығы мен бәрі азығы жолда» деген қагиданың құлы болған жан. Өзі өлі тірі.... Ал, оның үш баласының үшеуі де өзіндей. Оның ішінде Коныскерей өзгеше. Ол ірі, күшті, мерген, ақылды, өжет. Қуғаны әкесінің жолы. Өйткені кең даланың үрікпей, қорықпай, қысылмай, тарылмай, тарықпай өскен тарлан жігіті. Оның қолы жарлыға да, жақыбайға да, жақынға да тиіп көрген емес. Бірак, аламын дегенін ол аузы алты қарыс Шорман билсөр мен мыңғырған байлардан да, аузымен құс тістеген әкім-қаралардан да алып келді. Жексүрүн атануымен аты шыққан жоқ, «жігіт!» деген сөзбен шықты оның Коныскерей деген аты. Ал, сол жігітті он сегізінші жылы жаңа өкіметтің өзі қойды ғой ауылнай етіп,

Колынан іс келмейтін адамды қоя ма өкімет? Мына өзінді де қойып отыр ғой басына! Сөйтіп жұрт білген жұрт сыйлаған, елге «жігіт» атанған Коныскерейдің үйіне келіп тығылды, сонау арғы беттегі бөкейліктен ығысқан атақты Аязбайдың Ергалиын «ұстап бер!» деп діккендерге Коныскерей не демек? Қыргидан қашқан торғайды да паналатады ғой адам. Үйіне келген миманды ұстап берген зұлымды қай ата-бабаның қагидастынан көрдік! Міне, бассалып, «қонағыңды бауыздаймын!» дегенге ер жігіт көнер ме! Әңгіме нағыстан, адалдықтан, ата-бабаның аяқ асты етпейтін ғұрпынан шықты, соны таитаймын деген есерсоқ милицияны да, қол көтерген нашандігін де, тіпті бастап алып келген болатком Зиманды да жоқ ету әрекетін жасады ғой. Зиманды әрине өлтірмеді, қара санынан ғана атты. Соңан бастап Коныскерей «бас кесер» болды. Бас кесер деп жүрген әкімдер. Ал жұрт Коныскерейді кінәлы деп білмейді. Оның өңгеріп кеткен қозысын, мініп кеткен бір тайын ұрлық деп те санамайды, зорлық деп те есептемейді. Бұл да қазактың байтақ даласының тентек-тел өскен ұлдарының еркелігі деп біледі. Тап қазір де солай түсінеді. Сондықтан да оны ешкім: «Әне, Коныскерей! Апа жерде жатыр! Анау үйге қонаады!» деп айтпайды. Ол нағыс жақтаушы. Егерде тарғы да оны ұстаймын десе, сөз жоқ ол қару жұмсайды. Мұмкін көп адамды өзінен бұрын о дүниеге жіберіп те үлгерер. Осыны түсінбегендер ғажап топас жандар...

— Жолмұхан, сен әділдік айтудан аяғынды жазым бастың білем — мына сөзің дәл емес. «Нашандігін де, милициясын да атып таставды, атпағанда қайтеді» дейсін. Бұл Коныскерейді жақтау, мұның қылмыскерді ақтау болды. Нашандік Мырза дейтін адал, еңбекшінің мүлдессін қорғап жүрген көзі ашиқ саналы жігіт еді. Сол кезде қаптаң кеткен бау кеспе үры, сәудегер, алышаттар алдауышылардан момын шаруаңы қызғыштай қорыған адам. Сол Мырза сияқты азаматтар ғой қаны мен жанын қоса берсе де совет өкіметіне шаң тигізбей келген. Сен асырып жібердің. Сірә өзіңің де мінезің мен құлқың соның сынары болмағай. Хакім Жұнісовтің «Жолмұханның іstemегені жоқ» деп отырғанын талай естіп едім. Қарғаның көзін қарға шұқымайды деп...

— Мен де сондаймын, мен де сол Коныскерейдің сыбарымын. Мұны ешкімнен жасырып көргенім жоқ, — деп Жолмұхан атком председателінің сөзін бөліп кетті.—

Бірақ мен сілде жүрміп. Ешкімге зұлымдықпен қол көтеріп көрген емеспіш, өзіме де қол көтерген адам болған жоқ. Егерде апа сияқты намысъыма тисе — мен де тапсоның істегеніп істер едім.

— Истепсің де...

— Жоқ, менің істегенім басқа. Қерек болса оны да айтайын. Ешкімнен мұны жасырып көргенім жоқ. Он сегізінші жылы мен жиырма бесте едім. Жұрт Жанша ханың дүржинасына жазып жатыр деген соң, ең болмаса астыма ат, қолыма бір көсеу тимес пе екен деп мен де келіп жазылдым. Ат та міндім, мойныма көсеу де ілдім. Көсеу болғанда қандай, бір көмейінің өзінде бес оқ катар тығылатын сала құлаш сабаз. Эйт-дыбаны қақтық. Айқай салып қылышпен онды-солды шыбық туралуды үйрендік. Қазармасын басымызга көтеріп түнімен дүрілдетіп шығатын болдық. Не керек, еріккен жігіттер «қызылдар келе жатыр» деп шу көтеріп, басалып хан ордасының өзін шауып алдық. Кеткен жұрт қызылдарға кетті, мен хан қазынасын қоржынға салып алып, өз жайыма кеттім. Опан жинаған менде мал болмады ғой, мал түгіл астымдагы атымның өзі де құтаймады. Котырға шалынып шаруасы бітті. Бұрынғыдай болмаса да, ел арасында бірде атты, бірде атсыз жүріп әрекет жасадық. Бірақ әлгі банды-санды, ұры-қарымен күресеміз деп жек көрген жандар менің еркін жүріп, қолыма іліккен атқа мінестінімді көре алмады. Үстімнен уезге шағым жасаумен болды. Сөйтіп жүрген кездे сабаз Хакең кездесіп, кадімгі осы күпгі прокурор Хакім: «Жігіт, бұлай жүруге болмайды. Дене мынау, күш мынау, ана бастьң іші міға толы шығар. Бұрынғызды мен ұмытайын, қазіргін сен ұмыт. Ел болып әлеумет ісін қолға алып жатқанда, бір жұмыстың басын ұстамауың ұят», — деді. Сөйтті де сенің қолың анау почта айдау. Колында төрт-бес ат, тақымың астында өзіңнің үйрениген көсеуің, ақысы айлық ақша, жататын үйің тағы бар дегениен кейін екеуміз қол ұстасып уәде байластық. Міне, адам деп Хакеңді айт! Ол мені таныды, мен оны таныдым. Соңан бері Хакециң өл деген жерінде өлемін, тіріл деген жерінде тірілемін. Мына тапсырмасын да орындаимын. Ал, Коныскерейдің баласын да, өзін де мен көргенім жоқ, көргім де келмейді. Қерсем — білгім де келмейді, — деді.

Қарабай адамның мінез-құлқын жақсы білетін кісі еді. Ол Жолмұханды енді жұмсаруды мақұл көрді,

— Мен, Жолмұхан, сені Қоныскерейге тәңеп тұрғаным жок. Сенің жайынды мен де естігемнін. Сен ер жігіт болған соң, мына жердегі бір топ кедейлерге жәрдемің тиер деп осы жұмысты тапсырдық қой. Ал Қоныскерей жөніндегі жаңсақ пікірінді қоя тұралық. Оны өзің де түсінесің соңынан,— деді.

Бір беткей өжет Жолмұхан омыраулап, өз ойын атком ағасына тайсалмай айтса да, ісі де, сөзі де қара шаруага қонымды адамның мына сөзіне енді қайтып қарсы жауап қатпады. Тіпті өр көкіректікке салса да. «Құдай атқан Қоныскерейді актайтын дәлел аз. Ол иттің іstemегені бар ма!? Және сол істеген қылмысына безіп ел қатарына қосылуды ойлаған адам емес. Ақыл айтқан Хакімге де, тіпті жаздығуні жаңына батыра сөйлеген мениң аңы сөзімді де құлағына ілген жок. Шынында мына батырақ аткомның қылмысты дегені жанды» деп ойлады да, бірақ бұл ойын Карабайдың алдында мойындармай өз бетімен кетті. Карабай шығуға бет алды. Жолмұхан да оған әзір шайға отыр деп айтпады. «Осы жалпақ бас Жолмұханның сөзінде шындық бар. Қоныскерейді жұрт неге ұстап бермейді? Бәрі жиылса бір адамға құдіреті келмес пе еді?! Ұстап беру былай тұрсын, тіпті теріс сілтейтіндер көп деседі. Ол дінен безгеш. Арқага қарай бет алса, кейбіреулер құбыла бетті көрсөтеді екен. Аны күні бір жылқышылар: «Тура Жымпітыға кетіп бара жатқанын өз көзімізben көрдік» деп айт-су ішкен. «Бір тентек ел ішінде журмей ме екен?...» дегенді осы жұрт тегіннен-тегін өлеңге қоспаған да шығар» деп ойлады Карабай атком. Енді қосшы кедейлерден құрылған артельге бет бұрып келе жатып, жаңадан бөлінген жердің шекарасын ол өз көзімсі белгілеттіріп, өз қолымен бермекші болды. Сонымен бірге ол өзіңің сенімді қосшыларынан жоғалған-жылқы жайлы да көрген-білгенін сұрамақ еді,

## 5

Қоныскерей де көп нәрсені енді ғана түсінді.

Калайша?— деді Қоныскерей қабағын түйіп.— Комсомол хатшысы?

— Комсомол хатшысы, аға. Қоғабай дейтін бір күжак. Өлтіргенің жақсы болды. «Қара таяқ... оқымысты... Борсықша сорып отырган қанаушы... Ақметшелерді жер аударған күні қосшы кедейлер «уі!» деп бір кеудесін

кере дем алады» деп анау күнгі жиналыста өзменін соза сөйлемеген шешендердің ең бір өшиендісі еді...

— Экесінің аты кім?

— Экесінің аты Шынғали. Ол да баласы сияқты ку жақ болса керек, баяғыда бандыларды құртамын деп жүргенде о дүниеге жөнелтіп той,— деп Қаршыға әкесінің де, баласының да өлгеніне мейірі қанған жандай нығыздап, сөздің жігін жеріне жеткізе қаластыруды.

— Шынғалидың баласы?! Пыркарол емес дейсің бе қаза тапқан?

— Пыркаролды қай құдай алушы еді, жүрген шығар жүртты бір шыбықпен айдал.

— Сен қателескен жоқсың ба?

— Не жөнінде, аға?

— Пыркарол жөнінде...

— Жоқ, аға. Айтып тұрмын той, кәдімгі Шынғалидың қу жақ Қоғабайы деп. Шашы дудардай болып сұлаш түскен өзің атқанда. Сөрсөн ағам айтты. Ол бәрін де өз көзімен көріп, өз қолымен өлігін арбага салысқан.

Коныскерейдің жүзі әлденеге елең еткендей таңырқаған пішін көрсетті. Үнемі тұнжыр қабақ, қатал ұн, жирылынқы шырайдан бір арылмаған бұл түсі сұық жаның қабағын керіп, көз шарасын кенейте түскенине қарап Қаршыға да өңін құбылта қалды. Ол тіпті қуанып кетті. «Қоғабайдың өлгеніне риза екен» деген өз болжалына төр бергендей.

— Иә, аға. Өлген сол комсомол. Талайдың түбіне жетер өшиендік пигылда еді. Бізге өштігі өз басын жүтті...

— Бұл қабарың анық болса пыркаролдың аман қалғаны жақсы болды. Зұлымдық ойдан аулақ ер жігіт...— деп сөз аяғын ашпай балаға кенет ашы ой туғызыды.

— Анығына анық, аға. Бірақ сол пыркаролың да, оның інісі де, өлген Қоғабай да, елді екіге бөліп жауластыруға кіріскең бір жақ адамдар той.

— Солайын солай да шығар. Соңда да Хакімнің өлмегені керек. Ана жігіттің де... Оның әкесінің де өлмегені керек еді...

Қаршыға оған аң-таң пішінмеи қарады. Ол Коныскерейдің он жыл бойы салмақтаған, «енді өткенге салалат айтып, барға тәуба қыларлық ойын бөлмеді, жегідей жеген ашы өмірге оның бүгін өзгеше мән бере бас-

таганын жөне оның сөзіндегі жұмсақ үнді, жаңа райды түсіне алмады.

Қоныскерейдің көз алдынан тағы бір сурет өтіп кетті. Тез отті....

Таң сөріде терезе түбінен дұрсілдеп өткен ат дубірінен кейін: «Қоныс, үйдемісің?» деген тарғыл үн жалғаса шықты. «Кім бар?». «Ерғали!» Суыт жүрісті Баймұқан, сол сияқты жортуылға түскен жан! Қай Ерғали? Ар жақтағы Аяzbайдың Ерғалиы ма? Қім болса да ат шалдырып, көз шырымын ілер пана көздеген жан... «Үйдеміш, құдайы қонақ болсаң!» есіктен шыға келген Қоныскерейге өзіндей сұсты Ерғали: «Соңында аңшылары тақымдаған бөкей бөрісі аулаңа басын сұқты. Ер қасына киіз қап іліпті деп есіттім... Батырдың бас сағалар шағы бар. Қашқын деп қаттаймысың? Әлде құмды есіп, Жайықты кешіп жүрген еркек ұл еді деп даттаймысың?— деді-ау соңда. Мен не дермін! «Сай қабағындағы қалқиған қарыс сүйем қара жусанның да бір торғайлық көлеңкесі бар, аулама басың сұқсаң ар жағында төрім тұр. Дәмі мен жастығы дайын. Kір!» дедім білем...

Жаңа ғана көз шырымын ілуге де мұрша бермей, іле-се келген ұзын сары сол Шыңғали... Екі милицияның бірі. Өңмендеген сол. «Ауылнай болғанда ұры-қарыны үйіне паналату үшін болдың ба? Тез шыгарып бер бұзықты!» деп бұйырды. Не амал бар? Бас пана іздеп келген Ерғалиды ұстап беріп жүзі қара болғанин,— «қой, шырақ! Ауылнай болғанда» деп мені ұялтып қайтесің. Құдайы қонағымды тоқтыша томпылдатып, әкіренде-гендердің алдына өңгертіп жіберу үшін ауылнай болғаным жоқ. Не жалпақ — дала жалпақ. Истерінді менің босағамин аттап шыққаннан кейін істе!»— дегенде, ай-қайлап өзіме қамши үйірді-ау бейшара! Арғы жағын милиция да, өзі де білмей қалды... Сол Шыңғалидың баласы екен гой, кешегі қаза тапқан! Бірі агаттығымен қаза танты. Бірі байқаусызыда... Екеуі де жазықсыз. Егес пен нағызының... Өткенге салауат! Хакім тірі қалғаны абырой, әйтпесе достыққа қастық болар еді...

Қоныскерейдің жадырай түскен қабағының қайта түнергеніш байқап, бірақ не ойлағанын, неге өкініп, неге тәуба еткеніне түсінбей, Қаршыға өзінің біліп, көріп келген жайын айтып бітіруге кірісті.

— Аға, әлгі бұзық Щитов жортып жүрген көрінеді бізді іздеп. «Сақ бола көріндер, төңіректің бәрін тіміскілеп тінтіп жүр» деді Сәрсен ағай...

— Ол кім еді?..

— Щитов па?

— Иә.

— Гұпу ғой, аға. Қасында қаптап жүрген қарулы адамдары болса керек.

— Щитов?.. Бұл фамилия жоқ еді көптең бері.

— Бар, аға.

Копыскерейдің қабағы қайтадан қара сұық ызғар төгіп тұрғандай болды. Ол бар ой, күш-қуатын, барлық жүз қаһарын тек қана бір нәрсеге, бір адамға аударған сияқтанды.

— Щитов сол! Қайтадан шықты. Баймұқанның түбіне жеткен...— дед, Қаршығаға бұрылмай, ауыл жаққа қарап тұрып, өзіне өзі жауап қайтарғандай болды.

Сонсоң Қаршығаға мойнын бұрды. Жүзіндегі ызғарды жібітпейді. Қысқа-қысқа сөзбен балаға бұйрық ретінде тіл қатты. Қаршыға тыптыр етпестең, екі көзі Коныскерейде, құлағын оның өктем үнді сөзіне тосты.

— Біз күн үясина кіре жортып кетеміз. Ұзақ жолға, бұл жаққа қайта айналып соқнас сапарга. Ұбып ал. «Неге? Қай жаққа?» деген сұрама. Қазір Николайыңа қайта бар. Устіңе шақ шинель, солдат бөрік және солдат күты тауып берсін. Ақшасын төле. Сонсон... болса сукар, болмаса — калаң нан ал. Қант-шайың бар. Басқа еш нәрсе керек емес. Сұрай қалса: «Текеге жүремін, адбакат жалдаймын, папамның ісін қуамын» де. Тез барып қайт!— деді.

Бала тез жүгіріп су жағасына жетті де, арғы беггергі жағада ау жайын жүрген балықшыларға бөркін көтеріп қол бұлғады.

— Микалаша, лотка! Лотка! — деген Қаршығаның ащы, жіңішке даусы қоса шықты.

Қаршыға Микалашканың арғы беттен қайығына мінгенін қарап тұрғанда, кейіндегі ағаш арасынан Коныскерей:

— Бала!— деді, Қаршыға селт етті, жалт қарады.— Мен Мақыштың күтіріне кете беремін. Сонда кел, ана қаз мойның қалдырып, екі атты өзім алып кетем.

— Жарайды, аға...

байлай салды да, Мақыштан алған екі аттың біріне қоржының артты, біріше бірін қосақтаپ жетегіне алды. Сөйтті де, Ақметше аулынан шығып жағаға құлайтын жолдан бір бүйір тұрган шоқ орманға бетtedі. Бұл шоқ орман бұлардың қонақтаған жерінен екі-үш шақырым жер оқшау тұр еді. Бұлкілдей желіп, сирек ағаштарды бетке қалқалап, көлденең көзге шалынбайтын жықпылжықпылды сағалай тез келіп жетті. Шоқ орманның төңірегін көзбен шолып, аяңмен аралап, екінші елсіз шетіне келді. Орманның ішінде де, сыртында да жан жоғын байқады. Соңсоң екі атты қалың қапырықтың ішіне кіргізіп, мал тісі тимеген қалың шөпті айнала оттарлық етіп ұзын шылбырмен арқандай салды. Өз атын ең шеткі ағаштың тасасына қойды. Соңан соң орманнан екі-үш жұз қадамдай жердегі қырқасымақтың етпеттеп келіп үстіне иек артты да, мылтығын жаңына қойып алыстағы жолды торыды. Жатып, көзбен торыды. Көлденең көзге ілігерлік аң мен құсты да есепсіз жіберместей, ежелгі өзінің әккі амалына басты.

«Щитов дегені сүр мергеннің бірі. Бұл мұнап бірнеше жыл бұрын Баймұқанды қолға түсіріп еді. Түсіргендес... атын түсіріпті деп еді. Енді менің социма түскен сол екен. Менің оғым жаңылса оның багы. Оның оғы жаңылса... мұндай жағдайда ұрынбай кеткен абзal», — деп ойлады Коныскерей.

Ол Қаршығаға бұл сырын ашқан жоқ еді. Ойы: егер Қаршығаның сөзі жанды болса Щитов бұл жағаға бір соқпай қоймайды. Өйткені ит... ертенгі кеткен ит ауылға тілі салақтаپ жетіп барса, оның Қаршығаның жатқан жерінен келгенін Щитов түгіл бала да біледі деп ойлады. Ал, келе қалса... Тіпті Қаршығаға кездесіп қалып бас салса... «онда көрін алармын» дегендік еді.

Ұзақ отырды. Айнала көз жазбай қарап отырды. Кей кез ойға шомғандай көкжиектен көзін алмай сазарып та отырды.

Коныскерейдің сол кезде не ойлап, не қойғанын кім білсін.

Күн екіндіге төнгенде Коныскерей көзбен қадағалап отырған алыстағы жол үстінде болар-болмас ак тозаң бүрк еткендей болды да, қайта басылды. Оның көзі жолды жеп жібергендей қадалды. Ақ тозаң екінші жерден барып бүрк етті. «Жол бойымен ытқыған қосаяқ па?» деп ойлағанша болмай, жолдың қазба табанымен бұлкілдеп келе жатқан иттін басы қылтылдаш көрінді.

Көзін үқалап алып қайта қараған Қоныскерейдің көзіне енді иттің тұтас бейнесі ілікті. Жолдың қырынан бір, табанынан бір қылтылдаш жортып келеді екен. Алыстан кіші көрінгенмен мұның аң емес, мысық та емес екенін Қоныскерей жақсы анғарды. Өзінің осы жерде торып отырғаны да сол Қаршығаның сонына ерген иттен сескенгендік қой.

Көп кешікпей ит сонынан әрегіректе, қырат басынан шыға келген бір баланың шынашақтай бейнесі шалынды. Бала сәл тоқтап, алдында көрінім жерде кетіп бара жатқан иттің сонынан қарауыл қарап тұрған сияқты. Дәл... қарауыл! Ит тұра қалып кенет кері бұрылып еді, бала жалмажан отыра қалды. Тіпті көзден ғайып болып кеткен сияқты ұшты-күйді көрінбей кетті.

...Елдегі баланың ойыны. Ит баладан аулақтайды, бала жасырынып қалады, ит әрі жүрсе, бала тағы ереді. Мұндай көріністер талай-талай езу тарттырған бала мен иттің әрекесті гой...

«Мұның сонында сол Щитовтың жасырынбақ ойыны. Білсм сырныңды. Мен бірақ ит арқылы ізденетін даланың тік құлак қарсағы емес. Қөрермін... Айланы... Әлгі есі жоқ Қаршыға неге кешікті? Мына ит пен бала соның сонына түскен ит қуғын»,— деп ойлады Қоныскерей. Ол не де болса мына елден бөлек, ойға келмейтін, сұмдығы асқан із кесудің бар шетіне шығармын-ақ, деп етлеттеп жатып қонышынан шақшасын суырды. Оны қағып-қағып жіберді. Бірақ соңғы кезде сирек атса да насыбайдың сарқылып, тек қана шақшаның қырындысы қалғанын сезді. «Шақша да қағыла бастады. Оқ та тапшылана бастап еді, бір жөні болып Қаршыға әйтекеүір смың қорландырып таставды. Енді бір аялдағанда насыбайды да қорландырармын,— деді ол ішінен, шақша тығынын сұңғілеп-сұңғілеп жіберіп, болмашы ғана тырнаққа түскен бір кездегі қарабұйраның жұқанасын ышқына тартып.

«Мүмкін бұл Қаршығаның жолдасы шығар! Аң аулауга, суға түсуге бірге шығатын?»

Бірақ бұл өте әлсіз болжалды екіншісі тез ысырып жіберді.

«...Жоқ, бұл соның ісі. Айдушының айласы. Осыншама жерден Қаршығаны жаяу қуып келетін бала қайдан шықкан. Және... ит кейінгі жаққа бұрылып қарағанда анау жата қалды... Ит қайда барса — Қаршыға сонда деп жіберген...»

Бір кездे орманнан шыға шапқан аршынды арғымақты адамды көре сала Коныскерей:

— Түшу, иттің баласы! — деп жерге түкіріп қалды. — Байгеге шапқандай көсілуін қара! Ойында дәнеңе жоқ, мұндай ақымақ болар ма...

Коныскерей оның қазықша қадалып атқа отырысына және үстіне шинель, басына шошақ бөрік киіп өзгере қалғанына қарап отырды да қайтадан қисайды. Етпеттеп жатып бақылады. Бала тұра қырға қарай, кешегі Мақыштың өріс төріндегі алыстағы күтіріне қарай ат бауырын төседі...

Көп кешікпей бір бүйірлеп, арт жағына, аттылы адамға аңшынын итіндей көсіліп ақ тәбет шапты, көдімгі ертеңгі Коныскерейдің жекіріп қуалатқан қайың қаптал ірі тәбет.

«Тышқан ініне кіре алмай жүріп қүйрығына қалжуыр байлайды» деген осы. Бәлекеттің баласында да торғайдаң миындақ ми жоқ екен. Шамам-шама. Ана ит мына үялас итін іздеп келе жатыр. Анау бұққан бала мына адырайған баланы таппақ. Мұның бәрінің сонында ең бұзық аңшы...»

«Мен Мақыштың күтіріне кете беремін, сен соңда келерсің» деген сөзді ғана ұстап қалған Қаршыға басқа еш нәрсені де ойламады. Алыстан із кесіп, сырттан тоғып, оны қолға түсіруге әрекет жасап жатқан жандар бары оның есіне де келген жоқ. Ол тек қана күтірге жестуге асығып, еспе жүрісті ұшқыр биеге тақымын қадай түсті. Ал, жанамалай шауып қатарласа қалған өзінің Ақтабаның көргенде қуанғаннан:

— Айда, Ақтабан! Сілте! Сен мені жеті қабат жердің астынан да тауып аларсың! Кеттік, кеттік! — деп ысқырды.

Ақтабан құлағын жымита түсіп, оның алдын орауга асықты.

Бұл құйыннатқан жас жігітке иттің сонынан еріп алыстан бұққан Құрмаш орнынан түре келіп қарады. «Ана ауылнайлардың ізін кесіп бірнеше күннен бері қолға түсіре алмай жүрген сұрқия бас кесер жігіт осы болды. Өйткені сонындағы Бөрібасар, астындағы Ақметшениң көк арғымағы! Мен болмасам өлі де бірнеше күн іздер еді!» деп бір жағынан насадтана, бір жағына «енді неге үмтүлмайсындар?!» дегендей ол кейінгі жакқа қарады.

Кейінгі жақта оны алға қарай ит соңынан жаяу жіберіп, өздері аттарымен сай ішінде Щитов пен Әжіғали және бір қызметкер тұр еді. Аттылыны бұлар да көрді, бұлар да мұнын Қаршыға екенін бірден таныды. Алайда, Щитов Коныскерей мен Қаршығаның қосылған-қосылмағанына көзі жетпей, бірақ «жылқы үрлігі жалғыз адамның ісі емес» дегенге тоқтап, бұл жігітті әлі де іздестіріп, бір үшінша шыққанша үстамауға» бел байлады. Ол алыстан осы тәсілмен оның соңына еріп отыруды Әжіғалиға тапсырды.

— Жақындамай, алыстан андырысын. Қайда тоқтап, қай жерге қонақтарын байқауға тырысарсың. Мен сенен аулақтамаспын, жә Maқыштың аулынан, жә қосшы мүшесі Жантактың үйінен табысармыз,— деді Щитов.

Әжіғали белдің үстіне шықпай, ой бетпен Қаршығаның маңдай түзеген жағына бір бүйірлеп жорта жөнелді.

Ал, алыстан, орман беттен орағытын шыққан Қаршығаны, оған қарай жүгірген Ақтабанды көріп Құрмаштан қозы көш жер алда келе жатқан көк төбет шоңқып отыра қалды. Ол аздан кейін қыңылай бастады. Қыңылап-қыңылап алып бір кез жата қалды. Жата қалды да әлденеге іші күйіп кеткендей жер тырнады. Жерді алдыңғы екі аяғымен кезек-кезек осты. Сонсоң тағы да шоңқып отыра қалды. Ол ұзақ отырды.

Алыстап бара жатқан иесін, иесінен қол жаздыра бастаған Ақтабанның айдалаға, алысқа, ауылдан беті басқа жаққа суыт жүріспен жөнеп бергенін, оның енді кері оралмайтынып ит жақсы сезді білем...

Шоңқайып отырып ұли бастады. Айнала қарап, төрт жаққа тен ұлыды. Бұл өмірден біржола безгендей иттің зары Құрмашқа өзгеше әсер етті.

— Қара басыца көрінсін, көк төбет. Бастадың жаман әдетті...— деп жасып, ол кері бұрылып түйе жүн шекпенді көзі көк «Молдашевқа» қарай аяңдады.

Щитов қасындағы әскери формамен киінген қарулы қызметкерін арғы беттегі орыс поселкесіне жұмсады. Ондагы мақсаты: үрланған жылқыны сол беттен іздету, егерде табылса, оны жеткізіп берген адамдарды ашу еді. Ал, иттің ұлығанына түцілген Құрмашқа:

— Бала, сен аңгарулы, акылды, қолынан іс келетін баласын. Ана Әжіғали сияқты, тіпті Хакім сияқты әкім боласын. Тек оқы. Ал, қазір ауылға қайт,— деді.

Өзі де, Құрмаш та қырқадан әрі кейін қарай жүрді.

Бұл төрт адамның жүріс-тұрысын алыстан көріп, бі-

рак ешбір қымыл өзгерісін көзден таса қылмай мейлінше сипап, талдан, болжап жатқан шоқ орман түбіндегі Қоңыскерей өз қорытындысын жасады. Оның көзі жеткені: әскери формалы Жайыққа қарай жүрген адам Щитов. Анау өріске қарай қылт-қылт жортқан милиция қазақ, ауылга қарай, кері қайтқан — ауылнай мен бала. Ит қуган бала. Енді, қалай да бұл жерден біржола кету қажет. Бөрі белгілі. Ана Қаршыға күтірге күн бата жетеді. Мениң онда келмегенімді көріп ол кері шабады. Оны сол кері шапқан кезде жолдан іліп алыш, түн жортып ел шетіне шығып кету керек. Ал, мына Щитовты ше?.. Жайыққа да жеткізбей, артымды да оратпай, арғы бетке де өткізбей, жаңын жаһаннама жіберсем?! Қалың ағашты бетке ұстап барған адам қамыстың тасасында отырган шурегейді атқандай қылжаң еткізбей ме... Ол ше? Егер де ол бұзық тап осыны ойлап қофаның түбінен шыға келген қасқалдақтай етіп, аяғын серең еткізсем деп бұғып тұрса?!

Биенің бір сауымындағы уақыт күтіп отырып Қоңыскерей орнынан түрекелді. Ол Щитовты «шүрегей үйректей қылжаң ете түсіру» ниетінен бас тартты. «Кешкі мылтық дүниені басқа көтеріп, адам түгіл мына Жайық жағасын тұтас солқ еткізеді. Соңсоң, ана алыстагы адамдары қосылып бөрі қуган ациналардай елді бөріктіріп бітірер», — деп ойлады. Сөйтті де елге қайтқан екеу ұзап, Жайыққа келген бастық арғы бетке өтті-ау деген шамада атқа қонды. Енді аттың белдісін мініп, өзінің ақбозына Қаршыға мінген жүйрікті қосактады да, ұзын шылбырлап айдан жөнен берді.

Ол кешікпей өнімді жортақпен отырып Қаршыға соңына алыстан ерген милиция қазакты көзге ілді. Далаңың несі көп, сайы мен саласы, жазығы мен белі көп. Әсіресе кез келген шөкені бетке ұстап, кез келген жыраны еңбектеп бұғып, жау алмас қамал орнына пайдаланып үйренген Қоңыскерейге айласын асыра түссін дегендей, алдынан сай шыға келді. Сайдың ұзын ыргасы Мақыш күтіріне бір бүйір әкетерлік Арқаға қарай тартса да Қоңыскерей көз ұшында кетіп бара жатқан милицияның о жақ-бұ жағынан шығар-ақ деп түйді. Сөйтті де ол аттан түсе қалып айылын қайтадан бекітті. Ақбоздың мойынан сипап қойды да, жүйріктің сауырынан қақты. Сөйтіп, қатты жүріске түсер алдындағы үйреншікті әдеттің тақырлап болып, сай ішінде атына қайта мінді. Ол енді шамамен алты-жеті шақырым жерге тізгішін ірікпестен

шабуға бел байлады. Жетектегі ұзын шылбырдан ұстасан қос атты алдына салып қуа жөнелді. Ұзак шапты. Шамасы — шама, алты-жеті шақырым жер шапқан жан сай қиғаштап кетсе де әлгі көз ұшындағы адамның деңіне барып-ақ қаларлық еді. Бұл жолы да оның көз өлшемі мен ой өлшемі жаңсақ шықпады.

Сай қырыша аяқ астынан шыға келген түсі суық жортуышыны Әжігали көре сала кілт тұра қалды. Сай мен екі ара мүше алып қашқандай-ақ жер екен. Бұл жерден біриеше қүннен бері сонына түсіп жүрген қарақыш кездесе қалар деген ой үйіктаса түсіне де кірмеген нәрсе еді. Э, дегенде ол қосақтап алдына салып айдаған бірі ерсіз, бірі жүк артқан екі атты, қасындағы еңгезердей Қоныскерейді даланың көшіп жүретін «дию-перісіндегі» көрді. Ол не дерін білмей қозғалмай қатып қалды. Мүмкін бұл біриеше секундтік уақыт қана шығар, алайда Әжігалига ұзак көрінді. Оның үстіне тоқтап қалып, қыр көрсеткендей көлдепендей түскен ірі аттың үстіндегі ірі қара дәу icerden де айбатты сияқтанып кетті. Ісі де сондай...

— Түс атыциан? Түс! — деген жер-көкті дүңк еткізгендей ожар дауыс оны тұра түйгіштен жатқандай әсер етті.

Не түсерін, не түспесін, не қару жұмсап қарсы амал жасарын білмей дел-сал болып қалған Әжігалидың көзі аттан қарғып түсіп жүрелеп отыра қалған Қоныскерейдің қолындағы шолақ мылтықты көрді. Сойқан жүрісті, сойқан істі, сойқан дауысты адамның Қоныскерей екенине, қолындағы оның әйгілі шолақ мылтығы екенине, және оның көзіне іліккениң аман қалмайтынына Әжігалидың бірде-бір күмәні қалған жоқ еді. Сонда да бұл пысық жігіттің пысық ойы иненің жасуында болмашы үмітке жармасты: «Оғы жетпес... Мылтық шолақ қой... Ұшқыр ат... А nau қайтадан атқа мініп, жетегімен шатасып... құтылып үлгірермін...»

Әжігали атын тебініп қалды да, ит көрген қояндай жалт етіп қаша жөнелді...

Аргы жагынан Әжігали ойлап, салалап жатуға болмады... аттың басынан ілгері ұшып кеткенде «шарт» еткен мылтық даусы естілді де құлағы тас бітіп қалды...

— Тұр! Кет былай! Лақтыр қаруынды! — деп жеке-жеке жекірген өктем дауыс оны орнынан тоқпақтап тұрғызығандай әсер етті.

Ол жүре келіп, «көрмейсің бе, мылтық ердің қасында

той» деген адамша атына қарап еді, жаңа ғана «қарақшының қолынан сыйылып кетер» деген ат артқы аяғын серпіп жатыр екен. Айналасы қан-қан, жер-дүниенің бәрі шаң-топырақ.

— Былай шық! Таста қаруынды! — деп ақырды Коныскерей шолақ мылтығын кезенген күйі.

Әжіғали шеткері шыға берді, беліндегі наганды белдігімен қоса жерге тастады.

Не істемек, не амал жасамақ? Наганиң қабын ашып үлгергенше ана аты сияқты теңките салады... Қолдасып қайрат қылуға, бұл еңгезердей үзын қараның ана теректей қолмен кіші-гірім тоқпактай жұдырығы төнсө?..

Әжіғали ашық жүзді, әзіл-қалжыңға шебер және оның үстіне апрып-жапырып жүретіп өр кеуделі де еді. Осы мінезіне қарай оны жұрт «тентек милиция» деп кеткен.

Ол Коныскерейдің ісіне, түріне, жекірісіне таң қалғандай қарап тұрды да, жердегі жатқан наганды алып өзіне қарай келе жатқан бұл елден бөлек жанға:

— Айтса, айтқандай жігіт екенсің? Саған да сөз жок, сорпаға да сөз жок? Ең болмаса: «Дәүмен жагаласа туғсін едім, о да сілікті, мен де сіліктім. Қүшіме риза болып кетіп, «Жарайсың. Сені де қазақтың бір мықты қатыны дүниеге шығарған екен. Мына қаруынды өзиң ал деп лақтырып тастады», — дейін, наганымды алмай-ақ қой, — деді.

Коныскерей оған бөріше желкесімен қарап тұрды да, басын шайқап:

— Мына тарсылдағынмен қоса ана көсеуінді де мойныңа тақ. Соңсоң... — ол наганының көмейіндегі бар оғын және ат астында қалған винтовканы патрондарын сұрып алып қалтасына салды. — Анау Жайық жағасында қалған қай бұзық? — деп сұрады.

Әжіғали жасырмады.

— Жайық жағасына кеткен орыс жігіт, тергеуші. Баламен бірге елге қарай кері қайтқан ГПУ начальнигі, — деді.

Коныскерей аз ойланды да:

— Нәшәндікке сәлем айт: енді кездессе оған деген оқ жаңылмайды. Бар! — деді.

Сөйтті де тез атына мініп, келген қалпында Ақбоз бен жиренді алдына салып жорта жөнелді.

Жаяу қалса да Әжіғали өлмегеніне қуанды. Ол енді көрген ит қорлықты, әрі қару жұмсай алмай, әрі қара

жаяу қалу масқаралығын, өзінше, кәдімгі Әжіғалиша дәлледеуді тез тапты: «Атым оққа үшса да бандитке алдырмадым. Әттең оғым таусылып қор болдым. Әйтпегенде...» — дермін деп елге қарай аяндады.

Ол Щитовқа тұн ортасына таяу кездесті. Ал, бұл кезде кешкі ала көлеңді бетке үстап төрт атты кезек-кезек белін сұбытып жөнеп берген Қоныскерей мен Қаршыға қырық шақырым жер қашықтап кетіп еді. Олар елсізге бет алған,

## Алтыншы тарау

### I

Ақметше тергеу үстінде.

Орта бойлы, аш өнді, солғын жүзінде көзі жылы шырай төгіп тұрган тергеушіні көргендеге Ақметше: «Қатал жан болмас, ақыл-ойдан да құр жігіт емес», — деген топшылау жасады да, бірінші лебізден кейін-ақ «солай» деп түйді.

Ол тек өзіне қойылған сұрақтарға тасқа таңба басқандай, артығы да, кемі де жоқ етіп жауап қатуға тырысты, сөзі дәл, пікірі дәлелді болуды көздеді. Қарсы сұрақ қоймай сабырлы қалып сақтады.

— Сіз ешқандай партиямен де шұғылданбадым дедіңіз. Бұл қалай, халқына қызмет етем деген азамат әлеуметтік қозғалыстар қақас қала ала ма? — деп еді тергеуші, Ақметше ойланбастаған, ілесе:

— Дұрыс айтасыз, азамат тергеуші. Әлеуметтік қозғалыстың түп тірегі шаруашылықты көркейтуде. Мен сол көркеюге тиісті шаруашылықтың бақташысы болып келемін,— деді.

— Қызық теория...

— Қайдан білейін, теория ма, өлде практика ма билем алған. Әлде мал баққан атам қазақтың мұра есебінде атадан балаға үнсіз уасиеттеп кеткен мал құмарлығы ма, әйтеуір мал тұқымын асылдандыру деген мамандықтың тәжірибесі уысынай шыгармай жүр.

— Сонда сана-сезім, саясат, мәдениет дегендердің түп қазығы шаруашылықтың көркеюінде демексіз бе?

— Менің түсінігімді сіз жақсы үқтыңыз. Дәл солай деген пікірдемін.

Тергеуші ойланып қалды. Мынау барып тұрған

материалист қой»...— деп Ақметшенің тұра қарағанда таймайтын, бірақ безерген пішін көрсетіп өзгөні бездірмейтін жұмсақ қаасты шырайын сынап отырды да:

— Ауыл шаруашылығындағы мамандардың көбі ғылыми тәжірибеге сүйенуді жактайды. Бұл пайдалы дәстүр. Сонымен бұрынғы жауптарыңызға қосар-алар өзгерістеріңіз болса, айтыңыз,— деді.

Ақметше ілкі берген жауабын пықтай түсті.

— Азамат тергеуші, мен анау күнгі сөзімді қайта айтқым келеді, өйткені оған қосарым болса да, оны өзгертер шамам жок, неге десеңіз онда болған уақиғаны сол қалпында толық сипаттағанмен, ол кездегі өмір тілегі ерікті қалай билесе, соған сай әрекет істелгенін бүрмай бейнелегемін. «Адам басы алланың добы» дейтін қазак халқында ескіден келе жатқан ұғым бар, мұны біз өмір өзгерісіне, қоғам құрылышының даму тәртібіне ақылмен өлшей отырып қолдансақ: адамның, жеке адамның еркі өз билігінде емес, әлеумет өмірінің ағысарнасының билігінде деген сөз ғой. «Алла» деген сөз: жаратушы, өзгертуші, табиғи құбылыс күші деген мағынада ғой. Өзіңіз әділдігін айтыңыз: бостандық, теңдік дейтін ежелден іңкәр ұғымга көзі анық азаматтар тегіс жармасты, бірақ оны әркім әр түрлі ұқтый, оның қолға келер жолын әр түрлі әдіспен іздеді. Міне сол түрлі-түрлі ұғымды қолдаған сан қылыш тоңтардың қатарында заман ағысымен біз де актық, яки мен де сендей тенселіп, тасқынды ағыстың құшағында кете бардым. Қайдан шығарын, қайда тоқтарын, қалай аяқ тірерін саясат басындағы жандар сезді. Ал, біз яки мен, өзімнің мықтап ұстаған шаруашылық саласындағы тәжірибемді жүргізумен болдым, соның, яки мал тұқымын асылдандырудың пайдалы жағын зерттеумен болдым. Әкімдікке жолағаным жоқ. Оның орнына жүріске төзімді, көзге көрікті, шаруаға пайдалы құнды мал шыгару жолы менің қолымды да босатып көрген емес, ойымды да басқа нәрсеге бөлмеді, әлі де сол әрекет үстінде еңбектенудемін. Мұны ауыл аймағы ғана емес, болыс қоласты, болмаса уезд қарамағындағы халық тегіске жақын білсе керек. Өйткені ол тәжірибе жүрт көзінде істеліп келе жатқан тәжірибе. Соңсоң мұндай істер қай елде, қай жерде болмасын зерттеуші селекционердің бір ғана айы емес, жылы да емес, бүтін өмірін тұтас, уысына шығармайтын, инемен құдық қазғандай қыншы жұмыс. Сізге мұны түсіндірудің маған қажеті жоқ. Өйткені бі-

лімді азаматтарға есі кеткен жанғана ежіктеймін деп әуре-сарсақ болатынын да дәлелді керексітпейді,— деді.

— А, Қоныскерей жөнінде?..

— Мен айттым гой, азамат тергеуші, оны арқандаулы аттай менің төнірегіме шыр айналдырып жібермей жүрген — бала. Мұның тарихы сізге әбден мәлім,— деп іле жөнелді Ақметше тергеушінің алдын орап.— Ол кісінің қайда жүретіні, не істейтіні тергеу орындарына айқын шығар, бірақ маған қараңғы. Оның менде, менің онда ісім болып көрген емес. Айнда, жылында төніректеп келіп көрінер-көрінбес бір елес береді де жок болады. Айта кететін бір жай: осы күнге дейін әкімдерден бір адам: «Сіз Қоныскерейді білесіз бе?» — деп сұрап көрген емес. Сондықтан: «Сондай адамның маған сондай жек жаттығы бар еді»,— деп мен жақ салсам... келісі де келмес, жұрт панбас та еді. Бұл жеке бастың, үйшілік сырдың басқа ешкімге керсексіз заттың бір құниясы ғой.

Ақметше сөйлеген сайын, ойға сиятын нәрсенің бәрін тасқа таңба басқапдай етіп дәлелдеген сайын, тергеуші назары жауапкердің ақылдылығына аya берді. «Осы бірін-бірі жалалап, реті келген шакта карсыласын біржола жығып алуға үйренген казак, әлі баяғы ескі әдетіне басып жүрмесін. Мынау түбі пайдалы маман болуы даусызы»,— деген корытындыға келді.

— Сіздей оқыған маман азаматтар жаңаны тез қолдауы керек қой,— деп қалды ол, «Совет заны — қаралау емес, тәрбиелсү» деген түп-тірекке сүйсініп.

— Сіз әділ айтасыз. Қолдауы керек... Оқыған азаматтар жаңаны мықтап қолдауы керек. Алайда, мен көп нәрсеге түсінбеймін,— деді Ақметше, ақырындап қана, жұп-жұмсақ үнмен.— Адам түрлі. Оның сана-сезімі де түрлі: яки әркімнің ұғымы, пікірі, дүние тануы әр сатыда емес пе? Мысалы мал баққан шаруаңың өзінше көзқарасы бар. Болмаса бұрын дәулетті болған адам мен жалшы болған адамның ойы, ұғымы, мақсаты басқа-басқа. Бұлар өкімет тәртібіне де әр түрлі көзben қарауға тиіс. Ал, солардың бөрі тен-тегіс совет өкіметін қабылдай салады деу қыны, бірақ қабылдауы керек деп ойлаймын. Бұл үшін сол өкіметтің артықшылығын көзімен көріп, қолымен ұстауы қажет шығар, ал бұған біраз уақыт керек болады гой деп түсінемін. Бірден коммунист болып туған, әп дегеннен советшіл бола-

тындар да бар болар, алайда уақыт — басты шарт сияқты.

— Өзіңіз ше? Өз басыңыз? — деді күлімсіреп, арықша тергеуші.— Коммунист партиясына тілекtes болу жолы ұзак жол деп ойлайсыз ба?

— Өзім жұрттан өзге жан емен. Үйренуге ұзак уақыт, тәжірибе аларлық, үйренерлік мерзім керек. Мен: «коммунист болғым келеді» десем, сенбеушілер де табылар, бірден мұндай үлкен идеяга көшу, біз сияқты жасы бар, ойлануды, салыстыруды қалайтын өмір тәжірибесі бар жандарға оңайға да түспес. Бұл ұзак жол деп болжаймын...

Мұнан кейін екеуі де үндемей біраз отырысты. Ақметше сақалыш ақырындан сипап қойып, тергеушінің жүзіндегі жылы құбылысты, үніндегі жұмсақтықты, тіпті «коммунист партиясына тілекtes болу жолы ұзак жол деп ойлайсыз ба?» дегендегі езу тартқаны — жақсылық нышаны деп түсінді. Ол қателескен жоқ еді. Қөпін көрген, адамның ішкі құбылысын сыртқы өзгерісінен аңгарып үйренген бұл тәжірибелі адам алдындағы жанның қыбыр-қимылына дейін безбенге салып отырған. Орталыққа жазған қорытындысында тергеуші: «Бұрынғы правитель, бірақ көп жыл бойы селекционерлік іске ауысқан тәжірибелі галым. Асыл мал тұқымын шығарған (түйе мени жылқы тұқымын). Алашорданың Батыс уалаятына атаман Мартыновтың берген қару жарағын жеткізген деген айыбы 1920 жылы қазак да ласындағы буржуазиялық ұлтшылдарға берген өкімет кешіріміне жатқан, қазір Қазақстан Орталық Атқару комитетінің «Ауылды советтендіру жайлы» деген қаулысы бойынша есепке алынған 700 бай-бектердің бірі есептеледі», — деп жазған. Оған жауап та келген еді. Бұдан өзге қосымша жаза белгіленбегеніне тергеуші де іштей риза еді. Өйткені «700 үй» Қазақстаниң өз ішінде гана орын өзгертуек, ал, «аса қауіпті» дегендеге «өзгеше шара» қолданылмақ қой. Неге екені белгісіз, бұл тергеуші Ақметшениң «700»-ге ғана ғліккенін қалап еді.

— Қазақстан өкіметінің шешімі бойынша сіз республиканың басқа бір облысында мамандығыңыз бойынша қызмет істейсіз, — деді.

Ақметше сelt етті, бірақ қозғала түсіп бұл тосын сезімді тергеуші көзіне шалдырмады. Бұл шешімге ол қатты риза болса да, ішкі құбылысын білдірмей, делсалдау үнмен:

— Ол баратын облысқа қай шамада жүргізбексіз? —  
деп сұрады.

— Оны өзіміз алдын ала хабарлаймыз, үй-ішінізбен,  
яки қызыңызбен дайындық ісін ақылдасуға бізден рұқ-  
сат,— деді тергеуші.

— Мұныңызға көп раҳмет, азамат тергеуші,— деп  
Ақметше басын иді.

Ақметшешің шамалауынша Хакім Жұнісов, тағы бас-  
ка тергеу орындарының ісіне қанық қызметкерлері он  
сегізінші жылғы Алаш өкіметіне қару жеткізу және он  
жыл бойына Коныскерейге астыртын тілектестігі үшін  
ең кемі он жыл лагерь бергізер-ақ деп қорқып еді. Қа-  
зір «осы қауіптен сақтап қалған бір тәнірінің өзі» деп  
білді. Ол іштей: «Рахманы көп раҳмет! Алла, құдіретіңе  
ризамын!» — деді. Соңсоң камераға алып кетуге қелген  
бақылаушыны көріп.

— Азамат тергеуші! Әділдік пен адамгершілікті  
ежелден етек-жеңі кең орыс халқынан ғана күтуші едім.  
Сіз сол халықтың қара қылды қақ жарған ұлы екенсіз.  
Менің халық игілігіне ариғап гылми тәжірибемді соза  
беруге мүмкіндік бергеніңіз үшін тағы да мың да бір  
раҳмет,— деді.

Тергеуші үндемеді. Ол тек Ақметше шығып кеткеннен  
кейін:

— Көріп жүрген көп жандардың ішіндегі әрі білімді,  
әрі ой тереңдігі өзгеше адам екен,— деп басын шайқады.

## 2

Әлібек жеңгесін көшіріп әкелуге Жымпityға кеткен  
күні аяқ астынан бәрі өзгеріп кетті.

Бір жағынан ағасының ренжімегеніне қатты риза  
болып, екіншіден: о бастан Гүлжиһанмен екеуінің қосы-  
луына тілекtes Мендіқыздың келуіне өте-мөте қуанып  
кетіп, Әлібек қызға:

— Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығады,  
Мендіқыздар осында келеді, өзім барып көшіріп әкеле-  
мін. Саган да, маган да ақылын айтып жаны қалмайтын  
женге бұл сапарымның сәтті аяқталуына жәрдемдеседі.  
Гүлжиһан, бұл қуанышымды сен де құптайсың ғой?! —  
деп, Әлібек түні бойы шырмаган құдікті ойларды бір-  
жола серпіп тастағандай болды.

Ол қызды құшактап сүйіп, бәріне де берік болуға,  
қайғырмаяға, алдағы бақытты күндерді жарқын

бейнемен қарсы алуға, ауыр кездің ауыр мекнатын ерлікпен женуге дем бергендей, ең тәтті, ең кіршікіз сөздерін лекілдете бастап еді. Қыз да оған төмен қарап мұңая түссе де, қарсы жауап қатпап еді.

— Жолың болсын, барып қайт. Аман-есен Мендікызы алып кел, тілекtes ғазез жан ғой,— деді де қойды.

Әлібек оны тағы да құштарлана сүйіп, ат-арба да-йында пәтерінде күткен ағасына асығып еді.

Ал, бұл жастың өміріндегі сң бір сәтті сағаттан кейін, түске таяу қызы жатқан өзінің Оралдагы ескі пәтеріне Ақметше жетіп келді. Қызының да қуанышы қойнына сыймай кетті, қыздан кейін көп заман дәмдес болған абыстайдың да төбесі қекке жеткендей болды.

— Адамға қастық етпейтін, ізгі тілекті жандарды бір алланың өзі қолдайды. Міне енді құтылдының кіріптарлықтан, қайыры болсын, Ақметше абзи. Құдай құмыр берсін. Гүлжиһанның қызығын көрсетсін,— деді әйел бата қылыш.

Сөйтті де, Ақметшенің хал-жайын тыныққаннан кейін сұрау үшін, әйел оның әзір моншага түсіп жуынуш, таза киім киіп, шәй ішіп, үй тамағын жеуіш, сөйтіп жал етіп, «рахатлануын» қамсыз етті.

Ақметше абыстайга алғыс айтып, айтқанын орындаң бұрынғы тіршілігін қайта қолга ала бастады. Ол отыра қалып хат жазды, оны конвертке салып және, телеграмм. текстін жазды.

— Гүлжиһан,— деді әдетінше сақалын жұмсақ саусағымен бір сипап өтіп.— Өмір ұзак, жол қыны. Оның ұзактығына да, қындығына да адам көнеді. Қөнбеске шарасы да жоқ. Сонымен бірге ер қадамын андал басуға, әрбір ісін ойлап істеуге, ақылға салып істеуге тиісті. Мен мына кіріптарлықта отырған күндерімде көп пәрссені қайта қарап, қайтадан заман ыңғайымен әрекет етуге бел байладым. Алдымен сенің окуың жайлы. Бұғаш сен Саратовқа жүріп кет. Поезден жеті-сегіз сағаттық жол. Мен қазір сені қарсылап алыңыз деп сондағы тілекtes, білетіш адамға телеграмм соғамын. Қарсыласа жақсы, егерде бір себептермен қарсылай алмай қалса, онда мына адреспен сол кісінің үйіне бар. Ол кісі ауылшаруашылық институтының профессоры Тулайков дейтін кісі. Менің хатымды тапсыр. Оған сөні Саратовтың медициналық институтына түсіруге, сонда окуға жәрдемдесініз деп сұрадым. Фалым адам. Менің сырласып жүрген, ақылдастың жүрген адамым. Ол қолдан келгениң аяmas

деп ойлаймын. Ал, өзімді бүгін-ертең Жетісуға жүргі-  
зеді. Мына Оралдан, Орал губернасынан жетпіс шақты  
адамды жер аударуға қаулы шықты. Соның бірі мен.  
Бізді жинап, қызыл вагонге отырғызып, әскери конвой-  
мен жеткізбекші. Сондықтан мені өзірге бәрібір сенен  
бөлек әкетеді. Бұған сен қайғырма, егерде оқуға түсес-  
тін болсаң, онда Саратовта қала бер... Қыс каникулға  
келерсін. Мен орналасқаннан кейін хал-жайымды айтып  
Тулайковтың адресіне хат жазармын. Түсіндің фой, Гүл-  
жиһан?!

Гүлжиһан екі көзін әкесінен алмай тындалап еді, басын  
изеді де, мырс етті...

— Жылама. Сен жыласаң, сенің жылағаныңды көріп  
менің көңілім босаса, көлденен қорген адамдар не  
дер!

Қыз коя қойды. Ол, тіпті түсі құқылданып, өзін-өзі  
уыстап қысып алғандай, түйіле қалды. Оның үні де  
берік шықты.

— Папа, мен бәріп де орындаимын. Қам жеме,—  
деді.

Басқа еш нәрсе айтпады. Түстен кейін «Шеген құ-  
дықтан» әкелген сандықшаны ашып, Ақметше бірер жұз  
сом ақша алды да аузын қайта бекітті... Ақшасын қы-  
зына ұстартты.

— Профессордың үйі тап осы пәтердей сенімді.  
Керегінше жұмсай бер... Керек кезде маған да аударап-  
сың.

Саңдықша салған чемоданды қолына алыш, Гүлжи-  
һан поезга мініп Саратовқа жүріп те кетті...

### 3

Кешке ымырт жабылаabyстыайдың қарагай қақпа-  
сына арбалы адам келіп тірелді де, ізінше қызыл нардың  
«маңқ» еткен маңғаз дауысы ілесе шықты. Аспалы  
шамды жақтырмай қара көленкелеу бөлмеде Ақметше  
ойға шомып отыр еді, нар даусынан ол селк ете түсті  
де, орнынан қалай тұрып кеткенін өзі де білмей қалды.  
Жалма-жан терезеге ұмтылды. Бұл бөлменің терезелері  
ауланың ішіне қарайтын еді, ал, биік қақпаның сыртын-  
дағы нар көзге түсे қоймады, тек қана аулада жүрген  
абыстыайдың:

— Ей, алла, түйемен келген әлгі малай ма әлде,—

леден даусы естілді, және оның қақпаға қарай жүрген қарасыны елестеді.

Сөз бар ма! Нар дауысы! Қәдімгі қызыл нардың. Оның атакты қызыл нарының. Жазды күні Қоныскерей жегіп, осы жаққа келіп еді осындай нармен. Жегіп жүрген төрт-бес нардың бір-бірінен айырмасы бар ма? Бәрі қызыл. Бәрі бауырынан жараган. Бәрінің даусы да бірдей. Бір қарағанда өздерін де, даусын да ешкім айыра аларлық емес. Жалғыз гана өзі айырады. Ортанышы нар. Үшеуі де бір аруанадан тараган. Қішісінен ортанышы қоңырлау, ортанышынан үлкені қоңырқай. Ал даусы: кішісінің даусы нәзігірек. Өзінің шыгарған асыл туқымы фой.

Ақметшенің жүрегі шымырлап кеткендей болды да, аздан кейін жіңі-жіңі соға бастады. Ол мұны сезіп қана қойған жок, жүректің соққан дыбысын құлағы да шалды.

Әдет күшті. Қашама толқыса да, жай қалыпта қалса да, айтар сөз дестелене бастаганда оның саусақтары, еріксіз, сұлу қара сақалды бір сүзіп өтеді. Ал, бұл жолы сұзбеді де, сипамады да. Саусақтар сақалға жетер-жетпесте әлдесені жұлқып қалғандай болды. Өзі шошып кетті, оның ойына: «сақалымды жұлып алмадым ба?» — деген жаман ырым саи етті. Жок! Сабырлы Ақметше, бұл жолы да, үшқыр сезімге жол бермеді. Ол кері шегінді...

— Ақметше абзи, Гүлжиһанның елге жіберген әлгі малайы... Әділбек келді,— деп абыстай жалма-жаң шам жақты.

— Білем, абыстай. Гүлжиһан айтқан. Нардың даусынан таныдым... Рахмет. Шам жаққаның жақсы болды. Үйдің іші қаранғы тартып еді...

Бірақ, шам жарығы оның жүзіндегі өзгерісті бірден байқатқандай еді. Абактыда аз отырса да оның өңі көрер көзге солғын тартқан-ды. Ал қазір қарақоңыр ашаң жүз құқылданып журе беріп еді. Ол, тез ойын да, бойын да жинап алды. Бостық, әлсіздік, керек кезде ой мен қимылды шырмайтын дәрменсіздік, онымен үзак, жолдас болып көрмеген, тіпті мұндай нәрселер оның сүйегіне бітпеген де шығар!

Ойда жоқ жерден Ақметшенің жүрегін толқытып жіберген, көп жыл бойы бағып-қағып өсірген малдың тәттілігін кенеттен көңілге қүйған, көп суреттерді көз алдына алып келген, күрт қопарылған өмірін қолденең

тартқан нар даусының ацы әсерін тез женді, ойлы сөзге, келген жігіттің сыр-сипатына көшіп кетті.

— Шамалауымша, бұл келген жас жігіт адамшылығы мол, жөн-жосықты жақсы білетін бала. Экесі марқұм ақылды, қайратты, катарының алды болған кісі еді. Байтолага барып тауап қылған ізгі жан еді,— деді ол әйелге келген Әділбекті сырттан таныстырып.

— Көрдім. Жақсы малай. Гүлжиһан да таныстырыған... Міне, өзі де келді. Жоғары шық, малай... Әділбек, жоғары шық. Ақметше абзі — мына кісі. Сізге жиен бола ма? Гүлжиһанның әтиісі? — деді ол есіктен кіре бастаған Әділбекті қарсылап.

— Уа, жоғары шық, жоғары шық, кішкене нағашы,— деді Ақметше бейне бір еш нәрсе кездеспеген, ешбір жамашылық, қыншылықты көрмеген жанша күлім-сіреп.

— Ассалаумагалайкүм! — деп Әділбек аянданқырап келіп Ақметшеге көрісті де, оның алған сәлемін, айтқан сөздерін, тұрысын, қозғалысын, жұз әлпетін ойна мықтап түйіп алайын деген адамша қарап, өлшел тұрып қалды. Алайда амандасудан әрі біршін бірі үйрени көрмеген бұл екеуінің сөзі өрлей алмады. Ел жайын сұрауға Ақметшеге әрі ауыр, әрі келіссіз көрінді, ал, түрмеден қалай босанғанын сұрау Әділбектің ойынша орынсыз нәрсе еді. Дегенмен Әділбек аздан кейін сөз тапты.

— Ерте-ақ келіп едім. Мұнанайға әкелген майдарды тез жайғастырсаң да берекесіз бір жандарға кездесіп, кешке дейіп қағаз-мағаз деген пәлесімен айналып қалдым,— деді.

«Малдарды тез жайғастырсаң да» деген сөз Ақметшеге түсінікті сөз. Және «жайғастырганына» іштей риза болып қалса да, бұған да ол жауап сөз қайтара қоймады.

— Гүлжиһан көрінбейді, бір жаққа шығып кетті ме? — деді тағы да Әділбек.

Оған тұра жауап бермей Ақметше:

— Гүлжиһанның қазір жұмысы да, жұмыстан басқа мамандық алу мәселесі де бір басына жетіп жатыр... Иә, шешең дені сау ма, Әділбек? Қартайған да шығар ол кісі? — деді.

— Сау, Ақа. Қартаяды гой, жасы келіп қалды... Өз денсаулығыңыз қалай?

— Жақсы, әзірге.

— Жұнынып, тамақ ішініз,— деді абыстай Әділбекке.— Ашметше абзи, шәй дайындағым.

Әйел бөлмедең шығып кетісімен Әділбек қойны-конышынан ақша сұыра бастады: бешпетінің ішкі калтасынан, шалбарының және женіл қара етігінің қонышынан үш түйдек, текшелеген червонецтарды бір жерге косып, қыртысын жазып, баптап, аздап тараштай түсіп, соңсоң сәл ойланып алыш:

— Уш мың жеті жұз қырық бес сом, Ақа. Гүлжиһаның тапсырмасын тәңір жарылқатыр әлгі Жолмұхан палуан жарым-жартылап орындал қойған екен. Қалған төрт бие мен жеті нарды бүгін Мұнанай базарына алыш келіп саттым. «Қағазы жоқ» деп осындағы саудагер Асан шатақ шығарып, бірақ мениң Хакім Жұнісовтің інісі екенімді білген соң аузын жалты. Санап алыңыз. Сатылмаған тек мына жегіп келген нар мен аяғы ақсал қалған бір көк бие. Биені үйге тастап кеттім. Соңынан оны да біреуге соғымға өткіземін,— деді.

#### 4

Ақша жайып тастай беруді сүймейді, мұны Әділбек жақсы біледі. Кімге кім сенген! Мал — көз құрты, ақша онан да жаман... Оған көз тікпейтін, оны текшелен қалтаға салып, соңсоң сыртынан басып-басып қойып, мұртын сипамайтын жан бар ма!

Ақметше бірден ұмтылмады, ол ойланып, ақшага қарап аз түрді да, қолын ұсынбас бұрын:

— Шырағым, мұнын... ерлік. Мұндай заманда... жақынға кол беру, оның мал-мұлқін жинастырып, оны шашау шығармай сақтап қалу көп адамның қолынан келе бермейді. Бұл шын ерлік. Үлкен адамшылық. Басқа не дейін мен, шырағым! — деді. Соңсоң ол ақшаны Әділбектің қолынан алыш, кереуеттің үстіне қойды. Жасырмады. Санамады да. Мұндай сабырлылығына қайран қалып, Әділбек оған жауап қайыруды ұмытып кетті.

— Ақа, бұл ерлік емес. Мұндай оп-оңай ғана істей салатын, дайын малды сатып ақшасын ала қоятын нәрсе ерлік болса, жұрт шетінен батыр атанбай ма! Гүлжиһан жұмсады, мен бардым. Жақынға жақындық іс істеу борыш қой,— деді.

Ақметше оған назар салмай төмен қарап тұрып сөзін тындағы.

— Шырағым, жолдан шаршап келдің, тынық. Ұйқынды қандыр. Елінде де істейтін шаруаң бар шығар. Ал, Гүлжиһан жиенің... Саратовқа жүріп кетті. Сонда оқуға орналаспақ еді. Сендерге оқу керек... мамандық оқуды көздеу керек,— деді.

— Мұнда енді қайтып келмей ме Гүлжиһан? — деді Әділбек шошып кеткендей.

— «Адамның басы — алланың добы» дейтін Жүкең нағашым. Талай келер де Оралға... Бәлкім кездесерсіңдер де, кім біледі. Егер де Гүлжиһан...

Ақметше ойланып қалды. Оның айттар сөзі көріне тіл ұшында қалғандай болды... «Гүлжиһан тағы да» «Шеген құдыққа» жүрер болса, сен жәрдемдесерсің. Ол жерде үлкен байлық қазынасы қалды қызымын», — демекші еді ол. Бірақ, бұл жолы айта алмай бөгеліп қалды. Мұның орнына:

— ...Хат-хабар бере қалса, керек жерде көмегінді аямассың,— деді.

Мұнаң кейін ол сыртқа қарай бет алды.

Әділбек айттар сөзін үлгеріп айта алмай қалды. Бірақ ол «ертең тағы сөйлесерміз» деген үмітке иек сүйеді. Өйтпесе аша тұсу керек еді: «Хат-хабар бере қалса, керек жерде көмегінді аямассын» деген не сөз? Қандай көмек керек? Хат-хабарды қайдан жібереді Гүлжиһан? «Бәлкім кездесерсіңдер», — дейді. Жұмбак. Бәрі жұмбак! «Сендерге оқу керек! Мамандық оқуды көздеу керек!» Эрине, үлкен оқымысты болсаң... Ақметшедей маман болсаң...

Әділбек аула ішінде, өзі жегіп келген көк арбаның үстінде, ауылдагыдай жұмсақ көк шөптің үстінде жатып үздік-үздік ойлардың арасында сүңгіп бара жатқандай болды. Ол ұйықтап кетті...

## 5

Катты үйқыда жатқан Әділбекті Ақметше оятты. Күн сәске тұс болып қалған.

— Әділбек, тұр, шырағым. Мен жүрейін деп жатырмын...

Көзін ашып, қайда жатқанын есіне түсіруге тырысқан Әділбектің ең алдымен көргені қарулы милиционер болды. Не екенін, тағы не болып қалғанын түсіне алмай, Ақметше мен милиционерге кезек қараған жас жігітке Ақметше енді түсіндіре бастады,

— Мына кісі бізді Жетісуға апарып тастайтын жігіттердің бірі. Қазір тез темір жол станциясына жету керек. Сен түйе жегіп апарып тастасаң қалай болар екен, жиен?

— Жақсы. Ақа. Жақсы. Апармағанда... — деп Әділбек сасқалақтап, бетін де жумастан лапас астыңдағы шөп жеп тұрған түйесін жеге бастады.

Бұл арба әзірлегенше үйден қос чемоданын, бұған көрпегенде Ақметше де, абыстай да шығып келе жатыр екен. Әділбек жалма-жан Ақметшениң қолындағы жүкті арбаға салды, абыстайға жәрдемдесті.

— Бұл қалай болды, Ақа? Апырмай, күтпеген жерден... мен бұлай болады деп ойлаган жоқ едім...

Баланың сөзіне Ақметше бірден жауап қайтармады. Ол жүгін арбаға салған соң, абыстаймен қол алысып қоштасты да, арбаға мінді. Милиционерге:

— Отырыңыз, отырыңыз, мына жер жайлырақ шыгар,— деп арбаның жүксіз, қалың етіп шөп салған алдыңғы жағын көрсетті. Сөйтті де; — Ал шырак, Әділбек, кәне мін. Осы қошемен тарта бер. Бағзалды білесің гой қай жақта екенін? — деді.

Арба жүре бергенде:

— Ақметше абзи, хана болмаңыз, жүгіңізді соңынан өзім жіберемін. Бәлкім Гүлжиһан да келіп үлгірер,— деді қолын көтеріп бұлғай түскен абыстай...

— Ақаң ақылды гой. Ақаң қайда жүрсе де бір басының қор болмауын көздер. Мен оған имандай сенем. Апа сорлы, надан, сасық байларды айтсайшы Қабыл сияқты. Малдан өзге үйінде жиһазы да жоқ... Ал, Ақаңың құдайға шүкір сандықшасы... — деп қалды жас жігіт байқамай.

Ол абыстаймен қыз жөнінде ашынқырап ақылдақсызы келіп еді, бірақ абыстай терең сыр айта алмады. Әділбек:

— Гүлжиһан келсе маған тез хабар етсін, абыстай. Мұндағы заттарын орналастыруға көмектесетін адам керек қой,— деді.

— Кім білсін, келер-келмесін. Әйбірі біздэ тұра береді. Абзи хабар етсе өзіне жібереміз.

Гүлжиһанның келер-келмесін, Ақметшениң енді қайтып оралар-оралмасын әрине ешбір адам білуі мүмкін емес, мұны Әділбек алдақашап сезген. Соңда да үміт дүниесі, өкінішті көз жазып қалу оны тебірендіре берді.

Күздің күніндегі тұнеріп Әділбек нарын жекті де, абыстаймен қоштасып шығуға үйге кірді.

— Абыстай, мен келесі жұмада қалаға келетіп шаруам бар, көргенше сау тұрыңыз. Гүлжиһанның хабарын сіз арқылы аларын, хош! — деді.

— Хош, хош, Әділбек!

Үйден шыға бергенде какпадан кіріп келе жатқан Әлібекті көріп ол баспалдақтың үстінде қозғалмай тұрды да қалды.

Әлібек! Кәдімгі Әлібек! Құліп келе жатыр! Ойында еш нәрсе де жок, мәз-мәйрам адамның кейіпі бар.

— Әділ, сен де келіп қалдың ба? Үй іші аман ба?

Ол інісін құшақтамақшы болып ұмтыла түсіп еді, Әділбек кері шегініп кабағын қарс жапты.

— Мұны не дейді? Той өткен соң... даңғыра! — дей ме?!

— Әділ... не дейсін? Қандай той өткен соң?..

Інісің тұнерген жүзінен және өзменінен итермелегендей, бұл сұық лепті сөзінен ол бір сұмдықтың болып қалғанын сезе бастады. Ежелден бір-бірінің көз қарасына да не ойлағанын ұғыса қоятын егіз қозыдай тел өскен бұл екеуі сәл уакыт түсінісе алмаған жанша бөгеліп қалды. Соңсоң бұрыннан еркін сөйлеп, билеп-төстеуге бейім өскен кішісі ағасына азы тілін қадай сөйледі.

— Қандай той өткен соң, деп сұрайсың ба? Қандай той болушы еді сенікінен басқа! Сеңің тойынды тойлап болып, батасын оқып, дастарқанын міне жинап, жүргелі жатырмын...

— Сен дұрыстап жөнінді айт... Қашан келдің елден? Гүлжиһан үйде ме? Енді қай жаққа жүргелі жатырың?

Әділбек те ағасының қазір ғана Алматыдан келіп тұрмадынын енді байқады.

— Өзің қашан келіп едің?

— Екі күн болды.

— Екі күнисен бері қайда жүрсің?

— Жымптыға барып Мендікызды көшіріп келдім.

— Солай де! Мендікыздар да осында келді ме! Онда екеуінді де жиен-атаң күте алмады. Бүгін жургізіп жіберді... Жүре қойған жок. Әзірше вокзалдан кете қой-маған шығар...

Әлібек есік алдындағы забел тақтаға отыра кетті..

Әділбек оның мүшкіл халын көріп аяғандай болды.

Алыстан ізден келуін келген, бірақ, баяғы бөз солпық қалышында аузын ашып босқа жүрген ғой. Келгеннен соң қалыңдығымен сөйлесіп әңгімені бір жерге түймей ме екен. Е, дәрменсіз «бишара-ай!.. Бұл Гүлжиһанмен сөйлесе де алмай қалған шығар...»

— Келгениңе екі күн болса, Гүлжиһанды көріп сөйлескен шығарсың. Ол сағап оқуға жүретінін айтқан жок па еді?

— Жок.

— Қайда оқитынын?

— Жок.

— Онда ендеше еш нәрсенің де басын аша алмағансың. Эй, өзім де солай деп шамалап едім.

— Дұрыстап айтсайшы, қайдағы оку? Әкесімен бірге кеткен жок па?

— Окуға жүретінін айтпаса, басқасын естіген шыгарсың?

— Сенің қалай әкелгенінді, «Шеген құдыкка» барғандарынды, әкесінің тұтқында екенін бәрін де айтты. Басқа әңгімені Ақаңың алдында сен келген соң айтпақшы болып үйғарып едік...

— Алматыға алып кетуді ме?

— Егерде Ақаң макұл тапса...

Әділбек сәл ойланды да басын шайқады. Соңсоң ағасына өкпе артқандай қынжылып сөйледі.

— Менен білімің артық. Қөргенің көп. Бірақ ебің жок. Батылдығың да... жок. Екеумізге қатынды ана Хакім Жұнісов алып бермейді. Өйткені оның ұғымынша бұл өткен заманың салты: қалың мал беру, құда тусу, келіншекті көру, ұзатып әкелу, жиһазын түгендеу... Осы сияқты толып жатқан ескі салт бізге лайық емес деседі. Ол өз салтымен жүрсін. Оған қарсылық жок. Ал, сен өзіңнің жақсы қөрген адамынды алуға қақың бар ғой. Елде «сүйдім-куйдім» деп жатыр ғой комсомолдар. Сен неге солай етпейсің? Алдақашан Алматыға алып кетегін қыз еді. Көзден таса болған соң әкесі де, сенің мықты ағаң да әңгімені қыскартатын еді. Осының бірі жок. Ісіне жыным келіп, бардым да қызды анау-мынауна қарамай алып келдім. «Әкеме жолықтыр», — деді, — әкесіне жолықтырдым. «Елге алып бар» деді, — еліне алыш бардым. Тіпті әкесіне де, өзіне де жеткендей жасырган қазынасын қазып әкеліп бердім, малын ақшалаап әкесінің қалтасына салдым. Осының бәрін реттегендеге, сенің

келіп алып, келіншегінді қолынан ұстап алып жетектеп журмей, Жымпityға жөнелгенің не? Хакім Жұнісов семьясын көшіре алмай қалар деп қорықтың ба? Құдіретті прокурор бір милицияны жіберсе, Мендікізды алдына салып әлдилеп те келер. Қызық жігітсің. Енді мынау: Гүлжиһан Саратовқа оқуға кеткен. Ақметшешін пойызга мінгізіп апаратын жеріне алып кетті. Менің байқауымша... тұра солай деу қын... Бірақ, мениң көңілім кара қашып тұр: сені ағаң да алдаған бола ма дейміш. Ол уақыт оздырып, сені анау-мынаумен айналдыру саясатын қолданбағай!

— Алдағаны ма сонда мені?

— Кім біледі?.. Басында-ақ ағаң сенің бұл қызға үйленуіце көнген жоқ. Бұл жөнде маған желкесін күжірейтті. Эйеліне де ұрысқан шығар. Бірақ, «мен де Жүністің баласымын» дедім, «Әкемнің қосқан, бата қылған ісін орындау борышым», дедім. Шауып алатын кісі жоқ мені бұл үшін. Осыған қараганда, және өзі айдал жіберген кісінің қызын калай да алдырмауга тырыспаса! «Аллады» деп күнәлауга да көп дәлел керек, әрине... Ал, Ақаң: «Гүлжиһанға да, саган да мамандық оқуын оку керек» деді. Оның акылы — акыл-ақ. Гүлжиһан әкесі сияқты білім алса — керегі сол фой. Сондықтан алдын ала болжайтын Ақаң зар еніретіп қызын конвоймен айдатпай, өз бетімен жүріп ысылсын деп оқуға аттандырган шығар. Қандай оқуға кіретінін, адресі қалай екенін мен білмеймін, өйткені бұл жөнінде менімен ақылласқан жоқ. Мен түгіл сенімен де ақылласа қоймас еді... Жалғыз-ақ кеше Ақаңның: «Гүлжиһан қайдада?» — десін сұраганымда: «Оның жұмысы көп қой, шырагым. Окуға орналасу оңай іс емес, орналаса қалса жоғары дәрежелі білім алып шығу онан да қын. Тәуекел деп Саратовқа жібердім», — деді де қойды. Ал, мына абыстай бүгін «Гүлжиһан енді қайтып Оралға келе қоймас!» — дегенді айтады. Енді не істейсің?

Көңілі көтеріліп шалқымаған кезде Әлібек аузын ашшайтын еді. Ишіне сыймай ақтарған інісінің бар үмітті бір-ақ үзерлік, өзек өртерлік сөзі оны жанышып, езіп жібергендей болды. Басы бірден төмен салбырап кетті. Көз алдына қап-қара тұман қантап кеткендей, бар дүние қарауытып жүре берді. Не демек? Не айтпақ? «Рахмет, Әділжан, бәрін де орындаған екенсің, бірақ өзім оқсатпадым!» — демек пе!.. Ол тек қана:

— Өзім де білмеймін енді не істерімді. Маған енді

ен парсе де қалған жок... Алматыға қайту ғана қалды...— деп күбірледі.

— Алматыға қайту қын жұмыс болмас... Ана жалғыз кеткен Гүлжиһанды тауып алу қын болар. Бірақ, өзің қайрат көрсетпесең, сен үшін басқалардың басы ауыра қоймас...— деп жігер бергендей болды Әділбек.

Ол інісінің бұл сөзіне құлак қоймады.

— Кош! Мен ауылға кеттім. Жұмыс көп. Мамам жалғыз. Мендікызы да сәлем! Біріміз қызын іздеп келіп, біріміз пойызға шығарып салып Ақметшешің соңынаң жүргенімізді көрсе, аған тағы ренжір. Мен оларға сокпай-ақ жүріп кеттім,— деді Әділбек оған.

## Жетінші тарау

### 1

Косшы кедейлер жиналыша қалды.

Аудан басшысы түгіл, ауылнай шақырып жатыр десе де үймелей түстеп халық, бұл жолы еркек-әйел, бала-шағасы қалмай келді. Әсіресе, «Ақметшешің үйіне жиналсын!» деген сөзге өзгеше мән бергендей. Өзара әңгіме алдымен үй төнірегінде болды.

— Шіркін-ай, Ақаң да үйді салдыра білген-ау. Астыңті тегіс қарагай, жары күйген кірпіш, іші Текедегі бай ногайдың үйіндей әдемі. Сейіл, сен білесің гой, осы үйге қанша қаржы жұмсады еken Ақаң? — деді Жаңабай дейтін орта жасқа келген пысық шаруа.

Еті тірі, жөн-жосық білетін, сөзге де шебер Сейіл тамсана түсті.

— Сіз, қанша қаржы шығарды еken дейсіз, ал, мен осы үйге кім қожайын болып қалар еken деп, соны ойлап отырмын.

— Оны Карабай атком айтар. Ол біледі гой. Жиналыш ашатын сол кісінің өзі деседі. Үйден басқа жегетін көлік, толып жатқан құрал-сайман да бар.

— Карабай атком келсе, тағы бір жаңалық әкелген шығар. Бірігіп жер жыртындар демесе?

— Бірігіп жырт деуін дер... Сонда қалай болғаны, бас басымызға дестелеп бөліп алып жыртамыз ба? Элде сүелі жыртып алып, соңынаң бірдей етіп бөлісер ме екенбіз?

— Сен де қызық сөйлейсің, Жәке, артель болу дегенді мен былай түсінемін: анау Миуалы сайдан арғы жонды тұтасынан жыртамыз. Қарызға алған тұқымды себеміз. Шыққан егінді орып-жинап аламыз. Соңсоң бастырамыз. Қанша астық түседі, соны қанша үй болса соншага бөлеміз. Елу пұттан тие ме, жұз пұттан тие ме, белгілі болады. Егін бір жерге ала, бір жерге құла шығуы мүмкін. Сен бөліп алғып жыртқан жерінен екі жұз пұт астық түсірсең, маған тиғен жерден мен жиырма пұт астық жинасам, онда тегістік, тендік қайсы? Баяғы біреу бай, біреу кедей болып шығады оның түбі....

Жәкен ойланыңқырап отырды да, көршісінің бүл бірлестік әрекетінен мін тапты.

— Сейіл, сен әрине көп білесің. Сөзіңің мағналы болуы сол бізден көп білгендіктен. Сонымен бірге, мен сенің сөзіңді миға олай салып, бұлай салып төңкерістіріп көргенімде, бір жері шұбә туғызады. Ол шұбә туғызатын жері мынау: айталақ, қазір мына он жеті қосшы мүшесі болып бірлестік құрдық. Ана Мұқаметшин малынан тиғен сегіз түйені, екі темір сабанды, үш тырманы және басқа қамыт, сайман, арба бүргендерді ортага салып бірлестік мүлкі еттік.

Ертең жер жырттық. Сенің айтқаныңдай: ордық, жинадышқ, бастырдық, ұшырдық, соңсоң бөлістік. Айталық жетпіс-сексен пұттан астық тиді, он жеті үйге. Сонда сен әйелің мен екеуің жұмыс істедіндер. Мен екі баламмен бірге басы-қасында болып еңбек еттім. Ал ана Тұрмагамбет бір өзі гана жұмыс істейді. Өйткені әйелі дімкес, жұмысқа жарамайды. Үй шаруасының өзіне де зорға деп жарайды. Қөкірек ауру, ілмиң аяғын әрең басады. Сонда деймін-ау, Тұрмагамбет те жетпіс-сексен пұт, сен де әйелің мен екеуіңе жетпіс-сексен пұт, үш кісінің еңбегіне мен де жетпіс-сексен пұт аламын ба? Мұның қай жері тегістік, тендік? Мен де түсінбеймін....

Өзара әңгіме Қарабай кіріп келгеннен кейін су сепкендей болды.

— Ақаның орнына отырар ма екен? — деп біреу қүңк стіп еді, жұрт оған жауап бермей, есіктен кірген Қарабай Қәзеевке қарай қалысты.

Қарабай отырмады. Бірі сәкіге, бірі орындықтарға, ал, көшілігі жүресінен еденде отырған адамдардың бір шетін ала ол терезе алдына қарай өтіп кетті. Ақметше-

нің үлкен қара столының жанына тоқтап, келген күйі отырғандармен түрегеліп тұрып лебіз қатысты.

— Аман-есен боларсындар, ағайындар?!

— Шүкір, Қареке!

— Шүкір, әзірге...

— Өзіңіз де аман-сау жүрсіз бе?

— ...Ал, ағайындар,— деді ол, жұрт сабыр тұта бастаған кезде.— Мен сіздермен шаруашылық жөнінде әңгімелесейін деп келдім. Міне, енді бәрі көптікі — мына үй де, ана жылқылар да, кеше ғана өздерін бір жерге жинақтаған қамыт пен доғалар, түйенің иш ағаштары, көк арбалар мен дүрежкелер, екі темір сабан, екі темір тырма, екі шөп машинасы, тағы да толып жатқан тырнауыш, айыр сиякты ұсак құралдар. Ал, осыларды қожайынның берік колы болмаса жоғалтып алғымыз. Бұған түнде бірнеше жылқы ұрланып кетті. Ертең канша жылқы жоғалатыны мәлімсіз. Құрал-сайман да сол сиякты. Менің ойымша: артель болып күш біріктіріп жер жыртамыз деп «әү» дескен косшы мүшелерінің бірін бастық, бірін оның орынбасары, бірін есепшісі етіп қойған макұл. Сонда құрал-сайманға да, мал мен мұлікке де жауапты, барлық іске де жауапты өздерінің адамдарың болады. Бұған қалай қарайсындар?

— Аталы сөз,— деді Жаңабай.— Өте әділ сөз. Өз ішімізден бастық керек.

— Мен де Жәкеннің сөзін қолдаймын. Қарекең дәл айтты. Жауапкершілік болмаса береке болмайды. Мысалы, мына өзіміз отырған үй күтім болмаса, біреу не болмаса, ертең-ак есік-терезесі үнірейіп, бұрышы құлап, сылағы түсіп, істен шығады. Мал мен құрал-сайман да тап сондай. Қорінгеннің қолында кетуі мүмкін,

— Дұрыс-ақ.

— Дұрыс.

— Онда кане басқарушыға кімді көмекші, яки орынбасар етуіміз керек?

— Жолмұханға орынбасар мен, мына Сейіл болса деймін. Сейілдің қолынан орынбасарлық қана емес, онан да үлкен, онан да зор істерді істеу келеді. Бәріңіз де білесіз, косшы кедейдің сөзін сөйлеп, жерін бөлісіп, шабындық-егістік мәселесін басқарысып келе жатқан осы Сейіл гой,— деді Жаңабай.

Отырғандар шулап:

— Дұрыс.

— Дұрыс! — десті,

Сейілді он жеті үй кедейдің шаруашылығын құйттейтін басқарушы Жолмұханға орынбасар етуді макұлдасты.

Мұнан кейін Қарабай:

— Ағайындар-ау, осы жыл бойы әлгі құдайдан безген Қоныскерейді қолға түсіре алмай ит-әуреге түсіп келдік. Ақыры ол қанішер комсомол хатшысын атып кетті. Ақметшенің бүгіні жоқ болып шыққан алты-жеті жылқысын қуып кеткөн де сол. Осыны қалай етеміз? Он жыл бойы қолға түспей келген себебі: оны байлар қолдады, билер демеді, хазірет пен молдалар батагөйі болды. Ал, сол соғылғанды біз неге көрмейміз? Қөрсек неге оны хабарламаймыз? Хабарлау ғана емес, көп болып соны неге қолға түсірмейміз? Әлде ол кешегі Ақметшеден артық па? Бұл қалай өзі? Тұнде осы ауылга баласы келіп кеткен деседі. Оның келгеніне сонына еріп кеткен иті айғақ: Ит кана емес, басқа да дәлелдер мол...

Жұрт төмен қарап отырды да, аздап кейіп ғана серпілді. Қарабайдың сөзі кінәлагандай әсер етіп, бәріне де үлкен ауыр ой салды.

— Ырас,— деді Сейіл.— Неге хабарламаймыз, неге айтпаймыз, неге ұстамаймыз? Әлде оны ұстауға біздің айла-амалымыз жетпей ме, көп болып жабылсақ әліміз жетлей мег?

— Қырып кетеді..

— Қойши, Жәке. «Қырып кетеді, қырып кетеді» деп үрейлене берудің өзі кесір.

— Ойбай-ау, ұсынғаны кате кестіп көрмеген сүр мерген гой.

— Мергендігі рас, бірақ оның мергендігі емес қол бөгейтін. Аяйтындар бар,— деп Сейіл Сәрсенге қарап еді, жұрт соның көзін бағып отыргандай, теп-тегіс Сәрсенге бақты.

Сәрсенің Ақметшеге басқадан жақын екенін және тұнде келген сұыт жүрісті аттылы оның есігінің алдына тоқтағаны ат зандағанынан белгілі болғанын Қарабай да естіп келген. Әдетінше бір жөткіріп алып, ол:

— Сен, қосшы кедей, бай туысқаныңа бұруынды қой. Оған сенің жаңың ашығанмен, оның сені жарылқағаны шамалы.

— «E-he-he»,— деді атком ағасы.— Ақметше саған жаңы ашыса мына дүниенің бірқатарын бөліп берер еді ғой баяғыдан бері.

Төмен карат отырған Сәрсен жалмажан басын көтепшіл алып:

— Бәрі кате, Кареке. Мен ешкімді көргенім де жоқ, ешкімге жаңым да ашыған емес. Жұрт тек «осы жақын ағайыны» деп жорамалмен айтады, не деп қарған десен де карғана алам. Көрмегеніме, білмегеніме ант бер десеніз ант та бере аламын...

— Жарайды, жарайды. Ант та берме, жаңың да ашымасын. Көрсөн көрдім де, көрмесен көрмедім де. Мұнан былай карай осылай болсын, келістік қой?

— Садағаң кетейін, Кареке. Не айтсаң соны істейін. Тек күйдіре көрменіз...

— Осы Сәрсеннің өзіне берсеңдер қайтеді есеп-қисап жұмысын? Малдың да, дүниенін де, үй-күйдің жайын да өзі жақсы біледі гой. Солай емес пе, ә?

— Тап осы дұрыс екен!

— Осылай болсын!

Табылған акыл. Оның өзі есепші болады малмұлікке.

Осындай түйінге келіп және Ақметшешің үлкен үйін «сұтак үй — кенсе» есебінде тұрсын деп макұлдасты. Сәрсен оған бас-көз болады десті. Бірақ, үйді-үйіне тарап бара жатып Жәкен мен Сейіл өзара шынын айтысты:

— «Жаңың ашымасын» дейді-ау. Сонда да біреудің мүлкін иемдену купіршілік сияқты ауыр көрінеді.

— Маған да солай көрінеді. Тіпті «бұлінген елден бұлдіргі алма» деп, осының өзі бұйырса болар еді...

## 2

Бір сөзінде Губчеканың басшысы әзіл-қалжыны арасында Щитовқа:

— Қожахметов сендерді ойыншыққа айналдырып жібермесін. Жасырынбақ ойнаған бала сияқты: «мен мұндарын» деп хабарлайды, сендер оған шауып бара-сындар, бірақ ол жерден оның өзі түгіл ізін де таппай қаласындар,— деп күлгенді.

Щитов оған өзінің көзі жеткен, бірақ бірден ауызына түсे қоймаған: «Қазак даласы да, қазақ ауылы да тек жасырынбақ ойнауға жаратылған. Сұңғіп кетсөн күмнан шыға алмайсың, кіріп кетсөн өрістегі мал мен малшының арасында құмнан да жаман малтығасың. Оның жүретін жерін, жататын жерін дәл айтатын бір кезеуші

болсайшы! «Ойбай, ол бұл жаққа келмейді!», «Ол Жем жағында!», «Ол Сағыздың бойында...», «Ол Тайсойған бетте!» — дейді. Болмаса: «Астағпыралла, ол пәлені айта көрменең. Бетін аулақ қылсын!», «Оны құдай көрсетпесін!» — деп азар да безер болады», деген шын себептерді айтпады, мұндай белгілі дәлелдерді алға салуды жөн көрмеді. Ол тек қана:

— Тегіс сол бәлекеттің сонында журміз,— деді.

Әжіғали кешке дейін бір хабар бермей, түнделетіп ауыл советке жеткенде Щитов оның бір сөлемектің уақиға кездескенін баяндамай-ақ білді.

— Калай кеткенін байқадың ба? Тек соны айтшы,— деді.

— Атымды атып өлтірді. Өзім бір... оғым дарымаса да зәре-құтын алдым, сайды бетке ұстап жөнен бергенде оқты жаудырып бердім. Бірак, бәрі төбесінен кетті. Ол — сайда, мен — қырда, ол — зытып барады, мен — атсыз қара жаяу. Тек жүгіріп атып қуып келемін. Эр жерден бір қылт еткен сай ішіндегі адамға оқ дари қоя ма!..— деп ағыза жөнелген Әжіғалиды зорға тоқтатып еді.

Щитов Әжіғали сөзінің дәмді түйірін аршып жатпады.

— Вася екеуің тұра Кожақметтің үйіне жетіндер. Сен бастайсын. Білесің ғой жүрер жолды? Басқасын Васяның өзі біледі. Тез сусында да жүріп кет,— деп бұйырды.

Коныскерейдың байлаулы түп қазығы болып келген үйіне тез жетуге серігімен. Әжіғали қайта аттанды.

Ел арасымен асықпай жететін бұл ұзак жолға Щитов та шықты.

Жалғыз бұлар ғана емес, тап сол күні Оралдан да әскери бөлімін басқаратын Смышляев жіберген кішкене отряд Жымпітыдан Карапебеге бет түзеген.

Щитовтың ойы — Коныскерейдің бір мықты қазығы Ақметшені жер аударғаннан кейін және айналып соғатып бас себептің бірі Қаршыға сонынан ерген соң бұл жаққа ол енді қайтып оралмайды. Гурьев пен Орал бірігіп сонына түскенін сезген бұл екі бас кесер енді үй-ішін де жетектеп кетер. Сондықтан қатыны мен баласын әкесіне қоса қолға ұстай түру керек...— дегендік еді.

Екінші күні,— дұрысы екінші түні,— кос аттап тынбай жортып, аттары да, өздері де салығып, Коныскерей күн үсісінан көтеріле берген шақта кішкене Қарасуға иек сүйеді. Бұл — елі өте сирек, бір бүйірде «түн қатып, түс қашып» шаршап, талып жеткенде жан сая табар жер еді. Тубі шұңғыл кішкене Қарасу көгінде бұлты тұрақсыз аңызак жылдарда да сұы сарқылып қалмай, ал жауынды жазда төнірегінен құсы мен аны арылмайтын қызыл құмак сары қасқа даланың оңаша жатқан хауыз-кәусары. Бұрын да мұнда кезбе-жортуылшы әлдеше рет аялдаған. Ат белін көтеріп, бар азық сарқылғанша жанға сабыр, тәнге тыныс берін, келесі асуға дайындалған. Бүгін де сол мұнан бірнеше жыл бұрынғы әдетіне көшіп Қарасудың арқа жақ бетіндегі қашып шыққан қара жыңғылға қантарып ат басын байлады; өзі бөркін, шекпенін шешіп, сілкіп, тепсендеу жерге қойып, үстін шолақ мылтықпен бастырды. Ұзак уакыт жүресінен отырып су жағасында беті-қолын жуды...

Каршыға да оның істегенін бұлжытпай текірарлады. Ол су жағасына жеткенде аргы жақ беттегі ертеңгі өрген анды көріп:

— Аға, киік! — деп елсурей түсіп еді, бірақ Коныскерей оған көзін де салмай:

— Атыңды қантар, жуын! — деп қысқа ғана бүйрық берді.

Жуынып, жайласып болғаннан кейін, кешегідей жайдық ауқат — піскен ет пен ката бастаған қалаш жесті. Орыс қаласынан әкелген солдат құтымен Каршыға тұнықтан су алып шөл басты.

— Бала,— деді Коныскерей біраздан кейін, төсеген түйе жүн шекпеніне қисайып жатып,— мына қырдың астында біздің үй қалды...

Созыла түсіп Коныскерей мойнын бұрган жаққа қарап еді, бірақ Каршыға ешбір қырды да, қыр бейнесін көзге іліктірлерлік ешбір белгі белдерді де көре алмады. Сөйтті де, аң-таң болып, мойнын кері бұрып, енді асықпай шақшасын қаға бастаған «ағасынан» көз алмай жас жігіт те тынды.

— ...Ол қыр бұл жерден көзге көрінетін қыр емес, бір күн ұзағынан жортып жететін жерде. Осы жерде біраз аялдағаннан кейін сол үйге соғамыз. Үй барын білесің бе?

— Жок,— деді Қаршыға жұлып алғандай таңырқап.

— Бірақ таңырқаумен бірге оның жүзіне куаныш лебі жүгіргендей болды. Ол үш күннен бері өте аз тіл катып, бүгін ғана ұзак сөзге бет алған катал «ағаның» лебізін шаттық шыраймен, аса бір ризалық ниетпен тыңдады, оның өзіне қарай ентелей түсті.

— ...Сол үйге барамыз. Онда жасы жетпіс беске келгеп атан бар. Кожақмет деген кісі. Інің бар... екі жаста. Аты Кенжегали. Атан Кенжетай дейді. Сені...— Коныскерей мұдіріп қалды. Тағы да насыбай иіскең, шамырқанғандай көзін жұмып отырды да, қайта ашып, баланын бетіне қарады.

— Сені атаң көрген жоқ. Қөргеннен кейін не дейтіній өзі біледі. Қаршатай дер ме, Қаршыға-жан дер ме, әлде басқа бір ат қояр ма, білмеймін. Екінші шешен бар...

— Ол үй мұнаи қаша жерде?

— Ол үй қаша жерде дейсің бе? Бірталай жер. Айттым гой бір күндік деп. Жақсы атка бір күндік...— Ол аттарға қарап отырды да, сөзін созды.— Мына аттармен бір күндік. Жайықтан екі күн, екі түн асып екі жүз елу шақырымдай жер қашықтадық. Соған қарай есептей бер. Ана құбыла бет Тайсойған құмы, мына жақ Бүйректі. Сол Тайсойғанда, еспе құмның іргесінде. Со ларды алып шығып Арап даласына, онан әрі Қарақалпак деген елге асамыз. Сол жаққа барған соң сен— окуың керек. Саған ана үстіне киіп келген сүр шинель жарасады екен, бәлкім шенелділердің окуын оқып бітірерсің?..

Қаршыға үндемеді. Ол тек Коныскерейдің айған әрбір сөздерінде ерекше мағына бардай қадала тыңда- ды, аса зейін қойған пішін көрсетті.

— ...Сені Ақметше оқытты білемін. Бірақ аса оқы- мадың. Қөп окуың керек. Ана, әлгі...— деп біраз бөгеліп алып, Коныскерей Қаршығаның ойын көз астымен сы- нап өтті. Баланың шын ықласымен тыңдал отырғанын көрді.—...Әлгі пыркарол қатарлы көп біліп шығу мақ- сат. Ақметше де сондай оқыған жан. Алайда, бұл мақ- сат — алыс мақсат...

— Қарақалпак, алыс па, аға? — деді Қаршыға.

— Алыс!

— Ол жерге күғыншы бара қоймас, ә?

— Солай деп ойлаймын. Сонда да айла-амалсыз іс бітпес. Бәріне де тапқырлық керек.

Жарайды. Қарақалпаққа барған соң окуға кірмін.

Коныскерей бетін екінші жаққа бұрып, енді сол жақ шынтағына сүйенді.

Ақтабан су жағасында әлденені аңдығандай басын жерге салып жатыр еді, бір кезде оқша атылып орнына тұра сала қырға қарай шаба жөнелді де, кос шағыл шокесінен аса түсіп жеміне бассалды, ілесе «шыр» еткен дыбыс шықты, ит мысықтай зорманды басын езе сілкіп-сілкіп жіберіп жерге тастай берді. Қайта бас салып кайта сілікті...

Тұра жүгірген Қаршыға оның қасына барғанда ол қызыл құмақ шөллейттің жалпақ денелі қонды азын жұмыстап та тастап еді...

— Улкен бе екен? — деп сұрады қайтып келген Қаршығадан Коныскерей.

— Еркек мысықтай.

— Өз тамағын өзі асырады итің...

— Ақылды хайуан. Күшік күнінен өзіме үйрениген.

— Бірақ, бізді әлі Щитовтың қолына тұра түсіре де жаздады.

— Олар ізіміздің қайда асқанын да білмей қалған шығар!

— Саспа. Талай кездесер...

### Сегізінші тарау

Әлібек тағы асықты...

Енді оны Алматысына жету, көзге түспей жатып алу, оқудан өзгениң бәрінен безу, артық уақытын тек қана өлеңге бөліп, барлық шерді енді қағазға ғана төгу арманы алып үшты...

Ол ағасының:

Сені Елекке дейін ат-арбамен апарып поезға мінгізіп жіберемін,— дегеніне бірден қонді.

Қоңілінде: «Саратов арқылы келсем бәлкім Гүлжи-хан кездесер,— деген бір үміт жарқ еткендей болды да, ізінше қайта сөнді.— Не үй адресі жоқ, не кірер мектебін де білмеймін. Кімнен сұрап, қай жерден іздемекпін?» деді ол өзіне өзі.

Және Саратов жолы ұзақ жол, Покровскіден түсіп паромға міну, онан қайтадан поезға отыру, Ртищево мен

Кинель тағы сондай, бір түсіп, бір міну, сарғайып поезд күтү... Ұзак, бұл жол өте ұзак...

... Сонсоң... ақылдасар Жақияға, құшактасып жатын сыр айтысар Оразалыға жету. Олар не дер?! Үміттің үзілген жері осы ма?... Жоқ! Тірі жүрсем Гүлжиһанды тауып аламын! Жыл өтсін. Мейлі онан да көп уақыт өтсін. Қалайда мен табамын! Сүйген жарды табамын!

... Ұағдаласып едік қой. «Папам алдында ақылдасармыз»... деп еді ғой. Бірақ бұған да кесе көлденен тұрды. Ойламаған себеп...

Көктем кезіндегідей тағы да арбада үш адам. Тағы да ағайынды қос Жұнісов қағар отыр. Бірақ қастарында Сүлеймен жоқ. Көңіл ашар Сүлейменнің желғабыз лебізі де жоқ. Еріксіз езу тарттыратын әңгімесі тағы жоқ...

Аттар да алып үшпайды. Коңыр бұлкілмен ғана келсіді. Жер баспайтын қаракөктер емес. Жол да басқа. Онда дымқыл тозацы көтеріле түсіп қайта шөгіп жататын көтем жолы еді. Бетті желліген самал, күзен бел қыратты құшактаған сағым, мұрынды қытықтаған жас иісі «жүр, жүр» деп тұрғандай. Және алда Гүлжиһан...

Казір Терекгідең Шыңғырлауга асатын шаңды қара жол. Бұдыры мол, соқпағы жіі, мазасыз тақыр табан. Айнала жүдеу: көктемгі далаптай қырдың өңі солғындан боз-коңыр далаға айналған. Кошқыл белдерді де боз жусанның бір өзі қымтап, безгек бет шытырмен әділтеп қойғандай. Қыраттан құлаған көкжиек жылгалардың жағалауы да ант-су ішкендей қуқыл. Сай қабағындағы көк көбелектердің думанды базары алдақашан кейін қалды...

Бәрінен де ауыры — Гүлжиһан кейін қалды.

Арба үстінде төмен, жерге үциліп келе жатқан Элібек сол қолдағы Жайық бетке қарап еді: алыстан көрінген жаға, жағалауды көмкерген жал орман, онан аргы қала, бәрі де әрі қарай қашып бара жатқан сияқты. Ол жалмажан басын көтеріп алды. Бәрі әрілеп бара жатыр: орман да, су да, қала да. Жалғыз-ақ Макаровтың тиірмендері адырайған күйінде «қош айтысып» қол бұлғап тұрғандай.

Элібек тағы үндемей қалды. «... Не айтар?! Аға жолы — даңғыл! Аға көңілі шарықтап келеді. Аға! Елге де аға! Сөзін жұрт тыңдайды. Білімді аға, басшы аға! Өлкесіне де риза! Өзіне де риза!»...

«..., Өзіне де риза! Өйткені білімді. Шарықтап келеді. Өйткені көnlі өсінкі. Ал, мен... мен неге шарықтамай-

мын? Әйткені, жолым айнала шырғал. Дегеніме жету — колға ілікпейтін ғана арман! Шырғал емей немене, жаздығун: «жақсы ат мініп, жақсы күінген жас жігіт қара сирак кедей баласымен сөйлесе ме? Ол қараша үйге ат басын тірер ме, алдында егіз қанат ақ орда тұрғанда?...» деп кекетті Қогабай. Мен жақсы ат мінсем, жақсы күйнісем, алыста оқысадам, бұл қылмыс па? Әлде тегі жаттың қызы да жат па?...»

— Бала, не ойлап келесің? Елінді, жерінді қайткенде көркейеді деп, үлкен білім алып, сол білімінді халқымның қайткенде кәдесіне асырамын деп келе жатырыңың ба?

Әлібек бұл жолы да тек:

— Ім-м,— деп қана тынды.

Бұл «імнің» мақұлдау да, мақұлдамау да емес екенін Хакім жақсы сезді. Әйтеуір бір әрі-сәрі жауаптық үн.

— Анау алдымыздағы Ақ Сырттың арғы жағы Шыңғырлау өзені. Бұл кәдімгі аузымен құс тістеген Баймамбет сұлтанның басын жұтқан су. Аты-шұлы сұлтан-правитель жөніндегі аңызды естіп пе едің? — деді ағасы

Аңыз деген сөзге құлагы елец ете түсті де, бірақ әлі де самарқаулау үнмен:

— Жок, естігенім жок,— деді інісі.

— Естімесен тында! — Хакім көтеріле түсіп, фәстоның арқасына сүйеніңкірій отырды.— «Айшуақов сұлтан құдайға қарсы асылық сөз айтқан, сол үшін оның тәңірі жазасын берген» дейді жүрт. Бұл сөзде үлкен сыр бар. Өмірде болған уақиғаға халық өз мағынасын береді, бірақ кей кезде астарлап береді. Ойланқырасан: «Тәңірі жазасын берген» деген сөз: күнәкар жан сазайын тартады, өзінен де зор күштің алдында жазасын тартады». — дегендік. Ол зор күш — халық; халық қаламаған нәрсениң бәрі — айып. «Гүнәһи» деген сөздің өзі қазақша «айып» деген сөз рой. Шеттен кірген «Гүнәһи, күнәкәр» дейтін сөздер...

Әлібек құлағын тоса қалды. Ағасы оның бар ынтасы аңыз тындауға ауғанын жақсы сезді.

— ... Мағынасы зор сұлу аңыздар толып жатыр. Соның ең бір әдемісі... қалай деуге болады: бас жұтқан қазалы жайға құрылған аңыз...

— Трагический.

— ...Солай. Трагический уақиғаға құрылған бұл аңыз сол сұлтанның өлімі жайлыш.

Жазғытырм сұлтан Петербордан еліне қайтып келе жатыр екен дейді. Қасында қырық жігіт нөкөрі болса керек. Ресейдің орманды, өзенде жерінің бәрінен өтіл еліне жеткенде Шыңғырлау тасып жатыр екен.

Шыңғырлау тасығанмен Жайық емес,  
Біздерге өлең айту лайық емес...—

деп кәдімгі жалғыз қызы Зәурешті жоқтағанда, Медетханың өлеңге қосқан Шыңғырлауы. Тасығанда өткел бермейтін Жайықтай болмаса да, үстінен тіркесіп сең жүріп, ендеп кемерінен асып шалқып кеткен су төрепін жолын бөгеген. «Менің жолымға кесе көлденең тұратын не күш бар?!» деп, мен-менсіген сұлтанның қеудесіне шан пісіп келе жатқан сияқты. Өйткені шаруаны жер мен сұнара ие етіп, қараны хан ұлына тәңгеремін деп хан Жәңгір мен патша өкіметіне қарсы шыққан еңіреген ер Махамбет Өтемісұлының басын кесіп алғаны үшін патша ағызамының өз қолынан генерал-майор атағын алдып, пығына оқалы ногои тағып, үстінсін сары-ала шекпен киіп қайтқан сапары екен. Құдіретті генерал-правитель сұлтанның «түү!» десе түкірігі жерге түспейтін кезі, жүрген жерін дүбірледіп, күймеге мініп қоныраулатып, көлденең көк аттыға жолын кестірмей, «жер әміршісі бір өзім» деп келе ме қалай! Алайда дала өзенінің буырқанып, үйдегі сендерді шопақ құрым көрмей үйіріп әке-тіп жатқалын көрген нөкөрі:

— Байеке сұлтан, судың түсі сұық, карқыны қатты екен. Осы бетке бір күн аялдаپ тасқын бәсендеген соң өтсек қайтер? десе:

— Судың қарқынынан Баймагамбет сұлтанның қарқыны кем болғаны ма! Мініндер қайыққа, салыңдар суға ескектерінді, тартыңдар тұра арғы бетке! — деп бұйрыпты.

Өзі қайыққа алдымен секіріп мінген. Хан қаһарлы правитель заһары! Сары-ала шенді генерал сұлтанның бұйрығын екі ету қайдада! Жігіттері ескекке қол қойған...

Хакім тамағын кенеп, інісіне көз құйрығын тастады. Сұлу сөзге елікпе жігіттің бар назары әңгімеде екен. «Тунерген бұлт ыдырап, қабагы жадырай бастады деп ойлады ағасы. Ал, інісі: «Қалай суреттейді! Бұл да Баймагамбет сұлтанша көңіл аспандап келеді екен. Әйтпесе, «көңіл шалқымаған жерде сөз де шалқымайды» деуші еді біздің Жақия...» деп ойлады. Ол, көрер көз-

те серніле түсті, әңгіменің аяғын тындауға құштар-ланды.

... — Ендеп кеткен судың ен ортасынан өлдім-талым деп, теңселіп, ыргалып, аунақшып, толқып жете берген қайықты ортаның сарқырамасы үйіріп алады да кетеді... Өзіміз де талай көргенбіз ондай ағысты, қайықтың қайығы, қайықшының қайықшысы алып өтеді ондай жерден. Әсіреле көктемгі мұз жүріп, сары-ала суды түбімен қотарып сапырылысғырып жатқан кезде зореңді тас төбенен шығарады. Су деген тілеіз жаудың бірі ғой,— деп Хакім қалай әсер еткенін байқау үшін ғүйсіне тағы да бұрылып қарады. Тұнжырап келе жатқан студенттің ол бұрынғыдан да жадырай түскенін көрді.— ... Сөйтіп, сарқыраманың зікір салдыралық, сүйрелген арнасынан ескекшілері алып шыға алмаса керек. Және оның үстіне қайықтың бір басы бата бастапты дейді. «Салмақтың ауыры қайықтың артына түсті ме?!» деп сұлтан басына жылжиды, басына жылжыса — енді тұмсығы батады. Қайта кері жылжыса — қайық бөксесі суға көміледі. Жігіттерінде зәре қалмаса керек. «Я, аллалап!» есе түседі. Теңселгей жақтан екінші жаққа қисайып, «әүпірім!» деп, суға батып баратқан басынан қайықтың екінші басына ығыса жөнеледі. Не керек іс киындыққа ұшырайды. Суға кету қаупі әзірейілдей-ақ төнеді. «Жігіттер, менің салмагым басты білем, мен түсейін!» деп Баймағамбет сұлтан беліне жібек белбеуді шарт буынып, екінші үшін екі мықты жігітке ұстатып суға секіреді. Атандай ірі және семіз сұлтан суға «күмп» еткеннен кейін қайықтың басы шоршып шыға келеді. Бірақ «күмп» еткен Баймағамбеттің жібек белбеуінің үші ғана екі жігіттің қолында қалса керек, қорғасында батқан сұлтанды оппа сарқырама тастай батырып әкеткен шұңғыма түбінен енді қайтып шығармай қойған...

Әлібек басын шайқады.

— Қалғандары не ғынты?

— ... Қалғандары аман шыққан. Асқанға тоқсан! Мейманасы асып асылық сөз айтқан Айшуақов төрөні су жүтқан деседі халық. Бірақ, халықтың көмейінде ол кезде айтылмай қалған сөз бар екен...

— Иә?

— ... Ол: «Баймағамбетті халық қарғысы атты! Халқының сүйер ұлы Махамбеттің басын кесіріп, патшадаи барып жандарал шенін алды! Батырдың қанын

төктіріп сары-ала шекпен киді! Ақтық — өшпейді, қа-  
ралық — ағармайды!» деген осы шығар...

— Сен, бала, жабықпа! — деді әрі-беріден кейін Ха-  
кім Әлібекке белгілі өзінің байсалды үнімен. — Өмірде  
бәрі де кездеседі: қайғыру да, қамығу да. Тіпті тарығу  
да кездеседі. Бірақ соның бәрі уақытша нәрсе...

«Мынау біздің Жақиядан да өткен философ қой,—  
деді ішінен Әлібек ағасын кекетіп. — Өз басына түспе-  
геннен кейін бәрі де оп-оңай, бәрі де уақытша көрінеді...  
Ол құлағын түре түсті, өзі шалқайыңқырап фаэтонның  
арқалығына сүйене отырды.

— Иә, не айтпақ едіңіз «бәрі уақытша» деп?

— ... Элеуметтік уақығалар да уақытша, жеке басқа  
кездесетін жайлар да уақытша. Тіпті махабbat жайы  
да... Оның өртеп жібергендей отты жалыны да уақыт-  
ша. Сагаттаң уақыт өткеннен кейін, күндер жылжыған-  
наң кейін оның жалыны да бәсендер салқындайды...

Әлібек басын шайқады.

— Олай болмаған күнде өмірдің мәні де болмас  
еді...

— Өзіңдің басынызға түспегеннен кейін, бәрі жәй  
әншіейін, өткінші нәрсе сияқты болып көрінеді,— деп  
салды Әлібек аптыға сөйлеп.

— Бәріміздің басымызда да болды. Бірақ, оны қай-  
тесің ежіктең. Ал, Гүлжиһан жөнінде әлі.... уақыт бар-  
гой. Окуынды бітіргенше ол қайда барадар дейсің?!

Мұнан кейін Әлібек те үндемеді, ағасы да іштен ты-  
ныш ұзақ отырды. Соңсоң ол ішсіне ақыл айтты.

— Сен, бала, жабықпа. Өмір алда. Сендер білім  
алсын деп жана заман мектеп есігін ашты. Бұрын жа-  
ща оқытатын бастауыш мектебі де қолмен санаған-  
дай Қазақстан жоғары дәрежелі оқу орнына ие болды.  
Ата-баба арман еткен, университетін сендер үшін ашып  
отыр. Соны бітіріп ертең елге келгенде танымастай өз-  
герістер болады. Білесің бе, ана Ақметше, Дабыл, Куа-  
найларды неге жер аударып жатқанымызды?

— Бай, бекзат болған соң шығар.

— Тек қана ол емес. Қанауды жою үшін. Байлыққа  
бір адам ғана емес, бар адам ие болу үшін. Жер ауда-  
рылатын ең ірі қанаушылардың саны Орал губернасын-  
да жетпіс-ақ адам. Яки жетпіс семья. Ал, барлық ха-  
лықтың саны бұл елкедегі үш жұз елу мың. Мұның

ішінен мал бағып, егіп егіп күн көруші жұз мың үй. Ертең осы жұз мың үйге барлық шабындық, егістік жерді, балығы бар өзендер мен көлдерді беріп, қолында бар құрал, саймандарына қосымша кооператив арқылы тіршілікке керекті машина біткенді жегкізуге тырысамыз. Сонда еңбегімен елді — ел, жерді — жер етіп отырган халық байлықта өзін де қарық қылады, баласын да оқытады, мектебін де салады, дәрігерлерін де шығарады; үстіне киетін киім, астына мінегін машине, қолына алатын құралын жасап отырган жұмысшы табын да астықпен, егпен қамсыз етеді. Сонда жұз мың үйдің қабагы жарқ етпей ме? Ал, анау жетпіс үй иесі не істемек? Барған жерінде олар да сол өз еңбегімен өз тамағын асырауға тиіс. Мына үйренген жерінде — қожа болып қалған — бірі қой бағып, бірі жер жыртып, «соп-соптап соқаның сонында жүрсе, басқалар көздеріне шұқып көрсетер дегендік. Бұл: ойлай келсөң — зәбір емес, адамшылық. Ақметшелер барған ауданың бір шаруашылығында жалақы алыш қызмет істесін, бір басының қамы үшін дүние-мұлік жиганша көп үшін, қауым үшін білімін жұмсасын дегендік...

Бұл сөздер Әлібекке жаңа ұғым бергендей қатты әсер етті. Түсінікті. Орынды. Аса долелді сияқты.

— Осылай, Әлібекжай! Сен окуың керек, көн білін, көп көруің керек. Сен сезімтал жігітсің. Сезімталдық жақсы. Бірақ бір ғана жүректің жетегімен кете беру — ақылға тәндік бермеу деген сөз. Үдайы нәрсенің тек жарқыраған әдемі жағын, жүрекке қонымды жағын ғана қолдай берсөң ақыл өз правосынан айрылып қалып, бар билікті жүрек қана қолына ұстай кетпей ме? Солай емес пе? Бар нәрсеге де әділдік керек. Адамның мны мен жүрегін біріне-бірін ұstem қылып қойсаң қиянат болмай ма?

Хакім күлін інісін құшақтай түсті. Інісі оған қарсы қимыл жасамады, қайта ағасына басын сүйегендей жақындана берді. Бірінің сүйгісі, бірінің сүйдіргісі келгендей өте ыстық, туысқандық сезім билеп кетті де, бірақ естияр аға тоқтап қалды. Соңсоң кенег құшағын жазып жіберді. Ал, інісі өзін өзі іштей саралай бастады. «Осы мені сезімтал... нәрсенің тек жүрекке қонымды жағын көреді дейді. Жақия да «суреттеген нәрсесінің ішкі сырын ашпайсың» деп сынайды. Мына Хакім де сол пікірді айтып салды. «Жүрегіңнің жетегінде кете бересің», — дейді. Солай да шығар. Бірақ бұған мен кінәлімін бе?

Сұлу қызды сүйсем... Сұлу жерімді сүйсем... Сұлу адамды жақсы көрсем... Сұлу сөзге бас исем... Сұлу жүрісті... сұлу істі... тек қана сұлулыкты қаласам... мен неғылам бүған...» деген оған бір елжіреу пайда болды. Ол ұзак уақыт үн қатпай бозарып отырып қалды.

Бұл біріне-бірі сырт пішіні аса үқсас ағайынды екі пінденің бірі — ми, бірі — жүрек сиякты еді. Ми ақыл ғой. Ал жүрекке тұтас билік берген жаң не болар?

# **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

## Бірінші тарау

### 1

Алматыға жеткенше, тіпті Совнарком үйіне кіргеншे Хакім қатты асығып еді — оның бар инеті қалай да хал-жайды Ораз Исаевқа актару, қалтқысыз актару болатын. Барды — бар деу, жоқты — жоқ деу еді. «Бар бәле ауылдағы күрт өзгерісті көзімен көрмей сырттан топшылауда. Шаруаның артельге кіргенде қанша көлігі бар еді, қанша десе жер жыртуға шамасы келетін, бар егіс қалай шықты, қалай орылып, қалай жиналды, міне осыны білмей, және өткен қыста шөп жетпей, оның үстінен кыс ұзап кетіп, бар малдың шығынға ұшырағанын білмей астық пен ат дайындығын жүргізуге бола ма?..»

Міне осы еді Хакімнің сұрамағы, кәдімгі өзінің таркезендерде бірге жортқан адад жолдасына, алғыр жолдасына, халық кадыр тұтқан үлкен доска...

Совнарком председателінің алдыңғы бөлмесіне кіріп келгенде, кәдімгі өзінің таныс, өте таныс, бірақ көптен көрмеген Башмаков — дембелше, нық денелі, шықшытты, дәңгелек жүзді, қорғасындай ауыр, дүрс-дүрс сөйлейтін Башмақов: «Ба!» деп көзін адырайта қалды.

Бұл қарас, бұл кездесу Хакімнің жүрегіне мұнды сезім құйып жіберді, ол қуану орнына жолдасы алдында кайғылы жайының қасіретті құшағына қайтадан енгендей болды, өйткені кінәсізден кінәсіз, айыпты жандай, партиялық ісін қорғауға, әлеуметтік абыройлы орнын ақтап алуға шағынып келгені тап осы сәтте оған өліммен тең көрінді. Әсіресе, мына, қорғасын құйған сақадай, карауға да, отырыска да салмақты, жүзінен өмір оты шарпып тұрған, өзінің орныкты қалпында нық отырған, Совнарком председателінің көмекшісі, бұрынғы Чапаев солдаты қатты әсер етті. «Мына бізді көрдің

бе, Ораз екеумізді, бір кезде совет өкіметін қанымызды төгіп орнатысып едік, енді бүгін сол өкіметтің басшылық қызметіндеміз» — дегендей көрінді. «Сен неғып жүрсің, жүзің солып, қаның қашып, іренің үрпі-түрпі?» — деп таңданғандай...

— Оралдан келдің бе, Жұнісов? — деп Башмаков Хакімнің оң қолын қос уыстап қысты.

— Иә, елден... алыстан... поездан түскен бойым...

— Көрініп тұр өңіннен де, гимнастеркеңін үйпалак түрінен де. Ұйықтамаған адамдай, көзің кіртип кеткен. Жәй... командировкамен бе?

Нағыз қын жауап жаңа ғана киліккендей.

— Шаруа болмаса келем бе?

— Отыр, отыр,— деді Василий Башмаков, орындық ұсыныш.

— Әрине, қауырт жұмыс болмаса мұнда келмейсіңдер гой.

Хакімнің түйіле жауап бергенін сезіп, және өлкелік прокуратурага соқпай совнаркомга тұра келгенін «поездан түскен бойым» деген сөзінен байқап Башмаков әңгімені басқа жаққа бұрды.

— Жұмыс ауырлап кетті ғой, Хакім Жұнісович. Жалғыз облыс пен ауданда ғана емес, крайдың өзінде тәулігіне он бес, он алты сағат қызмет істейміз. Ораз Жанзакович крайкомда. Мәжілісте отыр. Кешікпей келіп калар. Жолығасың ғой?

— Элбette.

— Баяғыда көрер таңды көзіңмен атырып жүріп келіп, аялдамастан кым-қигаш іске кірісп кетіп, ат үсті сусындал, тағы ілгері аса беретін уақыт қазір ойыншық сияқты көрінеді. Ертеде ат үстінде, кеште ат үстінде, жаның мұрның ушінде жүрген шақта «эттең жылы төсек, алаңсыз үйқтайдын үй» деп армандастын едік. Тап ондай болмағанмен қазір де таң атқанша отыратын шақтар болады. Облыста, ауданда жұмыс ауыр шығар?..

«Менің жайымды естіген ғой... Жұмсартып көнілімді ауламақшы» деп ойлады да Хакім:

— Иә, ол күндеңі жұмыс ертегі сияқты болып бара жатыр,— дей салды.

Хакім де, Башмаков та ойланып қалды. Хакім: «Менің хал-жайымды кімнен білді екен?» деп әртүрлі ойға кетті де, бірақ «білсе де, білмесе де өзім айтуға тиіспін. Бәрібір Оразға баян етем ғой», — деп қорытты. Ал, Башмаков ашық сөйлесті.

— Хакім Жунусович, бәрі де ойлағанымыздай шешіледі,— деп Башмаков оның ауыр ойын, дәл үстінен басқандай омырып жіберді.— Есінде ме біздің Лбищенск тұзағынан құдіреттің күшімен құтылғанымыз? Құдірет дегеніміз біздің қайсарлығымыз фой. Оған қосымша: бізді құтқарған тілекtes адамдар — ел адамдары. Файзolla қайда казір? Бізді Шалқар жағасында жасырып қойып, жеті күн асырап, күтіп, ат-көлік тауып, Оралға жөнелткен Файзolla мен оның ағасы фой...

Хакімнің көнілі сергін деді. Өткенді еске түсіріп, қылыш күндердің ашы-тұшы уақиғасын бөлісетін ескі жолдасқа белгілі даңқты тарихты тағы бір қозғап өткісі келді ме, әйтеуір Башмаков он тоғызыншы жылдың ауыр күзін көз алдына келтірді. Бергі беттегі момақан қазак ауылдарын, оның Файзolla сияқты ақжарқын жас жігіттерін дәріптей бастады. Өзіне таныс әңгіме болса да Хакім оны тыңдай берді. Ашы ойға тұшы әңгіме ара-ласты.

## 2

Салмақпен баптап, шебер сөйлейтін секретарь буорода бұл жолы да ұтымды сөйледі. Дәлелдеуді керексіт-пейтін нәрселерді де сипатты сөзбен жиектеп, цифрмен көмкерді.

— ...Карағанды сияқты мол көмір беретін үшінші кочегарка жасалды. Бұл ірі кочегарка бірінші бесжылдықты үш жылда орындау үстінде. Өмір жүйесіндегі Түрксіб жолы Арканың кәсіп орындарына астық беретін оңтүстік аудандармен республикаларға қол ұстартты. Балқаш пен Қонырат мыс қазаны ғана болып қоймак емес, Казақстанның пролетариат туын тіккен әйгілі ошағы, сан жасты, сан батыракты завод тілін білетін, завод өнерін игерген маман етіп шығармақ.

Ауыл шаруашылығы ескі атамзаманы өнімсіз ұсак және тұраксыз қалыптан машинеленген, көп қолдан құралған, көп жерлі, көп өнімді, көп салалы күшті шаруашылық түріне айналды... Алайда, бұрын көрмеген бұл жаңа жолдан бас тартатындар да аз емес. Әсіресе «Кім кімді женбек?» дейтін тап күресінің жанып тұрған шағында артель жолын жамандап, үркітетін сүмдардың жетегінде кеткендер де толып жатыр... Бұл қыыншылығы, уақытша кездесетін, кездесіп те отырган асу қыыншылығы. Бұған бой бермеу басты борыш, басты міндет...,

Осындай ұтымды, сенімді сөзбен секретарь тындаушыларын уысына мықтап қысып, тыптыр еткізбейтін халғе жеткізді де, мәжіліс басқарып отырған Исаевка «мен болдым» деген ишаға беріп, терезе алдына оқшашу тұрып калды.

Ораз:

— Ендігі әңгіме мекенінен ығысқан халықты орын жайына қайтару, теріс бағытта жүргендерін түсінік-насихат арқылы совет жолының дұрыстығына көзін жеткізу. Эйтпеген күнде мұнан да ауыр күйзеліске ұшыраудаусыз,— деп тұжырды....

### 3

Көргенше асығып, кабинетінде тақатсыз күтіп, армансыз әңгімелесуге құмартқан Хакімнің «бар ісін» Совнарком председателі бір сөзбен бітірді. Ол тіпті Хакім мәселесін әлдеқашан өзімен ойласып шешіп-шешіп койғандай:

— Иә, ден сау, Хакім. Ақтөбеге жүресің, соңда Ивановпен бірге іскеуге. Жұмысқа тағайындау қаулысы сонынан барады. Қазір бар күш, бар жігер, бар акылыңды көшкен елді ата қонысқа қайтаруға жұмса. Жүдеген елге жәрдем беру тез үйымдастырылсың. Біздікіне соқкан жоқсың ба? — деді түре келіп көріскен Хакімнің қолын алып жатып.

Орнынан алыну, партиядан шығарылу, қынжылу, тарыгу, күні-түні ой кеміріп, «бұл қалай болды?» деп шешілмейтін сұрақтың шырмауында, ауға оралған саңдай бұлқыну қасіреті кездеспеген нәрседей-ак... Хакім бөгеліп қалды. Аздан кейін ғана ол Ораздың барлық аяқ астынан жүктеген міндетінің ішінен бөліп алышып.

— «Біздікіне соқкан жоқсың ба?» дейсін. Мен бір саяхатта жүрген жандай! Сараға амандасу керек еді алдымен. Бірақ, жұрт: «жұрағат іздел жүр» демесін деп, заңды жолмен келдім. Өзім поездан түскен бойым, дихандар мейманханасына түстім,— деді Хакім Ораздың отыр деген ишаратына қарамастан тұрған бойы жауап катып.

— Юристер солай, зан жолымен жүреді.

Ораз енді құле сейлеп, әзілдей бастады да, бірақ Хакімнің жолдан тозан тартқан жүзі сұрлана түскенін көріп, үнін өзгерте қойды.

— Окасы жоқ. Сарамен кейін сөйлесерсін, екінші келгенде. Облыстан келген бойым де.

— Облыстан емес. Мәскеуден.

— Э, Мәскеуден! Мәскеуге барғанын өте жақсы болған. Сольцтен телеграмма келді. Мықты телеграмм. Бұл қадамың жақсы қадам. Ақылмен істелген...

— Басқа не іstemекпіз. Шындықты бүркей береміз бе?

— Хал-жайды ауызша түсіндірдің бе?

— Ауызша да. Қағазша да. Облыста болған заңсыздықты Одак прокурорына мәлімдеді. Ал, ауыл шаруашылығындағы сорақы істерді Ярославский мен Сольцтің атына жаздым. Жасыратыны жоқ, барды — бар, жоқты — жоқ,— дедім.

— Сенің солай ететініңе күмәнданбаймын. Ал, ана қартпен тік кеткениң...

Ораз сөз аяғын жұтты, Хакім мұны «әдел сактайды гой» деп түсінді. Ол, қыскаша хабарлады да, сөз аяғында:

— Ел табанында қадау-қадау әр жерде бірді-екілі үй ғана қалды. Қөшілік Самар мен Сартау облыстарына және арғы бет Астрахань облысына ауып кетті. Елді жұтаған үстіне жұтамасын деп осы үш облыстың әкімшілік орындарына өтініш жасадым: жұтқа ұшырап жатырмыз. Астық іздең сағалаған қазақ шаруаларын совхоз төнірегіне орналастыра тұрыңыз. Бәріміз де РСФСР қарамағындамыз,— дедім. Самар мен Сартау жәрдемдесін жатыр. Ал, осы істі «теріс» деп облыс басшылары кінә тағады. Сірә, Крайкомның бірінші секретарына: «Жұнісов көшпендерлікке жол ашты» десе керек. «Сені соттау аз» деді маған «қартыңыз».

Ораз Хакім сөзін ойланыш тындағы.

— Жақсы, әңғіме осымен аяқталсын. Жаңағы тапсырманы Совнарком тапсырмасы деп түсін.

— Обком қаулысы қалай болады?

— Сольц токта десе, оған бағынбайтын кім бар? Өзгереді гой ол қаулы. Бұған қарайлаудың керегі жоқ. Бәріне де уақыт керек. Бәрі де өзгереді. Түсінікті гой?

— Жарайды,— деді Хакім, басқа сөзге жол таппай,— Онда ертең Ақтөбеге жүргүре тұра келеді.

Ораз сәл бөгеліп, әлденені есептегендей қабағын шытып тұрды да:

— Абзалы бүгін. Тап қазір жүріп кетуің керек. Өйткені жұмыс қауырт,— Совнарком председателі жәрдем-

шісіне: — Жолдас Башмаков мына Жұнісовке поезд билетін тез әперсін, Сырцовка айтшы,— деді. Соңсоң аздан кейін Хакімге!— Астанаға келгенінді аса әшкерелей бергенің жөн болмас. Занды да, саясатты да, басқасын да менен кем білмейсің ғой. Қане!— деп Хакімге қолын берді...»

— Башмаков, біз Сәкен Сейфуллинге кіріп шығамыз. Сен үйін білесің ғой?

— Білемін, Ураз Джанзакович.

— Білсен, кеттік.

Совнарком председателі өкімет үйіне таяу жердегі Карл Маркс көшесінде тұратын Сәкен Сейфуллиннің үйіне кетті. Асығыс аяңдаған председательдің сонынан Башмаков балаша қорбаңдады.

### Екінші тарау

Сырт қарауға тәкаббар дерлік, кербез пішінді, әрі келбетті, тіпті бір қараганда өзінен кіші адамға иілмейтін адам сияқты, айбарлы Сәкен көп жерде бота мінезді жан: әзіл-қалжынға да бейім көз құйрығы жиі-жій жұмсақ шырайға көше береді.

Бұғін ол дәріс сонынан қаумалаған студенттеріне кілт қабак қатын алды да:

— Жұнісов, берірек кел. Сен бұғін неге қашқақтап шеткери тұрсың? Қабағың да қалындаі түскен бе қалай? Әлде бір нәрсеге сен де ренжіп қалдың ба? — деді үстаз акын.

Сөйтті де өзінің байқамай «сен де ренжіп қалдың ба?» деген сөзіне басын шайқады. «Андамай сөйлеген ауырмай өледі» дейді қазекен. Тауып айтқан. Бұғінгі өз қабак шытқанымды ауыздан шығарып алдым...

Әлібек бұл сөздің астары барын аңдаған да жок. Өзінің түйіліп тұрғанын сезіп, күтпеген жерден оның себебін сұраған үлкен адамнан қысылып қалды, жауапта таба алмай састы. Не демек? Не демек? Мені комсомол комитетінің бюросы тезге салмақ демек пе? Әлде, бәрін мойындал: өзімде де кінә көп, жайыма жүрмей сары уайымра салыну неге керек еді? Онымен қоймай

мұны — жеке басымның мұнын өлеңмен шағынғаным теріс еді демек пе? Міне, енді иллейтін терідей малмаға салып малшылап-малшылап алғалы жатыр, деп шағынбак па? Ол:

— Сәкен аға, жәй әншейін. Ешнәрсеге де ренжігенім жок, — деп мінгірледі...

Жолдасының жасырғанын қоштамаған «философ» аның айтуға кірісті.

— Дәл байқадыңыз, Сәкен аға. Қабағы қатыңқы, оның себебі бар. Себепсіз өзгеріс жок. Ескі сынып, жана бөртіп келе жатқан заманда нәзік сезіммен түк сезбес көнтері болып қалған топас ойлар да алыса түспек кой, Сәкен аға. Әлібектің «күйрек» өлециі бюорода күйретпекші. Әрине, өзіміздің комсомол комитетінің тезімен түзетпек... Сын кіріп келмесе, төрге шығып кеткен мін ығыса коя ма! Осы жай Әлібек түгіл менің де көн қабағымды тыржита бастады.

Сәкен құлағын тіге қалған еді, мына, жастар арасында философ атанған жігіттің сөзіне екі-үшті сезіммен қабағын шыта бастады.

— Солай ма еді? Мені де шакырып еді комсомол. Осы жөнінде болды гой. Імм! Сын кіріп келмесе төрге шығып кеткен мін ығыса ма дейсің? Бұл бір аталы сөз еken. Осы күні «сын түзелмей, мін түзелмес» дегенді айтуышлар да бар. Бұл қазактың: «Жібекті түте алмаған жұн қылады, қатынды күте алмаған күң қылады» деген даналығына сәйкес... — деп Сәкен сөзінің аяғын жұтып қалғандай кілт токтап, әлденеге қабағы қатулана қалды.

Ол аз ойланып сөз саптағандай болды. Сонсон та- мағын болмашығана білдірмей кенеп:

— Жігіттер! — деді келісті жұз, ақылды көзге лайық әдемі қоңыр үнмен: — Жәңғір ханды білесіндер гой. Қазақтың соңғы хандарының бірі, Батыс Қазақстанда дәүірлеген. Сол Жәңғірдің он екі биінің бірі ер Исатай басқалардан мойны озық қалпын ат үстінде де сақтайды еken. Аты да өзіне сай атақты Актабан дейтін ат болған. Аяны желіске бергісіз, желісі — шапқан атты алға салмайтын жануар еken. Сондықтан әрдайым үстіндегі батыр денелі, нарттай көрікті, асыл туған иесі басқалардан оқ бойы ілгері отырады еken деседі. Бір күні хан барлық нөкерімен, он екі биімен ат үстінде келе жатса, қасындағы тілі ашы және Исатайга өш бір би: «Тақсыр, жez қарғылы қызыл тазы сияқты, осы

Исатай алдымызға түсе берегіні несі? Тым болмаса хан алдына шығып көлбендей беруін коймай ма?» — депті. Исатайдың алдына шыға беруі ханға да ұнамайтын «қылыш» болса керек. Жәнгір — «Әй, Исатай, бері кел! Жез қарғылы тазы сияқты осы сен неге алға шыға бересін?» — депті-міс. Сонда Исатай: — «Сөзіңізге құлдық, алдияр, тауып айттыңыз, тап сондай. Бірақ қысылманыз, алдыңызда жez қарғылы тазыдай мен келе жатса; соңыңызда жалбаң-жұлбаң шауып, о жағыңызға бір бұжыңызға бір шығып, арсаландап, жалбарынып он бір төбегіңіз келе жатса, сізді қай құдай алар деп корқасыз?» — деген екен. Сол сияқты, қай кезде де, қандай жағдай болса да, біреудің шашбауын көтеріп, арсаландап шаба беруден аулақ болындар.

Философ Жакия басын шайқады. Басқалары аузын ашып ыржия құлісті. Ал, Әлібек тұнжыр қалпында қалды. Дәріс үстінде де, мына жайбаракат әңгіме кезінде де жүзінен реңжү кетпеген шәкіртін бақылап, сынап тұрган Сәкенге бұл катты ой салды. Әлгіде ғана көз қүйрығы құлкі шырайын төгіп тұрган ақын өзі де тез тұнжыр қалыпқа көшті.

«Қүйрек өлеңін бюорода караиды... Қүйректік әрине, біздің қаһармандық заманға сай сезім емес. Алзайда, Әлібектің қүйректігі болып жатқан нашар істердің, асыра сілтеушіліктің салдарынан туған ауыр жағдайлардың әсері. Әлібек мұны көзімен көріп келді. Бір ғана көрген жок, бірнеше рет елге шықты. Бір ауданға ғана барып қайтқан жок, әлденеше ауданын сипатын өзіме әнгімелеп берді. Сорақы істер, қайғылы халдерге соктықтыратын, соктырып та жатқан жайлар мол... деп ойлады ақын комсомол бюросының мәжілісінде отырып. Ол бірінші мәселелерге аса зейін қойып тындамады, ал, Әлібек мәселе сіне келгенде қабағын түйіп жинақтала түсті.

— Бізде жетістік көп, ауыр кәсіп орындарын құрдық. Карагандымыз үшінші көмір кочегарына айналды. Балқашымыз мыс казаны болды. Эмбамыз нефті байлығын шалқытса, Өскеменіміз темір рудасын актарып жатыр. Толып жатқан заводтарымыз бен фабрикаларымыз тұтінін будактатты. Енді осыған сай ауыл шаруашылығы колективтік жолға түсе бастады,— дейді секретарь жолдас.

Солқылдата соғылсын,  
Бесжылдықтың балғасы.

Арқырасып асаудай,  
Өндірістің арнасы,—

деп жас ақын, екпінді ақын Тайыр Жароков жаңа  
зиманиң жарқын бейнесімен жоғары өрлеген қайсар  
жарқыны суреттесе, біздің мына алдарыңызда отырған  
Әлібек Жұпісов күйректік, жылауықтық, сарыуайым-  
шылдыққа салынады. Алдыңғы жылы кәнпескеленген  
шынжыр балак, шұбар төс, Ақметшешің қызына ғашық  
болып, бірақ комсомол комитеті сөгіс бергеннен кейін,  
одан безіп, безгеммен мұңайып, тұңжырап, аспан жерге  
түскендей, жер төңкөрліп кеткендей зарығып жазған  
«Кап-кара бұлт көкті қаптап келеді» деген сұрапыл  
олецінде:

Жерде толы, көкте толы жай оғы,  
Махаббат пен жырга тимес кай оғы?!

деп дүшиенің бәрін жай оғына сұлаттырып еді. Енді  
бүгін:

Хасіретсіз тәтті үйкі,  
Көп заман маган болды жат.  
Толар-ак солған тән сиқы,  
Жап бұғаудаң болса азат,—

дейді. Бұл калай? Тәтті үйкідан айрылған кім? Жаны  
бұғаудағы адам қайсы? Бұл әрине, менің ойымша жақ-  
сы сарын емес. Бұл осы күнгі өмірімізге қарсы кеткен  
сарын, бұл іштей тулаган наразылық. Бұл онан да зор...  
Міне, сіздердің пікірлеріңді есітелік деп ортага салған  
мәселе осы,— деді Нақысбек.

Нақысбек қадап, нықтап сөйлейтіп жас болғанмен,  
сол айтып түрған сөзіне өзі құліп түргандай жүзі кәр-  
сіз, сөзі зәрсіз жұмсақ мінезді еді. Қазір де комсомол  
комитетінің хатшысы саяси мән беріп, үлкен айыпқа  
қарай төндірген сөзінен кейін Әлібекке әдетінше езу  
таргыны, бұл жай қадала қарап, түйіле тыңдал отырған  
бюро мүшелері мен оқытушылар атынан қатынастырыған  
Сәкеннің алдында кешірім сұрағандай әсер етті. «Ерке  
баласын экесі ақырын ғана құлагынан тартып қоюышы  
еді, мына жігіттің де қатты сөзі жай құлак тарту болды»  
деп ойлады ақын. Бірақ, ілесе сөз алған бір бюро мү-  
шесі комсомол секретарының меңзеген шегесін балға-  
лай түсти.

— Қазір салт-санған майданы күйректікті, солқылдақ-  
тықты, зарығу мен торғуды көтермейді, өйткені тап  
таргыны шиеленіскең шакта бізге қайыспас қайраткер  
керек. Қаһарман іске қаһармандарша қимылдайтын

болат жандар керек. Біз болат жандарды дайындаимыз, дайында та жатырмыз. Алдағы күнде дайындаі бермекпіз де. Неге десеніз шиеленісken тап тартысы бір күнде, болмаса бір айда, тіпті бір жылда біте коятын тартыс емес, ол ұзак тартыс. Ал, осыған орай біздін ертең институт бітіріп шығып, келешекте құрыштай берік, алмастай өткір, табаны мұзға таймайтын буыршындаі табанды жана ұрпақты тәрбиелейтін болашак учителіміз, болашак ұстаз не жазып отыр? Накысбек сұрақты дәл қойды. «Жаны бұғаудағы адам кайсы?» Мен тұра айттар едім: бұл сол жазған ақынның өзі! Жаны бұғаудағы адам ғана осыны айтады. Демек, бұл, әлгі Ілияс Жансүгіров айтқан «Ескіліктің тәбесін қашап жатқан заманда, бай-құлакқа шабуыл жасап жатқан заманда» сол тәбесі қашалған, қамалына шабуыл жасалған тоptын сарыны, соның зары, соның күйігі. Мұндай жандардан...— бұл Боранов деген студент еді.

— ...Ірғепі көш аулак жерге салған занды,— деп іліп әкетті оған жалғас отырган сары, Боранбеков дейтін,— мұндай зиянды сарынмен де, сарын исесімен де алдын ала қоштасқан жөн...

Бұл Боранбеков пен Борановты окушылар бір жүріп, бірге тұргапына қараң және екеуі де мінбеге қосарлана қалатынын есептеп, «қос сары» деп атап кеткен-ді.

Жұрт тым-тырыс бола қалды, Сәкен басын көтеріп алды, қабагын қатты түпіп екі жағына кезек қарады да, уыздай жас жаидардың қалтқысыз ойын, кіршіксіз сезімін тұра актарын жатқашын көріп елжірей түсті; жүзі сол сұрланғандай, бозаң тартты, көз айналасы қаймақши бастанады. Бірак, тым елжіреуден де аулак, қатал сөзден де қашып, коңыр үймен:

— Жігіттер, мені мәжілістеріңізге шақырғандарынызға көп ракмет! Бұл кішкене мәжілісіңіз үлкен жиналыска татырлық. Риза болып отырмын. Білім жағынан да, саяси тәрбие алу жағынан да, іске құмарлық, болашакка ынтықтық жағынан да жақсы бой көрсетіп қалғансыздар. Пісіп, жетіліп қалғансыздар. Дос сүйінетін, дүшпаш күйінетін дәрежеге жеткенсіздер. Қатты ризамын! — деді.

Аты анызға айналып кеткен атакты революционер, оның үстішे өздері қойған «Қызыл сұнқарлар» мен, жастаңып жатып оқитын, «Тар жол, тайғак кешудің» авторы даңқты Сәкеннің аузына қылқандай жас жігіттер қадала

Карап қалды. Біреулері ақынның мактау сөзіне қодырая түсті; ал, кейбірі: «біздің мына «қос сары белсендінің» пікірін қостар ма екен, қостамас па екен?!» деп күдікпен күтті. Кейішіректе отырған Жақия философ қалай болғанда да өзінің бірер сөз айтып қаларын сезіп қас-қабағын кере түсті, «сен жасыма!» дегендей қасындағы Әлібектің жүзіне салмакпен көз тастап, үйреніскең шыраймен дем беретіндігін сездірді. Әлібекке басқалары да көз құйрығын қиғаштады, бәрі де «не болар екен?» деген іштей түйіліске кептеліп, «айыпты» жас ақынды да, айбарлы үлкен ұстаз ақынды да сынағандай болды.

Бірінші қатты ризалық білдірген сөзінен кейін талапты жастарына кезек-кезек, әрқайсысына жеке-жеке бага берерлік пішінмен асықпай сыйды көз тастап Сәкен мұртын сипады, сол жақ миығын сұлулап шырып қойды. Бар көз, бар құлақ өзіне тігілгенін сезді, бір ауыз сөзіне бір студенттің тағдыры біржола байланысты екенін әбден ұқты...

— Сен бала, жақсы сөйлейсің. Сөз өнеріне бейім жігітсің. Мұны мен соңғы кездे байқап журмін,— деді секретарьға ілесе, бірінші қатты сәйлеген Борановқа. Соңсоң ол әлденеге ойлапты қалғандай кідірістей түсті де, аса жай, жұмсак үимен сөзін аяқтады.— Сендер әрқайсың әртүрлісіңдер. Біріңіз жақсы сөйлейтін шешен болсаңыз, енді біріңіз сабакқа алғыр, гылымга бейім шығарсыз. Ал, іштеріңізде мүмкін суретшілік өнерге құмар, құмар ғана емес, салып жүргендер де болар. Маған осылай көрінесіңдер. Ал, мен көбірек білетін мына жаңағы өздерін сынаған жігіт, мықтап сынаған жолдасының өлеңші. Өлеңші болғанда анау-мынау емес; бір ауыз өлең шығара салу, оны және жұрт алдында айта салу көп адамның қолынан келеді. Бірақ оның бәрі ақын емес, жай өлеңші ғана. Жүнісов нағыз ақын. Ақын болу, суретші болу әр нәрсені, әр құбылысты көргіш, адамның хасірет-қайғысына жапы ашығыш, біреудің мұңын мұндақсыш, жә болмаса шаттығына қосыла шаттанғыш жандардың еншісіне тиген дарын. Шын дарын сирек кездеседі. Ондай дарынды қолдау, демеу жолдастарының міндеті, мына сендердің борыштарың. Жел соғып жерге тұқыртып кеткен жас ағаштарын қайта көтеріп, мәпелеп, тірек қойып түзу өсіріп жатқан адамдарды талай көрдім. Ал, сендердің мына алдарыңда отырған жолдастарың ондай қисайып, бүгіліп қалғап жок, оны демеп жіберу керек. Тәрбиелеу деп осыны

айтады, табаны мұзға таймайтын болашақ күрескер үрпак шығару деген осылай болмай ма? Талапты жас балапанның көптеп қанатын берік қақтыру емес пе бұл, жігіттер?

— Солай Сәкен аға, тұра айтасыз. Ал, Жұнісов өзің не дейсін? — деп еді Нақысбек...

Бірінші қатты ризалық білдірген сөзінен кейін талапты жастарына кезек-кезек, әрқайсынына жеке-жеке баға берерлік пішінмен асықпай сынылды көз тастап Сәкен мұртын сипады, сол жақ миығын сұлулап ширып койды.

Сәкен, бұлардың шешім-қарапына араласпайын деген оймен Нақысбектен рұқсат сұрап кетті.

Ал, Сәкен кеткеннен кейін ілкі қатты сөйлеген сары жігіт:

— Эңгімені ашық айту керек. Жұнісов қатесін мойнына ала ма, алмай ма? Соны айтсын,— деді.

Философ:

— Алды ғой, жаркыным: Мына қиналып отырғаны мойындағаны емес пе? Жүзінен де көрініп тұр ғой, әйтпесе қайғыра ма. Бәрін де мойындаپ тұр ғой. «Мен кінәлімін» деп айқайлату адам табигатына келіспейді,— деді.

— Жақсы, жақсы. Ал, шешім... Жұнісов сен де шыға тұр. Бәрібір айтартың жоқ...— деді Нақысбек.

Жұнісов шығып кетті.

— Сәкен ағаның ақыл сөзін негізге аламыз. Солай ғой, жігіттер. Эйтпегендегі мұндай былқылдақты...

— Қуып шығу керек,— деді Боранов секретарь сөзін аяқтан.

— ...Қуып шығуға болады... Қуып шығу кашпас, әзірге сынға салайық. Бүгін Өлкелік комсомол комитеті үш комсомол сұрады: Қызылорда аудандық комитетіне көмек беруге. Сонда жібереміз. Күріш дайындау науқанына. Бұған қалай қарайсындар?

— Үзілді-кесілді ескерту жасалсын: егер де күріш дайындау науқанында жақсы істеп қайтсаң біздің қатарымыздасың. Ал, олай болмаған күнде, кінә өзінде — деп қадады Боранов.

— Басқа пікір?

— Басқа пікір жоқ.

— Онда осы тоқтамга келеміз. Қане, қарсы бар ма? Жоқ?

Аулада жүрген әйелден ақынның үйде бар-жоғын сұрады да, Ораз өзі есік қақты. Есікті ақынның өзі ашты. Күтпеген қонак...

Амандастып төр көрсеткен үй иесіне ол тіл қата қоймай, кідірістеп қалды. Лебіз күтті.

Оразға тік қарап отырды да Сәкен қабағын шыта бастады. Совнарком председателі ақынның мінезін де жақсы билетін. Жиі әңгімелесіп журмese де, бұрыннан кейбір мінез-құлықтарына да қанық еді. Келіспеген шакта, ауыр сөз айтардаған ақын қабағын шытады. Мұны ол мұнан сегіз-тоғыз жыл бұрын Орынборда бай-қаған. Ойлаған ойын тұра жайып салатын, жаратпаған нәрсесін бетке айтатын ежелгі бойға сіңген әдеті.

Сәкен қабағын шыта түсті.

— ...Жасың кіші болса да, орның үлкен. Сондықтан кейде Совнаркомдығыңызға «сіз» керек. Бұл Ленин Совнаркомы, соның бір тармағы. Менің айтарым да сол жөнінде: көздеген мақсат біреу, бірақ сол мақсатқа жеткізер жолдың бұдыры көп. Бұдырға соктырмай, көшті іркіс-тіркіссіз жүргізетін жанашыр басшы жоқ. Мына көз алдымызда жүргізіліп жатқан асыра сілтеудің жайын өзің түсінесін.

Ораз басын көтермей біраз отырды. Сөзіп бітірсін дегендей ақынның жүзіне қарамастан отырды. Бірак Сәкен тоқтап енді жауап күттіп еді. Ойындағы іркілгеннің бәрі айтылмаса да, ең абыз сөздің басы тәбе көрсетті. «Қалайда бұл келуі мәні бар келу — жә тыңдау үшін, жә тыңдату үшін басқан қадам» деп ойлады ақын.

Ол енді шалқайыңқырап отырды, жаңа ғана шытыла түскен қабак енді жазыла бастады. Батыр мұсін, сұлу келбет. Сәкениң қарасы мөлдір, ағы кіршікіз үлкен откір көз жанарынаң: қарсы отырган сөзге шешең, қатарының бәрінен мойны озық, аз жылдың ішінде атагы тез жайылған басшыға: «Не бар аянатын. Өзіңпен басқа кім бар қимылдайтын. Ел сенпен жігіт сен емес пе ең?!» деген дем ұшқындағандай болды. Ал ұзынша келген аққұба бетінде додалы қасы көмкере түсіп, көбіне көп жұмсақ шырай шашатын Ораздың көзі бұл жолы ақынға жалт еткендей болды да, кенет кітап полкасына ауды: ақынның атақты «Тар жолына» кідірістеді, онан әрі тұрған «Клим Самгиннің өміріне» көшті, қатарындағы тағы бір кітапқа түсті.

— Тар уақыт! Тар жыл! Ауыр шақ, Сәке! Бірақ мұнан да тайғақ кешуді бастаң кешірген ел іркілмей, іркілсе де ерлігін, төзімділігін, қайсаrlығын жоғалтпай өтеді. Сіз бен біз қолдаң келгепін тартынбай жұмсауға дайынбыз ғой. Бұған ешкімнің шәгі болмасқа тиіс. Айтқаныңыз қалтқысыз шындық. Сол шындық ана сияқты көркем тілмен безелінер-ақ.

Сәкен бір минуттей үнсіз отырды, ол сөзінің Оразға әсер еткеніне күмәндапған жок. Өйткені іштей жақсы көретін, тіпті мактауды аса сүймейтін ақын, әр жерде әнгіме болған шақта, ісі мен сөзіне, мінезі мен жүрістүрысына аса биік баға беретін бұл ірі қайраткер тапқазір не ойлап отыр екен деп оғап тұра багын еді, Ораз да оның сынап отырғанын әбден сезді, бірақ ол әлі де айтынқырасын дегендей құлақ тосып отырған шәкірт шырай көрсетті.

— Кешегі Крайком пленумында көп сөз болды. Қатынаспасақ та оқыдық. Біраз мәселені әңгіме еттіңіз... «Сәкен пионерлерге Қажымұқандай палуан бол деп үгіттейді» деп ілік тағады. Мұндай дәрменсіздік, надаидық Жанайдардан шықпаса керек еді. Бұл сөз оның аузына салынған сөз. «Косшы балаларына» Сәкен пролетариат жазушысы ма, емес пе дегеннен өзге шешетін проблема қалмап па? Ел қамын қамдап болып, енді Сәкениң қамын қамдамақ па? Ұсақ мәселе. Ұсақ қана емес, жексүріндыққа соқтыратын кеп. Сәкениң кім екенін Сәкениң халқы мен өзі биледі. Баян әншіпі мадақтаса — халқының ән мен күйін мадақтағаны. «Қажымұқандай палуан бол» десе, ел абыройын аспандататын жүрттан асқан өнер иесі бол, тайынбайтын жүректі бол, жығылмайтын білекті бол, қажымайтын жігерлі бол, дегені.

«Әдебиетте сын болмай келді, сондықтан пролетариат ісіне зиянын тигізетін пікірлер басым» дейді. Бұл да алдымен мен жөнінде, менің шығармаларым жөнінде айтқаны. Мен сол сыншыл Жанайдарға: пролетариат ісіне үлкен кінәрат келтіретін, ауыл шаруашылық саласындағы теріс істі неге сынамайсындар? Мал басы кемуін, малмен әрекеттететін шаруаның тозғындау себебін неге айтпайсындар, неге сынамайсындар? — деген сұрап кояр едім.

— Сәке, бәрі шындық...

Сәкен енді қонақ жайлышқа көшті.

— Кешірерсіз, Ораз. Маған бұл жөнінде сіздерге барып пікірлесу керек еді, өзіңіз келгеннен кейін «оты-

рыңыз, төрге озыңыз» деудің орнына әлеуметтік жұмысты әңгімелеп кеттік. Біздің үйдегі... Гүлбаһрам! Үйдемісің? Шай әзірлед!— деді екінші бөлменің есігіне тәніп.

— Жок, жок, Сәкен. Біз, мына Башмаков екеуміз сіздің хал-жайыңызды біле шығайық деп қана келдік. Және адам жібертіп шақыртудан көрі... қолыңыз тисе, бізге, маған, ертең кіріп шықсаңыз қалай болар?— деді Ораз кетуге ыңғайланып.

— Әлбетте болады. Өзіңіз келмей, Башмаковты жіберсеңіз де болатын еді...

— Сәке, Жұніс дейтін халық дәстүрін қолдайтын, сөзге ұста кісінің айтқан бір сөзі қазір аузыма түсіп кетті.

... Өкше ізі алыштан, бірақ мінгені тай, бір жас бала, ауыл сыртында далаға көз шуйіп тұрған картқа жетіп келіп:— Ассалаумагалейкүм, ата!— деп сәлем беріпті. Жап-жас бала болғаннан кейін, мұнымен не сөйлесем деп ойлап, қария:— Уағалейкүм әссәлам,— деп жүре сәлем алышты. Үлкен адам тоқтамай, елеп жөн сұраспасын көріп, бала:— Ата, қай ұлыссың?— дейді. Үлкениң сұрап жөнін өзінен сұраганға аң-тан болып бірақ баланың пысықтығын байқаң:— Тана едім, шырагым,— дейді немкеттілеу түрмен.

— Тапаның қайсысыз?— деп тақымдайды бала.— Тәйт, сен күшік Тапаның қайсысын білуші едің?— деп қалыпты аксақал.— Мен білмейтіп Тана бар ма еді, алты ауыл Әлмамбетбісің, болмаса жеті ауыл Жиембетбісің? Әлде қарғыс атқан Қараманбысың, бақ дарыған Аламанбысың?— деп шұбырта жөнеледі бала. Карт тоқтай қалып:— Эй-әй, сен бала... қалай-қалай жіктейсің өзі,— деп тұра қалады да,— Әлгі Даттың алды дауыл, арты өрт бір күшігі бар деп еді, сен сол болып журмегейсің өзі,— дейді қадала қарап. Сонда бала:— Менің ізден келе жатқан атам сіз болмағай...— Сен кімді ізден келе жатыр едің?— дегенде:— Маған Малайсары деген дана керек еді, деп бала да жас бүркітше шуйіле түседі.— Мен сол Малайсарыңын...— Тайдан домалап түсіп бала қоржының қолтықтай тізесін бүгіп:— Ата, батаңызды беріңіз, мен сол үшін келе жатыр едім,— деген екен жас Сырым...

Сол Жұніс кәрия айтқан қазақ дәстүрінің күштілігі еске түскен. Әрине, мен Сырым емеспін, сіз Малайсары емессіз. Алайда данасына тізе бүгу ата дәстүріміз ғой

деп ойладым... Эзірге қош тұрыңыз, ертең көрісеміз фой,— деп Ораз бас іп шығып кетті.

Сәкен аң-таң пішінде қалды. Оны таңдандырған мына атақты жастың сөзге де, дәстүрге де ұсталығы еді. «Осындай ақылды қазақтар молырақ болса!..»— деді ол ішінен.

### 3

Сәкен кіріп келгенде Ораз бен Мырзагұл орындарынан тұра келіп есікке қарай жүрді. Мырзагұл ақын қолын бұрын алатын жерде-ақ еді, бірақ ол бір адым кері шегініп, Оразға жол беріп тұрып қалды. Атақты адам мен әйгілі үкімет басшысы алдымен амандасу керек. Сол үшін бұл әдет-салтқа шебер, көргенді жігіт басын іп қана жылы шыраймен екеуінің қол алысуын күтті. Ораз ұзын кабинеттің төрінен маңғаз аяңдаған Сәкенге тез жетті, белгілі жарқын жүзі мен үшқыр сөзін ала жетті.

— Сәке, жогарылаңыз.— «Жасы үлкеніді сыйламас заман, орныма отырып алып шіренүін көрдің бе» дей көрменеңіз. Өзіңізден үйренген: керек жерінде шалқақтайтын да әдетіміз бар. Іні ағаға қарап өспей ме, ә!— деп құлді ол Сәкеннің самарқаулау берген қуатты қолын қос қолдап қысып жатып.

Сәкен қарсы жауаптай қоймады. Қөзі құліп, қабағын шытып тұратын өзінің іштей риза қалпымен шалқайып тұрып, Совпарком председателінің қолын қысып амандасты да, кейінде тұрған Мырзагұлға қол берді.

— Денсаулығыңыз қалай, Сәке? Тау етегі әдемі болғанмен қит етсе жауып кететін құбылмалы табигаты мазасыз болып тұрған жоқ па?

— Ден сау, тамақ тоқ. Тау етегі әдемі. Осыны, елдің бәріне тегіс...— Сәкен сәл мұдіріп қалды да,— тегіс тілесек,— деп Ораздың мензеген жұмсақ креслосына отырды. Ораз жауап қатпай төмен қараған күйі оның оң жағына барып отырды. Сәкен сөздің дәл тиғенін сезді де ендігі зілді басқа жаққа тастанап, артында тұрған Атаниязовқа:

— Мырзагұл, отыр, тұра айтатын жігіт едің, көрі рапортамга жақпай қалып жүрген жоқсың ба?— деді.

Сәкеннің бұл екі лебізінің екеуі де Оразға оспақтауды керекстіпейтін сөздер. «Елдің бәріне осыны тілесек» дегені «тегіс тоқтық тілесек» дегені. Совпарком предсе-

дателінің көптен бері жатпай-тұрмай ойлап, ел мен екі араға атақты ақынның сөзін дәнекер етуге қам жасап жатқаны осы «тегіс тілек» үшін ғой...

Мырзагұл:

Қайтер дейсіз, Сәкен-аға. Жеке бас бірде жағар, бірде жақпас,— деді де қойды.

Әңгіменің арғы жағына Мырзагұл бармады. Бұған Ораз да десте бере қоймады. Ол Сәкенге тұра қарамай отырып:

— Қын кезең, Сәке. Халыққа қын кезең. Мұны сізден жасырмайтынымызды білесіз ғой. Әңгіме карі райкомға да тиеді, кәрі емесіміз де ортақпыз бұл күйзеліске. Алайда осының қайткенде жеңіл жолын, сүрінген үстіне сүріне бермей, ендігі жерде сүрінбеу жолын табамыз ба деп ізденіп отырмыз. Орталыққа мағұлымдадық. Аңы жайды ашы түрінде мағлұмдадық. Алдын ала істейтін шаралар белгіленді. Кейінгісін тағы көрерміз,— деді.

Ораздың бұл сөзі Сәкенге айыпты адамның сөзіндей естілді.

— Ораз, сенің алғыр жігіт екеніңді, революцияға да адал қызмет істей алатыныңды мен о бастап білемін. Бұл қыышылыққа бәріңіздің, бәріміздің кінәлі екенімізді де білемін. Ендігі жерде: қайтсе халықты шығыншын аман сақтап қалуға болады. Осыған мемлекет қайраткері есебінде кірісуің керек. Сен кірісуің керек. Мен де, өзге де, халық та сенен осыны күтеді. Сені біледі. Саған сенеді, саған көзін тігеді.

«Кірісіп жатырмыз, Сәке... Күйзелгендерге, жала-паштарға көмек үйімдастырыңық... Ал менен өзгеше үміт күткеніңізге рақмет», деп айтпақшы болды да, Ораз тоқтап қалды. «Кимылыңды сынап, не ойлап отырганыңды бірден сезетін өткір ойлы жанға ауыл сыртында көлбендерген бозбаладай көрінермін» деп ойлады Совнарком председателі. Ол енді іске тіке кірісе сөйледі.

— Анау күнгі әңгіме қыннан айналды, Сәке. Сіз бір сөзіңізде «булік шығарған жандар да есті жігіттер шығар» деп едіңіз және «олармен өзара қазақшылап сөйлесуге болмай ма» деп қалдыңыз. Бұл менің де ойыма келіп жүрген үміт болатын. Соны ақылласу ишті еді менің сізбен сөйлескенім. Енді міне, сіз макулласаңыз, біздің өтінішіміз: соларға барып бір ауыз сөз айтсаңыз.

Адасқандарына арты жөн болар жағын алдына тартса-  
ныз. Көбі бикүпә шаруа...

## Сәкен ойланбады:

— Е, оның сөйлеспейтін несі бар,— деді.

Ораз қоштай кетті.

— Көптең көп рақмет, Сәке. Онда біз сіздің тез жүрүйцізді қамдаіык.

— Бұл үшін маған рақмет айтуларың артық. Менің өз борышым бұл. Елмен жұзбе-жұз сөйлесуге бұрынның рак баруым керек еді. Олардың сөзін мен тыңдасам, менің сөзімді олар тыңдаса — мұнан артық бақыт бар ма? — деді ақын.

— Сәке, сізбен бірге мына Мырзағұл жүреді. Мен де сол облыста боламын. Ақтөбеде.

— Жаксы, жарайды.

— Онда, Мырзагүл, қашан дейсіз Сәкеңе сапар сагаты? — деси Ораз Атаниязовқа бақты. Шолғыш көзі енді ғана жарқ ете қалды.

— Мен өзім сізді барып алып шығамын. Жол керегі жөнінде ешбір қам жемейсіз. Тек киіміңді реттесеңіз болды. Машина үстінде ұзағырақ боламыз,— деді Мырзагұл орынан тұрып...

4

...Үлкен даланың үлкен ақыны жатты. Отарбамен келе жатты.

Кәдімгі өзінің бір кезде өмір жүрісіне теңеген отарбасы. Бірақ та қазір ақын тұйық келеді. Жұмсақ вагон, қатты жүріс ойды өрге шалқыта бермейді. Қайта оны мазасыз тербеткендей.

«Ұйықтатпады, поезд шапқан сайын ойлатты... Түпсіз Мұхит ой сүтін бойлатты. Босқан елдей, тасқан селдей, ойым керней, мыс қазандай баста миды қайнатты» деп күбірлейді.

«...Босқан елдей... босқан елдей... баста ми қай-  
найды.

... Дала. Шетсіз дала. Шексіз дала. Бір шеті мен бір шеті атпеп жүрсең алты айшылық жол». Бұл шалқар даланың шалқақ кеудесіне атам заманнан бері жөңкіл-ген ел жаңа гана табап тіреп, босудан саябыр тартып еді. Жүген-құрық тимеген басасау ел орныға түсіп еді. Басып жатқан қара түнек те серпілген. Желі улеген Сарыарқа да шатгана түскен. Бірақ..., қымыл баяу, өнері

олқы, өнімі шагын өмірден экспресс сыйны зулаған тұрмысқа ілесе кету оңай тие ме?

— Сәкен аға, желдің өтіне тұрмаңыз. Мына жабық терезе алдына келіңіз,— деді Мырзағұл, Сәкеннің да-лаға қарап түйіліп тұрғаның, өте-мөте ауыр ойға кеткенін сезіп.

— Бастығы кім екен? Аты-жөні белгілі ме? — деді Сәкен кілт, мойнын бұрып.

Ақынның кім жөнінде, не жөнінде сұрағанын Атаниязов мұқшаган жок. Бәрі белгілі.

— Бастығы Қара және Ыскәқ дейтін ағайынды жігіттер көрінеді. Руы Әлім. Оның ішінде Қарасақал болса керек. Дәулетті болған адамдар. Ең қауыптісі: солардың маңында, аш арыстан тәрізді адам бар деседі. Оның аты Коныскерей. Бұл оншақты жылдан бері жортұылға түсіп, білгенін істеп келе жатқан жан. Өкімет орыны қолға түсіре алмай келген адам. Өзі мерген. Қарсылық жасап топ бастаушысы сол бола ма деген болжал бар...

Сәкен ойланып қалды.

— Коныскерей! Бұл мениң естіген есімім сияқты. Баяғыда Жымпітыға барғанда есіттім гой деймін. Ол құдайдан безгенді ұстамап па еді?

— Жоқ, Сәке!

— Шамасы қаша екен? Қолын айтам.

— Қарулы тобы болса — шағын шыгар. Ал оларға еріп адасып жүргендер наиза, қылыш, шпі мұлтық, көбі балта, айыр көтерген жандар дейді. Оның бәрінен де қыны бала-шагалы мал мен жаны шұбырып жүрген сорлылар ғой.

Сәкен енді даға қарамай, Атаниязовтың жаңында тұрған екі жігітке көз тікті. Бұл екеуі әскери кімді, үлкен шенді, Ішкі Истер Комисариатының басшы қызметкерлері еді.

«Ол колға тірі түспейді. Әліп түскенше... талай қызметкердің басын жұтар», деп айтпақшы болды да, дөңгелек жүзді кішкене қара жігіт, Атаниязовқа көз тікті. Ал, оның бұл көзқарасы: «бұліншілік жөнінде де, бұліншілікті бастап жүрген жандар хақында да көп сөйлеуге болмайды. Бұл өте құпия іс. Ал айтуға болатын жайды сіз ептеп баяндарсыз» деген ишара болса керек.

Сәкеннің наразы пішінін көріп және оның тік сөйлесрін сезген Мырзағұл:

— Сәкен, аға, тап тартысы күшейген кезінде, ел

елден, әсіресе қазақ сияқты етек-жеңі қең халықтың арасынан түрлі-түрлі адамдар шығатыны мен айтпай да білесіз. Торғайда Әбдіғапар әлек салса, Жетісуда Сәдірбек бас көтеріп Қашғар асып кетті. Коныскерей де солардың сыңары, құдайдан безген бір ала аяқ,— деді.

— Өзі сол он бір, он екі жылдан бері құмда жүр мекен?

Сәкен сұрағына Мырзагұл қысқа-қысқа жауап қатты да тынды. Сонсон:

— Бұл адамның бар тарихын білетін жігіт қазір алдымыздан шығады, Сәке,— деді Атаниязов, ақынның қашқын жөнінде көбірек қанғысы келгенін сезіп.

— Ол кім?

— Ол жігіт сол Коныскерейді бастан-аяқ білетін адам. Айла-тәсілін де, қайда жүргенін де, қалай етіп жатқанын да сізге баяндайды.

— Аты кім?

— Аты Хакім, фамилиясы Жұнісов.

— Жұнісов?

— Иә, Жұнісов, прокурор. Қөп уақыттан бері зан қызметінде еді. Жақында соны басқа қызметке ауыстырыды... Крайком секретары... деп сөз аяғын жүтты.

— Жұнісов! Біздің студент Жұнісовтің ағасы емес пе?

— Бар, інісі бар оқып жүрген.

— Мен ол жігітті де білемін фой. Жымпityда жиырмасыншы жылдың басында ЧК-да істеген жігіт. Ораз бен екеуін...

Сәкен аргы жағын аяқтамай ойланып қалды. Ол енді өзі кеше ғана көрген шәкірті Әлібекті көз алдына келтирді. Оның ел ішіндегі сойқан істі жыр еткенін... бір аттың жайын баян еткенін... бәрін ойына тізе бастады... Ат... асау тұлпар... Кәдімгі құс қанат ағ. Алты айшылық жолды аз күнде алты басатын ат. Кешегі өз тұллары... Ақынның ерні жыбыр етті.

Сап қын істе мені сыйнаған ең...

Сәкеншің қабагы қатты түйіле қалды. Ол тез купесіне кіріп кетті. Бірінші жолдың жалғасы енді ауыздан қағазға көшті:

Жап қияр серігің бол ұнаған ем,

Жапыца ап кейбір түндег «қапатым» деп,

Құшактап талай мені сылаған ең.

Атаниязов та, қос қара жігіт те оның купесіне кіре алмады. Поезд тербетіп, ақын тебіреніп отырды,

Көп жерде көз аялар шөке жоқ: үсті шаңылтак, қатқан тулақ тәрізді, әрі түксіз тырысқан, қыртыс-қыртыс көк-ала жер. Оқта-текте, кездесетін жиегі көгерісті шолақ жылғалар да қақсып қалған, айнала жылан жалағандай.

Еңсесі түскен қара қотыр. Мұғажарға қарап Сәкен кенет күрсініп қалды. Алыста, көз үшінда бір қара көрінеді. Қара — кәміл ат. Ат әкейі жаңа ғана үстінен адам түскеинен байқалып еді. Ақын көзі талғанша қарап, аттын аяқты зорға басып, бір жүріп, бір тұрганын анық көрді. Адамы да аса қарулы болмаса керек, отырыш-отырып сүйрекендей атын ілгері жылжығады, өзі де қарыс аттам жер жылжиғы. «Әлсіздердің бірі ғой. Қайткенде де аты бар. Қалқиса да — ат. Аты жоқтар?..»

Құлазыған айдаланың екінші бетінде, телеграф ағашының қуқыл тізбегі шұбатылған жақта жетім станциясының төңірегін сағалаған, ербіген, сүреңсіз, суреттерге де көз түсіп кетті...

Даланың жып-жылмағай панаңыз беті бүгін өзгеше ызырық, бүріскең жан иесіне жерге біржола бұқтырағын дегендей қара жел азынай қалған. Тоң жаба бастаған жердің құп-куаң көсе бетінде ызыған тұраксыз жел, қандай мазасыз. Алматының шуақ күніне көбенсіп қалған құлак-мұрынды қарып алғандай жалайды...

Өңсіз дала. Қажыған адам. Құр тулақ. Қалжыраған ат... Ат пен адам суреті ақын көзін бұлдыратып жіберді. Қызыл ат... Қызыл ат... дей берді оның еріні.

### Үшінші тарау

#### 1

Оның шәкіртінің азабы...

Құз күні.

Түн ұзак.

Ойдан ой. Үзік-үзік ойлар. Шеті де жоқ, шегі де жоқ — бірінен соң бірі тізбектеле береді. Және бірінен соң бірі өзекті өртей түседі. Арасында толас-толас езу тарттыратындары да бар. Бірақ оның ізінше күрсіндіретіні әзір түр.

«...Көйлегім мен бешпетімді қолтығыма қыса, терезеден сыртқа дік еттім-ау! Ә, сен бе, шырақ! Сен!.. Сен!»— деді-ау сонда Айттан отағасы! Артыма қарамастаң қашын бара жатқанда...

Әлібектің езуі еріксіз жыбырлағандай болды.

Ол қаранғы үйдің төбесіне көзі талғанша қарап жатыр еді. Ізінше жыбырлаған ерні жымқырыла тусти.

«...Үят болды. Үят. Өлім. Өлімнен де жаман. Не деп қалды екен сонда ана үлкен кісі?!.

...Ол ол ма! — деп жыбыр етіп еді Әлібектің ерні тағы да, жүрегі тулап қоя берді. Бейне бір қатты-қатты жүгірін келіп тұра қалғандағы дүрсілдейтіндей. Қаранғы үйдің ішіндегі қатар жатқан қожайынға естілгендей, тіпті оның арғы жағындағы келіншекке, әрегіректегі қызың құлағына шалынарлық, тарсылдан кетті. «— Қайда қалды! Не халде! Сорлы жаң! Менің тәңірі қосқан Гүлжинаным! Қайтып келер ме, сол «Шеген құдықтың» түбінде кол ұстасып тұрып, бүтіп әлемді бір қауызға сыйғызған албырт шағым! Бақытты шағым! Шалқыған, тасыған шағым! Сұлудың қолынан ұстап, көзіне телмірген шағым! Құшақтап, қысып, қанбай сүйгеп шағым!»

Күзгі түн. Қысқа болса да ұзақ. Көз ілмеген жаңға ұзақ. Ойдан ой. Ұздік-ұздік ойлар. Шеті де жок, шегі де жоқ бірінен соң бірі тізбектеле береді. Және бірінен соң бірі өзекті өртей түседі...

Әлібектің жатқан үйі Қішкенебайдың үйі. Қәдімгі Тереңөзек станциясының басындағы Каражанов Қішкенебай. Мұнда ол кешеғана келген. Құріш дайындау науқаны сүйреп келген. Ойда жоқ жерден келді. Өзі тілеген жоқ еді, «жана өмірді көзімен көріп, қолымен жасассын, күйрек ақын! Сары уайымға бейім байшыл идеологияға ұрынған неме!» деп жіберді.

Ақмешіт. Қызылорда. Әлібек Қызылордадан мұнан үш жыл бұрын кеткен еді. Онда Қызылорда астана болатын. Белгілі қазақ азаматтарының бәрі сонда болатын. Қазір бәрі Алматыда.

Осы сапар Қызылордага аз тоқтады. Бір-ак күн. Аудандық партия комитетінің секретары Мусин деген кісі екен. «Алматыдан келген жігіттердің бірін Жалағашқа, бірін Тереңөзекке, бірін Шиеліге жіберіндер» деп райком комсомолға тапсырды. Өзі сөйлескен де жоқ. Жай-мәністі түсіндіріп те жатпады. «Басты мәселе — құріш. Құріштің түйірін қалдырмай жинап, бастырып, дайындау пунктіне өткізсөндөр, бар алғыс бір өздеріңдікі. Үгіт жұмысының өлшеуіші осы», — деді бозандау сары өнді секретарь. Әлібек үлссіне Тереңөзек тиғен-ді...

Қішкенебай жүк қоймасында жұмыс істейтін кісі. Жасы қырыққа таяу болса керек. Шошақтау иегінде бір түйір сақалы бар, бет-аузы бір уыс адам, Мұрны жүзіне

шайық — шошақ. Қөзі кішкене үясына жасырыныңқыралып, сүм ниетпел ғана қарап тұрған сиякты. Бірінші көргенде Әлібек ішінен «қызық кісі екен» деп койды.

«Қызық кісінің» арықша денесіне, шырылдауық дауысына қарап ол: «Жаным-ау, осы кісінің қайда көрдім?» деп көп ойланып еді. Бірақ қазақ даласында Қішкенебайлар аз ба, таба алмады. Ол баяғыда Таңқыбайды да бір рет қана көріп еді, Шеген құдықтагы Ақметшешенікіне ат басын тірегенде. Ол кездес ат үстінде онымен сыр алысқандай сөйлесіп те үлгерген жоқ-ты. Есіндегі бір сипатын анықтап қалдыра алмаган. Бәлкім оның «бір көрген кісісі» сол да шыгар. Өйткені Қішкенебайдың Таңқыбайға сырт пішіні ұқсас келген екен.

Қішкенебайдың бой жетіп қалған қызы да өзіне ұқсас. Талдышмаш денелі, мұның да бет-жүзі бір уысқана қоңырша қыз. Ал әйелі аксары, сұлу жұзді, нұрын төгіп тұрған әдемі кой көзді, өте-мөте сүйкімді мұрынды, денесі тіп-тік, бұрымы төгілген, көруге көз керек адам екен. «Мына қыз бұрынғы әйеліней. Мына кісі екінші әйелі. Жасы өзінен жиырма жас кіші шығар-ақ?» — деп бір койды күндіз Әлібек. Және ол өзінің философиясына салып: «Әмірдің шатқал жолы жас пен көріні де, сұлу мен ажарсызды да, дені сап сай жан мен ғарыпті де қосақтай береді. Мына сұлу да сонын бірі ғой», — деп түйді. Бірақ Қішкенебай да бір әйелге ер боларлық білем. Қарауға бір мал жинағыш адам сиякты көрішеді.

Қішкенебайдың үйі бір бөлмелі дерлік шым үй. Екінші жағы қазан жақ. Едені жер, терезелері көздей-көздей, ши қамыспен жауып, төбесін ак балшықпен майлап тастапты. Түнде жоғары қарап көзін ашып жатқан Әлібекке тәбе боз буалдыр болып көрінеді. Ол бұрышқа таяу жатыр, қатарлас Қішкенебай, оның арғы жағында сұлу келиншек, әрекіректе қоңырша келген, жанағы айтқан шүңкиген қыз.

Қожайын да, әйел де, қыз да үйықтап жатыр. Елдің бейқам үйкесі. Тәтті үйкесі. Үй иесінің ғана оқта-текте қорылы естіледі, басқасы дыбыссыз, кейде тыныстаған мүкі дыбыс қана құлаққа шалынады. Бірқалыпты, іркісі жоқ, рахат тыныс, рахат үйкесі. Өзек жеген ойдан аулақ, тыныш үйкесі...

Хасіретсіз тәтті үйкесі,  
Көп заман маған болды жат.

Толар-ақ солған тән сиқы,  
Жан бұғаудан болса азат?!

Өлең өрнектеп, төгіліп кетеді. Ішті кернеген ой үшін еріксіз ерінді жыбырлатады. Әлібек тұрып өлең жазып тастамақ болып басын көтеріп алды да қайта жата қалды. Үй иесі оянып кетер деп қысылды. Және шам қайда? Оны жағатын сіріңке қайдан табылар? Бүтін үй іші дурлікпей ме, түрекеліп жан-жағын қарманып жүрсө!

Ол аузынан бұрынырак еріксіз шыққан бір ауыз өлеңін қазір ішінен тағы да қайталай береді. Тағы да ойланады. «Жан бұғаудан болса азат!» Мені жиналысқа салғаны да осы өлең үшін. Мұнан басқа өлең де бар, әлдекайда буалдыр өлең. Табиғат үрейін өзіне бейімдеп айта салған жолдар. Жалғыз-ақ аяғындағы:

Жай оғынап тек махабbat өледі...

дегені болмаса!

Ол жатақханада ауызга ілінген, досы мактап, қасы боқтаған өлеңін, оның қалай жазылғанын еске түсірді.

Ойдан ой... Өні ме, түсі ме?

## 2

...Алай-тұлей боран. Жел үйдей атанды жыққандай, ысқырып соғады. Бет бактырмайтын үскірікке қарай алмай қиналып, булығып, не істеуге білмей сасқан кезде кенет тынысы кенейіп жүре береді. Әлібек оянып кетті.

Ол сәл уақыт қайда жатқанын білмей ан-таң, көзін маңдайшадап алмай жатып еді, есік ашық екен. Сырттан кірген жел мұздай. Кәдімгі күздің салқын желі, көрпеден шығып жатқан тізені тоңдырып барады. Жаңағана есіне түсті: шоқша сақалды кішкене кісінің үйі екен ғой жатқан жері. Соның төрі. Еден. Жер төсек. Калың көрпе, үлкен жастық. Жаңағы үскірік боран көз алдында тұрғандай әсер етті де басын шайқады. «Түс деген қызық. Есіктен кірген жел боран болып әсер етеді үйқы құшағындағы тәнгө. Ғажап!»

Ол ойын аяқтамай, үйге кіріп келе жатқан эйелді көрді. Бір қолтық қурай көтеріп келеді. Төрде жатқан жігіттің оянып кеткенін көріп ол есікті асыға жапты да жалт қарады. Кешірім сұрағандай қарас. Көздері жайнай түскен.

«Қандай әдемі жан! Шолпан сияқты...»

— Женгей... жок, женгей деуге тым жассыз, замандаш деу лайық болар. Уақыт қанша екен? — деп қалды Әлібек тіл қағысып.

Әйел қызырып кетті.

— Тым жассыз дейсіз. Мен жас емеспін. Женгей дегеніңіз дұрыс...

— Ауыз бармайды олай деуге,— деп Әлібек, біреу естіп қалды ма деп есікке қарады.— Уақыт қанша екен?

— Сағатыңыз бар емес пе? Біздікінде сағат болмайды.

— Бар болғыр тұрып қалыпты,— деп Әлібек өтірік айтты да, жастық астындағы сағаттың құлағын бұраған болды; ол стрелкасын да козғап айналдыра түсті де қайтадан бұрынғы орнына келтірді. Сағат тоғыздан асып барады білем...

Әйел сәл бөгеліп қалды да, қазан жаққа қарай жылжи түсті. Тағы да тіл жатып сөйлесе түсуді іші жек көрмese де, Әлібек бөтен үйде төр алдында жатып сөйлесудің лайық емесін енді ғана білгендей, орнынан ұшып турекеліп киіне бастады.

— Сағат тоғыздан асып кеткен болуы керек,— деп күбірледі ол тағы да білмегенсін.

Қазан жақта қайнатқан суды самауырыпга бақыштап құйған дыбыс шықты. «Ері жұмысқа кеткен гой. Алыста істей ме екен?» деп ойлап та үлгермеді, есіктен шығып келе жатканда Қішкенебай қарсы ұшырады. Әлібек әлденеге селт етіп, сасып қалды. Бірақ екеуі де үн жатпай бірі әрі — сыртқа шығып, бірі бері — үйге кіріп кетті.

Екі-үш минуттен кейін қайтып кірген қонаққа құманшылапшын қойып жуындыруға қолға су құя бастаған әйелдің бетіне ол қарай алмады. Әлденеге қыстасып:

— Өзім де жуынатын едім гой, женгей...— дей берді. Ал өзі бұрыңғыдан әлдеқайда тез жуынды. Суды ақырын ағызып, жайлап жуынатын, мұқият сүртініп, асықпай таранатын. Айнаға қарап шашты, жағаны мінсіз қалыпқа түсіретін әдет ұшты-күйді жоғалып кеткендей. Қимылдың бәрі құйын соққандай, әлденеге асығып, әлденеден қысылып, күнәлі адамдай болды.

Әлібек бұл күрт өзгеріп кеткен қалпын өзі жақсы сезсе де, оның мәнісіне ой жібере қойған жоқ-ты. Сұлу келіншектің жас жанға өзгеше әсер еткені, оның үстіне қас қылғандай ерінің сақа адам екені, әлдебір қызғаныш отын тұтата бастағандай болды. Бірақ ізінше бір

корген жаңға құмартас түсіп, жарамсыз ойға киліккені сый қылмыс істегенмен бірдей халғе салды. Әсіреле әнелдің қызыра жауап бергені, жок жерден «тым жассызы» деп қалып «лиа отағасы тең емес қой» дегендей әйелге ой салғаны оны қобалжытып жіберді. «Менің не шаруан бар еді, соңша!..» деп қысылды ол. Осы ойдың өзі-ак оны жарамсыз іс істеткендей етті.

«Осы маған не болды? — деді ол ішінен сұртініп жатып, — әліп білмеген әлек деп, бір рет өкініш шөгірі өкшеге кірмеп не еді?! Қайда жүрсем сұлу келіншек, қайда барсам, ол сұлудың екі көзі менде... Сорлылардың өзі сүттей жас, ерлері қасқа тіс болып қалған бірдене. Оның үстіне ажар-көрікке де жұтап жүрген біреулер. Бірі — жуан, оның үстіне аракты судай сіміріп баржының отыратын еді; ал мынау байғұс шүңкігеп бір шшік түяк...»

Ойым құлагына шалынып қалды ма деп қымсышын жаша Әлібек Кішкенебайға көзіңің астымен қарал еді, үй несі оның қимыл-қозғалысын, бет-құбылышын сынап түр екен. Мұны ол Кішкенебайдың көздерін қыса түскениңе және қабағынын түйле қалғанынан байқады. Оның үстіне сөзі бар шағын денесін шүберекке түйгендей, әлденеге құлағын тосып, аяғын білдірмей басып, бейне бір бұққан мысыққа ұсап қалған.

«Теба, мынау бір бәлені сезбесе нетті. Бірак, мен қандай жакпас іс жасадым? Әйелімен тіл катысқаным шүйілмесе? Бөтеп сөз айтканым жок қой...»

Әлібектің ойына тағы да Жымпityдағы Айтани Ақбасовтың түнде үйінен қашып шыққанда қуа түсіп жұдырық түйгенді, жұдырықтаң да жаман сөзбен тілдеген түсе қалды. Ол сол күнгі масқара оқиганы бұлжытпай көз алдына келтірді, беті шымырлап кетті. Құлагына Айтанның сөзі қазір де естіліп түргандай болды...

— Мырза, қалай, үйқы қанды ма? — деп Кішкенебай кенеттен көзін шүйе қалды. Бір жаксысы — үй несінің сөзінде кекесіп үн құлаққа шалынбады. Бірақ «мырза» деген сөз Әлібекке ерсі естілді. «Бұл күнде «мырза» деген сөздің айтылмайтынын түсінбей ме екен, әлде жория айтып тұр ма, кекетіп. Үшінде кекетіп-мұқату жок сияқты».

— Отағасы... — деп тоқтай қалды Әлібек. Ол не дерін білмей Кішкенебайға тіке қарады. «Аузыма құдай салды ма бұл сөзді? Баяғы Шолпан ерін «отағасы» деуші еді?»

Ол жалма-жан мұдіріп қалған себебін сездірмеуге тырысты.

Бізде отагасы дейді өзінен үлкен кісіні. Сіз мұны қоніліңізге алманыз...

— Бізде де солай дейді. Оның ешбір ерсілігі жок.

— Олай болса тіпті жақсы. Бұрын көрмеген жер, көрмеген үй болған соң ішірде көз ілінбей, кейін түк сөзбестен ұзақ үйқтап қалыптын. Сіз бір жаққа барып кайттыңыз ба?

Кішкенебай көзін қабағымен қоса түйді.

— Ұйықтаған жақсы. Ұйқтай алған адамга ерте жатып, кеш тұрганнан артық не бар?.. Ол тамағын кенеп, келесі сөздің етек-жеңін түргендей болды.

«Менің көп ұйықтағанымды сөгіп тұр» деді Әлібек ішінен.

— ...Қалада солай шыгар. Ал, біз елдегі адамбыз. Ұйқымыз қашқалы көп болды.

— Сіз темір жолда істейсіз бе? — деді Әлібек.

Оның аузына кенет темір жол түсті. Станция басында тұрганнан кейін теміржолшы шыгар деген болжал келді.

— Ия, еріксіз теміржолшы болдық.

— Қалайша отағасы? Темір жолда істеу пайдалы емес пе? «Еріксіз теміржолшы болдық» дегеніңізге ту-сінбей қалдым.

— Тұсінерсің, шырағым. Бізден артық тұсінерсің. Тұсінбесен күріш жинауға келмес ең.

Әлібек не дерін білмеді. Мына кішкене кісінің сөзін әлде пені жек көру оты жалында тұрганын сезді. Ол үндемеді. Әңгіме Әлібектің жаңағы күдік алған нәрсесінен тереңірек екені байқалып қалды. «Күріш жинауға келмес ең» дейді. Бұл қалай? Күріш жинауга наразы үн. Неге, бұл кісі күріш екпейтін адам емес пе? Күріш жинауға неге қастерін тігеді?..

Бұдан кейін сөз еріксіз дөғарылды. Ызалы адаммен сөйлесуге оның батылы бармады. Әсіресе күдіктенгені: соңғы екі жылдың ішіндегі кейбір ауылда болып жатқан тұсініксіз істердің жайына көшсе оған айтар сөз шамалы. Ал, мына адамның «күріш жинауға келмес ең» дегені сол шатақ іс қой. Өзін сынауға жіберген күріш науқаны емес пе? Бұл жерде жинайтын күріш бар ма, жоқ па, оны анықтаған Әлібек жоқ. «Берілген жоспарды орындаамай жатыр, соған жастар күш салуы керек» деген нұсқаудан өзге қолға ұстар дерек жоқ,

Ақмет қызық адам. Қырман басына келгенде, бейне бір жолындағы атты да, арбаны да, тіпті адамды да атымен бастырып, тапап, жапырып кетердей ұмтылады. Топтанып тұрғандарға атын тебіне түсіп, араларына екіншеге енеді. Әсіресе дауысы зәренді зірк еттіргендей «дұрс» етіп, сонсон күжілдеп шығады, өзі де жалын құдірейткен бөрідегі айбат шеге бастайды. Алды ашық, арты салбыр ескі тұлқі тұмакты қодырайта түсіп, желкелігін жымырып, құлақ тұсын қокырайта қояды. Ал, түйеден түскендей ожар сөзі мен жуан үні:

— Өй, сендердің істерің өнбей кетті ғой, қоныз екеш қоныз да алған жүгін домалатып, аударып, сүйреп, ә дегенше әудем жерге апарып тастайды. Ал, сендер қорбаң-қорбаң етіп жұмыстарың өнбейді,— дегенде нәзік үнді дыбыстыры да ауыз толтырарлық күмбірге айналып кетеді.

Бірақ қырман басындағы үлкенді-кішілі қыбырлаған жандар Ақметке жол бергендей ақырып ығысып, сыйнайы ғана амандасып, күндеңі қалпынша бастырған дәннің сабанын тырнауыштап шетке ысырып, ағаш күрекпен қауызды күрішті асықпай күреп, балтап жинастырып жатады. Бірінші рет көргенде де осы қалып еді, ал, бүгін Ақметпен екінші рет келгенде де Әлібек сол белгілі сөз, белгілі екін, белгілі үн есітті. Жұрттың қимылы да сол белгі қалпында еді. Не бір Ақметке наразылық қабак қатқан, болмаса оның сөзіне қарсы жауап берген жә «олай», жә «бұлай» деген жан көрінбейді. Жұрттың қимылы мен түрінде не бір сескену, не бір костау, болмаса қарсы жауаптау болған емес. Жалғыз қырман басы емес, салық төлеу жөнінде де сөйлескен жандар тап осы жайбарақат қалып көрсете береді. «Бұл қалай» деп ойланып, әртүрлі ойға кетті де, Әлібек бастырған күріштің қырман шетіндегі жонданып, қобырап жатқан сабағына көз тікті. Ол, көппен сөйлесіп күжілдеп тұрған зәрсіз Ақметке ішінен ғири болса да, жұрт алдында белгісіз бір қолайсыздық сезгендей болды. Біле тұра күжілдеген болады. Оны жұрт құлағына да ілмейді... Бұл қалай, мұны тыңдамай ма?.. Әлде басқа бір себебі бар ма?.. Ол жонданып жатқан күріш сабанының іргесін аяғымен ысырып еді, Әлібектің көзі жерге шашылып жатқан күрішке түсті. Ол: «Шамасы сабан астында шашылған дән қалған ғой» деп ойлады

да, сиді сабан арасынан бірнеше сабак суырып еді, толғап дән... кәдімгі күріш дәні, өріліп тұр. Аз, ғана ат аяғына езілген бас жағы дәннен таза да, сағасы басылмаган, тоқпақтай дәндер сол күймен қалған.

— Шырақ, бері кел,— деп қасына төніп, әлденеге алысқа көз тіккен Ақметке, Әлібек жәй ғана:

— Ақа, мына сабан асты да, күріш сабағы да дәнге толып, шала басылған ба қалай? — деп сұрады.

Әлібек мұны сыбырлағандай ақырын айтты.— Жұмысты шала істеп жатқанын бетіне басқандай болармын, еңбекші халықтың көңіліне келер деп ойлады. Мұның бұл сөзін Ақмет құлағына да ілмеді.

— Пай, шіркін, осы кез қыргауылдың майдан жатып қалған кезі. Қордің бе анау шенгелдің арғы түбінен біреу «дыры» етіп көтерілді де, қайта қонды. Ертең амандақ болса екеуміз қыргауыл атуға шығайықшы. Тоңған шығарсын, жүр қарағым, қайталық. Қараңғы түсіп кетсе... ауыл бірталай жер, қордің ғой көп жер жүріп келгенімізді,— деп қырман шетінде байлаусыз тұған атына қарай жүрді.

Әлібек те оның соңынан ерді.

— Тездетіңдер, бітіріңдер ана маяларынды бастырып. Қар жауып кетсе қын болады! — деп күжілдеді Ақмет жүре бүйрық беріп.

Әудем жер шыққан соң-ақ, Әлібек жаңағы сөзіп қайталап, «күрішті шала басып жатыр екен» дей беріп еді, Ақмет оның жүзіне тіктеп бір қараң алды да жауап қатпады.

«Қызық адам» дейді ішінен Әлібек: оның мінезі де қызық көрінді оған, өзі де қызық көрінеді. Өйткені жұрт сөз жоқ, Ақметті жақсы көреді, сөзін тыңдайды, айтқанын істейді. Ауыл совет бастығы көбінесе аудан мен екі арада, алыстағы ауылдарда болады, ал Ақмет бастық болмаса да, станция маңында колхоз — ауылдардың бас көтерері есепті. Әлібекті осы жерге келгеннен бері осы Ақмет ертіп «Науқанды» басқарысып жүр. Ауылдық басшылар бөліп жүптап қойған. Көруге де көз толарлық адам: палуан денелі, ірі жүзді, ұзын бойлы. Жасы қырықтың үстінде, кәрі емес. Бірақ аяқ басуы нық, шабан жүрісті, салмақты жан. Осыған қарап Әлібек оны аса үлкен санайды, көпті көрген тәжірибелі, өз жұмысын білетін, басқаға ақыл бере алатын, оқымаса да оқығанға бергесіз қазақ деп бағалайды. Бірақ, кейбір мінезі аужарлау сияқты, сырт қаруға қауқиған

денесі де соны дәлелдеп тұрғандай-ау. «Қызық кісі»,— дейді ол ішінен.

— Жас кезіңізде палуан болған жоқсыз ба, Ақа? — деп қалды ол, аттары бүлкілден аяқта түскен бір шакта.

— Жоқ,— деді Ақмет, кілт жауаптап.— Белдесіп көрген адам емеспін. Ал, көкпар тартуда «текемді» тақымынан жұлдырған жоқпын-ау деймін. Неге сұрадын?

— Жәй, көзіме палуан адам сияқты көрініп кеттіңіз.

— Оны әркім де айта береді. Құдекең ой бермесе де бой берген.

Әлібек тоқтап қалды да, ойланып жауап қатты.

— Қатты жерге қақ тұрар демей ме қазак, бойы бар адам, ойга да жарлы болмасқа тиіс.

— Қатты жерге қақ тұрар. Қайратты ерге мал тұрар,— дейді аяғын қоссан. Ал, менде қайрат болған шыгар, бірақ бір ат, бір сиырдан өзге тұяқ тоқырап көрген емес, інішегім. Осыған қарағанда менің бітімім бұл мәтелді актамайды.

«Жоқ, сен ақылды қазақсын,— деді ішінен Әлібек.— Ақылсыз кісі мұндай болмайды».

— Ақа, осы сіз айтыңызшы, мына қосымша... үстеме жоспарды артель орындаі ала ма? Өйткені бастырып жатқан күріштеріңіз келесі жылғы тұқымдарыңызға да жетпейді ғой. Әлде тұқымды басқа жақтан аласыздар ма?

Ақмет тағы да бағанағыдай, Әлібектің жүзіне тіктеп қарап алды да, атын тебініп қалып:

— Інішегім, қараңғы түсіп кетер, кәне жүрінкіре-йік,— деді.

«Жауап бергісі келмейді. Бәрін біледі. Бірақ ішіне жиған сырын айтуға маған сенбейді» — деп түйді Әлібек.— Бұл қалай? Қалайы жоқ. Бұл үстеме жоспарды да құптамаған кісінің амалы. Маған «астық жоқ» деп айта алмайды, өйткені ауылдың басқа басшылары аудан алдында жақсы ат алу үшін тағы да екі мын пүт күріш береміз деп келген. Оларға қарсы Ақметтің жалғыз өзі айқай салып шығуға шамасы келе ме? Бұл тап осылай болуға тиіс. Ашық жауап бермей, алдарқатып, басқа әңгімеге бұра беруі де осыдан шығар. Кәміл осыдан. Жаңа сабан астындағы күрішті көрсеткенде де үндемей қалды. Мұны көрсе де көрмеді, білсе де білмеді...»

— Інішегім, сен тұқымды басқа жақтан аласындар

ма деп сұрадың, мұны аудан білер, өйткені тұқымға деген күрішті де жоспардың есебінде қазына қоймасына тәктірді ғой. Қазір біздікіне түсіп шәй ішесің бе, әлде жатқан пәтеріңе тұра кетесің бе? — деді Ақмет.

Оның үшінде жә қостаган, жә аудан басшыларын сөгерлік қатаң дыбыс құлакқа шалынбады, бұл жай-барақат үн «біздікіне түсіп шәй ішесің бе? дегенін де сыпайыгершілік ретінде айтылған сөзге айналдырып жіберді. Әлібек қызыл іцірден өз пәтеріне қайтып қабағы салынған Қішкенебайды көруге құмар-ақ емес-ті, әсіреле онымен тіл қатысып, жүйелі әңгімеге көшу үмітсіз иәрсе. Ал, Ақмет...

Әлібек шәй жөнінде жауап қайтармастан кепет Ақмет пен Қішкенебайды салыстыра бастады. Қішкенебай тұйық, әңгімеге аса үйір емес. Онын орына шарт мінезді ашулы адамның қалпын көрсете береді. Ал, үй ішіндегі құлқынан, сөзінен, қымылышан дүниекор жанның бейнесін таныған. Жерге түскен кисық шегені де тастамай қалтасына сала келетін кісі көрінді. Мұны Әлібек алдыңғы күні байқап қалды. Жұмыстан қайтып келіп қалтасынан тат басқан қос шығыршық, тағаның шегесі тәрізді ұсақ темірлерді алып, қобдишаға тоғытты. Мұнаң өзге де үй төңірегінен үзілген қайыс белбеудің бөлшегін, сыйнығын, айырдың ұғысын жинап сенектің бұрышына тыққыштап жатқанын көрген. Әсіреле жұртқа риза емес, тіпті өш пендешің сиқы бар. Мына Ақмет ше? Ақмет алдымен аңғал-саңғал денесіне лайық мінезі де әрі адамға үйір; сөзге де ұтымды және әңгімелескіш. Өзі айтқандай: «бір ат, бір снырдан өзге тұяқ тоқыран көрген емес» дегені қалтқысыз шындық білем. Мал жина пар адам, дүниекор бұлай келмейді. Мұның бәрі жұрт үшін, жұрт өзі үшін жаралғандай. Сондықтан да оның үйіне келмейтін жаң аз: дастархан жаюолы, шәй қайнаулы, барын, жайып салатын бәйбішесінің де қабагы шайдай ашық. Өзі бөгестіш бола тұрып, басқа жұмысқа мұршасы да аз Ақметтің совет жұмысын қолдап ат үстінен түспейтіні де сол халықшыл ашық жаң болғанының айғағы шығар. Бір қараганда тұра батыр келбетті. Батыр аңғырт, бай салғырт. Осы не деген сөз? Бұл елге пана болудан басқаны білмейтін, өзін ойламайтын, күшін, барын басқаға жұмсайтын қалтқысыз аңғырттық па? Мына Ақмет те өткен замандарда өмір сүрсе сөз жоқ сол «аңғырт батыр» болар еді. Мүмкін, бұл қазақтың еліне, жеріне сай кең мінез, ашық бауыр, жел жағы-

на пана болумен келген асыл сойының алтын дәстүрінен қалған бір тарау болар. Сонда батыр білекті, ашық мінезді, арыстан жүректі ер қазақтың бүгінгі ұрпақтары «бұқпантайлыққа» бет бүрғаны ма? Алып келбетті Ақаң күріштің шала басылғанын бүркемелеп күн көрмек пе? Бұл: «жүрт дәңсіз, нәрсіз қалмасын деген жасырын «батырлығы ма?...» Қалай болғанда да Кішкенебай да, Ақмет те адам. Біреуі біздің бір малды екеу етем деп тырысатын Бекей сияқты. Ал, Ақаң «батыр келбетті палуан Шайдолла мен кәдімгі көшіл Сүлейменнің коспа түрі сияқты»,— деп ойлады Элібек.

— Ақа, женгейдің шайы әзір-ақ шығар, сіздікіне барайык.

— Макұл, ішішегім. Женген шайы әрдайым дайын.

#### 4

Райком секретарының кабинетіне кірер жерде:

— Мусин ағай Крайға жүріп кетті, орнында Ақмамбетова апай қалды,— деді кішкене қара қыз.

Элібек іштей «уһ!..» деді. Қашама батыл түрде, бетке-көзге сабалагандай, ауыр шындықты айту, тіпті адамның аузы бармайтын: «жоқ күрішті бар деп, тағы да қосымша жоспар қабылда, ауылдық совет пен жергілікті партия үйыми алдаң отыр» деп бірінші секретарьга шағу оңай да емес еді. Бұл «сенің өзің осыны көрмей не бітіріп отырсың?» деп айыптаумен тен. Бүтін ауданды басқарып отырган беделді партия қызметкеріне бұл оп-оңай да тимес еді. Сондықтан Мусиннің Крайға кеткені Элібекке тыныс сияқтанды. Оның іші бұл әңгіменің кешіккені тіледі. Ал, секретарьдың орнында қалған әйелмен сөйлесу әлдекайда жеңіл, оның қарсы жауап катуы да екіталай сияқтанды.

Ал, ол кабинетке кіріп келгенде не дерін, сөзді не-ден бастарын білмей қалды. Тіпті, бұл «өнім бе, түсім бе?» деген күдік пайда болғандай, белгісіз бір әлсіздік өнбойын тұтас билеп алды. Оның аяғы да тәлтіректеп кетті...

Элібекке қарай столдың арғы жағынан Шолпан түре келіп еді. Кәдімгі Шолпан! О, тәңірі, баяғы отағасының «сен! сен бе! Сен!» дегені бойды шіміркендіргендей әсер етіп, өткенді өкініш оймен шолып өткізген, кәдімгі үш жыл бұрын Жымпітыда болған оғаш уақиғаны Терең-өзекте, Кішкенебайдың үйінде көз ілмей жатқанда еріксіз еске түсірген Шолпаны,

Әйелдің Қызылордада екенін Әлібек әрине білмейтін. Тіпті оның оқуға кеткенін де естімеген. Мұнда партия қызметінде жүргені, ең қызығы Шолпанның фамилиясы Ақмамбетова екені де Әлібектің ойында жоқ еді.

Шолпан да қызарып кетті. Бірақ, ол өз бойын тез билеп алды. Әлібектің қасына аудандық комсомол комитетінің секретары ере келгені оның бұл үлкен қызметтегі үлкен жауапкершілігін бірден еске түсірді. Жастық шақтың үшқалақ сезіміне жол бермеді.

— Әлібек!.. Қай жақтан келіп қалдың? Иә, жоғарыла. Былай қарай өт. Сен біздің ауданға келеді деген адамның өні түгіл түсіне де кірер нәрсе емес... Қызық үақиға! — деді.

— Иә, ойға келмеген нәрсе... Мұнда сіздің барыңызды мен де білген жоқ едім! — Ілкі әлсіздік енді батыл сезімге орын берді. Өзін қарсылап аяғын қадап басқан сүйкімді Шолпанға Әлібек те үмтүла түсті. Ол жалмаған қолын берді де, Шолпанның көзіне қадала қалды. Бұрынғы от шашқан сиқырлы көзді аздал мұн шалғандай, жүздегі қызғылт шырай қарақоңыр тартқан. Ал, өзі анағұрттың таразылана түскен, тіпті Әлібекке жүдеу көрініп кетті...

— Мұнда екеніңді білген жоқ едім дейсін бе, Әлібек? Мүмкін солай шығар. Ал, «сіз» деп сейлеуіце жол болсын, әлде мен қартайып қалыптын ба? Бұрын Шолпан демеуші ме едің, ә?

— Шолпан... сасып, не дерімді білмей жатырмын. Тіпті ойламаган жерден алдынан шықтың...

Әлібектің қасындағы аудандық комсомол комитеті секретарының бұл күтпеген кездесуге таңданғандай көз кимылын қайшылай түскенін байқап, Шолпан жай-мәністі түсіндіре бастады.

— Біз Әлібекпен бір жерде, бір елде туып-өскен ағайын адамдармыз, Бәсібеков. Қөрмегенімізге үш жылдан артық уақыт өтіп кеткен еді. Бұл Алматыға оқуға, мен Қызылордаға курске келгенмін. Осыған сан жылдар өтіп кеткен сиякты. Күтпеген жерден тосын көрісіп қалдық,— деді.

— Қөріп тұрмын, Шолпан апай. Ініңді тауып бергөн екенмін. Мусин жолдасқа ертіп келіп едім. Бұл жігіт Крайкомолдың жіберген уәкілі. Тереңзекте күріш мәселеісімен жүр...

— Імм. Рахмет ертіп келгеніңе. Ағайынымды тапқаныма тәбем көкке жеткендей болып қалдым.

«Ағайын... Эрине, ағайынбыз. Әсіресе сырымызды білмейтін Қызылордада басқа не демекпіз...» деп ойлады Әлібек.

Енді Әлібек те жазыла түсті. Ілкі келіссіз қысылыс тарқай бастағандай болды.

— Өмірдің өзі осы сияқты тосын кездесумен қызық емес пе, Шолпан? Қызылордаға да, Тереңөзекке де ойламаған жерден сапар шектім. Бірак бұл қалада бұрын болдым ғой, үйренген жер. Ал, өзің қашан келіп едің?

— Сол жылы... Сол жылы деп әлгі сен келіп кететін жылды айтқаным ғой. Курска келіп, оны бітірген соң осында райкомда қалып қойдым.

— Үй-ішіңмен бе?

— Үй-ішіммен. Отағасы, және кішкене қызыммен... Гүлбаһраммен үшеуміз де.

«Отағасы» деген сөз Әлібекке тағы да, жалаң аяқ жүріп аңдамай басып кеткен мұздай әсер етіп, оның денесі түршіге түсті. Сасқаныпай:

— Имм... Ол кісі де осында қызметте ме? — деп сұрай салды.

— Осында. Темір жолда істейді.

— Темір жолда? Астағыралла! Сол кісі сияқты бір адамды бүгін Тереңөзекте көріп қалдым. Бұл ол кісідей семіз емес. Мен асығып жүріп кеттім де, анықтап айыра алмадым...

— Тереңөзекке кеткен. Көргенің сол, тап біздің отағасы. Семіз емес бұрынғыдай! Сырдың күні жеп, жүдеген, және қарайып та кеткен.

Әлібек таң-тамаша қалды. Ол кісі сол отағасы болса, онда біздің Кішкенебай соның қарамагында болмағай? Қызыл вагонпан жүк түсіріп, оны складқа арқалап тасып жүр. «Отағасы» оны әзілдеп қояды — «көтер Қыпшақ, көтер!» — деп. Қызық...»

— Әйтекен қайдан семірсін, бүтін темір жол бойының Рабкобын жұмасына бір рет көрмese көнілі көншімейді. Кеше Шиеліде жүр еді, бүгін Тереңөзекке барған ғой, — деді Бәсібеков.

— Маған айтатын сөзің бар ма еді? — деп Шолпан, Бәсібековке қарап еді, райкомол секретары:

— Жоқ, мына Жұнісов жолдас Мусинмен сәйлесемін дегеннен кейін... — деп мұдіріп қалды.

— Не жайлі?

— Сол күріш науқаны жөнінде, Шолпан апай, Бұл

кісі Теренөзекте дайындық жұмысына жәрдемдесіп жатыр.

— Мусин жолдасты сол науқан жөнінде Крайға шақырып кетті. Бірқатар мәселенің басын ашып қайтпақшы.

Мұнан кейін әнгіме догарыла бастады. «Мусинге айттын сөзді, Шолпанға айтып қайтем? Және басын ашып келетін мәселесі де сол науқан шығар. Аудандық партия комитеті секретарының өзі шешсін қосымша жоспарын» деп ойлады Әлібек.

— Мусин ағай Крайдан оралсын. Құршы жөнінде тек қана секретарьдың өзі шешеді барлық мәселені,— деді Шолпан.— Ал, біздікіне барамыз, шәй ішеміз, Әлібек. Сен де бірге боласын, райкомол жолдас.

Әлібек те, Бәсібеков те жауап қайтармады. Жұмыста да, үйде де билеп-төстеп жүре беретін Шолпан екеуін мойын бұрғызыбастан үйіне алып кетті,

Өзіне қары үйден жүгіріп шыққан кішкене қызды Шолпан қуыршақтай жеп-женіл аспандата көтеріп алыш:

— Міне, Әлібек, біздің кішкене гүліміз. Кімге ұқсайды? Отагасыға ма, магаш ба? — деп сұрады, әлденеге өзгере түскен бір нәзік үнмен.

Бірінші қарағанда Гүл Шолпан сияқты: улken көзді, қарақоңыр шашты, жас балаға сай — монтиған ғана дөңгелек жүзі де Шолпаниң жүзіндегі өзгеше сүйкімді. Бірақ... Әлібек баладан көзін басқа жаққа бұрды, сен қалай деп ойлайсың? — деген жанша Бәсібековке бақты. Бәсібеков мұдірмestен жауап катты.

— Шолпан апайға ұқсайды. Мына ағасы сізден де аумаған Гүлбаһрам, қараңызшы: мандаіы, мұрны, ерін, тіпті өңі де аққұба, бәрі өздеріңіздің тұқымыңызға тартқан,— деді.

Бәсібеков қалтқысыз пішінеді — ол Шолпан мен Әлібек бірі апа, бірі іні деп ұқты. Ал, Әлібек қызырын кетті. Оның ойы әлде небір сияр-сыймас, болжалдан тыс, оғаш нәрселөрге кетті. Бірақ ол жауап катпады. Сырында, ойын да, өзгере қалған өңін де Бәсібековтен тасалап, өзі кірген бөлменің ішін тінткілеп, әнгімені басқага бұруға жанталасты.

— Үйіңіз жақсы екен, Шолпан. Пәтеріңізді айтамын...

— Бұл отагасының тапқан үйі. Пәтер емес, Әлібек.

— Осы үйді қаншаға сатып алды Әйтекен? — деп сұрады Бәсібеков.

Шолпан аздап ойлана түсті де, әзіл-қалжыңға аударып:

— Сауда-саттық, жабдықтау саласында жұмыс істейтін адамдардың шебер келетінін білесіз ғой. Біздің отағасы да бұл жағына өте жетік. Аз төлеп, қымбат нәрсені колға түсіргіш,— деп күлді.

— Жігіт, Әйтекен.

Гүлбаһрам да, үй де, Айтан да, уш жыл ішінде бұрынғыдан көп өзгерген. Шолпан да Әлібекке өзгеше ой салды. Ол алдымен Жақияша түйді. «Өмір — бақша. Бақшада өскен гүл мен алма Адам атаны да жолдан тайдырған. Неге өмір еріксіз ұмтылдырады? Неге алманы жеуге, гүлді ііскеуге құмар адам? Кәрі де, жас та гүлге бір қарамай, алмаға бір ұмтылмай жай өте алмайды. Шолпан алма. Несі бар. Жедім!.. Бұған Шолпан айыпты ма? Жоқ! Мен айыптымын ба? Әлде өмір айыпты ма? Жоқ! Ешкім де айыпты емес! Ендеше, Жақияның философиясы дұрыс. Адам еркі өмірдің өз билігінде. Әйткені адам ойын өмір өзі қалыптастырады. Сөз де, құлық та, міnez де, іс те — өмірдің өз жетегінде. Сезім де солай. Жаратылыстың қалауы! Бәрі де соның қолында»...

— Әйтекен отағасы да, сен де Шолпан, өзгерген екенсіздер. Өңдеріңіз қонырайған. Бойларыңыз таразыланған... Отағасыны тіпті жаксы білетін адамдар да танырлық емес, денесі жүзіктің көзінен өтерлік, жас жігіт сияқты. Тіпті өзгеріп кеткен.

— Өзгергенбіз. Мықтап өзгергенбіз. Тек қана Гүліміз өзгерген жоқ, нағашысы сияқты...

Әлібек тағы да қызырып кетті. Оның құлағына «нағашысы сияқт.» деген сөз әлгіндегі өзінің оғаш ойын қытықтай түскендей болды. «Шынымен Гүл...» Ол көмейдің арғы төріндегі сөзді де аяқтамай, соған қосымша дәлел карастырды.

— Гүлбаһрамнан басқа балаларыңыз жоқ па?

Шолпаниң жүзіне әлде не бір белгісіз сезімнің көлеңкесі жүгіргендей болды: қабағы шытынай түсті де қайта жазылды, соған қосыла көз жиектері де бір сэт күлімдей беріп еді, бірақ ізінше бұл да жоғалып кетті. Әйел сұп-сұр болып үнсіз тұрып қалды. Екі көзін әйнектен алмады. Әлібек тәмен қарады. Әлденеге жазықты жанша ол Шолпанды, Шолпаниң бар өмірін, үйін,

түрмисын, қарсы алдында тұрган оның мүләйім қалпын қатты аяп кетті. Бұл қалып оған сүйкіті жан үмітсіздік шен тәтті өмірден еріксіз кол үзіп бара жатқандай көрінді. Екеуі де үнсіз қалды.

Аудандық комсомол комитетінің секретары екеуіне кезек қарады. Ол ешиерсеге түсінбеді. Оның көзіне бұл екі жанның жүрттап бөлек жастық шағы елестей қалмады. Ол екеуіне ғана, өздеріне ғана мәлім шақ еді ғой.

## 5

— Шолпан апай, мен қайта берейін. Құтіп отырган адамдар бар шығар кеңседе. Қазір жұмыс қауырт,— деп еді Бәсібеков, Шолпан оған бұйыргаңдай:

— Жок, қарагым. Күнде көріп жүрсек те, біздікінен дәм татып көрген жоқсың. Мына замандастыңмен бірге боласың, шәй ішесін,— деді.

— Ендеше, мен шайға дейін кеңсеге кіріп шыгайын. Тасбөгеттен келген комсомолдар бар еді, оларға берер тапсырмамды түсіндірейін.

— Кешікпе, шай қайнап жатыр.

...Бәсібековтің шығып кеткені Әлібекке қызын жағдай туғызды: Шолпанмен бетне-бет қалғанда не дер? Әңгімені недең бастар? Бұрынғы ессіз құмарлық тағы да әлде неге жетектемек пе? Ол кез бір басқа, қазіргі жағдай бір басқа. Бір ауданың белгілі Шолпаны, жүрт ақыл сұрайтын басшы Шолпаны! Мына үй-жай... Комсомол басшысы жанында отыrsa әңгіме де жалпы әлеумет жұмысы төңірегінде болар еді...

Әлденеге түйіле қалған Әлібектің қонырқай қабағын Шолпан еріксіз жазып жіберді. Ол шай жағбығын үйінде жүрген оқушы қызыға тапсырып, өзі Әлібектің қасына отырды. Баяғы жайдары қалпы, баяғы іркілмей сөйлейтін сүйікті мінезі. Сөздің ара-арасында мұқамдал қоятын көтеріңкі үні, сөйлеп отырып қабағын кере тұра қарайтыны, сол кезде жанарындағы жігерлі ұшқынга бой тасалаған ынтықтық ишарасы — бәрі сол қалпында, бәрі үйіріп, бәрі еріксіз билеп әкеткендей әсер етті.

Әлібек, елге қашаннан бері барған жоқсын? Елдің хал жайынан не хабарын бар? Мен міне, үш жарым жыл болды осы Қызылордадан қозғалмағаным. Демалысты да осында өткіземін, Гүлдің қасында... Шіркін, Аңқатыға барып бір шомылып қайтар ма еді. Баяғы Бәшекең көлінің шалғынды жағасын, арғы беттегі думанды жай-

лауды, жагалық ойнайтын Қеңсұатты, аксүйек ататын Жалғансайдың бойын бір көріп өтсем, бір аунап мауқымды бассам, жалаң аяқ жүгірсем, көлінің борғыны тартсам, қырының жусанын жұлып иіскесем, арманым болмас еді! Әттең қол босамайды, қол босаса, басқа бір себеп көлденең тұра қалады. Тіршіліктің әбігерлі азабы, бітер емес.— Шолпан терезеге жалт қарады, сыртта жүгірген баланың төбесі көрінді. Айдар шашына қоса түйген қызылт лентасы күн көзіне оңып ақшыл тарта бастаған екен, ағараңдаи Әлібектің көзіне де айқын шалынды. Әлібек жүрегі тағы да әлденеге дір ете туستі.

— ...Гүлжан ғой лақ қуып жүрген. Отагасы... әкесі бір емес, екі лақ сатып әперді, сол екеуімен балаша ойнайды... Шолпан енді бұрылып Әлібекке қарап еді, Әлібек мұңайып қалған екен,— немене, бір жерін ауырып отырған жок па, Әлібек, түсің өзгеріп кетті?

Әлібек қабағын шытты. Сөйтті де, жалмажан, Шолпанға қарамастан терезеге, онан да әрі әлдеқайда көз тігін Шолпанның елді-жерді, жас шақты аңсаған жүрек тебірентетін сағынышты, алыста қалған ыстық кездерді көксеген сөзіне жауап қатты. Ол іркілмеді, сөз саптап жатпады, кеше ғана көріп келген, көз алдында өткен аңы уакыфаларды тізе бастады.

— Шолпан, елде болғаныма бір айдай ғана уақыт өтті. Әлібек «Мамаммен қоштас» деп телеграмм берген-нен кейін елге жол шектім. Бірақ, асыл ананың жүзін актық рет көре алмадым, қабырына ғана бас иді...

Әлібектің дауысы өзгеріп кетті.

— Шешем қайтыс болды ма? — деп Шолпан оның білегінен үстай алды.

— Бүгін қырық күн...

Шолпан бетін сипап, күбірлеп іштей «тие берсін» айтты да:

— Ойпырмай, асыл ана десе, асыл ана еді. Иманды болсын!.. Әмір деген сол... Кеше ғана, тіпті жаңа ғана сені көргендеге шешем көз алдымға келіп еді. «Шолпан қарағым» дейтіп үші де әлі құлағымда тұрғандай. Маған «қарағымнан» өзге сөз айтпаушы еді. Туған шешемнен де лебізі ыстық еді...— деп оның да үні өзгеріп кетті.

— Мамамды қолымнан жерлеп қайттым. Сол өзі-міздің екі үй, Асан мен Сүлеймен және Сағада қалған Өтеулі мен Мұқыш келіп жерлескен. Мен барған соң

жетісіне де солар келіп бет сипасты. Жалғыз қашарын сойып Әділбек бата оқытты...

Оның көз алдынан ертеңгі сағыммен көтеріліп жерден жоғары көлбеп жатқан Шалқар көлінің айна беті, көлге құйған қос Аңқатының көк-жасыл құрақпен көмкерілген ирек лентасы... тагы-тағы бұлдыр суреттер шұбап өтті...

— Сіздің үйде жалғыз... Әділбек кана қалды ма? — деп күрсінді әйел.

Мен барып кеткенде солай еді. Ал, қазір хабарым жок. Ол да кеткен шығар. Өйткені мен бірге ертіп кегейін дегенімде, «мен өзім де жол табармын» деген.

— Жол тапқаны қалай?

— Оның ешкімге көнбейтін біrbеткей екенін білесің гой. Сол ешкімнің дегеніне көнбейтін мінезі ауыл соvеттің председателіне қол көтерткен. Сол үшін жауапқа тартып, тергеп те жатыр.

— Не дейді, масқара!

— Мен де қорқып едім. Бірақ Әділбек өзіне өзі палуан, әділдікке сенеді. Өзіне сенеді демекші, әркім өзінше бас қорғап, өзінше айлалап елден ығысып кетіп жатқан көрінеді. Ағайынды Қадес пен Ақмадия тал түste ауданды алдап кеткен көрінеді. Қалай дейсің гой: ат-арбасына төсек-жастығын салып, оның үстіне сұзбе ауын тиеп Қадес Шалқар жағасындағы аудан орталығына келеді. «Бұл тағы қайсысы көше-қашуға бет алған?» деп алдынан милиционер шықса, Қадес: «Сейдахмет қарағым, аман-есенбісің? Аудан басындағы ағайындар сау ма? Ақмадия екеуміз мына Шортанбай ағашының түбінен ау салғалы шықтық. Баяғыда балықтың үйіғы арылмайтын жер еді. Биыл табан мол козғалыпты деседі жүрт. Аман болса бірінші тізбекті өзіне байлаймын. Маған бір махорке болса да бірдеңе тауып берсең. Жапырақ таптырмас. Насыбай атпағаным күн жарым болды, бас қаңғырып тұр. Шайға шыдауға болады, насыбайға шыдау қыын» депті. Сейдахмет: «Мына тиегенің бәрі ау емес қой — десе,— иә, астында тігетін қосым, көрпе, жастығым бар. Қос тігіп жатып ауламаса, ат-үсті балық ұстап өндіре алмайсын ғой. Бір күн, екі күн балықтың жүрген ізін барлайсын, үйығының қай жерде екенін болжайсын. Айтқандай дүкенде шай тапши, дер кезінде үстінен шыға бермейсің. Мына тыын-тебеніді саған қалдырып кетейін, ертеңгे дейін маған бір ширек болса да шай қарастырып қойшы. Қасында жүрген сен

сатушының тілін білесің,— десе, Сейдахмет: — Жақсы Қадеке,— депті.

Сөйтіп, Қадекен бірер күн Шалқар жағасында балық аулаган болып жүріп, өзіне Ахмәдияның үй-ішіне қоса бір тұнде Шалқар айналып қашқан. Аудан әкімдері бергі жакты қорыса, ол айласын асырып аргы жақпен жөнелген дейді. Сондай жай, Шолпан. Әркім өз басын, өз ошағын қорғап, тіршілік етуге кіріскең. Нәтижесі: ел табанында жеті-ак үй қалған. Оның екеуі Әділбек пен Бекей қарттың үйі.

Әлібек көгеріп кетті. Оның жүзінен көз айырмай қарап қалған Шолпан Әлібек сөзін бітіргеннен кейін де үнсіз қалды. Бұлардың бірі шағынып, бірі аяп төккен жан сырын Бәсібеков бөлді. Бірақ оған қарамастан Шолпан:

— Келдің бе? Жақсы. Қазір шай да, тамақ та да-йын,— деп оған орын көрсегіті де, Әлібекке ешкімнің ойына да келмеген ақылын айтты: — Әлібек, сенің жұрт алдында жаның таза. Сенің жаныңа батқан нәрсе қазактың адал ұлы мен адал қызының да жанына батып келеді. Оған дәлел: ардакты революционер ақынымыз бас болып Ақтөбеге үкімет комиссиясы шығыпты. Ол төтенше комиссияның ең басты міндепті көшкен шаруаны кері қайтару, жұдегеніне астықтай, киімдей жәрдем көрсету көрінеді. Осы жөнінде кеше Исаевтың телеграммын алдық. Енді менің саған айттар ақылым: сол Сәкен ағаңа тез жет. Ол жердегі күйзеліс бұл жерге де жетті, осы жайды айт, осыған шара қолдануды сұра.

Әлібек ойланbastan ұшып түре келіп Шолпанды құшақтай алды да, неге екені белгісіз балаша бетінен сүйіп:

— Мен қазір кетемін. Ақтөбеге, Сәкен ағайға... Бәрін де жеткіземін. Бәрін де айтамын,— деп аптықты.

— Қазір емес, шай ішіп, тамақ жегеннен кейін,— деп әйел иғынан басып жігітті қайта отырғызды.

— Бұл — жаңалық. Бұл — жақсылық. Сәкен кіріссе..., Исаев телеграмм берсе, бұл... бұл... — деді Әлібек..



